ISSN 1728-7804

ХАБАРШЫ
ВЕСТНИК
BULLETIN

«Филология ғылымдары» сериясы
Серия «Филологические науки»
№ 2(52), 2015

Алматы, 2015

Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ХАБАРШЫ

«Филология ғылымдары» сериясы
№2(52), 2015 ж.

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.
2000 ж. бастап шығады.

Бас редактор:

пед.ғыл.д., проф.
ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Б.Ө.Сманов**
Бас ред. орынбасары:
пед.ғыл.д., проф.
ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Ф.Ш. Оразбаева**

Ғылыми редакторлар:
филол.ғ.д., проф. **Т.С. Тебегенов,**
филол.ғ.д., проф. **С.Ж. Әбішева**

Редакциялық алқа мүшелері:
филол.ғыл.д., проф. **Б.Әбдіғазиұлы,**
пед.ғ.д. **С.Б. Бегалиева,**
пед.ғ.д. **Р.Ә. Шаханова,**
филол.ғ.д., проф. **К.И. Мирзоев,**
пед.ғ.д., проф. **Ж.К. Балтабаева,**
проф. **Барри Пол Шерр** (АҚШ),
филол.ғ.к., доцент **Е.В. Казарцев** (Ресей),
филол.ғ.д., проф. **Ғ.Л. Нефагина** (Польша),
филол.ғ.д., проф. **А.К. Киклевич** (Польша),
п.ғ.д. **Н.И. Ишекеев** (Қырғызстан),
проф. **Спендель Джованна** (Италия),
проф. **Хатрани Алтынчач** (Түркия),
проф. **Мехмет Куталмиш** (Түркия),
PhD докторы, проф. **И.З. Белобровцева** (Эстония),
пед.ғ.д. **Чан Дин Лам** (Вьетнам)

Жауапты хатшы:
филол.ғ.к. **А.Д. Ибраева**

© Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2015

Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігінде 2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген №10109 - Ж

Басуға 29.05.2015 қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 32,8 е.б.т.
Таралымы 300 дана. Тапсырыс 96.

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Ұлағат» баспасы

Мазмұны
Содержание

ТІЛ БІЛІМІ
ЛИНГВИСТИКА

Айсұлтанова Қ.А., Халенова А.Р., Алиярова Л.М., Махажанова Л.М. Американизм мен британизм..... 4
Асқаров С.Т. Академик Рәбига Сыздықтың «Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар» еңбегіндегі ескіліктердің танымдық-тағылымдық мәні..... 8
Атабаева Ф.К. Барьеры межкультурной коммуникации в иноязычной среде..... 12
Әбшенова Ә.Б. Функционалды грамматикадағы үштаған теориясы..... 18
Байғалиева Ү.Н. Қазақ тіл біліміндегі интонация теориясының зерттелуі..... 21
Баситова А.Н. К вопросу о природе музеративa и нумеративного слова во фразеологизмах русского и уйгурского языков..... 25
Джансеитова С.С., Жаксымбетова Г.М. Концептуальная картина мира..... 28
Еламанова А.Н. Ойконимдік номинацияның танымдық-лингвистикалық ерекшелігі..... 32
Ермекова Т.Н., Әділбекова Л.М., Әбидін Қ.Ә. Фразеологизмдер – этнолингвистика мен лингвомәдениеттанудың басты зерттеу нысаны..... 36
Жиренов С.А. Қазақ тіліндегі сөз мағыналарындағы парадигмалық қатынастар мәселесі..... 41
Кадырова Г.Р. Возможный мир в презентации древнерусского автора..... 45
Қалыбаева Қ.С. Қазақ тілінің диалектілері жаңа заманда..... 51
Молбаева Н.Қ. Студенттердің сөйлеу дағдысын дамытудың коммуникативтік технологиялары..... 55
Нұрбек М.А., Қалыбаева Қ.С. Қазақ және өзбек тілдеріндегі ыдыс-аяқ атауларының тілдік негіздерін салыстыру..... 59
Ордаханова А.Б. Лингвистическая прагматика и теория дискурса..... 63
Тастемирова Б.И., Жаутикбаева А.А. Некоторые теоретические вопросы лингвистики..... 68
Тургамбаева А.С. Функциональные типы восклицательных высказываний кыргызского языка..... 72
Тұманқызы Р. Саяси дискурсты құрайтын негізгі концептілер..... 76
Тұрысбекова А.Е. Қазақ тіліндегі «Дөрекілік» тұжырымы..... 80
Утебалиева Г.Е., Каскабасова Х.С. О коммуникативной компетенции вторичной языковой личности и носителя языка..... 84
Шанбаева Ұ.С., Машинбаева Г.Ә. Қазақ тіліндегі «Ақсақал» сөзінің тұжырымы..... 89
Шаһарман Г.П. Психолингвистика нысандарының маңызы..... 94

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ВЕСТНИК

Серия «Филологические науки» №2(52), 2015 г.

Периодичность – 4 номера в год.
Выходит с 2000 года.

Главный редактор:
д.пед.н., проф. **Б.У.Сманов**

Зам. гл. редактора:
д.пед.н., проф. **Ф.Ш. Оразбаева**

Научные редакторы:
д.филол.н., проф. **Т.С. Тебегенов,**
д.филол.н., проф. **С.Ж. Абишева**

Члены редколлегии:
д.филол.н., проф. **Б.Абдигазиулы,**
д.п.н. **С.Б. Бегалиева,**
д.п.н. **Р.А. Шаханова,**
д.филол.н., проф. **К.И. Мирзоев,**
д.п.н., проф. **Ж.К. Балтабаева,**
проф. **Барри Пол Шерр** (США),
к.филол.н., доцент **Е.В. Казарцев** (Россия),
д.филол.н., проф. **Г.Л. Нефагина** (Польша),
д.филол.н., проф. **А.К. Киклевич** (Польша),
д.п.н. **Н.И. Ишекеев** (Кыргызстан),
проф. **Спендель Джованна** (Италия),
проф. **Хатрани Алтынчач** (Турция),
проф. **Мехмет Куталмиш** (Турция),
доктор PhD, проф. **И.З. Белобровцева** (Эстония),
д.п.н. **Чан Дин Лам** (Вьетнам)

Ответственный секретарь:
к.филол.н. **А.Д. Ибраева**

© Казахский национальный педагогический университет им. Абая, 2015

Зарегистрировано
в Министерстве культуры и информации РК
8 мая 2009 г. №10109-Ж

Подписано в печать 29.05.2015.
Формат 60x84 1/8. Объем 32,8 уч-изд.л.
Тираж 300 экз. Заказ 96.

050010, г. Алматы,
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»
Казахского национального педагогического университета имени Абая

Ыбырайым Ә.О. Түркі тілдеріндегі сөз формасы және сөзжасам, тұлғажасам, сөзөзгерім мәселелері..... 98

ӘДЕБИЕТТАНУ
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

Әбдіғазиұлы Б. Күрделі кезең тұлғалары және әдебиеттану ғылымы..... 105
Әділбекова Л.М., Тұңғышбаева Г.Ж. Әдеби жанрлар теориясының зерттелуі..... 108
Әлімтаева С.Т. Толғаудың өзге жанрлармен байланысы..... 112
Базылова Б.К. Структура портрета в системе художественных приёмов литературных воспоминаний.... 115
Джундубаева А.А. Обращение к мифу в современном казахстанском рассказе как постмодернистская стратегия нарранции..... 123
Ибраева А.Д. Қаламгердің әдеби шығармашылық әлемі..... 127
Мырзаханқызы Қ.М. Әуезовтің прозалық шығармаларындағы ежелгі жыр-аңыздардың қолданылуы (1920-1930 жж.)..... 128
Оспанова А.А. Сұлтанмахмұт Торайғырұлы шығармашылығындағы ұлттық мүдде, елдік мұраттар..... 134
Саметова Ж.Ш., Жанұзақова Қ.Т. Әдебиеттанудағы көркемдік әдіс, бағыт пен ағымдар мәселелері..... 139
Сахарбаева К.С., Джансеитова С.С. Қазақ аспаптық музыкасының дәстүрлі жанрлары..... 143
Сәулембек Г.Р. Қазақ әдебиетіндегі постмодернизм..... 146
Таңжарықова А.В. О.Бөкейдің «Апамның астауы» әңгімесіндегі этнографиялық символика..... 150

ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ
ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ

Меркибаев Т., Абдрахман Г.Қ., Жұмабаева А.М. Педагогика мен әдістеме мәселелері проблемы педагогики и методики болашақ мұғалімнің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастырудың кейбір мәселелері..... 154
Алиярова Л.М., Халенова А.Р., Махажанова Л.М. Шет тілін оқыту үдерісінде инновациялық жоба әдісін қолдану..... 160
Әбілқасымова К. Ұстаздық таңлымдары..... 164
Әділбекова Л.М., Отарбекова К., Оразқан А. Критериалды бағалау арқылы білім алушының құзыреттілігін қалыптастыру..... 168
Бегалиева С.Б. О технологизации обучения в казахстанской школе..... 172
Бораш Р.Б. Көркем әдебиетті оқыту арқылы эстетикалық идеал қалыптастыру..... 178
Ботоканова Г.Т., Шейшенбаева А.М. Социальная стратификация кыргызского традиционного общества..... 183
Дюсебаева Ә. Дизайнер мамандығы студенттерінің кәсіби сөйлеу тілін қалыптастыруда интербелсенді әдістерді пайдалану жолдары..... 188

Kazakh National
Pedagogical University after Abai
BULLETIN

Series of «*Philological sciences*»
№2 (52), 2015
Periodicity – 4 numbers in a year
Publishing from 2001

Editor in chief
Doctor of Pedagogical Sciences,Professor Corresponding member of the Academy of the Sciences of the Republic of Kazakhstan
B.O.Smanov

Vice of the chief editor:
Doctor of Pedagogical Sciences,Professor Corresponding member of the Academy of the Sciences of the Republic of Kazakhstan
F.Sh.Orazbayeva
Scientific editors:
Doctor of Philological Sciences,Professor
T.S. Tebegenov,
Doctor of Philological Sciences,Professor
S.Zh.Abisheva

The editorial board members:
Doctor of Philological Sciences,Professor
B.Abdigaziuly,
Doctor of Pedagogical Sciences **S.B.Begalieva,**
Doctor of Pedagogical Sciences **R.A. Shahanova,**
Doctor of Philological Sciences,Professor
K.I. Mirzoyev,
Doctor of Pedagogical Sciences,Professor
Zh.K.Baltabaiyeva,
Professor Barri Pol Sher (USA),
Candidate of philological sciences., docent
E.V. Kazartsev (Russia),
Doctor of Philological Sciences,Professor
. **G.L. Nefagina** (Poland),
Doctor of Philological Sciences,Professor
A.K. Kiklevich (Poland),
Doctor of Pedagogical Sciences **N.I. Ishekeev** (Kurgyzstan),
Professor **Spendel Djovanna** (Italy),
professor **Hatrani Altynchach** (Turkey),
Professor **Mehmet Kutalmish** (Turkey),
PhD doctor, professor. **I.Z. Belobrovtseva** (Estonia),
Doctor of Pedagogical Sciences **Chan Din Lam**(Vietnam)

Executive Editor:
Candidate of philological sciences. **A.D. Ibrayieva**

Kazakh National Pedagogical
University after Abai, 2015

The journal is registered by the
Ministry of Culture and Information RK
8 May 2009. № 10109-ZЖ

Signed to print 29.05.2015.
Format 60x84 $^{1}/_{8}$. Volume 14 – publ.literature.
Edition 300 num. Order 96 .

050010, Almaty, Dostyk ave., 13
KazNPU after Abai

Publishing house «Ulagat»
Kazakh National Pedagogical University
after Abai

Ерғожина Ш.Л. Жоғары оқу орнында сабақты сыни ойлау арқылы ұйымдастырудың маңызы..... 192
Есиркепова И.Е. Виды контроля и самооценки в рейтинговой системе..... 196
Жумаканова У. Оппозиция свой-чужой в аспекте взаимодействия языка и мышления человека..... 200
Жүнісова М.Ә. Оқушыға қазақ тілінен ғылыми жоба жаздыру жолдары..... 204
Садуақас Н.А. Ғалым Ә.Жүнісбек еңбектеріндегі дауысты дыбыстардың жіктелуі туралы..... 208
Сманов Б.Ө., Сүлейменова Қ.Қ. Бейімбет Майлин шығармашылығының тәлім-тәрбиелік мәні..... 214
Сулейменова С.С. Обучение произношению в процессе изучения русского как иностранного..... 218
Тайжанов Ұ.О. Жоғары сынып оқушыларының шаршы топ алдында сөйлеу мәдениетін қалыптастыру әдістері..... 223
Torokhtiy L.S., Matsko I.V. Improving speaking and writing skills at advanced level of training raf..... 227
Тұрабаева Л.Қ. Мәтінмен жұмыс жасау арқылы мектеп оқушыларының тілін дамыту..... 230

ЖУРНАЛИСТИКА

Әділбекова Л.М., Оданова С.А., Абишова Р.А. Тележарнамалардағы бейвербалды бағалауыштық мәннің берілу жолдары..... 234
Ормаханова Е.Н., Султанбаева Ғ.С. Жанры телевизионного дискурса..... 237
Садыков С. Национальная идентичность и интернационализм в казахской журналистике 30-х годов..... 241

АУДАРМАТАНУ
ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЕ

Ақыш А.Н. М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының аударма нұсқаларында көркем аудармаға қойылуы тиісті негізгі талаптардың көрініс табуы..... 250
Жаутикбаева А.А., Баймуратова Э.С. Особенности обучения переводу в неязыковом вузе..... 254

ҒЫЛЫМИ ӨМІР
НАУЧНАЯ ЖИЗНЬ

Международная научно-теоретическая конференция «Проблемы поэтики и стиховедения VII, посвященная 70-летию Победы в Великой Отечественной войнеи 100-летию со дня рождения Малика Габдуллина»..... 259

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2012 жылғы 10 шілдедегі №1082 бұйрығы негізінде Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысының «Филология ғылымдары» сериясы ғылыми жұмыстардың негізгі нәтижелерін жариялайтын басылымдар тізбесіне енгізілген.
На основании приказа №1082 от 10 июля 2012 года Комитетом по контролю в сфере образования и науки республики Казахстан Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Филологические науки» внесен в перечень изданий для публикации основных результатов научной деятельности.
On the basis of the order 1082, July 10, 2012 by the comittee of supervision of the Republic of Kazakhstan in the sphere of Education and Science Abai Kazakh Pedagogical University Vestnik issue "Philological sciences" is included into the list of publications of the man scientific activity.

ТІЛ БІЛІМІ
ЛИНГВИСТИКА

ӘОЖ 373 048:811.111

АМЕРИКАНИЗМ МЕН БРИТИЦИЗМ

Қ.А.Айсұлтанова – *ф.ғ.к., доцент, әл-Фараби атындағы ҚазҰПУ, филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті*
А.Р. Халенова, Л.М. Алиярова, Л.М. Махажанова – *әл-Фараби атындағы ҚазҰПУ, филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің аға оқытушылары*

Аңдатпа. Мақала жаһандану сын тұрғысында қазақ және орыс тілдеріне агылшын тілінен енген кірме сөздер және мәдени сәйкестілікті сақтау, жаһандану мәселелерін қарастырады, сондай-ақ «Жаһандану» сөзіне салыстырмалы агылшын, орыс тілдік мәдениеттерінде анықтамалар беріледі. Дәстүрлі, ең алдымен, жаһанданудың негізгі себептері қазіргі замангы қогамдағы әлеуметтік-экономикалық интеграция,авторы лингвистикалық жаһандануды интеграциялық процестердің әлемдік жетекші векторы ретінде, тілдік кедергілерді ескере отырып, әлемдегі интеграциялық процестердің жетекші әлемдік вектор ретінде трансұлттық сананы қалыптастыруга кедергі келтіреді деп есептейді. Жаһандану құбылысы қогамның әлеуметтік және мәдени салаларын, тілін және тілдік мәдениетті өзгертеді. Агылшын тілі «Жаһандану тілі» ретінде басқа тілдерге және сөйлеу мәдениетіне әсерін тигізеді.

Түйін сөздер: жаһандану, ойлау, сөйлеу, тіл, сана, лингвистикалық кедергілер.

Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына «Қазақстан-2050» стратегиясында: «Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси багыты» атты жолдауында әрбір қазақстандықтың өміріндегі үштілділіктің маңыздылыгы туралы айтты. Бүгінгі таңда көп тілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігіне еркін самгауына жол ашатын, әлемдік білім құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік. Үш тілде оқыту – заман талабы десек, оның негізгі мақсаты – бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік багдарга қабілетті, мәдениетті тұлганы дамыту және қалыптастыру. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуга тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және агылшын тілі – жаһандық экономикага ойдагыдай кірігу тілі» деген болатын. Президент: «Біз қазақ тіліне қандай қамқорлықпен қарасақ, орыс тіліне және кириллицага да сондай қамқорлықпен қарауымыз керек». Орыс тілін білу – біздің ұлтымыздың тарихи артықшылыгы екені баршага белгілі.Дәл осы орыс тілі арқылы қазақстандықтықтар бірнеше гасыр бойы қосымша білім алып, ел ішінде де, шет жерлерде де өз дүниетанымдары мен араласатын ортасын кеңейтін келе жатқанын жоққа шыгармауга тиісіз» деп атап өтті. Мемлекет басшысы агылшын тілінің әрбір қазақстандық үшін жаңа және шексіз мүмкіндіктерді ашатынына сенімді екендігін айта отырып, жас ұрпақ өкілдерін агылшын тілін үйренуге шақырды.

Жаһандану – бұл қазіргі уақытта адамның барлық өміріндегі италияндық тамақтан бастап, тілдегі американизмге деген үйірлікті байқататын таңқаларлық құбылыс. Жаһандану атауы қазіргі уақытта өте кең таралганымен, әлі де өзінің нақты түсіндірмесін алган жоқ. Мүмкін, қандай да бір кірме сөз сияқты, «жаһандану» сөзінің магынасын түсіндіруілі мен анықталуын талап етер, өйткені агылшын тілінде «global» – «әлемдік, дүниежүзілік, ортақ» – магыналары түсіндіруге кең еркіндік қалдырады. «Жаһандану» сөзіне тоқталар болсақ (лат. т. globus – шар, фр. global – жалпыга бірдей ортақ) деген магынаны береді.Бұл ішкі себептердің (экономикалық, әлеуметтік және мәдени) осы үрдіске қатысушы мемлекеттердің өндірісінің ролі өсуі, ұлттық кедергісіз бірыңғай дүниежүзілік нарық қалыптастыру және барлық елдердің атқарылатын іс-әрекеттеріне заңды жагдайлар жасау. Басқа сөзбен айтқанда, «жаһандану» – бүкіләлемдік құдіретке, әлемдік үстемдікке ұмтылу, бірыңғай үлгі немесе қалыпқа әкелу, бұл дегеніміз – жақын арада қогамдастықтың басқа түрінің – мега қогам, мега мәдениет жагдайында өмір сүріп жатқан, мега тілді меңгерген жаңа адамның туылу мүмкіндіктерін қабылдау [1].

Осы құбылыстың керектігін және әділдігін ескере отырып, оның түрлерінің пайда болуын, адамның барлық өміріндегі, әсіресе тілдегі болымды және болымсыз жақтарын анықтау қажет.

Бірінші және ең маңызды сұрақ, тіл біліміндегі жаһандану деп нені түсіну керек, «жаһандану» тілі дегеніміз не? Ең оңай жауап – кірме сөздерді, бірінші кезекте, американизмдерді басқа тілдерге ендіру. Американизмдерді барлық жерде қолдану мәселесі кейбір елдерде саяси мәртебе алды, бұл жөнінде Франциядағы «Тубон заңында» (Жак Тубон – Францияның бұрынғы министрі), шетел сөздерін қолданғаны үшін айыппұл төлейтіндігі айтылады. Париждегі Дисней» компаниясының дүкенінде сатылып жатқан Микки Маус ойыншықтарының кейбір түрлерінде француз тілінде ақпараттың болмағандығынан Тубон заңының алғашқы құрбанына айналды. 1999 жылы Польяк сеймі қабылдаған «Польяк тілін қорғау » заңы да, заң бұзушыларға өте қатал.

Германияда қазіргі неміс тілінің дағдарысы және Denglish тілінің қалыптасуы туралы сөз болуда, Сингапурде мұндай дүбара тілді Singlish деп атайды. Жаһанданудың негізгі себебі, тұрақты мекен және жұмыс іздеп, әр елден көшкен миллиондаған адамдардың қозғалысы екендігін мойындау керек.

Жыл сайын әлемде миллиондаған саяхатшылар, спортшылар, іскер және өнер адамдары орын ауыстырып жатады. Бұл жағдайда тілдік күйге «өзін қалыптастыру» стихиялы түрде жүруде, өйткені «табиғи таңдау» үрдісі сияқты сөйлеушілердің бір тілді екінші тілден артық көруі жылдам түрде өтуде [2]. А.Т. Хроленко «тіл данышпаны жазушылардан да ақылды және нені қабылдауды немесе нені алып тастауды біледі» деген В.Г. Белинскийдің пікіріне сүйене отырып, Л.В. Щербаның тілге тән нәрсе «егер олардан келер пайда болса, кірме сөздерді жатсынбау керек» деген пайымдауын қолдана отырып «Тілдердің дамуының әлемдік тәжірбиесі ұлы француз тілі үш қабаттан: кельт, роман және герман тілдерінен құралғанын және ағылшын тіліне норман, англосакстердің мәдениеті әсер еткенін,оған қосымша көптеген тілдердің, соның ішінде француз тілінің әсері... тіл тарих ниглизміне қарсыласады:жат тілдік бойға сіңеді, ескісі қалады» деп атап көрсетті [3]. Лингвоэкология – тілдегі кірме сөздерге байланысты қарсы күрес мақсатында ғылымның қалыптасуын ерекше қажет ететін басқа да көзқарастарды айтпай кетуге болмайды [4]. Тіл – мәңгі тірі материя [5] тұрақты қатынастық қозғалыста өмір сүретін, халықтың ұрпаққа қалдырар таусылмас мұрасы. Халықтың ұлттық мәдениеті, діні және т.б. ана тілімен байланысты. Халықты ана тілінен айыру – оның жанын алумен бірдей. Егер де кірме сөздерді жеке және топты тілдік санаға шоғырландырсақ, сан қабат мәдени тәжірбиеге сүйенген басқа мәдени концепті-ментальдық білімге енгізу деп қарайтын болсақ, бірнеше сұрақ туындайды: осы тілге тән концептуализация әдісіне сәйкес кірме, жат сөздердің мәні өзгере ме? Немесе тіл әлемнің басқа жат, кірме үзіндісін ендіре ме? Өйткені әр түрлі тілдер – бір заттың әр түрлі бейнесі емес, ал оның әртүрлі көрінуі [6] оның интерпретациясы. Жаһандану жағдайында өтіп жатқан мәдени диффузияға [5] жол ашқан қазіргі тілдік өзгерістер, «жат сөздерді» күштеп енгізу нені қозғайды? Жаһандану тілі бірыңғай этникалық соматотипке және космополитендік тұлғаға айнала ма? Қазіргі уақытта осы сұрақтарға жауап беру мүмкін емес.

Интеграция үрдісі өркендеген жүйенің жан-жақты заңы болып табылады, ал кез келген күрделі жүйе өз ортасында әр түрлілікті қолдауға ұмтылады. Мүмкін, біз қойылған сұрақтың жауабын сол тілде сөйлейтін адамның жеке санасындағы «жат» сөздердің жұмыс істеуін тәжірибелік бақылаулар арқылы және үрдістер мен «тірі тілдегі» құбылыстардың кірме болу себептерін бақылай отырып, жақындата аламыз. Көптеген ғалымдардың пікірінше, кірме сөздердің енуінің негізгі себебі – тілдің когнитивті базасында сәйкес ұғымның жоқ болуынан [7] немесе біржақты бағалау концептінің бар болуынан және оны қолданудың қажеттігнен [8]. Осы жағдайда қоғамдық өмірде пайда болған жаңа байланыстарды, жаңа заттарды атау үшін, мысалы: биг мак, видеоплейер, дискета, йогурт, кодак, компакт-диск, кондиционер, лайкра, интер, холдинг сияқты жаңа сөздер қолданысқа енеді және кірме сөздер болып табылады. А.И. Дьяков ағылшын тілінде баламасы жоқ, орыс тілінде сөйлеушілерге түсініктi шоп-тур «англицизмін» мысал ретінде келтіреді, бірақ та оны толық мағынада англицизм деп атауға болмайды. Бұл жерде екі элементтің жеке кірме және олардың қабылдаушы тілде күрделі атауға бірігуі туралы айтуға болады. Көрсетілген сөз тудыратын үлгінің өзектілігі «авто-тур» композитінде бар. Сол сияқты VIP – very important person (очень важная персона – өте маңызды, лауазымды адам) лауазымды, салиқалы, атақты адам деген мағынада қолданылатынын біле тұра, VIP-зал, VIP-зона композиттерін қалай түсінуге болады? Қазір Ресей туристік агенттіктері «шоп» сөзін орыстың «шуба» сөзімен ауыстыра отырып, «шуб-турлар» (тон-сапар) деп ұсынады. Кірме сөздердің пайда болуының келесі себептері, қабылдаушы тілде лайықты атаулардың жоқтығы (немесе оның кірме сөздермен бәсекеде «жеңіліс» табуы) болып табылады [5] осындай кірмелерді Карасик паразиттік концепт деп атайды. Бұларға: (ақша) детектор, топ-модель, инвестор, спонсор, спрей,

спичрайтер, виртуальды сөздері жатады. Осы топқа Карасик кейбір себептерге байланысты (жеңіл айтылатын, этимологиясы айқын, мәиі анық) бұрынғы айтылып жүрген немесе бұрыннан қолданылып жүрген орыс сөздерін, мысалы: прейскурант сөзінің орнына прайс-лист, образ сөзінің орнына имидж сөзі, премия сөзінің орнына бонус сөзі (жартылай немесе толықтай) ығыстырып шығарған кірме сөздерді де жатқызады. Бұл жерде біз мазмұндары ұқсас мысалы: образ, имидж сияқты ұғымдарды бір-бірінен ажырату керектігін байқаймыз [8]. Л.Рязанова-Кларк өзінің топтамасындағы осындай себептерді (комфортабельный – жайлы және уютный – жайлы, ыңғайлы) «топтағы мәндес» [7] сөздердің бөлінуін мысалға келтіре отырып, ерекше тоқталып өтеді. Қабылдаушы тілде баламалық бірлігі жоқ болымды және болымсыз коннотацияның берілу қажеттігі кірме сөздердің енуінің басты себебі болып табылады. Орыс тілінде сөйлейтіндер арасында батыстың соның ішінде американдық технология, орыс технологиясымен салыстырғанда озық, шетелдік банктер сенімдірек, шетелдік тауарлардың сапасы жоғарырақ деген ұғым кеңірек таралған. Осындай ұғыммен кірме сөздер болымды коннатацияның өзектілік мақсатында жарнамада кеңінен қолданылады. Мысалы: көлікті жалға алу сөзінің орнына autorental, сыра ішетін жердің орнына паб, т.б. сөздері қолданылады [9]. Бұл деген өзгерін жатқан қоғамдағы заттардың әлеуметтік ролінің жартылай өзгергенін атап айту қажеттігінің нәтижесінде пайда болған офис, ресепшн, референ сияқты жаңа сөздерді айтуға болады. Кірме сөздердің әлеуметтік психологиялық себептерінің бірі шетел сөздері «беделді», «ақылды», «әдемі естілетін» сөздер ретінде қабылдануынан; сонымен қатар берілген ұғымдардың коммуникативтік өзектілігіне байланысты [8]. Кейде, кейбір авторлар айтқандай, кірме сөздер шетел мәдениетінің әсерінен туындайды және шетел сөздеріне деген «мода» мәжбүрлейді. Мысалы: рейтинг сөзі популярность (әйгілілік), мейк-ап (макияж), представление – (шоу) сөздерінен қолдану жағынан ұтылып жатса, презентация (ашылу), дресс-код – (кодекс одежды – киім кодексі, киім кию үлгісі), кофе-брейк – (короткий перерыв – қысқа үзіліс), волонтер (доброволец – өз еркімен еңбектенуші), слоган (рекламный девиз – жарнамалық ұран), бэби-бокс (ящик для младенца – жаңа туған нәрестеге арналған жәшік), интерактив (взаимодействия – ішкі қарым-қатынас, байланыс) сөздері жиі қолданылуда. Мүмкін, осы аталған кірме сөздер үрдісіне әсер ететін, ағылшын тілін білетін, сөйлей алатын адамдардың санының ұлғаюы мен эмигранттарды жатқызуға болады. Қазіргі орыс және қазақ тілдерінде болып жатқан үрдістер бірнеше ондаған жылдар бұрынғы Америкадағы орыс эмигранттары тіліндегі болған үрдістерге ұқсас екенін алдын-ала жүргізілген байқаулар көрсетеді. 1960 жылы Нью Джерсидегі орыс эмигранттар тіліндегі корн, рестлинг, гамбургер, бой-френд, мотель, супермаркет сөздерін американ лингвисі Мартон Бэнсон белгілеген болатын. Қазіргі тілде осы сөздердің барлығы (корн – поп-корн сөзіне, рестлинг – арм-рестлинг) атауына ие болып тілімізде белсенді түрде қолданылуда [10, 2]. Эмигранттар арқылы енген кірме сөздердің көпшілігі адам өмірінде маңызды кеңсе және құжат атаулары, жұмыс, тағам, бизнес, білім беруге байланысты қажеттіліктен пайда болған. Эмигранттар тіліндегі қызмет етудің алғашқы кезеңіндегі бұл американизмдер pet-shop (пет-шоп), sea-food-(сифуд), garage-sale(гараж-сейл) кездейсоқ кірме сөздер ретінде анықталады. Бірақ, уақыт өте келе, осы сөздердің кейбіреулері әдеби тілге айналып, мысалы: киллер, компакт-диск, е-мейл, ноу-хау, шоп сөздері ауызекі тілде белсенді түрде қолданылуда.Сондықтан, эмигранттардың орыс тіліндегі кірме сөздер үрдісі он жыл көлемінде ағылшын тілінен орыс тіліне енетін сөздердің болашақ үлгісі болып табылады [2]. Карасик мұндай кірме сөздерді ағылшын мәдениетсіздігіне жатқызатынын және оларды нольдік немесе бос концепт деп атайтындығын, тілді араластырудың макарондық стилін қолданатын адамдар жиі ағылшын түбірін қалдырып, заттарға әр түрлі қатынастағы жалғаулар жалғау арқылы ауызекі тілде қолданғылары келеді. Мысалы: чилдренята (children), виндовочка (window) т.б. [5]. Тағы бір мынадай бұрып сөйлеудің, мысалы: файлдар, дисктер, компьютерлер жайындағы әңгімені жалғастыра отырып, жаһандану кезеңі ертеректе технологияның дамуының ең алдымен компьютердің бұрын болып көрмеген ерекше сипаттамасына көңіл бөлеміз. Тілге компьпютерлік техниканың даму әсерінің бірнеше деңгейлері көрінеді: 1) қалыптық деңгейде; 2) тілдер жүйесінде; 3) қатынастың жаңа тәсілдерінің пайда болуы [11]. Осыдан келіп әрбір тілде түрлі дамыған компьютер қолданушылардың жаңа социодиалектісі пайда болды [12]. Компьютерді қолдану барысында бағдарлама өнімдерінің ағылшын тіліндегі терминдері қолдануға ыңғайлы болғандықтан және кейбір ағылшын терминдерінің орыс тіліндегі баламалары сәйкес келмеуінен, сондай-ақ оларды кеңінен қолдану көңілден шықпайтындығымен дәлелденеді [13]. Американдық газет беттеріндегі мәтіндерде,

хабарландыруларда, жарнамаларда жиі кездесетін қысқартулар (IMHO, AFAIK, LOL, PLS) компьютер қолданушылардың өзіндік социодиалектісін тудыруға әкеліп соқтырды. Тілдік жүйе деңгейінің өзгеруіне эмотикондардың (смайликтер) пайда болуы және хаттағы көңіл-күйді білдіретін көптеген пунктуациялық белгілердің қолданылуы себепші болды. Осыдан келіп бүгінгі таңда көңіл-күй, бет-әлпеттегі өзгерістерді білдіретін эмотикондардың орны адамның көңіл-күйін білдіретін бет-бейнелерге автоматты түрде алмасып, Word мәтіндік редакторы кеңінен қолданылуда.

Тіл саласындағы жаһандану үрдісінің күшті дүмпуі Интернет дәуіріне сәйкес келді де, қатынастың жаңа: синхронды және асинхронды түрлері пайда болды. Электронды пошта мен Интернет бүгінде жер жүзінде қолданылады, өйткені ол – өте ыңғайлы, жылдам және тиімді қатынас құралы екені сөз жоқ. Десек те бір «кемшілігі» әр түрлі елдердің халықтары ағылшын тілінің негізіне сүйеніп жасалған электрондық байланыс құралдарының ерекшеліктеріне бейімделуіне мәжбүр болды. Әлемдік ақпарат жүйесі үндестіруден басқа ештеңе ұсынбағандықтан, бөгде тіл иелері әртүрлі қулықтарға баруына тура келді. Әртүрлі Еуропа елдерінде қабылданған таңбалар электронды поштаның көптеген бағдарламаларында қолданыла алмайтындығын тілге тиек етер болсақ латын алфавитіне жатпайтын (орыс, грек, қытай, жапон және т.б.) тілдер қандай күйде болмақшы? Осы айтылған мысалдар тілдегі кірме сөздердің тарихи және әлеуметтік жағдайлардан туындаған ескерер болсақ, қазіргі уақыт бүкіл Адамзаттың бірігу үрдісі жүріп жатқандығымен қорытындылауды қажет етер. Бірақ, өз ана тілінде сөйлейтін қарапайым адам тілдегі «өзінікін» және «өзгенікін» қалай қабылдайды? А.А.Залевская айтқандай, жалпы адамдық қызмет механизмі түгел болған жағдайда, жеке лексикондағы сөздің кейбір белгілері назарға іліккенде, әр тілде сөйлеушілерімен, әр түрлі мәдениет арасындағы айырмашылық белгілері анықталады. Адамның сөз қорындағы кірме сөздер қалай қызмет ететінін, тіл маманының және қарапайым тілді қолданушының тілдер жүйесінде «өзіндікі» және «өзгенікі» деген ұғым сәйкестігін бақылау өте қызық.

Қорыта келгенде, 21 ғасыр – өзгеру, алмасу, жаңару, жаһандану заманы дейтін болсақ, тілімізге енген және енетін кірме сөздерден қашып құтыла алмасымыз анық. Ал, егер олар өздеріне лайықты орындарын тауып, қолданылып жатса, тіліміздің көркеюіне, дамуына септігін тигізіп жатса – қуантарлық жағдай. Жоғарыда атап өткендей орыс, қазақ тілдеріне енген кірме сөздердің дәл сәйкес келер баламаларының болмауынан тіліміз «шұбарлану» үрдісіне айналуда немесе бір сөзді бірнеше сөздер мен сөз тіркестері арқылы түсіндіру немесе сипаттау қажеттігі туындайды. Айтып кетер болсақ, ағылшындар және американдықтар көп жағдайда термин ретінде қарапайым,түсінікті сөздерді қолданады және оның қарапайымдылығына ешқандай ыңғайсыздық танытпайды және ағылшын терминдері қазақ, орыс тілдеріне қарағанда қысқа болып келеді мысалы: фуд-корт, бірақ, бір сөздің орнына екі сөзбен аудармасын беріп жатса, одан ешкім зиян шеге қоймас.

Тіліміз кірме сөздермен толықтырылып, сөздік қорымыз кеңейіп, көркейгені, әрине қуантарлық жағдай десек те, бұрыннан, кеңінен тілдік айналымда жүрген кейбір сөздеріміз, кірме сөздер арқылы тілімізден ығыстырылып жатқаны өкінішті-ақ! Басқа ел мәдениеттін сыйлау, құрметтеу – заңды құбылыс, ал өз ана тілімізді қадірлеу, қастерлеу және жоғалтпау – міндетіміз!

1 Кравченко А.И. Культурология. М 2001.
2. Брейтер М.А. «Киллер или убица» //Вестник ЦМО МГУ.
3. Хроленко А.Т. Лингвокультуроведение. Курск,2000.
4. Журавлев В.К. Экология русского языка и культуры. М. 1991.
5. Карасик В.И. Языковой круг. В. 2002.
6. Гумбольдт В.Ф. Избранные труды по языкознанию. М.: Прогресс. 1984.
7. Ryazanova – Clarke L. Advertizing on Russian Television. University of South Africa 1999.
8. Крысин Л.П. Иноязычные слова в современной жизни. М 1996.
9. Дьяков А.И. Причины интенсивного заимствования англицизмов в современном русском языке. 2003.
10. Benson M. American-Russian speech // American speech.1960.
11. Friedman, Tomas L. The Lexus and Olive Tree. NY: 2000.
12. Мельник Ю.В. Глобализация: лингвистические аспекты. Кировоград, 2002.
13. Медведева И.Л. Коллективная монография. 1999.

Резюме

К.А.Айсултанова, А.Р. Халенова, Л.М. Алиярова, Л.М. Махажанова. Американизм и бритицизм

В статье рассматривается некоторые причины заимствований из английского языка в русский и казахский языки в свете проблемы глобализации и сохранения культурной идентичности а также анализируется основные предпосылки глобализации, проводится сравнительно-сопоставительный анализ дефиниции «глобализация» в английской, русской лингвокультурах. Среди традиционно выделяемых первопричин глобализации прежде всего, социально-экономической интеграции современного общества, автор называет лингвистическую глобализацию в качестве ведущего вектора глобальных интеграционных процессов в мире рассматривая лингвистические барьеры глобализации, препятствующие формированию транснационального сознания. Глобализация – явление, которое трансформирует социокультурную сферу жизни общества, изменяя язык и речевую культуру. Английский язык как «язык глобализации» оказывает влияние на другие языки и речевую культуру.

Ключевые слова: глобализация, мышление, речь, язык, сознание, лингвистические барьеры.

Summary

K.A.Aisultanova, A.R. Khalenova, L.M. Aliyarova, L.M. Makhazhanova. Americanism and briticism

The article discusses some of the reasons for borrowing from English into Russian and Kazakh languages in the light of the challenges of globalization and the preservation of cultural identity as well as analyzes the basic premises of globalization, carried out comparative benchmarking definition of "globalization" in English, Russian lingua cultures. Among the root causes of globalization traditionally allocated primarily socio-economic integration ofmodern society, the author refers to linguistic globalization as a leading global vector of integration processes in the world considering the globalization linguistic barriers that prevent the formation of a transnational consciousness. Globalization – phenomenon which transforms the social and cultural spheres of society, changing language and speech culture. English language as "the language of globalization" has an impact on other languages and speech culture.

Key words: globalization; thinking; speech; language; consciousness; linguistic barriers.

ӘОЖ 811. 512. 122'373

АКАДЕМИК РӘБИҒА СЫЗДЫҚТЫҢ «ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕҒІ ЕСКІЛІКТЕР МЕН ЖАҢАЛЫҚТАР» ЕҢБЕГІНДЕГІ ЕСКІЛІКТЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ-ТАҒЫЛЫМДЫҚ МӘНІ

С.Т. Асқаров – *Абай атындағы ҚазҰПУ магистранты*

Аңдатпа. Мақалада Академик Рәбига Сыздықтың «Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар» еңбегіндегі ескіліктер тобы талданады. («Ескілік» – көнерген сөздер, ескірген сөздер мағынасында). Ескіліктер көбіне батырлар жырларында, ертегілерде, аңыздарда, лироэпостық жырларда, тұрмыс- салт жырларында, жыраулар поэзиясында, тарихи тақырыптарға жазылған көркем шығармаларда кездеседі. Ескілік болып табылатын сөздер көбіне қару-жарақ, құрал-жабдық, сауыт-сайман, киім-кешек, жорыққа мінетін ат, тұрмыстық заттар мен әр алуан іс-әрекет атаулары. Ескіліктер ата-бабаларымыздың жүріп өткен жолын айқындайтын ізі іспеттес. Атап айтқанда, олар не ішіп, не киді, тұрмысы мен мәдениеті, экономикалық жағдайы қай деңгейде болды, кімдермен жауласып, кімдермен достасты дегендей сұрақтарға ескіліктер жауап береді. Сонымен қатар, мақалада ескіліктердің бүгінгі қоғамдағы орны, маңыздылығы көрсетіліп, галымның ескіліктерді талдап-танытуда алдына қойған мақсаттары айтылады. Ескіліктердің танымдық-тағылымдық мәні ашылады.

Түйін сөздер: ескіліктер, ескірген сөздер, батырлық жырлар, гашықтық жырлар, таным, галым.

Қазақ халхының тарихында, поэзиясында жыраулардың орны ерекше бағаланады. Олар өз заманының өзекті мәселелерін көтеріп, өз тұсындағы қоғамға, тарихи оқиғаларға өз көзқарастарын білдіріп отырды. Батырлық жырлар мен ғашықтық жырларды да туғызушы осы жыраулар еді. Жыр толғауларында қанатты сөздер, ғибратты нақылдар кең орын алады. Жыр мәтінінде кездесетін кей сөздердің мағынасы күңгірт тартқан немесе мүлде түсініксіз. Сонымен қатар, бүгінгі күндегі

мағынасы басқа түсінікті берсе, ертеректегі мағынасы басқаша сипатқа ие болған сөздер тобы бар . Мысалы «Қыз Жібек» жырында:

Айдың өткен нешесі,
Ай қараңғы *кешесі*.

Мұндағы *кешесі* сөзінің мағынасы қазіргідегідей «бұдан бір күн бұрын өткен күн емес», «түн» сөзінің баламасы болса керек. Махамбет ақынның:

Тар қолтықтан оқ тисе,
Тарыққанда қайрылар
Қарындасым менде жоқ –

жырындағы қарындас сөзінің ол күндегі беретін мағынасы әйел жынысты жасы кіші туысын емес, өзінің соңынан еріп, қолдайтын, демеу болатын туыстарын, руластарын айтып отыр.

Сондай-ақ Бұқар жырауда:

Ат тұяғы тимеген
Ақ *кіріш* суда бар.

Немесе «Алпамыс батыр» жырында:

Берейін саған осыны,
Айуан тілін аңғарар
Сөзінің жота *жосыны* –

деп келетін өлең жолдары бар. Мұндағы *кіріш, жосын* сөздері бұл күнде қолданыста жоқ, болған жағдайда да өте сирек кездеседі.

Осылайша қолданыстан ығысқан бірліктерді тіл білімінде көнерген сөздер, ескірген сөздер немесе тарихи сөздер деп атап ұсынушылық бар. Ал, академик Рәбиға Сыздық болса, бұл сөздердің жалпы атауы ретінде *ескіліктер* деп ат қойып, тың термин енгізді.

Бұл күнде әр ұлт пен ұлыс ескі мұраларын қолдан келгенінше жинастырып, құндылықтарын түгендеп жатқан заманда, тілдегі ескіліктерді теріп, зерттеп-зерделеп, мүмкіндігінше ғылыми айналымға енгізген жөн.

Академик Рәбиға Сыздық «Қазақ тіліндегі жаңалықтар мен ескіліктер» атты еңбегінде бүгінгі қоғамға ескіліктерді талдап- танытуда алдына мынадай мақсаттар қояды.

1. Бүгінгі және болашақтағы қазақ оқырмандарына қазақтың әдеби мұрасын жақсы түсініп, еркін меңгерін, сүйсініп оқуларына мүмкіндік жасау. Біз қызыға оқитын «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр» сынды батырлық жырларда, не болмаса жыраулар поэзиясында кездесетін кей сөздердің мағыналарын түсіне алмай жатамыз, контекске (мәнмәтінге) қарап мағынасын ашсақ та, ол сөз жайлы толық түсінігіміз жоқ. Мысалы, Шалкиіз жырау:

Далада құлан, *домбай* шұбырса,
О дағы бір еғеулі оққа жолығар.

Немесе:

Қара бас *күспен* шалдырып,
Көк теңіздің үстінде
Көтеріп желкен аштырып,
Уа, хан, ием, жүк тиеттің кемеге, - дейді.

Алпамыс батыр жырында:

Патшаның сол күнде
Қазулы оры бар еді,
Қуанып халқы жүгіріп,
Қандақтың аузын ашады, - деп келетін жыр жолдары бар. Ғалым өз еңбегінде *домбайдың* – жабайы жануардың бірі деп, *күспеннің* мағынасы – түбі жалпақ жүк кемесі деп, *қандақтың* берер мағынасы – қазулы ор деп түсініктеме берін, көптеген тілдік деректермен мысалдар келтіріп, оқырмандарға сөз мағынасын ашып, танытады.

2. Қолданыстан шығып бара жатқан тілдік бірліктердің бір кездердегі мағынасын, қолданыс аясын, қызметін білу арқылы халықтың рухани-мәдени тарихына үңілуге мүмкіндік жасау. Атап айтқанда, қазақ халқы сол кезеңдерде (ертеректе) қандай салт-дәстүрді ұстанды, кімдермен қарым-қатынас орнатып, кімдермен жауласты, наным-сенімі қандай болды деген сауалдарға ескілік болып сақталған сөздер мен сөз тіркестері жауап бере алады. Мысалы, қазақ даласында ұрыс-соғыстардың

көп болғаны тарихтан белгілі. Соған байланысты тілде кездесетін ескірген тіркестер бар. Олар: *ту түбінде тұру* (ұрысқа қатысатын сарбаз, жауынгер болып қатарға ену), *ұран отын жағу* (жау әскерінің келе жатқанын хабарлап белгі беру). Қобыланды батыр жырында:

Тәңір оңғарса жолымды

Алаулаған қалмақтан

Кеғімді барып алармын, - деген жолдардағы *алаулау* етістігі «соғысу, ұрысқа шығу» мағынасын береді.

Едіге батыр жырындағы:

Тоқсан баулы ақ көбе,

Тоғысқан жерде келгенмін, - мұндағы тоғысу етістігінің мағынасы «соғысу, ұрыста айқасу». Ғалымның соғыс, ұрыс тақырыбына көптеген мысалдар келтіріп, талдаулары арқылы қазақ халқының өр рухты, батыр халық екенін және қазақ тарихында жауғершілік заманның көп болғанын білуге болады.

Сонымен қатар, қазақ халқының көшпенді тұрмысынан хабардар ететін мынадай сөз тіркестеріне түсініктеме береді: *қосалықтап отау тігу* (киіз үйлерді екі- екіден қатар не бірінің ішіне екіншісін қосарлап, енгізіп тігуі), өте сирек кездесетін ескі қолданыстардың бірі *бартал тарту* (жүк артқан көлікпен көшу).

3. Өзге тілден енген сөздердің, тілдік атаулардың қазақша баламасын жасағанда ескіліктерді пайдалану. Академик Рәбиға Сыздық терминология саласына да көп еңбек сіңірген ғалымдардың бірі. Сондағы айтпағы ескіліктерді бүгінгі қоғам өміріне араластыру. Мысалы: бүгінгі күнде әскери салада қолданылмайтын *онбасы/онбегі, жүз басы/жүз бегі, мың басы/мың бегі* варианттарын қолданысқа енгізсе, бәйгеге қосатын аттарды бәйге аттары демей *бедеу аттар, ақта аттар*, одан да ықшамдап *бедеу, ақта* деп, көлемі, бағасы үлкен сыйлықтар *сүйыргал* деп атаса жөн болар еді.

Ғалым еңбегінде ескіліктер тақырыптарға қарай топтап көрсетіледі.

Ескіліктердің тақырыптық топтары	• Отан, ел-жұрт, мемлекет ұғымдарына қатысты атаулар (Байтақ, ел-күн, жұрт, аса жұрт, асра жұрт, ауыр жұрт, байтақ жұрт, Еділ-Жайық)
	• Ескі қару-жарақ, сауыт-сайман атаулары (Жезайыр, топ, себіл, кертартар, кескен, сота)
	• Жорыққа мінетін ат атаулары (Ала, алаша ат, ақта ат, бедеу ат, тобышақ)
	• Ұрыс-соғыста қолға түсетін тұтқындар мен оларды қамайтын орындарға қатысты сөздер (Жетім, жесір, зындан, қандақ, әлек, ақбұрғы, алаулау, тоғысу, алапа)
	• Басқа да тақырыптарды қамтитын сөздер мен сөз тіркестері (Күспен, домбай, барым, жедел, айбарақ, кезеген, созаған, ауан су, аббар көшу, асмар ету, ағыну, лағу, айдындықтай)

Академик Рәбиға Сыздық «Қазақ тіліндегі жаңалықтар мен ескіліктер» атты еңбегінде ескіліктер тобын қарастырғанда мынадай ұстанымдар бойынша зерттеу жүргізеді:

Алдымен, ол ескіліктің қай жырдан алынғандығын үнемі оқырман назарына ұсынып отырады. Көрсетілген ескілік бірнеше жырау шығармашылығында немесе батырлық жырлардың біршамасында кездесуі мүмкін.

Екінші, талданып отырған ескіліктің қай тілден алынғандығын, сөздің шығу төркіні қай тіл және өзге халық тілдерінде қандай мағынаға ие екендігін танытып, таныстырып отыруы. Мысалы: «Едіге» жырында кездесетін *арасат* сөзі. Ғалым түсіндірмесінде *арасат* – араб сөзі, ислам дініне қатысты сөздердің бірі. Бірінші мағынасы «майдан, алаң» болса, діни мағынасы «өлген адамдар қайта тірілгеннен кейін жиналатын орын». Сонымен қатар, «Ер Сайын», «Ер Көкше» жырларында кездесетін ескіліктердің біршамасына тоқталған. Соның бірі *төгерек* сөзі. Ғалым талдауы бойынша ноғай тілі бірлестігінен қалған ескіліктердің бірі. Мағынасы: 1) «дөңгелек»; 2) «бір нәрсенің айналасы».

Үшінші, ғалым бұл еңбегінде ескіліктерге басқа зерттеушілердің берген түсініктемелерімен оқырмандарын таныстырып отыруды жөн санайды және өз тарапынан толықтырып, мағынасын аша түседі. Ғалым назарына іліккен осындай ескіліктің бірі «өкіліне түспеді» етістігі. М.П.Мелиоранский «өкіл – «крик, пение, стон» деп түсініктеме берсе, Л.З.Будагов өңкілдеу етістігімен ұштастырса керек. Ал, Академик Рәбиға Сыздық бұл екі танымды толықтыра түсіп: өкіліне түспеу айтылған сөзге түсінбеді, қабыл алмады, байыбына бармады сияқты таныс тіркестермен сөз мағынасын аша түскен.

Төртінші, уақыт өткен сайын, түрлі оқиғалардың орын алуына байланысты кейбір сөздердің мағыналары өзгеріп, құбылып отырады. Ертеректе берген мағынасынан айнып, бүгінгі күнде басқаша мағынаға ие. Ғалым өз еңбегінде осындай құбылмалы ескіліктерді талдап, оқырмандар назарына ұсынады. Мысалы: қазақтың батырлық жырларында жылқы малына қатысты ала сөзі жиі кездеседі:

Мінгенде аты *ала- ды,*
Қылшық жүнді қара- ды (Қобыланды батыр)
Ерлер мінер *алаға*,
Қас батыр шабар қалаға (Алпамыс батыр)
Мінген аты *ала- ды,*
Алаға тоқым салады (Қамбар батыр).

Ала сөзі осы күні түске байланысты сындық мағынаны береді. Ал, ғалым талдап- танытуы бойынша ала сөзі батырлық жырларда мықтылықтың символы. Сонымен қатар, батырлық жырларда жиі ұшырасатын тіркестің бірі – *бедеу ат* тіркесі. Бедеу сөзінің бүгінде беретін мағынасы онша жағымды емес. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: 1) қысыр бойдақ мал 2) бала көтермеген әйел деп түсініктеме берілген. [1, 121] Батырлық жырлардан мынадай жыр жолдарын кездестіреміз:

Бектер мінген *бедеу ат*
Темірменен тағалар (Қамбар батыр).
Айналайын Тарланым,
Бектер мінген *бедеудей* (Ер Тарғын).
Ылғасыз болсын *бедеу* деп,
Қулықтың сүтін еміздің (Қобыланды батыр).
Бедеу аттың бестісі ай,
Адамның болмас естісі- ай
Қайда кетіп барасың,
Қарағымның ешкісі- ай (Алпамыс батыр).

Бұдан байқайтынымыз бедеу ат тіркесі ертеректе қолданыста болып, актив жұмсалған сөздердің бірі. Ғалымның бұл ескілікке берген анықтамасы: Бедеу ат қазақтың ескі өлең-жырларында жай мықты жараған ат қана емес, тіпті бәйге аты да емес, көбінесе хандар, бектер, батырлар мінетін сұлу, мықты ат, бағалы жылқы [2, 65].

Академик Рәбиға Сыздықтың оқырман назарына ұсынып отырған «Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар» атты еңбегінде талданып отырған ескіліктер халқымыздың тарихын, мәдениетін, әдебиетін бүгінгі күнге жалғастырған алтын көпір іспетті құнды еңбек.

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Дайк- Пресс, 2008.- 968 б.
2. Сыздықова Р. «Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар». Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. - 272 б.

Резюме

С.Т. Аскаров. Познавательно-воспитательное значение устаревших слов в труде академика Рабига Сыздык «Устаревшие слова и неологизмы в казахском языке»

В статье рассматривается группа устаревших слов в труде Рабига Сыздык «Устаревшие слова и неологизмы в казахском языке». Устаревшие слова встречаются в основном в георических эпосах, сказках, легендах, в лирических эпосах, традиционно-бытовых эпосах, в поэзиях сказателей, в художественных произведениях написанных на исторические темы.

Устаревшими словами являются в основном названия снаряжений, орудий производства, инструментов, одежды, лошадей для походов, бытовые предметы и названия разных видов деятельности.

Устаревшие слова как будто бы являются историческим следом по которому прошли наши предки. А именно устаревшие слова отвечают на такие вопросы, как они питались, что они носили, на каком социальном уровне были их быт, культура, экономическое положение, против кого воевали, с кем дружили. А так же, в статье рассматривается место и значение устаревших слов в сегодняшнем обществе, рассказывается о целях ученого, поставленные в познаний устаревших слов. В статье раскрыто познавательно-воспитательное значение.

Ключевые слова: устаревшие слова, георические эпосы, лирические эпосы, поэзия сказателей, познание, ученый.

Summary

S.T. Askarov. Cognitive and educational value of obsolete words in the work of academician Rabiga Syzdyk "Obsolete words and neologisms in the kazakh language"

The article deals with a group of obsolete words in the work of Rabiga Syzdyk "Obsolete words and neologisms in the Kazakh language."

Obsolete words are found mainly in the heroic epics, tales, legends, in the lyrical epics and traditional-domestic epics, in poetry tells, art works which were written on historical themes. Obsolete words are basically the names of equipment and instruments of production, tools, clothing, horses used in campaign, household items and names of different types of activities. Obsolete words are like historical traces on which our ancestors had passed. Specifically, these words answer such questions like what did they eat, what did they were, at which level was their social life, culture, economic status and against whom they fought, with whom they were friends. Also, the article examines the place and significance of obsolete words in today's society, explains the purpose of scientist in studying obsolete words and reveals the cognitive and educational value of obsolete words.

Key words: obsolete words, the heroic epic, lyrical epics, poetry tellers, knowledge, scientist.

УДК 378.147:811.111

БАРЬЕРЫ МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАЦИИ В ИНОЯЗЫЧНОЙ СРЕДЕ

Ф.К. Атабаева – *к.п.н., доцент университета "Туран"*

Аннотация. Межкультурная коммуникация является одним из стремительно развивающихся направлений в иноязычном образовании Казахстана. Особый интерес представляет изучение барьеров межкультурной коммуникации в иноязычной среде. Основными барьерами, являются языковые и невербальные барьеры, которые снижают эффективность интеракций являются особенности барьерами, используемых представителями разных культур.

Ключевые слова: межкультурная коммуникация, иноязычная среда, языковые и невербальные барьеры, компетентностный подход.

Иноязычное образование как один из компонентов общей системы образовательного процесса тесно связано и опосредовано через среду, в которой оно функционирует и развивается. Расширяющиеся интеграционные процессы, рост профессиональных и научных обменов, углубление международного взаимодействия и сотрудничества, в целом процесс глобализации в последние десятилетия стимулировали поступательное развитие иноязычного образования.

Целостность иноязычной подсистемы обеспечивается единой методологической платформой, единой нормативно-управляющей и содержательной базой, а также введением единого контрольно-оценочного механизма иноязычной компетенции. Основная цель иноязычного образования – формирование вторичной языковой личности, готовой и способной к межкультурному иноязычному общению на межкультурном уровне. Одновременно иноязычное образование усиливает процессы социокультурной адаптации отдельно взятой личности, индивидуумов и сообществ в условиях меняющихся реальностей среды их жизнедеятельности. Так о себе еще раз дает знать современный скоростной век.

Поэтому вполне закономерно, что межкультурная коммуникация является одним из стремительно развивающихся направлений в иноязычном образовании Казахстана. В контексте данного явления

особый интерес представляет изучение барьеров межкультурной коммуникации в иноязычной среде. Представляется, что на сегодняшний день основными барьерами, которые снижают эффективность интеракций или взаимодействий, являются особенности языковых и невербальных систем, используемых представителями разных культур в условиях различных сред.

Контакты представителей разных культур порождают множество проблем, которые обусловлены несовпадением норм, ценностей, особенностей мировоззрения партнеров и т.п. [1]. Они не могут быть элиминированы в процессе интеракции, поэтому успешность взаимодействия зависит от достижения консенсуса по поводу правил и схем коммуникации, не ущемляющих интересов представителей разных культур. Требуется адаптация традиционных моделей монокультурных интеракций к новой иноязычной социальной среде на фоне униформизации и сохранения культурного многообразия мира [2].

Проблемы межкультурной коммуникации находятся в фокусе внимания многих исследований на протяжении длительного периода. В то же время осмысление проблем, связанных с другими формами межкультурной коммуникации, началось сравнительно недавно. В частности, тематика интеракций представителей разных социокультурных систем (например, Казахстана и Запада) пока еще не нашла должного отражения в казахстанских исследованиях на теоретическом уровне осмысления проблемы. Соответственно ее эмпирические иллюстрации весьма немногочисленны [3]. Вместе с тем актуальность их изучения не вызывает сомнений. Стимулирует развитие этого научного направления практический интерес, обусловленный возникновением организаций в сфере экономики (фирм с участием иностранного капитала, филиалов западных компаний), а также образовательных структур, ориентированных на западные схемы обучения и привлекающих зарубежных преподавателей [4].

Так, в процессе восприятия друг друга у представителей разных культур нередко возникают затруднения и препятствия, которые мешают их взаимопониманию и могут привести к возникновению конфликтных ситуаций. Обычно возникающие трудности вызваны культурными различиями партнеров, которые не могут быть нивелированы сразу в процессе коммуникации. Такие трудности общения исследователи определяют термином «межкультурные барьеры» [5].

В широком смысле слова понятие «барьеры» обозначает проблемы, возникающие в процессе взаимодействия и снижающие его эффективность. На сегодняшний день проблема барьеров в межкультурной коммуникации не получила своего обстоятельного научного анализа. Вместе с тем, анализ причин возникновения различных барьеров межкультурного общения в иноязычной среде позволяет сгруппировать их в основные типы: языковые и невербальные барьеры.

Возможный мир в древнерусских сложноподчиненных предложениях воплощаетсяся за счет использования семы союза *яко*, сочетающейся в придаточной сравнительной части с семой предполагаемого действия, которое передается посредством глагола-сказуемого в сослагательном наклонении. Как правило, данные конструкции включают модальное слово *убо*, позволяющее говорящему изложить предполагаемый вывод из определенной ситуации: *Аз же толико совЪтенъ бывати неправденым онЪмъ судиямъ отстою, яко и* ***прикладовалъ бы убо*** *ихъ с радостию древним защитителемъ благочестию [Соч. М.Гр., 488].*

Согласно проанализируемому материалу, возможный мир воплощается авторами этого периода в виде конструкций с вторичной предикацией. В экспилицитном виде такого типа тождественны сложноподчиненным предложениям с главной частью, содержащей следствие: ***А милуя ея*** *(если помилуешь его), наречешися и милостникъ божий и правитель царству его [ТТ, 556]*; *невозможно царю извЪсти свЪтьская,* ***не извЪд духовная*** *[ТТ, 556].*

Наконец, возможный мир передается древнерусским автором за счет языковых средств, обладающих семантической компрессией. Данным свойством обладают формы имен существительных в творительном падеже со значением условности. Они передают свойства субъекта, его действия, которые влекут за собой определенные последствия. Включающие данные формы конструкции представляют собой простые предложения, которые поддаются трансформации в сложные путем развертывания существительных в творительном падеже в придаточные части с условным значением: ***А унятием*** *(если унимешь обиду) кривды от них изведши им вси четыре предреченных [ТТ, 548]*; ***А славою*** *(если будешь иметь славу) доброю полнишь землю свою всЪми землями [ТТ, 546].*

Семантической компрессией, включающей в свой состав условное значение, отличаются предложно-падежные конструкции формы существительных в местном падеже с предлогом *в*. Данные формы употребляются в безличных предложениях и представляют собой их детерминанту, а предикативная часть заключает в себе последствия реализации изображаемого условия как одного из возможных миров. Конструкции, содержащие эти формы, носят спорадический характер, употребляясь в единичных случаях: *Како не удивимся милостивней силЪ:* ***в невЪрии*** *(если нет веры) раздаяннЪ, а в* ***вЪре*** *услышанного быти [Пов. о П., 24].*

В период XIV-XVI вв. в сознании древнерусского автора формируется совершенно иной возможный мир, нежели в предшествующий период. Для передачи используются самые разнообразные языковые его средства, включающие сему предположительности. В данный период времени создаются определенные предпосылки, позволяющие древнерусскому книжнику использовать богатый арсенал накопившихся в языке средств для выражения гипотетической семантики, а также участвовать непосредственно в ее формировании. Разнообразие палитры семантических средств, репрезентирующих возможные миры, позволяет древнерусскому книжнику изобразить их во всем разнообразии. Существенным в этом случае представляется донесение до читателя о действенности трансформации иллюзорного, виртуального мира, в реальный как один из возможных миров.

1. Килевая Л.Т. Становление категории наклонения славянского глагола. – Дисс. на соиск. учен. степ. д-ра филол. наук. – Алматы, 2003. – 276 с.

2. Топоров В.Н. Святость и святые в русской духовной культуре. – Том II: Три века христианства на Руси XII-XIV вв.). – М.: Школа «Языки русской культуры», 1998. – 864 с. – С.216.

Список сокращений, используемых в статье

1. ПИГр – «Послания» Ивана Грозного. – Погодинский список. – М.-Л.: АН СССР, 1951. – 715 с.

2. ТТ – Тайная Тайных // Памятники литературы Древней Руси: Конец XV – первая половина XVI века. – М.: Художественная литература, 1984. – С. 534-590.

3. Д – Домострой. – М.: Советская Россия, 1990. – 304 с.

4. Н – Назиратель / Под ред. С.И. Коткова. – М.: Наука, 1973. – 710 с.

5. Соч. Ив.Пересв. - Сочинения Ивана Пересветова // Памятники литературы Древней Руси: Конец XV – первая половина XVI века. – М.: Художественная литература, 1984. – С. 596-624.

6. ППЦО – Повесть о Петре, царевиче Ордынском // Древнерусские предания (XI-XVI вв.). – М.: Советская Россия, 1982. – С. 142-150.

7. Соч. М. Гр. – Сочинения Максима Грека // Памятники литературы Древней Руси: Конец XV – первая половина XVI века. – М.: Художественная литература, 1984. – С. 456-492.

8. Пов. о П.- Повесть о Петре // Памятники литературы Древней Руси: Конец XV – первая половина XVI века. – М.: Художественная литература, 1984. – С. 20-36.

Түйін

Г.Р. Кадырова. Ежелгі орыс авторының презентациясындағы мүмкін әлем

Мақала ежелі орыс кезеңіндегі мүмкін әлем түсінігіне деген авторлық позицияның қалыптасуына арналған. Мақала авторы бұл кезеңдегі болжамдық семантикасыныц дамуына әсер еткен тарихи деректерге талдау жасайды.

Бұл мақалада ежелгі орыс әдебиетінің XIV-XVI ғғ. кезеңіндегі шығармалары қарастырылады. Бұл шығармалар тілдік ресурстарды олардың прагматикалық әлеуеті көзқарасынан анықтауға мүмкіндік береді.

Талданып отырған материал бізге мүмкін әлемді беретін тілдік ресурстарды екі топқа бөлуге мүмкіндік береді. Бұл эксплицитті табыстау және имплицитті табыстау.

Ежелгі орыс мәтіндерінің зерттеліп отырған материалы, мысалы, «Послание Ивана Грозного», «Тайная Тайных» сияқты, мүмкін әлемді беру жолы болжамдық семантика арқылы жүргізілетіндігін көрсетеді.

Автор қорытынды бөлімде ежелгі орыс авторының санасында XIV-XVI ғғ. жаңа мүмкін әлем қалыптасады деген қорытынды жасайды. Оларды көрсету үшін автор сағым, виртуалдық әлемнің мүмкін әлемдердің бірі ретінде шынайы әлемге ауысуының пәрменділігін оқырманға жеткізу мақсатында семантикалық амалдардың бай қорын қолданады.

Түйін сөздер: мүмкін әлем, ежелгі орыс авторы, болжамдылық категориясы, прагматикалық бағыттылық, шартты рай, шартты семантика, тілдік ресурстар.

Summary

G.R. Kadyrova. Possible world in the presentation of old russian authors

Article is devoted to the formation of the author's position possible vision of the world of ancient Russian period. The author analyzes the historical facts that influenced the development of a hypothetical semantics of the period.

This article examines the works of ancient Russian literature of the XIV-XVI centuries, allowing to determine the language resources in terms of their potential pragmatic.

The analyzed material allows us to share the language resources that convey a possible world into two groups. This explicit and implicit transfer.

The test material of ancient texts such as "The Message of Ivan the Terrible", "mystery of mysteries", shows that the transfer occurs by a possible world semantics hypothetical.

In the final part, the author concludes that between the XIV-XVI centuries in the minds of the ancient Russian author, a new world is possible to transfer the scribe who uses a large arsenal of semantic resources with a view to presenting to the reader about the effectiveness of the transformation of the illusory, virtual world into the real as one of the possible worlds.

Key words: a possible world, ancient Russian author, category hypothetical, pragmatic orientation, subjunctive, conditional semantics, language resources.

ӘОЖ 81´282.2

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ДИАЛЕКТІЛЕРІ ЖАҢА ЗАМАНДА

Қ.С. Қалыбаева – *ф.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ-дың профессоры,*

Аңдатпа. Қазақ тіліндегі диалектілер жайы 50-жылдарда-ақ үлкен пікірталасқа айналып еді. Көптеген тілші ғалымдар сол кездің өзінде-ақ, қазақ тілінің біркелкілігін мойындаған. Шындығында, бүгінде қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері жан-жақты жинақталып бір жүйеге түсірілген, солтүстік-шығыс, оңтүстік, батыс диалектілері айқындалған деп жүрміз. Алайда, қазақ тілінде бүгінде осы шегі айқындалған диалект дәрежесіндегі ерекшелік сақталып отыр ма? Диалектілік ерекшеліктер сараланған сол 30-50 жылдардағы тілдің жергілікті сипаты бүгінгі әдеби тілдің ауқымына төтеп беріп отыр ма? Мүмкін, осы тұрғыдан келгенде тілші ғалымдарымыздың қазақ тілінің жергілікті тіл ерекшеліктері жайлы пікірлерін бүгінгі тіл білімінің тұрғысынан қайта қарастыру керек шығар. Әсіресе, қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктерін қайта саралауда бұрынғы кеңестік дәуірдегі өлшем түрлерінен ары барып, өз тіліміздің заңдылығын жергілікті ерекшеліктердің диалектілік, говорлық түрлерін айқындай түсу қажет шығар. Мақалада қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктерінің зерттелу тарихына қатысты қазақ диалектологиясы тарихының осындай келелі мәселелері сөз етіледі.

Түйін сөздер: тіл ерекшеліктері, диалект, говор, диалектология, қытай тілі, неміс тілі, ағылшын тілі, тіл тарихы, әдеби тіл.

Кезінде Қ.Жұбанов қазақ тілінің біркелкіліғіне таңқалып: «Қазақ тілінде ешбір диалект жоқ деуге болады. Осы күні ғана болар, болмас жарқыншақты сезін жүрміз. Сонда да бұл сияқты тіл бірлігі маңайдағы тілдерің ешқайсында жоқ. 4-5 миллиондай көп халық, қазақ жеріндегі ұшсыз-қиырсыз шалқыған кең даланы алып жатып тұрып, қалайша мұндай тіл тұтастығын жасай алды деген сұрау таңданбастай нәрсе емес. Мұнан 5-6 есе аз, жері мұиікінен 20 есе аз шағын тілдердің ішкі айырмашылығы сонша күшті, қай бір тілдегі диалектілерді ол тілге қосудың өзі даулы болып қалады» -деген екен [1, 327].

Кеңестік дәуірге дейін зерттеушілердің тәжірибесінде «диалект» ұғымы жақын туыстас, бірін-бірі қиындықпен болса да түсінісуге аздаған болса да мүмкіндіктері бар бір үлкен тілдің «наречиелері» ұғымымен астастырғаны белгілі. Бүгінде біз орыс ғалымдырының қай-қайсысы да өз зерттеулерінде қазіргі жеке-жеке тіл болып кеткен түркі тілдерінің бәрін де бір ғана түркі тілінің наречиелері ретінде қарастырғанын жақсы білеміз. Славян тіліне қатысты да украин, орыс, белорус тілдерін көне орыс тілдерінің наречиелері ретінде қарағаны белгілі. Мысалы, 1914 жылы орыс тілінің диалектілерге бөлінуін көрсететін диалектолоғиялық картада осылай көрсетілген.

Бүгінде Біріккен Ұлттар ұйымынан орын алып отырған ірі деген тілдердің дені аздаған болса да түсінісу мүмкіндігін сақтай отырып, бір тілдің түрлі диалектілері ретінде бірлігін жоғалтпай отырғаны қайран қалдырады. Диалект ұғымын терең түсіну үшін солардың біразына тоқтала кетейік. Мысалы, Қытай тілінің диалектілері бұл халықтың үлкен бір құндылығына айналып отыр. Өзара түсінісу қиындығы жойылмай отырғанына қарамастан, қытай халқы өз тілдерінің диалектілік ерекшеліктерін саналы түрде қытай мәдениетінің бір көрінісі ретінде қабылдауға көндіккен. Өдетте қытай тілінің ірі деген 7 диалектісі айтылады. Олар: ғань диалектісі, хакка диалектісі, мин диалектісі, у диалектісі, сян диалектісі, юэ диалектісі, және солтүстік диалектілері. Бұл диалектілердің өзі өз ішінен бірнеше поддиалектілерге бөлінін жатады. Аталған ірі диалектілерден басқа әр провинцияның толып жатқан өз диалектілері тағы бар, мысалы, сычуань диалектісі, хэнань диалектісі т.б. Аталған диалектілерде сөйлеуші қытайлар бірін-бірі оңайлықпен түсінбейтін көрінеді. Алайда осы барлық диалектілер үшін ортақ жазу бар. Шамамен, осыдан бір ғасыр бұрын қытайлықтар бірін-бірі түсінетін бір тіл не диалект керек екенін түсінді. Сонымен, қытайлықтар Пекин диалектісіне негізделген «путунхуа» атты тілге 1955 жылы мемлекеттік тұрғыдан әдеби тіл статусын берді. Содан бері қытайлықтар осы «путунхуа» тілінде түсініседі, осы тілде теледидар, радио хабарлары таратылады, жоғары оқу орындарында, мектептерде сабақтар осы тілде жүргізіледі. Басқа диалектіде сөйлеушілерге түсінікті болу үшін теледидарда «путунхуа» тілінде иероглифпен жүгірме жазулар беріліп отырады екен. Мұның өзі путунхуа тілін ауызша түсіне алмағандарға, ироглифпен оқу арқылы түсінуге мүмкіндік беріп отыр.

Осындай ірі тілдің бірі Италия тілі. Бұл тілдің де диалектілік айырмашылықтары өте айқын. Елдің жекелеген аймақтарында қалыптасқан диалектілерде сөйлеушілер өзара еркін түсінісу мүмкіндігінен айрылған. Қазіргі күнде Италияның 20 облысына тән 20-дан астам диалектілер белгілі. XVIII—XIX ғасырларда тоскан диалектісінің негізінде италия әдеби тілі ретінде қалыптасты. Соған қарамастан Италия тілінің диалектілері әлі де сақталып отыр. Олардың ең ірілері италияның солтүстік тұрғындары қолданатын ғалло-роман диалектісі де, оңтүстік Италия тұрғындары қолданатын итало-роман диалектілері. Сонымен қатар италиян әдеби тілінің де бірнеше жергілікті түрлері бар.

Испан тіліне де қатысты осы жағдайды айтуымызға болады. Бұл тіл әлемнің 21 елінде қолданылатынын, жарты миллионнан астам адам осы тілді өзінің ана тілі деп есептейтінін ескерсек, атаулы тілдің диалектілері де қаншалықты күрделі екенін аңғара түсуімізге болады. Латын америкасының әр еліндегі испан тілінде сөйлеушілер әр түрлі диалектілерге шоғырланған. Мысалы, Мексикандықтар мен арғентиналықтар, кубалықтар мен Перуандықтар, гватемалдықтар мен чилиліктер бір-бірін мүлде түсінбейді. Ал, Испанияның өзінде бір –бірін түсіне алмайтын кастиль, каталан, ғалисий, астурий диалектілері бар. Олардың әрқайсысы өз аймағы үшін ресми түрде еркін қолданылатын тіл ретінде қабылданған. Соған қарамастан, испан тілінде түсінісу үшін ортақ әдеби тіл ретінде 40 миллионнан астам адам қолданылатын кастиль тілі әдеби тілдің негізі ретінде бекітілген.

Ал, әлемде қолданысы жағынан үлкен сұранысқа ие болып отырған ағылшын тілінің де диалектісі ең көп тілдің бірі. Ағылшын тілінің ең ірі екі диалектісі болып Британ корольдігінің ағылшын тілі және Америка құрама Штаттарының ағылшын тілі есептеледі. Алайда, бұл екі диалектінің де өзі де бірнеше диалектілерге бөлінеді. Мысалы, британ ағылшын тілінің солтүстік диалектісі ең ірі түрі болса, одан басқа оңтүстік, шығыс және батыс аймақтарының диалектілері тағы бар екен. Ал, ірі диалект болып есептелетін солтүстік анғлия ағылшын диалектісі өз ішінен тағы ірілі-ұсақты 30-ға жуық диалектілерге тарамдалып кетеді. Ал Солтүстік американдықтардың ағылшын тілі 50-ге жуық диалектіге бөлінсе, одан басқа ағылшын тілінің Австралия варианты, Жаңазеллендия, Бермуд ағылшын тілі және Канадалық ағылшын тілі секілді түрлері тағы бар (*www.homeenglish.ru).* Соған қарамастан ең кең таралған оңтүстік британ диалектісіне негізделген британ ағылшын тілі әдеби тіл болып саналса, Құрама Штаттарда орталық батыс ағылшындарының диалектісіне негізделген американдық ағылшын тілі әдеби тілі деп саналады да ортақ түсінісу мүмкіндігін жоғалтпай отыр. Ал, Үнді халқында да бүгінгі күнде бірін-бірі түсіне бермейтін 447 тілі, оның 2000-ға тарта диалектісі бар көрінеді. Одан бақа Үндістанның кейбір штаттарында қарым-қатынас құралы ретінде қолдануға рұхсат етілген тағы 22 тіл бар екен. Алайда елдің конституциясында ортақ тіл ретінде хинди және ағылшын тілдері бекітілген. Франнуз, жапон, араб тілдері жайында да осыны айтуға болады. Міне, қарап отырсақ диалект ұғымы бір үлкен тілдің жеке тармақтары деген ұғыммен астастырылған.

Алайда, лингвистикада бұл ұғымға біршама тар ұғымда пайымдау да бар. Бұл жағдайда диалект ұғымы негізінен жергілікті аймақтық ерекшелік ретінде қарастырылады. «Диалект» ұғымын осылай территориялық ерекшелік ретінде қарастыру Кеңестік лингвистикадан бастау алатын секілді. Тек осы кезеңнен бастап кеңес ғалымдары орыс диалектологиясының зерттеулеріне сүйене отырып диалект ұғымын территориялық ерекшелік ретінде бағалады. Осы кезден бастап үлкен бір түркі тобына енетін тілдердің әрқайсысының өз әдеби тілі айқындалып, өзіндік диалектілері кең көлемде жергілікті ерекшелік ретінде зерттеліне бастады. Алайда, бұл мәселе өзге туыстас тілдердегідей емес, қазақ тілінде үлкен дау туғызды. Оның өзіндік себептері де жоқ емес еді. Сол жылдардағы ғылыми зерттеулерді қарай отырып, осы кезеңдегі әдеби тіл, диалект мәселелерінің Кеңестік стильге тән саяси астар алғанын оңай-ақ байқауға болады. Барлық ғылыми зерттеулерге Марксизм, Ленинизм идеясын тықпалау, Үндіевропа тілдерінен бастау алатын Ұлы орыс тілінің заңдылықтарын кез келген зерттеуде негіз ету, әрине, қазақ тіл білімін де шарпымай қалмады.

1953 жылы қазақ тіл білімі атына ССРО Ғылым академиясының Тіл білімі институты тарапынан бірнеше рет сын айтылғаны белгілі. Осы институттың Түркі тілдері секторы қазақ тіл білімінің зерттелуіндегі қателіктер туралы 1953 жылы жасаған қорытындысында «Қателердің екінші түріне ең алдымен қазақ тіліндегі диалектілердің жоққа шығарылуын жатқызуға болады» - деп көрсетті [2, 195] Сол жылы мамыр айында Москвада өткен ССРО тіл ғылымдарының ғылыми кеңесінде бұл мәселе тағы көтерілді. Сол жылдары Вопросы языкознания журналында Э.В.Севортянның «Қазақ тілші ғалымдарының қателіктері» атты мақаласы жарияланды. Мақалада қазақ тіліндегі диалектілердің өз

бағасын ала алмай жүргендігі сөз етілді: «По существу только проф. С.А. Аманжолов отстаивал на дискуссии тезис о наличии трех диалектов казахского языка, которые территориально соответствуют старому делению казахского общества на три жуза. Большинство участников дискуссии высказалось против этой точки зрения и отвергло ее» - делінген онда [2, 195]. Демек, ол кезде де ғалымдардың дені қазақ тілінің біркелкі екендігін мойындаған. Алайда, біртіндеп, лингвистикалық зерттеулер де саяси сипат ала бастағаны аңғарылады. Мысалы, Дмитриев С.Аманжоловтың диссертациясына берген пікірінде: «Основная суть диссертации - он опроверг богатым материалом ложное и вредное для науки мнение о том, что в современном казахском языке отсутствует диалект» - деп көрсетті. Міне, осы кезден бастап, қазақ тілші ғалымдары жаппай қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктерін «Ұлы орыс тілінің» үлгісімен зерттеуге бет бұрды. Қазақ тіліндегі диалект жайында қазақ тілі мамандарының арасында әртүрлі пікірлердің болуы диалектінің зерттелу дәрежесінің төмен болғандығынан, тілдегі бар диалектіні анықтау мәселесі шегіне жетпегендіктен деп танылып, қазақ тілінде диалектілер бар ма, жоқ па деген айтыс-тартысқа уақыт өткізбей, осы мәселемен түпкілікті зерттеулер жүргізуге шақырды.

Осындай тұста да қазақ тілін басқа тілдердің заңдылығы аясында қарастырмауға шақырып, тайсалмай пікір айтқан ғалымдар болды. Олардың қатарында М.Балақаев, Ғ.Мұсабаев т.б. ғалымдарды айтуға болады. Мысалы, Ғ.Мұсабаев: «Қазақ тіліндегі диалект жайында қазақ тілі мамандарының арасында әртүрлі пікірлердің болуы диалектінің зерттелу дәрежесінің төмен болғандығынан, тілдегі бар диалектіні анықтау мәселесі шегіне жетпегендіктен еді деу де дұрыс емес, оның (диалектінің) әлсіз, айтуға тұрарлықтай еместігінен, көзге бадырайып тұратын жергілікті диалектінің жоқтығынан деп түсіну керек. Қазақ тілі мамандарының кейбіреулері қазақ тілінде үш диалект бар десе, екінші біреулері қазақ тілі екі диалектіге бөлінеді дейді, ал үшіншілері диалект жоқ деп айтысуларының себебі – жергілікті диалектінің айтарлық дәрежеде жоқтығына толық дәлел» - деп көрсетті. Ғалым тіл ғылымындағы тавтологияға қарсы шығып: «Қазақ тілінің шығуы мен дамуын К. Маркс пен Ф. Энгельстің еңбектерінде көрсетілген роман және герман тілдерінің шығу және даму тарихымен бірдей деп қарау дұрыстыққа жатпайды.Қазақ тілі жоғарыдағы тілдерден басқаша жағдайда дами отырып қалыптасқандықтан, мұны К. Маркс пен Ф. Энгельстің, жоғарыда атап өткен индоевропалық тілдердің дамуындағы үш тобының ешбіреуіне де жатқызуға болмайды. Қазақ тілі бір тұтас қыпшақ тобының бір бөлек тілінің диалектісі ретінде жеке тіл болып қалыптасқан. Сондықтан да ол диалектілер жинағы болып табылмайды. Сондай-ақ ол тайпалар тілдерінің бірлестігі де емес. Өйткені тайпалар тілі ертерек кезде болмаса, орта ғасырдың бас шенінде ерекшелігін сақтай алмаған. Сөйтіп, жергілікті территориялық диалектінің жай-күйі қазіргі қазақ тілінде осы тұрғыдан қаралуға тиіс» деп көрсетті [3, 266].

Біздіңше, Ғ.Мұсабаев көптеген түркі халықтарына қарағанда қазақ тілінің жағдайы ерекше екенін дөп тауып айтады. Ғалымның өз сөзіне назар аударайық: «Көптеген түркі тілдерінде тарихи жағдайына қарай, біреулерінің отырықшылық күйіне (башқұрт, әзірбайжан) байланысты,біреулерінің геофизикалық алшақтығына (мысалы, татар, қырғыз), әртүрлі генетикалық топтан құралған (өзбек, алтай) құрамына байланысты диалектілік ерекшеліктері бар. Ал, қазақ тіліне келсек, қырғыз халқы сияқты, бір жартысы қырғыз Алатауында, екінші жартысы Орта Азияда болып, қарым-қатынассыз ғасырлап өмір сүрген қазақтарды көрмейміз. Туыстық байланысынан ерте ажырап, бір жағы Азияда, көпшілігі Шығыс Европада тұратын татар күйі де қазақ өмірінде кездеспейді. Әрі жергілікті, әрі тайпалық диалектілердің тоғысқан жері өзбек тілінің ерекшелігін туғызған жағдай да қазақ шындығында болған емес. Сондықтан қазіргі қазақ тілінде кейбір диалектілік ерекшеліктерді тайпалық тілдердің қалдығы ретінде тарихи тұрғыдан қараған проф. Аманжоловтың пікірінің дұрыстығы бар» дей келе ғалым «Профессор С. Аманжолов соңғы еңбегіндегі – бір кездерде үш диалект болған деген пікірін жөндей алмай кетті» - деген өкініш білдіреді. Ал, ғалымның өз пікірінше, «қазақ тілінде ешқандай диалект жоқ. Өйткені қазіргі қазақ тілінде жергілікті диалект жасауға керекті жағдайлар болған емес. Ендеше, орыс тіліндегі ақиқат шындықты қазақ тіліне ауыстыруға болмайды» - дей отырып, ғалымның қазақ тіліндегі жергілікті ерекшеліктер тайпалық және территориялық сөйленіс сипатына ие екендігін көрсеткені көпшілікке мәлім [3, 266].

Біз, әрине, бұл мақаламызда қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері бар екенін түпкілікті жоққа шығарғалы отырған жоқпыз. Сөзсіз қазіргі қазақ тілінде де жергілікті ерекшеліктер белгілі дәрежеде сақталып отыр. Ондай ерекшеліктер қазақ ғалымдарының диалектологиялық зерттеулерінің

нәтижесінде өте жақсы бағасын алып, орны айқындалды да. Дегенмен, сол зерттеу материалдарының өзі қазақ тіліндегі жергілікті ерекшеліктер диалект дәрежесінде емес, «говор» яғни сөйленіс дәрежесінде екенін көрсетеді. М.Балақаев: «...қазіргі қазақ тілінде лексикалық, фонетикалық, әрі грамматикалық ерекшеліктерімен оқшауланған, өздеріне ғана тән негізгі сөздік қорымен ерекшеленін көзге түскен диалектілер жоқ, говорлар тобы бар» - деп дұрыс көрсеткен деп ойлаймыз [4,66].

Оның үстіне, диалектолог ғалымдардың қай-қайсысы да әдеби тіл диалектінің жауы екендігін, радио, баспасөз, теледидар арқылы таратқан әдеби тіл тілдегі күшті деген диалектілердің өзін әлсіретін, жойып жіберетінін жоққа шығармаған. С.Аманжоловтың өзі де жергілікті тіл ерекшеліктері тілдің тарихын зерттеуде таптырмас құрал екенін айта отырып, оларды әдеби тіл жойып жібермей тұрғанда, тездетіп жинап алуымыз керек» - деп көп айтқаны белгілі. Ғалым қазақ тіліндегі жергілікті ерекшеліктердің әдеби тілдің әсерінен жойылып кету қаупін осыдан 40-50 жыл бұрын ескерткен еді. Ендеше, бүгінгі таңда, теледидар, радио, түрлі БАҚ құралдары арқылы әдеби тілде хабарлар бұрынғыдан әлдеқайда кең қанат жайған заманда, біз қазақ тілінің диалектілері сол деңгейде сақталып отыр деп, бұл мәселеге сол Аманжолов еңбектеріндегі тұжырымдар деңгейден қарай аламыз ба? Бұл қаншалықты шындыққа жанасады? Мысалы 2007 жылы жарық көрген диалектологиялық сөздікте көрсетілген тілдік материалдардың басым пайызы бүгінде қолданыста жоқ. Ендеше, қазақ тілінің біркелкілігін сөз еткен ғалымдарымыздың пікірін жаңаша жаңғыртып, қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері мәселесіне жаңа заман талабына сай, жаңа тұрғыдан қайта қарап, жаңаша бағалайтын уақыт жеткен секілді. Мүмкін осы тұрғыдан келгенде ғалымдарымыздың қазақ тілінің жергілікті тіл ерекшеліктері жайлы пікірлерін бүгінгі қазақ тілінің даму сипаты тұрғысынан қайта қарастыру керек шығар. Бұл салада шетелдік қазақтардың тілін біздің әдеби тіліміздің құрамды бір бөлігі ретінде зерттеу жұмыстарын жандандандыра түссек болар еді. Әсіресе, ендігі зерттеулерімізде бұрынғы кеңестік дәуірдегі өлшем түрлерінен ары барып, жергілікті ерекшеліктердің тек қазақ тілінің өзіндік табиғатына сай келетін ерекшеліктерін айқындасақ деп ойлаймыз.

1. *Қ.Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. А. 2010.*
2. *Ғ.Мұсабаев. Қазақ тіл білімінің мәселелері. А., 2014.*
3. *Э.В.* Севортян. Об ошибках казахских *языковедов // Вопросы языкознания, 1953, №2.*
4. *М.Балақаев. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. А.,1984.*

Резюме

К.С. Калыбаева. Диалекты казахского языка в современном этапе

В 50-х годах прошлого века еще велись дискуссии о диалектах казахского языка. Уже в те годы ученые лингвисты не нашли веских доводов в пользу диалектов казахского языка. В современном казахском языке практически нет деления на диалекты. Выделяют всего три: северо-восточный, южный и западный. Между диалектами есть некоторые различия в лексике, в интонации, обусловленные длительным проживанием в разных регионах, но принципиальной разницы нет и любой носитель казахского языка понимает другого, так как территориальные различия казахского языка в целом невелики и носителями ощущаются слабо, в отличие, от узбекского, татарского, китайского, немецкого, итальянского, английского и других языков. Надо еще учитывать, что за прошедшие десятилетия всеобщее образование и СМИ нивелировали те возможные небольшие языковые различия, которые могли иметь место в 30-50- годы. В связи с этим в данной статье рассматривается современные проблемы переосмысления некоторых научных взглядов видных ученых в истории казахской диалектологии.

Summary

K.S. Kalybaeva. Dialects kazakh language present stage

In the 50s of the last century still discussions about Kazakh language dialects. Even in those years, scientists, linguists have not found a strong case in favor of the Kazakh language dialects. In the modern Kazakh language virtually no division into dialects. Allocate only three: the north-east, south and west. Between dialects there are some differences in vocabulary, intonation, due to the duration of residence in different regions, but no difference in principle and any carrier Kazakh language to understand others as territorial differences of the Kazakh language in general and

small carriers felt weak, in contrast, the Uzbek, Tatar, Chinese, German, Italian, English and other languages. It should also be borne in mind that over the past decade, universal education and the media leveled those possible minor language differences that may have occurred in the 30-50- years. In this regard, this article examines the contemporary issues of rethinking some scientific views of eminent scientists in the history of the Kazakh dialectology.

ӘОЖ 378.016:811.111

СТУДЕНТТЕРДІҢ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОҒИЯЛАРЫ

Н.Қ. Молбаева – *Абай ат. ҚазҰПУ-дың 2 курс магистранты*

Аңдатпа. Мақалада тыңдау, сөйлеу, жазу және оқу дағдыларын қалыптастыруда студенттің тілді ауызша да, жазбаша да жақсы меңгеруіне тікелей әсер ететіндігі туралы қарастырылады. Студент тілді жақсы меңгеру үшін осы төрт дағдының негізі берік қалануы керек. Коммуникативтіліктің қандай жағдайда нәтижелі болатынына оқытушының тигізер ықпалы зор және оқыту барысындағы білім сапасына да мұғалімнің үнемі көңіл бөліп отыруы аса маңызды. Заман талабына сай қазіргі жоғарғы оқу орындарында білім мазмұнын оның құрылымдық жүйесін жаңарту білім реформасының басты талабы. Осы талапқа сәйкес белсенділігі мен танымдық іс-әрекеттері арқылы, студенттердің сөйлеу дағдысын дамыту, қажетті жағдайларда шешім қабылдайтын жеке тұлғаны қалыптастыру, оқытудың жаңа технологияларын енгізе отырып, білім беру жолдары қарастырылады. Оқытушы коммуникативті жағдаят тудырып, студенттермен қарым-қатынасқа түскенде оның мақсатына жетсе нәтижесінде сөйлеу дағдысы дамиды. Сонымен мақала коммуникативтік технологияларды оқыту арқылы студенттердің сөйлеу дағдысын дамыту жолдарының қалыптасуына бағытталған.

Түйін сөздер: коммуникативтік оқыту технологиясы, коммуникативті жағдаят, коммуникативтік тұрғыдан оқыту, функционалдық, лексикалық фразеология.

XXI ғасыр табалдырығын білім мен ғылымды инновациялық технология бағытымен дамыту мақсатымен аттауымыз үлкен үміттің басты нышаны болып табылады. Жас ұрпаққа саналы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру бүгінгі күннің талабы. Сондай-ақ халықаралық қатынастар аясында болып жатқан әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени өзгерістердің әсерінен қоғамда ағылшын тілінің рөлі өзгерді. Ол қарапайым оқу пәнінен заманауи білім беру жүйесінің негізгі элементіне айналды. Осыған орай қазіргі заманға сай ағылшын тілін тиімді үйретуге мүмкіндік беретін көптеген әдістер пайда болды. Сондықтан, әр оқытушы өзінің шығармашылығын дамыта отырып озық іс-тәжірибелерді пайдалана білуі тиіс. Сонымен, еліміздің жоғары оқу орындарының оқу үрдісі түбегейлі өзгерін оқытудың жаңа түрлері, әдістері, жаңа бағыттағы инновациялық педагогикалық технологиялар пайда болып, олар білім мазмұнының толығымен жаңаруына себепші болуда. Қазіргі кезде тілді коммуникативтік оқыту мәселесіне ерекше назар аударуда. Ағылшын тілін оқытудың жаңа технологиясы тілдің коммуникативтік қызметін ескере отырып, оны коммуникативтік танымдық жағынан меңгертуді көздейді. Қатынастық әдіс XIX ғ. 60-70 жылдарында ағылшын тілі халықаралық қатынастық тіл статусын алған кезде Британияда пайда болды. Бүгінгі тәуелсіз мемлекетімізде білімге деген көзқарас түбегейлі өзгерін, оқытудың жаңа түрлері, әдістері, жаңа бағыттағы технологиялар пайда болып, олар білім мазмұнының толығымен түбегейлі жаңаруына себепші болуда.

Оқыту әдістемесіндегі заман талабына сай әдістердің бірі коммуникативтік оқыту технологиясы. Осы мәселе жөнінде, яғни ағылшын тілін оқытудағы коммуникативті біліктілік деңгейді Германияның оқу бағдарламасын жасаған неміс ғалымдары Г.Нойнер, Г.Хунфельд былай түсіндіреді: коммуникация тіл және іс-қимыл (күлу, дауыс ырғағы сияқты) әрекеттер арқылы болады [1, 8 б.]. Ол алдын-ала жоспарланған, дайындалған болуы немесе жоспарланбаған болуы мүмкін. Сабақ үстінде әдетте дайындалған, жоспарлы сөйлеу коммуникациясына көп көңіл бөлінеді.

Студенттердің сабақта айтылған хабарлардың мағынасын түсінуі, олардың түпкі мақсатын танып білуі және өзінің жеке мақсатын іске асыруы өте маңызды іс. Осы біліктілік коммуникативтік біліктілік деп аталады.

Коммуникативтік оқыту технологиясы дегеніміз пікір алысуға негізделген әдістеме. Ал, адамдар тілді сөйлем түрінде қолданғанда ғана бірін-бірі түсінін, пікірлесе алады. Студенттерді белгілі бір дәрежеде ағылшын тілінде сөйлеуге, өз ойын басқаға жеткізе алатын, біреудің сөйлеген сөзін, жазғанын түсіне алатын дәрежеге жеткізу үшін, ағылшын тілі алғашқы сабақтан бастап сөйлем түрінде үйретілуі тиіс. Себебі, жеке атау тұлғалы сөздер де, грамматикалық формалар да өзара бір-бірімен байланысып, сөйлем құрамына енгенде ғана тұтас аяқталған ойды білдіре алады.

Шет тілін иеруде студенттер линвистикалық түсініктерді жақсы түсінеді, филологиялық ой-өрісі кеңейеді. Шет тілін оқытуда психиканың дамуына әсері бар, мектеп оқушысында абстрактылы ойлау дамиды.

Л.С. Выготский бойынша «Шет тілі баланың ойын нақты тілдік формалар мен құбылыстардан босатады». Коммуникативті оқыту технологиясы студенттердің салыстыру, анализ және синтез сияқты ой операцияларын, елестетуді және шығармашылық қабілеттерін дамытады, фонемалық, интонациялық естуі жақсарады.

В.А. Бухбиндер: «коммуникативті жағдаят – бұл потенциалды әрінтесін қарым-қатынасқа шақыратын жағдайлардың, шарттардың және қарым-қатынастардың жиынтығы» деп айтқан екен.

Коммуникативтіліктің қандай жағдайда нәтижелі болатынына мұғалімнің тигізер ықпалы зор және оқыту барысындағы білім сапасына да мұғалімнің үнемі көңіл бөліп отыруы аса маңызды.

Сондықтан, ағылшын тілдерін оқытуда коммуникативтік оқыту әдістемесін қолдану – оқушылардың сөздерді грамматикалық тұрғыдан бір-бірімен дұрыс байланыстырып, еркін сөйлей білуіне мүмкіндік береді, бұл әдістемені жиі қолдану өз нәтижесін береді.

Тілді қарым – қатынас арқылы оқыту ұстанымы мен қатар функционалдық тұрғыдан оқыту да тіл үйренуші үшін маңызды. Сөйлеу әрекетінің лексикалық, грамматикалық, фонетикалық жағы болады. Бұл үшеуі сөйлеу үдерісінде өзара тығыз байланысты. Бұдан шығатын қорытынды – сөзді өзінің қолданылу формасынан бөлек иеруге болмайды. Функционалдық ұстанымына сәйкес сөздер де, сол тәрізді грамматикалық формалар да сөйлеу әрекеті үстінде меңгеріледі. Дәстүрлі аударма-грамматикалық әдісте линвистикалық негіз бірінші кезекке шығып, тіл үйрету тілді жүйелі және құрылымдық негізіне сүйене отырып оқыту арқылы жүзеге асырылатын болса, қатысымдық бағытта оқыту тіл бірліктері функционалды негізде белгілі бір сөйлеу мақсатында қолданылуына қарай іріктеледі.

В.С.Коростелев шет тілдің лексикасын функционалдық тұрғыдан оқыту мәселесін арнайы зерттеген: “Функционалдық – ауызша және жазбаша коммуникация процесінде не қызмет етсе, соны және қалай қызмет етсе солай меңгеру деген сөз”, - дей келін: “Шет тілде қарым-қатынас жасауға үйретудің коммуникативтік әдісінде функционалдық принцип жетекші рөл атқарады”, - деп көрсетеді [2, б.248].

1980 жылдан бастап тілді коммуникативтік тұрғыдан оқыту (ТКО) (Communicative Language Teaching) әдісі басымдылыққа ие болды.

Тілді коммуникативтік тұрғыдан оқытудың бірнеше принциптері бар:

- Тіл үйренушілер тілді ауызекі сөйлеуде қолдану үшін үйренеді;
- Тілді еркін, жетік меңгеру мақсатында үйренеді;
- Тілді кәсіби тұрғыда меңгеру мақсатында үйренеді;
- Түрлі тілдік құрылымдарды үйрену мақсатында үйренеді;
- Аудентикалық және маңызды байланыс аудиториядағы басты мақсат болуы керек; Аталған принциптер түрлі тілдік дағдылар жиынтығын құрайды және оқыту шығармашылық үдерістен тұрады.

Тілді коммуникативтік тұрғыдан оқыту (ТКО) – нақты мақсат қоя отырып оқу, бірлесе оқу болып табылады. ТКО-да тіл үйренуші тілді оқуда үйренген материалдарын (тыңдалым, оқылым, жазылым материалдары) өндірісте (тілді кәсіби тұрғыда меңгеру мақсатында үйренушілер), күнделікті тұрмыста (тілді ауызекі сөйлеуде қолдану үшін үйренушілер, тілді еркін, жетік, меңгеру мақсатында үйренушілер), түрлі ортада қолдана алуы керек [3, б.58]. Демек, теорияны практикамен ұштастыра алуы тиіс, оқу үдерісінде алған білімін өндірісте қолдана алуы қажет. Біз көп жағдайда осы мақсатқа жете алмай жататынымыз шындық.

Тілді коммуникативтік тұрғыдан оқытуда Америка Құрама Штаттары Гаваи университетінің құрметті профессоры Теодор С.Роджерс бірнеше тәсілдерді ұсынады:

1. Оқытушы – студент оқу үдерісіндегі әрінтес. Оқытушы оқыту кезіндегі басшы рөлінен әрінтес рөліне ауысады. Оқытушының тіл үйретуде басқарушы, доминант рөлінен әріптес рөліне ауысуы өз кезегінде тіл үйренуде жағымды жағдай қалыптастырады.

2. Пәндік әдіс. Біркелкі оқыту бағдарламасымен оқыту барысында әртүрлі әдістер элементтерінің жиынтығын пайдалану.

3. Оқыту материалдарын басты назарға алу. Кейбір нақты өзекті мәселелерге назар аудару. Тілді оқыту барысында таңдалған тілдік материалдар тілді үйретуде тиімді, тіл үйренушінің қажеттілігі мен қызығушылығына сай болуы керек. Оқытушы тілдік материалды таңдау барысында мәтін мазмұны қандай, ондағы ақпараттар қаншалықты дәрежеде, мәтін белгіленген аудиторияға сәйкес пе деген маңызды сұрақтарды үнемі жадынан шығармағаны абзал.

4. Мульти интеллект. Тілді оқытуда Ховард Гарднер (1983) ұсынған адам санасының түрлі ерекшеліктерін басты назарға алу және оқытуда тиімді пайдалана білу.

5. Тілді оқытуда дискурстың жаңа түрлерін, прагматика мен функционалдық грамматиканы қолдану.

6. Тіл үйренудің басты стратегиясы «Үйрену үшін оқимыз» болуы тиіс. Мұндай стратегия базалық деңгейде есте сақтау қабілетін дамытса, жоғары деңгейде оқытудың когнитивтік, метакогнитивтік стратегиясын, ой қорыту, жоспарлау, өзін-өзі бақылау дағдыларын қалыптастырады.

7. Лексикалық фразеология. Жиі қолданысқа ие лексикалық фразеологизмдердің мәнін білу тіл үйренушінің сөздік қорын дамытады.

8. Коммуникативтік. Адам қатынасының тілдік бөлігі жалпы қатынастың бір ғана бөлігін құрайды. Дегенмен тіл үйренуде ритм, сөйлеу жылдамдығы, дауыс ырғағы, ым, ишарат белгілері де маңызды орын алады.

Аталған әдістемелер бүгінгі таңда ағылшын тілін үйретуде де кеңінен орын алып отырғаны аян. Тіл үйренушінің тілге деген қызығушылығын арттыру оны тілді сүюге, құрметтеуге алып келеді. Тілді сүю өз кезегінде аталған тілді тез кедергісіз, құлшыныспен үйренуге итермелейді. Ағылшын тілін оқыту барысында студентке тіл байлығын арттыру мақсатында берілетін тапсырмалардың алуан түрлі болуы да маңызды рөл атқарады. Әсіресе, ой өрбітуге, ой жалғастыруға арналған тапсырмалар студенттердің ізденімпаздығын арттыра отырып, оларды шығармашылық белсенділікке шақырады. Мұндай тапсырмалар қатарына сөйлемді аяқтау, диалогты, өлеңді, мәтінді аяқтау, оқиға желісін жалғастыру тапсырмалары жатады.

Сабақта осы мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті білім беру міндеттері:

Оқушыларда ауызша және жазбаша сөйлеуде өзгенің ойын түсіну және өзінің ойын еркін жеткізуде білік, дағдысын қалыптастыру;

Сөздік қорын әрдайым толықтырып пайдалануды қалыптастыру;

Өзінің сөздік қорын әрдайым толықтыру қажеттілігін қалыптастыру;

Сөйлеуде оқытылған грамматикалық конструкцияларды қолдана білуді дамыту;

Студенттерге (орфографиялық, лексикалық, грамматикалық) нормаларды игеру қамтамасыз етілу керек;

Оз ойын бағалау және конструкциялауды дамыту;

Коммуникативті технология оқытудың қызметін қарастырады (оқушының іс-әрекетін):оқушы сұрайды, ойды бекітеді, сұрақтар арқылы сұхбаттасушыны іс-әрекетке оятады, қарама-қарсы бекітулер және т.б., күмәндарын айтып және сол бойынша грамматикалық нормаларды өзектілендіреді. Сонымен қатар ситуацияның жаңалығы қамтамасыз етілу керек: жаңа сөйлеу міндеті, жаңа сұхбаттанушы, жаңа сұхбат пәні. Коммуникативті технологияны игерудің ең басты амалы іс-әрекетте пайда болатын түрлі іс-әрекет түрлері:

қарым-қатынастың қажеттілігін сезіну;

сөйлеудің қолданылуын пайдалану;

сөйлеудің тәртібін елестетуді қалыптастыру;

Коммуникативтік технология жүзеге асатын іс әрекет оқу, ойын, еңбек, тетральды болуы мүмкін. Коммуникативтік технологияны қолданатын оқу үрдісінің ең маңызды бірлігі ұйымдастыру және ұйытқысы коммуникативті ситуация болып табылады [4, б.154]. Коммуникативтік ситуацияны құру көмегімен:

қарым-қатынасқа түскендердің өзара қатынас жүйесі орнығады;

қарым-қатынас мотивтендіріледі;
сөйлеу материалы ұсынылады (тарту етіледі);
сөйлеу дағдылары қалыптасады;
балалардың белсенділігі және өздік қарым-қатынасы дамиды;
оқушылардың коммуникативті дағдылары бекітеді;

Коммуникативті технологияны қолданып оқытудың тиімділігінің бірі қосарланған мәтін анализі. Сабақта мәтіндер дамытушылық және тәрбиелік жағдай туғызады. Мәтінмен жұмыс сабақта полилоғқа айналу керек және әрбір оқушы оның белсенді қатысушысы болады. Сабақта шығармашылық жұмыстың мәтінмен жағдайын құру оқушыларға өздерінің мәтіндерін конструкциялауға, нұсқаулық анализді иеруге көмектеседі. Әрбір сабақтың ойластырылған мәтінмен жүйелі жұмысы дамушы сөйлеу ортасын құруға пайдалы, дамыған тілді сезіну қалыптасуын қамтамасыз ететін жағдайлар бұл мақсатқа бағытталған мәтіндер мен тапсырмаларды іріктеу. Тұлғаның эстетикалық және адамгершілік тұрғыдан дамуына септігін тигізетін, балада рефлексияға қабілетін ашатын және оны қолдануға мәтіндерді анализдеу өте маңызды.

Ағылшын тілін жоғарғы оқу орындарында жүйелі оқыту үрдісі мен құрылымын қалыптастыру студенттердің білім сапасын жақсартатыны нақтыланып көрсетілді. Жоғары оқу орындарында жаңа ақпараттық инновациялық коммуникативтік технологиялар арқылы оқытудың мазмұнын айқындауға ұсынылатын негізгі дидактикалық қағидалардың жүйеленуі, тілдік білім беруде жаңа технологияларды қолданудың мәнін ашып көрсетеді және оқу материалдарын, оқыту түрлерін дұрыс таңдауға жол ашады. Мақаланың мақсатына жету барысында – жоғары оқу орындарында ағылшын тілі пәнін оқыту барысында ақпараттық инновациялық, коммуникативтік технологияларды пайдалана отырып, ағылшын тілінде сөйлей алатын, тыңдап түсінетін, жазатын тұлғаны қалыптастыруға қажетті дағды мен білікті студенттің бойына сіңіру, соған тәрбиелеу. Ол үшін ағылшын тілін оқытудың әдіс-тәсілдерін, сабақ жүйесін әзірлеу мен қолданудың технологиялық болмысын жүйелеу.

Студенттердің бойында ағылшын тілінде қарым-қатынас барысында тілді пайдалана алуы мен ауызекі сөйлеу дағдысын қалыптастыру, ағылшын тілін меңгертін сөйлеуіне жағдай тудыру. Бұл орайда ағылшын тілін оқытудың озық технологияларын меңгерту үлкен істің бастамасы. Жұмыстың нақты міндеттерінің қатарындағы әдістемелік әдебиеттерді пайдаланып, ауызекі сөйлеуді қалыптастыруға байланысты талдаулар жүргізілді. Студенттердің ағылшын тілі сабағында ауызекі сөйлеу дағдыларын жаңа технологиялар негізінде меңгерту барысында қалыптастырудың технологиялық ерекшеліктері анықталды.

Нәтижесінде коммуникативті технология туралы жинастырылған материалдардан берілген анықтамалар бойынша ғалым зерттеушілердің тұжырымдары негізінде жан-жақты қарастырып, талдау жасадық.

Қорыта келгенде, студенттердің сөйлеу дағдысын дамытуда коммуникативтік технологияларды оқыту арқылы – студенттердің танымдылық қабілеттері, танымдық процестері дамып, сөздік қоры молаяды, оқытуда жағымды әрекет қалыптасады. Осының бәрі дамығаннан кейін студенттің қиялы мен ойлауы, есі мен қабылдауы, зейіні дамып қалыптасады. Танымдық қабілеттер, танымдық процестер әрбір технология барысында дамиды. Ал қажеттілікті қанағаттандыру әр түрлі әлеуметтік жағдайларда бағыт - бағдарды жоғалтпау, адамдардың эмоционалдық жағдайлары мен жеке тұлғаның ерекшеліктерін анықтау, олармен қарым-қатынастың теңбе-тең түрлерін таңдау, өзара іс-әрекет процесінде сол түрлерін іске асыру, зейіндерін қадағалау және айқындау, көпшілік алдындағы жағдайларда іс-қимылын білу, өзіне зейін аударту, психологиялық қатынас орнату, сөйлеу мәдениеті дамиды. Ал сөздік қорының дамуы мәтінмен жұмыс істегенде, белгілі бір мәселені шешкенде дамиды. Осы технологияның элементтерін ағылшын тілі сабақтарында қолдану көптеген жетістіктерге әкелетініне көзім жетуде.

1. Беляева В.А., Гребенкина Л.К. Технология обучения основам педагогики высшей школы // Педагогические технологии в высшей школе. Рязань, 1995. Вып.2. 8-10б.

2 Н.Д. Гальскова. Современная методика обучения иностранным языка: учеб. пособие / Н.Д. Гальскова. - М.: АРКТИ, 2000 - 372 б.

3. Концепция образования по иностранным языкам в 12-летней школе. // Иностранные языки в школе. 2000. №4 - 72б.

4. Я.М. Колкер. Практическая методика обучению иностранному языку: учеб. пособие / Я.М. Колкер, Е.С. Устинова, Т.М. Еналиева. - М.: Академия, 2001 - 253 б.

Резюме

Н.К. Молбаева. Коммуникативные технологии в развитии речевых умений студентов

В статье рассматривается об усвоении языка устно и письменно у студентов с помощью формирования умения аудирования, говорения, письмо, чтения. Студент чтобы хорошо владел языком должна быть основа четырех умений. Результативность коммуникативности в любом случае зависит от преподавателя и особо важно ее внимания на качества знаний в процессе обучения. Данное время главное требование образовательной реформы обновления структурной системы знания и его содержания в высших учебных заведениях. Соответственно требованию рассматривается пути образования внедрения новых технология обучения, формирования личности который умеет принимать решения в необходимых ситуациях, развитие умения у студентов с помощью активности и познавательные деятельности. Преподаватель в общении со студентами создавая коммуникативную ситуацию, достигает ее цели тогда в результате развивается речевые умения. Таким образом, статья направлена на определения пути формирования коммуникативной технологии в развитии речевых умений у студентов.

Ключевые слова: обучение коммуникативной технологии, коммуникативная ситуация, обучение коммуникативного подхода, функциональность, лексическая фразеология.

Summary

N.K. Molbaeva. Communicative technologies on development of speech abilities of students

Influencing on students` fluent mastering of the language in written and oral form in formation of listening, writing and reading skills is considered in the article. The basis of these four skills must be build in order to master the language very well. Teacher`s attention is very important to the quality of knowledge in the process of teaching and to the result of communicativeness. The basic requirement of educational reform is the development of structural system of knowledge and its contents in higher educational institutions according to the modern requirements. According to this requirement, the ways of education have been considered including new technologies of teaching, formation of personality that having made decision in necessary situations, development of student`s speaking skill through activity and cognitive activities. If the teacher creates a communicative situation to the students, as a result the speaking skill will be developed. Thus, an article is oriented on formation of ways of development of students` speaking skill with the help of communicative technologies.

Key words: teaching of communicative technology, communicative situation, teaching of communicative approach, functionality, lexical phraseology.

ӘӨЖ 81,373;001.4

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ӨЗБЕК ТІЛДЕРІНДЕГІ ЫДЫС-АЯҚ АТАУЛАРЫНЫҢ ТІЛДІК НЕГІЗДЕРІН САЛЫСТЫРУ

М.А. Нұрбек – *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 3-курс PhD докторанты*

Қ.С. Қалыбаева – *ғылыми жетекшісі, ф.ғ.д., профессор*

Аңдатпа. Бұл мақала қазақ және өзбек тілдеріндегі ыдыс-аяқ атауларының салыстырмалы түрде тілдік көрінісін нақтылауға, олардың семантикалық құрылымын анықтауға арналған. Сол арқылы екі халық мәдениетінің, ұлттық сананың ұқсастықтары мен ерекшеліктері көрсетілген. Ыдыс-аяқ атауларына этнолингвистика мен этимологиялық зерттеу жүргізу арқылы біз екі тілдің қасиетін зерттеуге, этнос тілінің байлығын мүмкіндігінше толық қамти отырып, оның ішкі мазмұнына терең үніліп, қыр-сырын анықтай түсуімізге мүмкіндік аламыз. Осы аталмыш атаулар шығу тегі түріктік болып табылатын элементтердің үйлесімінен тұрады. Әуел баста халықтың тілдік, тарихи және мәдени дамуы негізінде қалыптасқан ыдысқа қатысты лексика өзінің даму барысында тілдік ауыс-түйістерге, әр замандағы әдет-ғұрып, салт-санаға,

қоғамдық өзгерістерге қатысты әр түрлі семантикалық өзгерістерге ұшырап отырды. Сондықтан қазақ тіліндегі ыдыс-аяқ атауларын өзбек тіліндегі лексикалық бірліктердің этимологиялық сипаттамасын бере отырып, салыстыратын болсақ, осы атаулардың әр тілдегі өзіндік ерекшелігі айқындалады.

Түйін сөздер: этнолингвистика, этимология, семантика, лексикалық бірліктер.

Тіл қазынасындағы халық тұрмысынан хабар беретін, шаруашылық әрекетін танытатын алуан түрлі тұрмыстық атаулар мен тіркестер, олардың тілдік заңдылықтары, құрылымдық ерекшеліктері әлемдік тілдердің көпшілігінде зерттеліп келе жатқаны белгілі. Себебі олардың әр тілде қалыптасуы, дамуы, көнеруі жағынан, сондай-ақ мағыналық құрылымы, тұлғасы жағынан өзіндік ерекшеліктері болады. Уақыт өте келе ықшамдалып, өңделіп, халықтық ортақ мұраға айналған сан-саналы тұрмыстық лексикадағы тізбектерді жинақтап, бірізділікке түсіру, олардың мазмұн-межесіндегі кодталған әр түрлі ақпараттарды айқындау қазіргі тіл мамандарын ерекше қызықтырып отыр. Тұрмыстық лексика құрамындағы компоненттері семантикалық, этимологиялық жағынан ерекшеленіп, айрықша топ құрайтын сөздердің бірі – ыдыс-аяқ атаулары.

Әуел баста халықтың тілдік, тарихи және мәдени дамуы негізінде қалыптасқан ыдысқа қатысты лексика өзінің даму барысында тілдік ауыс-түйістерге, әр замандағы әдет-ғұрып, салт-санаға, қоғамдық өзгерістерге қатысты әр түрлі семантикалық өзгерістерге ұшырап отырды. Соның дәлелі – қазақ және өзбек ыдыс атауларының алуан түрлі байлығы. Екі тілдің де ыдыс атауларының пайда болу, қалыптасу дәстүріне, сөз жоқ, басқа туыс, көрші халықтардың да әсері болмай қалған жоқ. Мұның барлығының тілде өз көріністерін тауып отыруы – заңды құбылыс. Сондықтан ыдыс-аяққа қатысты қалыптасқан атаулар, тұрақты тіркестер т.б. қазақ тілі мен өзбек тілінің сөз байлығының ауқымды бір саласын құрайды.

Ерте замандағы славяндардың Жаратушы күшіне сенгендері соншалықты, олар барлық жерде сиынуға, сақтануға тырысқан. Өздерін қорғау әрекеттері үй ішінен де, сыртынан да байқалып тұрған. Ыдыстың дөңгелек формасының өзі Күн идеясынан алынған. Ең кең тараған тұрмыс бұйымдарының бірі құмыра мен горшок ошақ (пеш) пен жер символикасымен байланысты, сондай-ақ ол – адам жаны мен рухының мекені іспетті болған. Бұндай ыдыс әсіресе ата-баба рухына табынуға байланысты әдет-ғұрыптарды орындауда қолданылған. Ыдыс мүшелері адам денесінің мүшелеріне теңелген (мойны, құлағы, аузы, мұрны т.с.с.) [1, 239].

Ыдыс (керамикалық немесе балшықтан жасалған) ерте заманда 6-7 мыңжылдықтарда ойлап табылды. Алғашқы керамикалық ыдыс бастапқыда біз қолданатындай қалыпта әрине болған емес. Ыдысты балшықтан қолмен жасайтын. Кейіннен кез келген балшықтан ыдыс жасай беруге болмайтыны белгілі болды [2, 56].

Жалпы ыдыс-аяқ деген атаудың қалай пайда болып, қайдан шыққаны жайлы Ә.Нұрмағамбетовтің мына бір зерттеулеріне тоқталсақ. Адам өмір сүретін орта – қоғам үнемі дамып, ілгері озуда. Қоғам дамуымен қоса тіл де дамып, оның қорындағы жеке сөздердің мағыналары да жаңарып, әрдайым өзгеріп отырады, солардың қатарына «ыдыс» және «аяқ» сөздері жатады.

Ыдыс-аяқ сөзінің тіліміздегі қазіргі мағынасы – ас ішуге, ас-суды құюға арналған іші қуыс әр түрлі ыдыстарды білдіреді. Күнделікті өмірімізде қос сөз құрамындағы «ыдыс», «аяқ» сөздерінің өз мағынасы бар, көп ретте бірге қолданыла береді. Олар туралы біздің қазіргі ұғымымыз кейінгі кездері пайда болған. «Ыдыс» және «аяқ» тарихы мен төркініндегі қызықтырар сыр да, құпия да осында.

Кейбір түркі тілдерінің деректеріне қарағанда біздің тіліміздегі «ыдыс» сөзінің мағынасы соңғы дәуір жемісі екендігін көрсетеді. Якут тіліндегі – «ытыс», тофа тіліндегі «адыш», туваша «адыш» сөздерінің бәрі де қазіргі қазақ тіліндегі «алақан» түсінігі орнына жүреді. Сол бір кездерде осы тұлғалас («ыдыс» сияқты) сөз, біздің тілімізде де «алақан» орнына айтылғанын білдіретін сөз бізде де бар қазіргі «уыс» сөзі сол «ыдыс» сөзінің өзгере келіп, сақталған жұқанасы.

Қос сөздің екінші сыңары болып жүрген «аяқ» сөзінің тарихы да ұқсас. Ертедегі түркі жазба ескерткіштері сөздігіндегі «айа» тұлғасы да қазіргі тіліміздегі «алақан» ұғымын берген. Дәл осы тұлға мен мағынада осы күнгі хакас тілінде сақталған. Осы «айа» түбіріне «қ» жұрнағы жалғана отырып, қазіргі қазақ, қырғыз, хакас, т.б. көптеген түркі тілдерінде қолға ұстап отырып, ас ішуге ыңғайлы ыдыс атауы – «аяқ» дүниеге келген. Тілімізде «айаның» да алғашқы ұғымы кездеседі. Мысалы «аялау» дегеніміз «алақанға алу» немесе «алақанға салу» ұғымымен бірдей келеді. Ой жүгірте келгенде, көне дәуірде су ішуге де, басқа да бір қажетті шағын затты салып алып жүруге де

На начальном этапе обучения идет формирование умений по всем четырем видам речевой деятельности одновременно (хотя на практике имеются случаи формирования умений только по трем видам речевой деятельности, например, говорению, слушанию и чтению или слушанию, чтению и письму и так далее) на основе уже имеющихся умений в первом языке. Другими словами, приобретаемое знание посредством умения первого языка отрабатывается в новом навыке второго языка и формируется в умение использовать данное знание, поскольку основная часть коммуникативной техники, которой владеет индивидуум в языке, носителем которого является, «полностью переносится… на иностранный, и специальный арсенал средств для такой подготовки не требуется» [5, 190].

Для изучающего язык знания о мире и языке формируются направленно по всем видам речевой деятельности, но, как показывает практика, возможно стихийное формирование (говорение и слушание) вне процесса целенаправленного обучения в условиях языковой среды.

Между способностью, с одной стороны, и умениями, с другой стороны, существуют сложные отношения взаимной зависимости. Компоненты «способность» и «умение» в характеристике коммуникативной компетенции носителя языка, как это представляется нам, занимают позиции сосуществования и взаимовлияния при доминирующей роли компонента «способность».

В характеристике коммуникативной компетенции изучающего второй язык на позиции сосуществования и взаимовлияния накладываются другие функции: взаимодействия и взаимопроникновения внутри компетенции. При этом главенствующая роль отводится приобретаемым умениям, так как именно умением использовать полученные знания будет определяться само знание второго языка.

Возвращаясь к вопросу о взаимовлиянии способности и умения, отметим, что при постижении языка немаловажную роль играет способность к изучению/усвоению языка – индивидуально-психологическая особенность личности, которая является условием успешного осуществления данной деятельности и динамики овладения знаниями, навыками и умениями.

Несомненно, приобретаемые умения помогают поддерживать и активизировать способность. Способность, в свою очередь, влияет на степень и скорость усвоения приобретаемых умений, а так же на быстроту их воспроизведения и может покрывать собой недостаток того или иного умения на определенном этапе усвоения.

Итак, если коммуникативную компетенцию носителя языка можно рассматривать как базирующееся на способности человека к общению приобретенное в процессе естественной коммуникации и специально организованного обучения умение использовать имеющиеся знания и опыт для участия в коммуникативных актах во всех видах речевой деятельности, то коммуникативная компетенция во втором языке формируется и пополняется на основе коммуникативной компетенции в первом языке в процессе изучения или усвоения другого языка и активизируется по мере овладения субъектом умениями, необходимыми для коммуникации на изучаемом языке.

Носители языка успешно пользуются знаниями и умениями вести коммуникацию и в процессе общения совершенствуют свои коммуникативные компетенции в целом на протяжении всей своей жизни. Изучающий язык, имея опыт общения на родном языке, либо дополняет его новыми знаниями о правилах общения в новой языковой среде и формирует базу данных коммуникативной компетенции в иностранном языке, либо использует стратегии речевого поведения языка, носителем которого он является, для реализации коммуникативных целей средствами изучаемого языка. Формируясь в процессе изучения, коммуникативная компетенция во втором языке становится частью коммуникативной компетенции первого языка, но не как способность, а как умение – результат отработанных на практике полученных знаний.

Мы полагаем, что коммуникативная компетенция изучающего язык приобретается по формуле «знание + навык = умение», где знание – это, с одной стороны, информация, поступающая в базу данных коммуникативной компетенции, результат усвоения фактов, понятий, закономерностей, правил, с другой, стороны, – результат обучения и жизненного опыта личности, который лежит в основе формирующихся умений; навык – автоматизированное действие, вырабатывающееся в

результате длительных организованных упражнений, практическое, стандартное применение полученных и имеющихся знаний, в частности, на уроке; умение – готовность к выполнению практического или теоретического действия на основе усвоенных знаний и навыков, правильное, соответствующее нормам языка, самостоятельное и творческое использование знаний и навыков в аутентичных ситуациях.

С психологической точки зрения, процесс усвоения языка на уровне понимания представляет собой очень сложную познавательную аналитико-синтетическую деятельность. Проникновение в суть воспринимаемой информации, понимание получаемой информации всегда предполагает включение этого материала в систему уже имеющихся знаний, формирование связи между ними. Устанавливая связи между вновь вводимыми знаниями и уже известными, субъект тем самым делает новое знакомым, понимает смысл нового через знакомое старое. Однако, чтобы наступило полное такое понимание, возникли нужные связи, необходимо, чтобы у человека имелись те старые знания, которые требуются для понимания нового. При этом ранее усвоенные знания должны быть оперативными, легко актуализироваться, то есть возникать в памяти индивидуума в нужный момент, что требует активной мыслительной деятельности. Те учащиеся, в памяти которых прочно закреплены ранее изученные слова и словосочетания, имеется необходимый фонд требуемых знаний, без особого труда воспринимают новый материал, хорошо его понимают. Чем лучше знания систематизированы и закреплены в долговременной памяти, чем свободнее они могут быть воспроизведены в соответствующей ситуации, чем шире у индивидуума набор приемов, способов решения различных типов коммуникативных ситуаций, чем богаче набор автоматизированных навыков, тем шире возможности успешного общения личности и участия в нестандартных коммуникативных ситуациях.

Знание языка заключается в умении соотнести определенную языковую последовательность, языковое выражение с его содержанием и оперировать ею либо для передачи необходимого содержания в порождении речи, либо для понимания при ее восприятии. Большой фонд базы данных языковой компетенции, как показывает практика, еще не дает оснований для вывода о высоком уровне владения языком, так как о последнем следует судить по действенности языковых знаний, по возможности оперировать ими, применять их на практике. Знания, усвоенные формально, могут быть применены лишь в идентичных случаях, в очень узкой сфере задач, близких к изученному образцу. Сложными процессами усвоения знаний, переход их в умения подтверждается креативный аспект усвоения второго языка.

Вопрос о том, с какого момента можно считать личность двуязычной, т.е. какого уровня владения вторым языком она должна для этого достичь, остается открытым. Владение вторым языком в совершенстве является высшей ступенью развития билингвизма. Можно предположить, что коммуникативная компетенция изучающего язык приравнивается к коммуникативной компетенции носителя языка только на верхнем уровне владения иностранным языком, когда умение по своей быстроте, глубине и прочности изоморфно способности.

В перспективах исследования рассматривается вопрос о соотношении коммуникативной компетенции вторичной языковой личности, формирующейся в условиях полилингвизма, а также о характеристиках полилингвальной личности, приобретающей неродной язык в условиях функционирования языка.

1. *Верещагин Е.М. Психологическая и методическая характеристика двуязычия (билингвизма). – М.: Изд-во МГУ, 1969.*
2. *Лингвистический энциклопедический словарь. - М : Советская энциклопедия, 1990.*
3. *Гэсс С., Ард Дж. Овладение вторым языком и онтология языковых универсалий // Новое в зарубежной лингвистике. Вып. XXV. Контрастивная лингвистика. – М : Прогресс, 1989.*
4. *Щерба Л.В. Избранные работы по языкознанию и фонетике. – Т. 1. – Л., 1958.*
5. *Скалкин В.Л. Основы обучения устной иноязычной речи. – М., 1981.*

Түйін

Г.Е. Утебалиева, Х.С. Каскабасова. Екінші тілдік тұлға мен тіл иесінің коммуникативтік құзыреттілігі туралы

Мақалада екінші тілдік тұлға мен тіл иесінің коммуникативтік құзыреттілігінің қатынасы туралы мәселе қарастырылады. Аталған аспектіні қарастыруда билингвизмнің лингвистикалық, әлеуметтіклингвистикалық, психолингвистикалық, психологиялық, педагогикалық зерттеулерге тоқталу жөн болады.

Тілдік тұлғаның екі тілдік жүйесіне талдау жасау үйренін жатқан тіл мен ана тіліндегі кездесетін элементтердегі және құрылымдағы айырмашылық пен ұқсастықтарын ажыратуға мүмкіндік береді, яғни өз кезегінде өзге тілді меңгерудің, тәртін ережелерінің, экстралингвисткалық білімнің ерекшеліктерін анықтауға болады.

Екінші тілдік тұлғаның және тіл иесінің коммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасу ерекшелігін зерттеу танымдық қызметтің тіл үйрену, тілді игеру, тілді меңгеру және олардың арнайы түрлерін анықтау секілді түрлерінің дифференцияланауына себеп болады.

Екінші тілдік тұлғаның коммуникативтік құзыреттілік мәселесін қарастыру өзге тілді меңгеру механизмін түсіну туралы сұрақты шешуге және жаңа тілдік құрылымдарды игерудің тиімді жолдарын іздеуге себеп болады.

Мақалада тіл иесінің коммуникативтік құзыреттілігі жалпы тілдік қабілеттіліктің бөлігі ретінде анықталады.

Тіл иесінің коммуникативтік құзыреттілік сипаттамасы екінші тілді игерушінің коммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасу үдерісін сипаттауға көмектеседі.

Екінші тілдік тұлганың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру тұлғаның өзінде бар экстралингвистикалық, тілдік біліміне қосымша жаңа білімнің енуін көрсетеді. Тіл иесі мен екінші тілдік тұлганың коммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасу үдерісін сипаттау бірінші және екінші тілді меңгеру үдерісіндегі тұлганың «білім», «дағды», «шеберлік» құбылыстарының өзара әрекетімен тілдік қабілеттілігі негізінде беріледі.

Тірек сөздер: коммуникативтік құзыреттілік, билингвизм, сөйлеу қызметінің түрлері, өзге тілді меңгеру, дағды, шеберлік.

Summary

G.E. Utebalieva, H.S. Kaskabasova. About communicative competence secondary language personality and native speakers

The article considers the question of communicative competence relation between the native speakers and second language trainee. The study of this aspect involves in appeal to linguistic, sociolinguistic, psycholinguistic, psychological, pedagogical studies of bilingualism.

Analysis of these two language systems of trainee gives an opportunity to identify differences and similarities in the structures and elements in the native and target language, which allows determining the characteristics of the assimilation of non-native language, norms of behavior, extra-linguistic knowledge. Research of features of communicative competence formation of the second language trainee and native language user contributes to the differentiation of these types of cognitive activities such as language learning, language acquisition, and identify their specific characteristics.

The study of communicative competence problem of the secondary language trainee contributes to the solution of the understanding the mechanism of assimilation of non-native language and find the best way to learn new language structures.

The article gives a definition of communicative competence of the native speaker as a part of General language ability. Characteristics of the communicative competence of the native speaker help in the description of the process of communicative competence formation of the second language learners. The communicative competence formation of the secondary language trainee involves assimilation of new knowledge into the structures available in the arsenal of knowledge, extra linguistic and linguistic. A description of the process of communicative competence formation of the native speaker and the second language trainee is given for substantiation of such phenomena as the interaction of "knowledge" and "skills" with the language ability of the person in the process of first and second languages learning.

Key words: communicative competence, bilingualism, types of speech activity, the assimilation of non-native language, ability, skill.

ӘОЖ 81'23

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ «АҚСАҚАЛ» СӨЗІНІҢ ТҰЖЫРЫМЫ

Ұ.С.Шанбаева – *Абай атындағы ҚазҰПУ, 2 курс магистранты*
Г.Ә. Машинбаева – *филол.ғ.к., доцент, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,*

Аңдатпа. Қазіргі тіл білімін зерттеу саласындағы жаңа зерттеу бағыттарының бірі тілді құрылымдық тұрғыда емес, коннептілік тұрғыда зерттеу екендігі айтылып жүр және осы бағытта жазылған еңбектер де біршама. Сондай тақырыптардың бірі жеке сөздердің коннептісін қарастыруға бағытталып жазылған ғылыми еңбектер. Аталған мақала қазақ тіліндегі «ақсақал» сөзін коннепт ретінде қарастыруға арналып жазылған. Автор мақалада алдымен тіл біліміндегі күрделі тақырыптардың бірі адам тақырыбын зерттеуге арналған ғылыми жұмыстардың тарихына қысқаша шолу жасап өтеді және осы бағыттағы зерттеу жұмыстарының ұстанған принциптері мен оларда қолданылған әдістерге сипаттама береді. Мақалада авторлар мысалдар мен тілдегі ғылыми көзқарастарға сүйене отырып «ақсақал» сөзінің тілдегі қолданыс аясын анықтайды және оған коннепт ретінде танытады.

Түйін сөздер: коннепт, зерттеу әдісі, сөз мағынасы, қолданыс аясы.

Зерттеушілер тарапынан қызығушылық танытып отырған тақырыптардың бірі адамның жасына байланысты атаулар. Адамның жас ерекшелігіне байланысты лексиканы зерттеуші ғалымдар адам жасының қашан да физикалық уақыт ұғымымен байланысты зерттелетіндігін айтқан [1, 361]. Адамның жасына қатысты есімдерді қарастырған еңбектер ретінде Л.Т. Костинаның, А.Д.Кирьянның еңбектерін атасақ, қазақ тіл білімінде С. Қасимановтың, Қ.Ә. Жаңатаевтың, С.С.Сағатованың еңбектерін атап кетуге болады.

Коннепт ұғымының теориялық негіздері Н.Д. Арутюнова, С. Кубрякова, Ю.С. Степанов, Д.Лихачев, Р.М. Фрумкина, Е.В. Рахилина, А. Вежбиңкая, А.П. Бабушкин, В. Маслова т.б. көптеген ғалымдардың еңбегінде сөз болады. Қазақ тіл білімінде тілдік таңбалардың семантикалық құрылымы, коннептілік өрісі, коннептінің құрылымдық түрлері М. Күштаева, С. Жапақовтың, К. Күркебаевтың, Г. Зайсанбаеваның, А. Әмірбекованың т.б. зерттеулерінде карастырылады. Тірек коннептілер жайлы М. Күштаева оларды: «мәдениеттің бір элементі, онымен қатар оны түсінудің кілті. Олар мәдениетті өз ішінен ұғынуға көмектеседі. Бұл сөздердің жаңа мағыналарының пайда болу механизмдері арқылы, біз сол мәдениеттің өзін тани аламыз. Тірек коннептілерді талдау арқылы ұлттық мәдениеттің даму қалпын, оның қазіргі өмірдегі жай-күйін білеміз», - дейді [2, 28 б.].

Коннепт табиғатын түсінуді қиындататын жағдай - оған ұқсас бірқатар ұғымдар мен терминдердің болуында. Олар: коннепт, ұғым және мағына. Бұл үш терминнің айырмашылықтары қазіргі теориялық тіл білімінде дау тудырып келеді. Коннепт пен ұғым терминдері ішкі формасына қарай ұқсас. Себебі латынның conceptus – ұғым деген сөзінің тікелей калькаланған түрі деп те айтылып жүр. Алайда ұғым танылатын объектінің мәнді, мазмұнды қасиеттерінің жиынтығы болса, коннепт ұлттық болмысқа негізделген ментальді білімнің жиынтығы деп түсіну қажет. Егер «ақсақал» лексемасын мазмұн ретінде қарастырсақ, онда бұл туралы ұжымдық, тұлғалық санадағы барлық біліми ақпараттар шоғырынан тұрады. Сондай-ақ, «ақсақал» лексемасын тұрпат межесінде алсақ, онда айналасына ұйымдасқан тілдік бірліктерді лексикалық, фразеологиялық, мақал-мәтелдер жүйесін көреміз. Коннептіні таныту үшін кез келген тілдік бірлік, лексика-фразеологиялық мағынасы бар бірліктер алынады. Алайда коннепт ретінде барлық ұғым алынбайды, тек белгілі бір мәдениетті тануда қолданылатын жалпыұлттық құндылықтардың ерекшелігін танытатын күрделі ұғымдар ғана жиі танылады. Коннепт пен ұғымның басқа да өзгешеліктері бар: ұғым өз бойына мәнді, маңызды белгілерді жинайды, ал коннепт – мұнымен қоса, мәнді емес ниеттерін де қамтиды.

Сонымен, коннепт пен ұғым – ғылымда екі түрлі термин. Ұғым – логика, философия термині, ал коннепт – математикалық логика, мәдениеттану, когнитивтік тіл білімі термині. Коннепт пен мағына біржақты ұғымдар емес. Коннепт дүние туралы тұрақты мәліметтер жинайды, ал сөз өз мағынасымен коннептінің бір элементін ғана танытады. Коннепт терминін анықтау сөз мағынасының қалыптасуына үңілуден туындайды.

Когнитивтік ғылым базасында, терең зерттеулердің нәтижесінде коннептінің санада ойлау әрекеті арқылы қалыптасып, психикалық ментальді қабілеттер негізінде танылатыны айқындалды. Кең

ұғымда, конңепт - санадағы ментальді бірліктер мен психикалық ресурстар қызметі арқылы индивидтің тәжірибесі мен білімін танытатын ақпараттық құрылым [3, 90 б.].

Өзіміз қарастырып отырған «ақсақал» сөзі ер адамға қатысты қолданылатын сөз. «Ер адам» конңептілері кез келген мәдениетте кездесетін конңепт болғандықтан, әмбебаптық сипатқа ие. Дегенмен, «Ер адам» конңептісі барша халыққа ортақ конңепт болғанымен, әр халықтың менталитетіне, дүниетанымына, болмысына орай оның конңептосферасы айқындалып отырады. Еркек атаулыны сипаттауда оның жас ерекшелігі, отбасындағы орны, әлеуметтік орны, туыстық байланысына қарай атаулары да әртүрлі лексемалармен беріледі. Мысалы, «ер адам» тезаурсын түзетін ұл, ер бала, бозбала, жігіт, ер, еркек, күйеу жігіт, отағасы, әке, ата, баба, ақсақал, шал сөздері мақал-мәтелдерде «еркек-ұл», «еркек-жігіт», «еркек-ер», «еркек-күйеу жігіт», «еркек-әке», «еркек-ата», «еркек-баба», «еркек-ақсақал» қоғнитивтік модельдерін құрады. Аталмыш ұйытқы сөздер қатысқан мақал-мәтелдерден «Ер адам» конңептісіне байланысты этностық дүниетаным мен халықтың ұлттық-мәдени ерекшелігін аңғаруға болады. Ер адамға тән қасиеттерді халық аса бағалап-қастерлеген. Ер адамға тән ақылдылық, батырлық, өткірлік, білімділік, пысықтық т.б. қасиеттер ұлт мәдениеті шеңберіндегі «Ер адам» конңептісін қалыптастырады.

Уикипедия – ашық энциклопедиясында: Ақсақал – ауыл-аймақтың жасы еңде тартқан құрметті адамы. Өзінің өмірлік тәлім-тәжірибесін, халықтық иғі дәстүрлер мен салт-сананы үйретуші, үлгі-өнеге көрсетуші. Әрқашан аталы сөз айтып, туыстықты, бірлікті, елдікті сақтау жолындағы уағызшы. Ақсақал тек отбасының емес, барша ауылдың тұрмыс-тіршіліғіне, шаруашылығына басшылық жасап, ізгі ықпалын тигізеді. Жастарды білімге, ізеттілікке, еңбекке баулумен бірге ауыл арасының кикілжіндері мен қақтығыстарына да бітуажа сөз айтып, табыстырып, қауыштырып отырады. Бірақ мұндай кезде айтқан бітім сөздеріне қарап, оларды билермен шатастыруға болмайды. Билер мен ақсақалдар арасындағы айырмашылық елеулі (қ. Билер). Ақсақал айтқан аталы сөз ешқашан аяққа басылмаған. Аталы сөзден аттаған - жүгенсіздік, тәрбиесіздік деп есептеледі. Ақсақалдармен шаруашылық, экономикалық, тәрбие т.б. мәселелері жөнінде реті келгенде ресми басшылар да ақылдасып отырады. – деп берілген. Келтірілген анықтамадан түйгеніміз, ақсақал қазақ қоғамында барлық билеуші тұлғалардан да жоғары тұра алатындай беделге ие қоғамдық тұлға. Ежелгі кездерде, қауым ішінде, отбасында ақсақалы құрметтелмеген қоғам болмағандығы туралы ғылыми еңбектерде айтылып жүр. Әрбір және үлкен қауымдарда өз ақсақалы билік айтып, ел мен елді бітімгершілікке шақырып отырған.

Ақсақалдар қазақ қоғамында әулет басқару, ауыл басқару ісіне араласқан тұлғалар. Қазақ қоғамында белгілі бір жеті аталас туыс адамдар, яғни жеті ата адамдары бір әулет болып табылады (шамамен 20-25 үй). Басқарудың бұл буыны туысқандықтан тұратындықтан бұрын әулеттің басқарушысы болып, сыналған жағдайда, басқа жақтан кісі іздемей-ақ араларынан ерекше көзге түскен адам басқарып кете берген. Әулет басқарудың негізгі жұмыстары – туыстар арасындағы шаруадан басқа, шілдеханадан бастап, қайтқан қариясын жөнелтуге дейінгі істерді үйлестірін, осыларды барлығына хабарлап, қатыстыру міндетін атқарған. Әулет басшысы әулет үлкені мен сыйлысының алдынан өтіп, келісімін алатын болған, ал той немесе басқа шаруа иелері басшыға ере барып, ол туралы ақсақалдың батасын алатын болған. Көшпелі елдің өзіндік демократиясы болғандықтан ел басқару мансабына ұсынылған азаматтар әдетте жұртшылыққа әбден жағымды болған мінезімен, ісімен ерекшеленін, көбінесе «сенім білдіру» арқылы (қол көтеріп не басқа жолмен сайланбаса да) басқару ісіне келген. Сондықтан басқару басына осындай жолмен тағайындалған адамдарды жалпы жұрт тыңдайтын болған. Әулет басқарушыларды, әдетте пәленшеке, түгеншеке, аға, ақсақал деп құрметтеген [4,17]. Қазақ қоғамындағы рубасы болған ақсақалдар ресми лауазымды (би және рубасы) иеленбесе де, қоғамдық өмірдегі орны мен рөлі ресми биліктің өкілдерінен кем болған жоқ. Осы тұлғаның ақсақал деп аталуы оның биологиялық ерекшелігін ғана емес, ең алдымен өмір тәжірибесінің тезінен өткен ақылгөй қасиетін әлеуметтік ортаның мойындағаны, һәм бағалағаны.

Ақсақал деп – тек «жасы үлкен құрметті адамды» ғана айтпайтындығын, онымен бірге, төңкеріске дейінгі қазақ ауылының ру басын, билік иесін де, «ақсақал» деп атаған деген пікір кеңес заманында да болған. Мүмкін сондықтан болар Қазақ Совет Энциклопедиясында ақсақал сөзіне екі мағына берінті:

1. Ертеде ел тағдырын шешкен жасы үлкен, ықпалды адам, ру басы; патриархалдық-феодальдық биліктің өкілі.

2. Құрметті кісі, қария; үлкенге ізет білдіргенде де «ақсақал» деп атай береді [5, 26].

Ақсақал сөзіне орыс тілінің сөздігінде мынадай анықтама беріледі:

1) уважаемый пожилой человек (мужчина); старец; старший в коллективе; уважаемое лицо; ол көпті көрген ақсақалдай сөйлейді → он говорит, как уважаемый старец; ақсақалды ауыл азбас → в ауле, где есть уважаемые старцы, там бывает все в порядке;

2) ист. старейшина; патриарх; предводитель рода; ақсақалдар алқасы → совет старейшин; ақсақалдар кеңесі → совет старейшин;

3) аксакал (почтительное обращение к мужчине, старшему по возрасту и по общественному положению); почтеннейший;

4) перен. корифей; әдебиеттің ақсақалдары → корифеи литературы; ақсақалдар алқасы → совет старейшин.

Ежелден қалыптасқан адам жасын жіктеу дәстүріне сәйкес ақсақалдар қатарына адамның бесінші мүшелге аяқ басқаннан кейінгі, яғни қырық тоғыз жасқа толғандардан бастап кейінгі жастағылар жатқызылады. В.В. Бартольдтың айтуынша, ақсақал – қолында өкілетті билігі жоқ, бірақ, бұрыннан сіңген еңбегі бар, мол тәжірибе, парасатымен үлкен-кішіні аузына қаратқан құрметті адам.

Қауымдар шаруашылығына рубасылармен қатар ақсақалдар да басшылық етті. Қазақы ортадағы ақсақалдың беделінің жоғарылығы соншалықты, ауыл аты да ауыл ақсақалы немесе ру ақсақалы атымен аталған. Ақсақал барша ауылдың шаруашылығына басшылық жасап, көш жолдарына бастап, жайылымдық жерді таңдауда да шешім қабылдап отырды. Дәстүрлі қазақ қоғамында ру ақсақалдардың кеңесі және тайпа ақсақалдарының кеңесі сияқты дәстүрлі билік жүйесінің болғандығы белгілі. Бұл билік жүйесінің ру, әулет, ағайын, туыс арасындағы тұрмыстық мәселелердің ауыл арасындағы қарым-қатынастың, жер дауының тиімді шешімін табудағы маңызы ерекше жоғары болды. Ақсақалдардың шешімі билер сотында, әдет-ғұрыптық құқықта маңызды орын алды. Билердің өзі маңызды шешімді ру ақсақалдарының қатысуынсыз шешпеді. Ақсақалдар жайлаулар мен жайылымдарға байланысты қалыптасқан әлеуметтік қатынастарды реттеп отыратын беделді тұлға болды.

«Сұлтан Мендәлі Пірәлиев» деп қол қойған «Из Зауральской степи» атты мақалада ақсақалдар қызметін өз руына қарасты жайлаулар мен жайылымдардың қожайынына теңеуі олардың көшпелі ортадағы айырықша ықпалына байланысты айтылса керек. Тіпті, қазақ қоғамының әбден әлсіреген уақыты болып табылатын 1928 жылға жататын деректің өзі «мұрагерлік мәселесі қауымның беделді мүшесі молда, ақсақал немесе рубасының қатысуымен шешіліп» отырғандығын айғақтайды. Ақсақалдар ауыл арасындағы күрделі тұрмыстық мәселелерді, этикалық қатынастарды реттеп отырды. Қауым мүшелері үшін ақсақал ар кесіп айтқан шешім міндетті болып саналды. Қазақ ауылдарында ақсақалға құрмет көрсету «кеңес» жүргізгенде, дау шешкенде, олжа бөлгенде, киіз үйдегі төрдегі орындарда отыруда, табақпен ас тартқанда этикеттік норма ретінде қатаң сақталды. Қазақ қоғамында қалыптасқан билікке қатысты ақсақалдар кеңесі деп аталатын ұғым пайда болды. Ақсақалдар кеңесі – сан-алуан мәселелерді талқылап, ұйғарымға келетін, ресми орындарға ұсыныс беретін көпшілікті басқарудың биресми қоғамдық түрі болған [6].

Бұл жоғарыдағылар «ақсақал» сөзінің бұрынғы қазақ қоғамындағы рөлі. Бұрынғы деп айтып отырғанымыз, қазақ қоғамының тарихи әртүрлі кезеңді басынан өткізуі ондағы тұрмыс-тіршілікпен қоса кейбір ұлттық дәстүрлер мен қатынастарға да әсерін тигізбей кеткен жоқ. Сондай өзгерістерге «ақсақал» сөзінің бүгінгі қоғамда да рөлі аздап өзгергендігін байқатады. Осы орайда қазақылық дәстүр, аталы сөзге тоқтау сияқты қанымызға дарыған қасиеттердің құны төмендеп бара жатқандығы жөнінде жазған мақалалардан, кез-келген адам қарттық жасқа келін қарт атана алатынын, алайда ақсақалдыққа бәрі тегіс жете алмайтындығын айтады. Осы көзқарастар тұрғысынан жазылған мақалалардан үзінді келтіре отырып біз ақсақалдықтың қауым, орта, топ ішіндегі титул екендігін дәлелдей аламыз.

Қазіргі қазақ тілінде ақсақал сөзімен: Ауыл ақсақалы, ақсақалдық танытты, ақсақалды қария, әулет ақсақалы, ақсақалдық көрсету, аузы дуалы ақсақал, ауыл ақсақалы атанды, ақсақалдық сөз айтты, ақсақалдар алқасына салды, ақсақалдық деңгейге көтерілді, ақ сақалды сары тісті болды - деген

тіркестер бар болса, тіліміздегі сөз мәйегі мақалдар құрамында да ақсақал сөзін кездестіреміз. Айталық олар:1. Ақсақалы сиреген ауылдан ар-иман қашады т.б.

Ақсақал сөзінің түрлі көркем мәтіндер мен бұқаралық ақпарат құралдарында қолданылған мысалдарынан түйгеніміз, аталған сөзқолданыста қарттық жасқа байланысты қаратпа сөз ретінде, яғни адамның жас ерекшелігіне байланысты қолданылатындығында және екіншіден белгілі бір қоғамда, аталы сөз айтып елге өзін сыйлата алатын тұлға ретінде қолданылатын мағыналарының бар екендігіне көз жеткіздік. Сөзіміз дәлелді болу үшін мысалдар келтіре отырайық. Ақсақал сөзі қарт сөзімен барлық қолданыста синонимдік мәнде жұмсалады ма деген сұрақ туындауы мүмкін. Әрине ақсақал сөзі де қарт сөзі де адамның кемелденген жастағы шағы оған ақсақал мен қарт сөздерінің анықтамаларын келтіру арқылы көз жеткізуімізге болады. Ақсақал сөзі барлық қолданыста бірыңғай қоғамдағы беделді бір мүшенің атауы ретінде қолданыла алмайды. Ақсақал сөзі адамның қарттық шағына қатысты қолданылатын қарт, қария мағынасында немесе шал мағынасында да қолданылады. Қолданыстың бұл түрінде өз ішінен ақсақал сөзінің мағынасын бірнеше топқа бөлін көрсетуімізге болады.

Бірінші топта ақсақал сөзінің қаратпа сөз ретінде қолданылуы. Бұл тұста ақсақал сөзі қария сөзінің орнына қаратпа сөз ретінде жүреді. Қария – бейтарап сөз. Ол жасы үлкен, қартая бастаған ер және әйел жынысты адамдардың бәріне ортақ қолданыла береді. Қазақ тіліндегі адамға қатысты айтылатын қаратпа сөздердің ішінде «ақсақал» сөзі де қаратпа ретінде қолданылатындығы жөнінде айтылып жүр.

Профессор Р. Әміров қаратпа сөз сөйлемнің коммуникативтік талабына сай эмоциялықты білдіру үшін қызмет ететіндігін көрсетіп кеткен [7]. Ғалым айтқандай ақсақал сөзі қаратпа сөз ретінде әр түрлі эмоцияны берғенде де қолданылады.

Д. Исабековтың «Дермене» атты шығармасында Тоқсанбай шал жалғыз баласынан айырылып, тіршіліктің қамымен немересін ертін дермене оруға шыққанда, оны шал деп қасындағы баланы бір адамға есептемей жарты еңбекақы төлеуге ұсыныс жасаған дерменешілерден тауы қайтқан қария кетін бара жатқанда, оның ашуын басу мақсатында айтқан кейіпкер сөзі дәл осындай, адамды сабасына түсіру, оны құрметтеп сөйлеп, өзін төмендету сияқты психологиялық амалда қолданылған сияқты. Мысалы, сол шығармадан, мысалдар берін өтейік:

- Ақсақал, ақыры кетін барады екем деп сөзбен шымшымаңыз. «Күн көріс» деп кемсітпеңіз. Бұл да өкіметтің жұмысы! (Д. Исабеков, Таңдамалы шығармалар,1-том , 275-бет)

– Солай, ақсақал. Оған налымаңыз. Дермене орып жүргеніміз бір биыл емес. (Д. Исабеков, Таңдамалы шығармалар,1-том, 275-бет)

Рафаэль Ниязбек: Бауыржан Момышұлы жасы үлкен қарттарды шал, қария, ақсақал, абыз деп төртке бөлген. Ол кісі от басы, ошақ қасынан ұзап шыға алмай түтін аңдып, үй аралап, саяси өсек айтатын қартты «шал» деп, өз әулетін шашау шығармай уысында ұстап, билік жүргізген кәнігі қартты «қария» деп, тұтас бір ауылдың жоқ-жітігін түгендеп, жыртығын бүтіндеп, азаматын атқа мінгізін, айдын асырып отыратын қартты «ақсақал» деп, бүкіл елдің сөзін сөйлеп, намысын жыртып, даудамайын шешін, арғы-бергі тарихтан әңгіме қозғап, тұла бойына ұлттық рух, ізгі қасиеттерді молынан сіңіре білген қартты «абыз» деп атаған. Көкірегі қазына қария туған халқының тағдырын көп ойлайтын еді. Көкірегі қазына қария туған халқының тағдырын көп ойлайтын еді (Адырна ұлттық-этнографиялық порталы, 15-қыркүйек, 2011 жыл).

Ақсақал деген кім? деген проф. Мәжит Тілеужанов: «Ақсақалдарды қаймағы бұзылмаған орта тудырады. Ақсақал атану кейде жасы ұлғайғандығына қарамайды. Ақыл иесі, көреген, алдын болжағыш парасатты жас, жасамыс, еңде адамдар да аксақал бола алады», - дей келін, өзінің «Ақсақалдар мектебі» деген мақаласында былай деп жазады: «Ақсақал» деген атақты қазағым кезкелген жасы үлкен адамдарға бере қоймады. Ақсақал деген құрметті атауға ие болатындар – өзінің ісімен, сөйлеген сөзімен, бүткіл көзқарасымен, ұрпақ туралы ойларымен, әдет-ғұрыпқа беріктігімен ерекше көзге түскен қариялар... Ақсақалдар деп тәлім-тәрбие саласында әмәнда үлгі-өнеге көрсетерлік, қысылғанда ақыл-кеңес берерлік, адасқанда тура жол сілтерлік, өсиет берерлік, бүкіл ауылға (елге) жетекшілік рөл атқарарлық ақылгөй, өз ұрпақтарына ұстаздық үлгі көрсетерлік, ылғи да тәлімгерлік қызмет атқарарлық тұлға, -дейді.

Төреғелді Шарманов, академик: Қария болуға да «күш» керек. Қария мен ақсақалдық – үлкен дәреже, Ақсақалдық жасқа байланып қалған категория емес. Қырыққа жетпей шал болатыны сияқты,

халыққа қызметі мен қадірі өткендер, өнегесі мен үлгісімен елді соңынан ерте білген, жақсылығы көпке ортақ азаматты қырықта да, елуде де ақсақал деңгейінде қадірлеп, қастерлейді. Демек, жасы ұлғайған кісілердің үш түрі болады. Шал, қария және ақсақал. Шал – шалақай, қария – қадірлі, ақсақал – абыройлы деген сөз, -дейді. (Астана ақшамы, 20 ақпан, 2015 жыл, 1-беттен).

С. Досмагамбетов, Әулиекөл ауданының құрметті азаматы: Ақсақал деп сезімі мөлдір, жүрегі таза, адамгершілігі жоғары пәк жандарды (үлкендерді) айтуға болады. Ал жеке басының қасиеті елдің мүдде-мақсатымен астасып жатса, ақсақалдың атақ-абыройы еселей түсетіндігі және бар. Олай деп сезімі мөлдір, жүрегі таза, адамгершілігі жоғары пәк жандарды (үлкендерді) айтуға болады. (Ақсақал. «Қостанай таңы» газетінен 05.09.2014).

Келтірілген мысалдардан түйіндейтініміз, ақсақал сөзі әмбебап «ер адам» конңептісінің аясына тиесілі. Бірақ ақсақал сөзін қарастырыганда ұлттық мәдениетпен байланысты қарастырамыз. Қарастырган сөздіктердегі анқтамалар мен газет материалдары, көркем әдебиеттен алынган мысалдар арқылы ақсақал сөзінің мынадай конңептілерін атап көрсетуге болады. Ақсақал – абыз қарт, ақсақал – ел агасы, ақсақал – көкірегі шежіре ақылшы, ақсақал – жасы үлкен қария, жер дауын шешуші адам.

«Ақсақал» конңептісін білдіретін тілдік бірліктер ұлттық психологияның негізі болып саналатын ұлттық салт-дәстүр, ұлттық таным, ұлттық мәдениеттің тілдік көрінісі әдеби шығармаларда метофоралар, фразеологиялық бірліктер, мақал-мәтелдер арқылы жиі беріледі. Әр халықтың мәдениетіндегі өзгешеліктер оның тілінде көрініс табады. «Ақсақал» сөзінің конңептуалды өрісін, ондағы тілдік бірліктерді талдау келесі мақала еншісіне тиеді.

1. Базен Л. Концепция возраста у древних тюркских народов // Зарубежная тюркология. Выпуск 1: Древние тюркские языки и литературы. – М : Наука, 1986. - С. 361-378.

2. М. Күштаева Т.М. Тары концептісінің семантикалық құрылымы мен лингвомәдени мазмұны: Филол.ғыл.канд.дис. – Алматы, 2002. –192 б.

3. Степанов.Ю.С. Константы.Словарь русской культуры.Опыт иследованя. –М: Наука, 1997. – 562 с.

4. Әшімбаева Н.М. Байырғы қазақ қоғамындағы атақ-лауазым атаулары: Филол.ғыл. канд.дис. –Алматы, 2009. –164 б.

5. Жаңатаев Қ. Адамның жас ерекшелігіне, жынысына қатысты атаулар: Филол.ғыл. канд.дис. – Алматы,1998. –120 б.

6. www.el.kz.

7. Әміров Р. Жай сөйлем синтаксисі, Алматы, 1983.

Резюме

У.С.Шанбаева, Г.А. Машинбаева. Концепт казахского слова «ақсақал»

Актуальным направлением в языкознании в настоящее время является концептуальный, а не структурный подход, этому направлению в современной лингвистике посвящено немало научных трудов.

В данной статье рассматривается концепт слова «ақсақал» в казахском языке. Автор дает краткое описание истории исследования, а также используемые принципы и методы описания. В статье автор выявляет сферы употребления слова «ақсақал» и представляет его как концепт, опираясь на научно обоснованные взгляды и примеры.

Ключевые слова: концепт, способ исследования, значение слова, сфера использования.

Summary

U.S.Shanbaeva, G.A. Mashinbaeva. The concept of the world «aksakal» in the kazakh language

The new research school in the field of modern linguistic investigations says that the language must be considered from the conceptual and not structural point of view and there are a number of works written in this area. These topics include scientific papers written for the deem of concepts of individual words. This article describes the word "aksakal" (elder) in the Kazakh language as a concept. At the beginning, the author makes a short excursus to the history of scientific papers that explore one the most complex topic of linguistics - the theme of man, and describes the principles proposed by these schools and methods used in them. Drawing on examples taken from the media and literature, as well as scientific views in the language, the author defines the scope of the word "aksakal" and shows it as the concept.

Key words: concept, researching methods, meaning of the word, the scope

ӘОЖ 811.512.122'23

ПСИХОЛИНГВИСТИКА НЫСАНДАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Г.П. Шаһарман – *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Практикалық тілдер кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент*

Аңдатпа. Бұл мақалада психолингвистика ғылымының зерттеу нысандары туралы қарастырылған. Сонымен бірге жаңадан дамып келе жатқан психолингвистиканың тарихы, зерттелуі, ғылыми моделі және ғылыми теориясы жайында да ақпараттар талқыланып, тұжырым жасалған. Психолингвистиканың тарихымен бірге оның дамуындағы негізгі үш кезеңге тоқталып, оның кейінгі зерттелуіне де негіз болатындығы айтылған. Психолингвистиканың алғашқы зерттеушілері неміс ғалымы Вильгельм фон Гумбольдттің тілдік сана туралы айтқан пікіріне, оның шәкірті Г. Штейнтальдің айтылым кезінде жүзеге асатын үш тетік – органикалық механика, психикалық механика және жеке көзқарастық мазмұнды анықтағанын, оның психолингвистикадағы, тілдік ойлардағы негізге алынатын маңыздылығына назар аудартады. Сондай-ақ «шекаралас» пәнедер – лингвистика, психология, физиология, қалыптан тыс сөйлеу, этнолингвистика салаларының зерттеу нысандары, олардың ұқсастықтары, айырмашылықтары, ерекшеліктеріне тоқталған. Психология мен лингвистиканың әрқайсының өзіндік бағыты, ерекшеліктері болганмен, жаңа ғылым саласы – психолингвистикада екеуінің зерттеу нысандарының ортақтығы туралы пікірлер тұжырымдалган.

Түйін сөздер: психолингвистика, тілдік сана, ой, органикалық механика, психикалық механика, мазмұн, психология, лингвистика, психикалық бейнелер.

Психолингвистика – ғылымдағы жаңа салалардың бірі. Шын мәнінде бұл пән ретінде қандай нақты нысандарды, нақты оқиғаларды зерттейді? Ол үшін оның тарихына аздап үңіліп көрейік.

Психолингвистиканың алғашқы зерттеушілерінің бірі сөйлеу әрекеті мен тілді түсінуді әлеумет пен адам арасындағы байланыстырушы дәнекер ретінде қарау керек деген идеяның иесі, ғылыми лингвистиканың негізін қалаушы Вильгельм фон Гумбольдт. Лингвистика саласына тілдік сана ұғымын бірінші болып енгізген ғалым – В.Гумбольдт.

В. Гумбольдттің айтуынша, адам түсінігіндегі әлемді қабылдау тікелей тілге бағынышты және оны өмір бойы алға тартатын жетекші құрал. Адамдардың тіршіліктегі іс-әрекеттері «әлем болмысын жасаушы» тілге бағынады. Сонымен қатар В. Гумбольдттің түсінігінде тіл – белгі, әрі шындықтың бейнесі [1,35-45].

В. Гумбольдттің шәкірті Г. Штейнтальдің өз ұстазынан ерекшелігі – ол тілді оны дайын күйінде, адамның психикалық әрекетінің бір бөлшегі ретінде, қоғамдық құбылыс ретінде де оны тек үнемі қозғалыстағы үдеріс деп түсінеді. Жеке сөйлеу әрекетінің тетіктерін ол былайша түсіндіреді:

«Біз айтылым кезінде іске асатын үш жағдайды ажырата білуіміз қажет: органикалық механика, психикалық механика және айтылым кезіндегі ұғымдық немесе көзқарастық мазмұн. Сөйлеудің мақсатының өзі психикалық және органикалық механиканың көмегімен мазмұнның бейнесімен болмысын қабылдау. Біз органикалық механиканы «орган» түрінде, психикалық механиканы «органист» ретінде, ал мазмұнды «композитор» ретінде елестетуімізге болады». Г.Штейнтальдің зат және тілдік ойлау туралы пікірлері психолингвистика үшін маңызды болып саналады. Зат туралы ойлау үшін адам алдымен шындық болмыстағы сол заттар мен құбылыстарды елестете алады. Елестетудің мазмұны материядағы заттың өзі емес, осы заттың белгілері бойынша танылған ой жиынтығы болып танылады. Тілдік ойлау туралы айта келе, Г. Штейнталь адамның заттық ойлау жүйесінен бөлініп алынған «бейнелер» туралы елестетулері алдымен іске асатынын көрсетеді. Зат туралы ұғым субъективті, ал біздің тіліміз оған одан да тереңірек еркін атау береді. Г. Штейнтальдің пікірінше, тіл білімі психология ғылымдарының қатарына жатады, өйткені сөйлеу – бұл рухани әрекет, ойлау мен ерік, оның пайда болуы туралы ілім психология ғылымына жататыны белгілі, бұл да соған ұқсас.

В. фон Гумбольдтың екінші ізбасары орыс тілінің маманы А.А. Потебняның пікірі Г.Штейнтальдан өзгешелеу болды. Ол да Г. Штейнталь сияқты сөйлеу актісінің психологиялық құбылыс екенін мойындайды сонымен бірге «тіл мен сөз сойлеу актісіне мәдени және әлеуметтік бастау беретінін» дәлелдейді.

«Тіл ойды нысанға айналдырады... Ой сөздің көмегімен идеяға айналып, тікелей сезім түйсігінің әсерінен құтылады» [2,87-100]. Орыс ғалымы Е.Ф. Тарасовтың айтуынша «тілдік белгілер санаға қызмет ететін басты құрал ретінде сезім бейнелерінің, яғни санадағы бейнелердің сөйлеу барысында көрініс табуына себепкер болады» [3, 25].

XIX ғасырда Г. Пауль, К. Бруғман және тағы басқа ғалымдар тілді үдеріс немесе үдерістер түрінде емес, «психикалық бейнелер» жүйесі ретінде немесе ассоциациясы деп қарастырған. Олардың пікірінше: «Сөйлеу әрекетінің психикалық жағ.... жалпы психикалық құбылыс сияқты өзін-өзі бақылау жолымен тікелей танылады» [4, 36-40].

XX ғасырдағы лингвистиканың негізін қалаушылардың бірі Фердинанд де Соссюр тілді жеке жүйеден тыс абстрактілік құбылыс деп, ал тілдік қабілетті индивидтік қызмет деп бөлін қарастырады.

Фердинанд де Соссюрдің тұжырымдамасына жақын келетіні Л.В.Щербаның пікірлері. Ол «тіл жүйесі» туралы айта келе, мына мәселеге баса назар аударады «тіл – бұл белгілі бір топ өкілдерінің өмір жағдайына қажетті, бәріне ортақ жалпыға міндетті әлеуметтік құндылық» деп баға берген [5,24-29].

Л.В.Щербаның әсіресе, осы көзқарасы ресейлік психолингвистика бағытына айтарлықтай ықпал етті. Психолингвистика ғылымының қалыптасуына келетін болсақ, ол зерттеуіне қарай үш кезеңге бөлінді. Бірінші кезеңі – атымен әлемге мәлім болған Ч.Осгуд пен Дж. Кероллдың психолингвистика ғылымымен айналысқан кезеңі. Екінші кезеңі – Н.Хомский мен Дж. Миллердің зерттеулері. Ал үшінші кезеңі – Л.Выготскийдің мектебі болып саналады. Үш кезеңнің де психолингвистика саласындағы зерттеу нәтижелері осы ғылымның дамуына зор үлес қосты. Үш кезеңдегі зерттеулердің өзіндік ерекшеліктері болғанмен, үш топ өкілдерінің тоғысатын тұсы психолингвистиканың аспектілері болып табылатын психологиялық және лингвистикалық нысандардың ортақтығы дәлелденді.

Психолингвистиканың алғашқы дами бастаған кезеңінде осы бағыт бойынша және ресейлік ғалымдардың арасында психология мен тіл білімінің арасындағы «құранды» деген пікірлер қалыптасып, түрлі болжамдар айтылғаны белгілі. Кейіннен ғылыми зерттеулер нәтижесінде ұстанымы айқын, осы ғылыми теорияның қисынды құрылымы туралы нақты еңбектер жариялана бастады. Тиісінше бұл ғылым саласының пәні зерттеу нысаны анықталды. Содан бері «шекаралас» пәндер лингвистика, психология, физиология, қалыптан тыс сөйлеу, поэтика және тағы басқаларының зерттеу нысандары ортақ болып саналады. Олардың бәрі ортақ бір жеке оқиғалардынемесе жеке нысандарды тірек етеді. Бірақ ғылыми абстракция осы салалардың әрқайсысында әр түрлі өтеді, соның нәтижесінде түрлі абстракциялық нысандар құрылады. Абстракциялық нысандар – «бұл белгілі бір аумақ көлемінде болған нақты жеке үдерістердің (оқиға, құбылыстар) сипаттамасын жасайтын құрал» [6,55-77]. Сонымен қатар, жеке үдерістермен (оқиға, нысандар) бірге біз нысандардың абстрактілік жүйесін, жалпылама ұғымда тұжырымдалып, анықталған көзқарас негізінде құрылған модельді көре аламыз.

Жеке нысан (оқиға, үдеріс) абстрактілік нысанның өкілі болып табылады. Ол өз кезегінде жеке нысандардың қасиет белгілеріне қарай тұжырым жасауға көмектеседі, соған қарай біз қисынды іс әрекеттеріміздің қайсысын жүзеге асыра алатынымызға көз жеткіземіз ғылыми зерттеулердің жеке нысандардың жиынтығы ғылыми нысан болып табылады. Абстрактілік нысандар жүйесі осы ғылымның пәнін құрайды. Шекаралас ғылымдар- тіл білімі мен психологияның ортақ нысандарының бар екендігіне осы себептер дәлел бола алады. Енді олардың қандай жеке оқиғалардан немесе жеке нысандардан тұратынына көз жеткізін көрейік. Ол әр ғылым бағытында әр түрлі болуы мүмкін. Бірақ олардың бәріне ортақ бір нәрсе – ол сөйлеу актілері мен әрекеттер жиынтығы. Тіл мамандары үшін сөйлеу құралының жүйесі маңызды болса, психологтар үшін – сөйлеу үдерісінің өзі, ал патологиялық тұрғыдан дефектолог мамандарға сөйлеу үдерісіндегі қалыптан тыс мүмкіндіктер маңызды[7,35-55]. Бұл мамандардың әрқайсысы обьективті ерекшеліктерге ғана қатысты емес, сонымен бірге сол уақыттағы өз ғылымының көзқарасы тұрғысынан сөйлеу актілерінің модельдерін, сөйлеу әрекеттерін, сөйлеу белгілерінің жүйесін жасайды. Бұл көзқарас аталған әр пәннің алдында алғашқы қалыптасу кезеңдерінде қандай міндеттер болса, қазіргі осы жаңа ғылым саласының алдында тұрған нақты міндеттерде соған сәйкес келетіндігімен анықталады. Осыған қарағанда әр ғылымға тән, ортақ нысан болғанымен, әр пәннің өзіндік ерекшеліктері де болады.Сондықтан тіл білімі сөйлеу психологиясы және тағы басқа пәндер сөйлеу үдерісін қарастыратындықтан, олардың айналысатын жеке нысандары

мен оқиғалары бір, яғни ғылыми нысандары да ортақ болып табылады. Бірақ ғылыми абстракция үдерісі әрқайсысында әр түрлі жүреді, нәтижесінде әр ғылым пәнінің өзіне сай, тиісті абстрактілік нысандар жүйесін (қисынды модельдер) құруға болады [8,27-45]. Қай ғылымда болсын қолданылатын екі түрлі ұғымның арасын ажыратып алған дұрыс. Оның бірінші категориясына – жалпығылыми, кейде тінті философиялық сипатқа ие ұғымдар жатады, ал екіншісіне басқа ғылымдармен қатар, қажетіне қарай қарастырылатын жеке ұғымдар. Сондықтан тұтас бір категорияның мәнін бір ғана пән жан-жақты айқындап бере алмайды. Мұндай категорияларға, жүйе, даму, әрекет ұғымдары жатады. Олар нақты ғылыми ұғымдар (мысалы, психологиялық, лингвистикалық, этнологиялық) қатарына жатады, сәйкесінше берілген ғылым саласының әр қырының нақты материалдары негізінде интерпретацияға ұшырайды. Бірақ жалпы әдіснамалық жүйе ұғымы негізіне, сол сияқты да басқа ғылымдардағы жүйе ұғымдарына сүйенбей, тілдегі жүйеліліктің мәнін толық түсіну мүмкін емес. Категориялар философиялық және жеке ғылыми да болады. Жалпы ғылыми категориялар туралы айтатын болсақ. П.В Копниннің айтқанындай [9,95] формальды қисынның категориялық аппаратымен жеке пәндер саласына тән категорияларды ажырата білуіміз қажет. Соңғысы арнайы сипатқа ие болмаса да, категория қатарына жатады, басқаша айтқанда, арнайы ғылыми ұғым ғылыми теорияның бір компоненті болып табылады. Қай ғылымда болсын, оның құрылымындағы ұғымның әр түрлі деңгейін – жалпы философиялық категориядан нақты-ғылыми ұғымға дейін олардың аражігін анықтауға болады. Бұған психологиядан мысал келтіретін болсақ, сәйкес келетіні – субьект (философиялық категория), ұғым (логикалық категория) әрекет (жалпығылыми категория), аффект (нақты-ғылыми ұғым), лингвистикада сәйкес келетін даму (филисофиялық категория), белгі (логикалық категория) таңба (жалпығылыми категория және фонема (нақты-ғылыми ұғым). Бұл деңгейлерді ажырата білу өте маңызды, өйткені ол қарастырылып отырған ғылым ішіндегі әр пәннің мазмұн аралық обьективті байланысын орнату барысында қажет. Сондай ақ бұл мәселенің маңыздылығын екінші қырынан қайсы бір категорияның пәнішілік мәнін ашып қоймай, оның сапалық ерекшеліктерін анықтап, әр қырынан қарастырып қана қоймай, осы тұрғыдан алғанда оларды пәнаралық, тінті пән сыртындағы байланыстары мен қатынастарын жіті зерттеу қажеттілігі байқады. Мұндай жағдайда берілген мән өзінің пәндік негізіне қарамастан белгілі бір байланыстар жүйесін қарастыру барысында ерекше маңызға ие болуы мүмкін.

Қорытындылай келе мына мәселеге назар аударуға болады: негізгі ұстаным бойынша ғылыми білім бірдей және абсолютті; ал ондағы нақты ғылым пәнінің орны қосымша және қатыстылық мәнге ие. Осыған сәйкес психолог, лингвист, этнолог мамандықтарының танымдық және шығармашылық мүмкіндіктерінде шектеулі айырмашылықтар болғанмен, олардың ғылыми білімдері көбінесе ортақ, бірдей болады. Бұл ғылымның даму ауқымы кейбір қарастырылатын ғылыми нысандарға қатысты, зерттелу кезеңдеріне қарай бірде тарылып, бірде кеңейіп отырады. Кейде психологиялық қыры басым болса, кейде лингвистикалық немесе этнологиялық жағы басымдау қарастырылады.

Сонымен қазіргі тіл білімі саласында актропоөзектік деп аталатын жаңа бағыт қарқынды дамып келе жатыр. Антропоөзектік лингвистика нысандық мәселелерінің ішінде түп тамыры ретінде тілдік емес, терминнің өзі көрсетіп тұрғандай (antropos – адам) «сөйлеуші адам» яғни, тілдік тұлғаны (сөйлеу әрекеттерін орындауға қабілетті адамды) қарастырады.

Бүгінгі күні тілдік тұлға – антропоөзектік тіл білімі саласындағы тіл туралы ғылымның көптеген салаларын басып тоғыстыратын ауқымды нысанға айналып отыр. Олардың қатарына прогма және әлеуметтік лингвистика, онтолингвистика (балалар тілі), этнолингвистика және тағы басқаларын жатқызуға болды.

Психолингвистика, көптеген ғалымдардың пікірінше, лингвистиканың антропоөзектік бағыттағы ең негізгі бөлшегі.

Тілдік тұлға – антропоөзектік тіл білімі саласына жататын барлық пәндердің ортақ нысаны болып саналады, сонымен бірге әрқайсысының ерекшеліктері де бар. Психологияның психолингвистиканы «өзінің» нысаны ретінде қарастыруы әбден орынды. Өйткені психологияда сөйлеу психологиясы деген сала бұрыннан бар және оның нысаны мен пәні психолингвистикамен сәйкес келеді.

Зерттеу нысандарындағы ұқсастықтармен қатар айырмашылықтар да бар. Ол оқу пәнін қарастыру бағытында байқалады. Психология негізінен сөйлеу әрекетінің туындау, түсіну, қалыптасу үдерісіне көбірек назар аударса, ол психолингвистика сонымен бірге адамдардың сөйлеу әрекеті мен сөйлеу тәртібіндегі сөйлеу тәсілдерін (тілдік және тілдік емес) қолдану ерекшеліктерін де қарастырады.

Психолингвистика ғылымының дами бастағанына жарты ғасыр ғана уақыт өтті. Ал қазақ тілі білімі саласындағы зерттелуі енді қолға алына бастады. Сондықтан психолингвистиканың тілдік және психологиялық аспектілерін жан-жақты терең зерттеу көпшілікті қызықтыратын, уақыт еншісіндегі өзекті мәселелердің бірі деп айтуға болады.

Гумбольдт В. фон. Избранные труды по языкознанию. М.: Прогресс, 1984. 397 с.

Потебня А.А. Слово и миф. М., 1989. 237 с.

Тарасов Е.Ф. Пролегомены к теории языкового сознания// Вопросы психолингвистики. М : Институт языкознания РАН, 2014. №4 (22). С. 24-36.

Пауль Г. Принципы и истории языка. М., 1960.

Щерба Л.В. Языковая система и речевая деятельность. М., 1974.

Леонтьев А.Н. Логика научного иследования. М., 1965. 172 с.

Фрумкина Р.М Психолингвистика. - М.Академия.2001. 320 с.

Леонтьев А.А. Основы психолингвистики. М., 1997. 287 с.

Копнин П.В. Философские проблемы языка // Философия и современность. М., 1971. 202 с.

Резюме

Г.П. Шаһарман. Значение психолингвистических объектов

В данной статье изучаются объекты исследования науки психолингвистики. Также обсуждаются и приводятся научные выводы по вопросам истории, исследования, научной модели и научных теорий науки психолингвистики, которая начала развиваться сравнительно недавно. Автор наряду с историей психолингвистики подробно останавливатеся на трех основных этапах ее развития, которые составляют основу последующих исследований. В статье также уделяется особое внимание научным взглядам на понятие сознание, высказанные немецким ученым Вильгельмом фон Гумбольдтом, являющегося одним из первых исследователей психолингвистики, а также его последователем Г.Штейнталем, который определил, что во время говорения осуществляются три механизма – органическая механика, психическая механика и содержание индивидуальных взглядов, что данные механизмы имеют важное значение в психолингвистике, поскольку они составляют основу речевых идей. Вместе с тем в статье рассматриваются объекты исследования таких разделов, граничащих с психолингвистикой, как лингвистика, психология, физиология, ненормированная речь, этнолингвистика, а также их сходства, различия и особенности. Несмотря на то, что и у психологии, и у лингвистики имеются свои направления и особенности, все же в новой науке психолингвистике объекты исследования являются общими для обеих отраслей науки.

Ключевые слова: психолингвистика, языковое сознание, мысль, органическая механика, психическая механика, содержание, психология, лингвистика, психические образы.

Summary

G.P.Shakharman. Psycholinquistics importance of objectives

This article deals with the problem of research objects of psycholinguistics. Also the scientific conclusions concerning history, researches, scientific model and scientific theories of psycholinguistics which started developing rather recently are discussed and given. The author along with history of psycholinguistics describes in detail the three main stages of its development which make a basis of the subsequent researches. In the article the special attention is given to concept of consciousness, stated by the German scientist Wilhelm von Humboldt, being one of the first researchers of psycholinguistics, and also his follower H. Steinthal who defines that during speaking three mechanisms – organic mechanics, mental mechanics and the maintenance of individual views are carried out, that these mechanisms are important in psycholinguistics as they make a basis of speech ideas. At the same time in this article the objects of research of such sections adjoining on psycholinguistics as linguistics, psychology, physiology, the unrationed speech, ethno linguistics, and also their similarities, distinctions and features are considered. In spite of the fact that both the psychology and linguistics have directions and features, nevertheless in new science of psycholinguistics research objects are the general for both branches of science.

Key words: Psycholinquistics, languages, things, the organic of mechanics, psychological mechanics, content, psychological, linquistics, psyhologycal of character.

ӘОЖ 811.512.611: 81'373.611

ТҰРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ СӨЗ ФОРМАСЫ ЖӘНЕ СӨЗЖАСАМ, ТҰЛГАЖАСАМ, СӨЗӨЗГЕРІМ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ә.О. Ыбырайым – *М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің доценті, ф.ғ.к.*

Аңдатпа. Қазіргі тіл білімінде сөз құрамына байланысты сөзжасам (словообразование), тұлғажасам (формообразование) және сөз түрлену немесе сөзөзгерім (словоизменение) деген грамматикалық ұғымдар қалыптасты. Бұл ұғымдар сөз формасымен, әсіресе, қосымша морфемалармен тығыз байланысты екені анық. Бұл мақалада түркі тілдеріндегі сөз формалары жан-жақты қарастырылып, сөзжасам, тұлғажасам, сөзөзгерім ұғымдарының ара-жігі ажыратылып, олардың өзіндік ерекшеліктері талданды.

Түйін сөздер: сөзжасам, тұлғажасам, сөзөзгерім, сөздердің түрлену жүйесі, қосымша, грамматика, сөз формалары, сөз құрамы.

Тілдің негізгі қызметтерінің бірі – оның коммуникативтік функциясы. Ал, тіл білімінде функция деп – тілдік тұлғалардың сөйлеу процесінде белгілі бір мақсатта жұмсалуы ұғынылады. Тілдің қарым-қатынас құралы ретінде қызмет атқаруы үшін оның лексикалық құрамындағы түрлі сөздер бір-бірімен өзара магыналық байланыста тіркесін, біртұтас тиянақты ойды білдіретін сөйлемдер құрайды. Сөйлемдер, әдетте, сөздердің түрленін, түрлі тұлғаларға ие болып тіркесуінен жасалады. Ал сөздердің түрленуі, өзгеруі, тіркесуі сол тілдің грамматикасы арқылы іске асады. Ягни, грамматика сөздердің өзгеруін, түрленуін және олардың сөйлемде тіркесу формалары мен заңдылықтарын зерттейді.

Қогам өмірінде неше тіл болса, олардың грамматикасы да сан алуан болып келеді. Тіл генеалогиялық немесе типологиялық жағынан бір-біріне жақын, ұқсас болып келгенімен олардың грамматикасында қандай да болса өзгешелік міндетті түрде болады. Соган орай, тіл білімінде ортақ теориялармен қатар жеке тілдік ерекшеліктер де ескерілуі қажет. Бір тілдің фактілері екінші бір тілге таңылмауы тиіс. Әрбір тілдің өз тілдік ерекшелігіне сай грамматикасы жасалуы керек. Бұл бағытта академик А.Н. Самойловичтің пікірі өте құнды: «Грамматику изобрести нельзя, ее можно только открыть и обнародовать. Никакому языку нельзя произвольно навязать грамматику и никакой язык в такой грамматике не нуждается, имея свою природную грамматику с момента своего возникновения» [1, 179].

Қазіргі тіл білімінде сөз құрамына байланысты сөзжасам (словообразование), тұлгажасам (формообразование) және сөз түрлену немесе сөзөзгерім (словоизменение) деген грамматикалық ұгымдар қалыптасты. Бұл ұгымдар сөз формасымен, әсіресе, қосымша морфемалармен тыгыз байланысты екені анық. Алайда аталмыш ұгымдар орыс тіл білімінде біршама зерттеулерге ие болып, аражігі ажыратылып өзара шек қойылганымен, түркі тіл білімінде, соның ішінде қазақ тіл білімінде де әзірге өз шешімін таппай келеді. Бұның басты себебін түрколог-тілшілердің орыс тіл білімін зерттеушілердің пікіріне сүйенуінен деп білеміз. Өйткені флективті тілдер тобына жататын орыс тілінің өлшемдері агглютинативті, ягни қосымшалы тілдер тобына жататын түркі тілдеріне толық өлшем бола алмайды. Бұл бағытта түркі тілдеріндегі қосымшалардың функционалдық қызметі мен грамматикасындағы өзіндік ерекшеліктерді ескеру қажет.

Қазіргі тіл білімінде сөзжасам, тұлгажасам және түрлену ұгымдарының өзіндік зерттелу тарихы қалыптасқан. XIX гасырдагы орыс тілінің лексикалық грамматикаларында тұлгажасамнан гөрі зат есімнің септелу ерекшелігіне баса көңіл бөлінді (И.И.Герч, А.Х.Востоков, Ф.И.Буслаев, В.А.Богородицкий), Қазан мектебі лингвистерінің назарын сөзжасамның күрделі процестері аударды (А.Анастасиев, В.А.Богородицкий, Н.Д.Крушевский), XX гасырдың 20-30 жылдары тілшілер приставкалар мен жекелеген жұрнақтар (суффикс) арқылы жасалган сөзжасамға қызыгушылық білдіреді (Л.В.Щерба, В.В.Виноградов, Г.Винокур).

Бұл үш ұгымның аражігін ажырату орыс тіл білімінде де бірден қалыптаса қойган жоқ. Мәселен, Ф.Ф.Фортунатов, Л.В.Щерба, В.В.Виноградовтардың еңбектерінде сөзжасам мен сөз түрлендіру бір-біріне қарама-қарсы қойылып, олар тұлгажасамның тең дәрежедегі екі түрі ретінде қарастырылады [2, 515]. А.А.Реформатский де осындай пікір айтады: «реляциялық магыналардың өзгерістері сөзөзгерімге жатады, ал деривациялық магыналардың өзгерістері сөзжазасамға жатады; бұл екеуі де

тұлғажасам деп аталып, сөзөзгерімдік және сөзжасамдық деген түрлерге бөлінеді» [3, 252]. А.В.Бондарьконың концепциясы да осыған өте жақын: «...бір сөз бен әртүрлі сөздердің өзгерулері арасындағы айырмашылық, біздің ойымызша, тұлғажасам аясында жүреді. Бір сөздің өзгеру жүйесін біз «сөзөзгерім» деген терминмен байланыстырамыз. Осылайша тұлғажасам түсінігі сөзөзгерімді де (сөзөзгерімдік тұлғажасам) қамтиды, бұдан бөлек сөзөзгерім емес, яғни сөзжасамға сәйкес келетін тұлғажасам да болады (классификациялық немесе сөзжасамдық)» [4, 5]. Автор бұдан ары сөз түрленуге (словоизменение) қандай морфологиялық категориялар жататынын нақтылай түседі: «...сөзөзгерімге, бір сөздің тұлғалық жүйесіне рай, шақ, жақ формаларын ғана емес, сондай-ақ, зат есімнің көптік формаларын, сын есімдер мен үстеулердің салыстырмалы шырайларын, корреляцияның тұрақты түрлері мен етістіктің етіс формалары жатады. Дегенмен сөзөзгерімнің екі типті дифференциациясын анықтау қажеттігі туындайды: 1) бірізді коррелятивті және альтернативті – сөзжасамға нақты қарама-қарсы қойылған «таза» сөзөзгерім» және 2) коррелятивті және деривациялық, яғни сөзөзгерімнің сөзөзгерімді емес (классификациялық) тұлғажасамға өту белгілерін қамтитын түрі» [4, 12-13].

Ал Е.С.Кубрякова бұл проблемаларды шешуде өзіндік бағыт ұстайды. Тұлғажасам мен сөзжасамды бір-біріне қарама-қарсы қою морфологияны екі бөлікке – бір жағынан, сөз таптары мен парадигматика іліміне, екінші жағынан, деривациялық мофологияға алып келеді: тұлғажасам тілдің парадигматикалық жүйесіне қатысты, ал сөзжасам деривациялық морфологияға қатысты болады. Сөзжасамның негізгі қызметі – ономосиологиялық және семантикалық. Сондықтан ол бүтіндей морфология аясына сыймайды, соған орай жеке сипаттаманы қажет етеді. Алайда, сөзжасамның қандай процестері болмасын жаңа морфологиялық құрылымдар құрумен жартылай белгіленген арнаулы деривациялық морфемалармен байланысты, бұл процестер морфологиялық деривация процесі сияқты сипаттап жатуды қажет етеді. Деривациялық морфология морфологияның сөзсіз бөлігі болып мойындалуы керек [2, 517]. Сондай-ақ, автор тұлғажасам мен сөзжасамның аражігін ажыратудың өлшемдерін ұсынады: сөзжасам процесі сөз мәртебесіндегі жаңа атаулардың қажетті санын модельдеу үшін және бұл бірліктердің мағыналық әртүрлілігін қамтамасыз ету үшін қызмет етеді, ал тұлжасам процесі тілдегі барлық сөздерді, оның ішінде сөйлеуде, мәтінде нақты тілдік грамматикалық категорияларға сәйкес келетін туынды сөздерді пайдалану үшін қызмет етеді. [2, 518]. Құрылымдық жағынан өзгеше сөзтұлғасы (словоформ) мен негіздерді (основа) қарама-қарсы қою тұлғажасамды екі топқа жіктеуге мүмкіндік береді: сөз түрлену (словоизменение) және тұлғажасамның өзі. Сөз түрлену флексияның көмегімен іске асады [2, 520]. Сөзжасамды іштей екі топқа жіктеуге болатынын көрсетеді: «түбір өзгерімі және түбір жасау» [2, 522]. Автор осы айтылған пікірлерін жинақтай келе флективті тілдер сипаттамасы бойынша морфологиялық деривацияның екі, үш емес төрт процесін ажырату қажет деп көрсетеді: тұлғажасам аясындағы екеу – сөзөзгерім және тұлғажасамның өзі (морфологиялық негіздің пайда болуы) және сөзжасам аясындағы екеу – түбір өзгерімі мен деривациялық түбір жасам [2, 523].

Бұл үш ұғымның аражігін ажыратып шек қоюда В.М. Жирмунский еңбегінің орны ерекше екені анық. Ғалым тұлғажасамның тек флективті тілдер мен орыс тілінде ғана емес, сондай-ақ басқа типтегі тілдерде де сөзжасам мен сөз түрлендірудің (словоизменение) арасындағы өз бетінше жеке морфологиялық құбылыс екенін дұрыс тани білді: «тұлғажасам астарында әр типтес тілдердің едәуір айырмашылықтары бар сөзөзгерім мен сөзжасамының өтпелі категориясы ұғымы түсіндіріледі» [5, 17].

Н.А.Лыкова да тұлғажасам мен сөз түрлендірудің екі түрлі ұғым екенін, бұлардың сөзжасамға қарағанда бір-біріне жақын екенін көрсетеді. Орыс тілінде бұл ұғымдарға қандай категориялардың жататынын ажыратады: «тұлғажасам аймағына тұйық райдан басқа, етістіктің өткен шақ формасын, көсемше мен есімшені, сын есімдер мен үстеулердің салыстырмалы шырай формаларын, етістіктің рай, етіс формалары мен түрлерін, зат есімдер мен сын есімдердің субъективті бағалау формалары жатқызу керек. Сөзөзгерімге жүйелі түрде ауысып тұратын жалғаулары бар категориялар қатары кіреді» [6, 50-51]. А.С.Герд те өзінен бұрынғы барлық еңбектерді талдай келе бұл үш ұғымды жеке-жеке морфологиялық процесс ретінде қарастырғанды дұрыс санайды [7, 20].

Сонымен орыс тіл біліміндегі еңбектерді саралап, талдай келе қазіргі орыс тіл білімінде бұл үш құбылыс өз алдына жеке-жеке морфологиялық процесс ретінде қарастырылып жүргенін, олардың аражігі ажыратылып өзара шек қойылғанын байқауға болады. Орыс тіл біліміндегі бұл зерттеулер

мен тұжырымдар түркі тіл біліміне де өз әсерін тигізбей қойған жоқ. Кейбір түрколоғ ғалымдар аталмыш ұғымдардың аражігін жоғарыда көрсетілген тұжырымдарға сүйене отырып шешуге тырысты. Мәселен, А.Н.Кононов түрік тілінің ғрамматикасында етістіктің сипатын екі бөлімге бөлін қарастырады: I. Етістіктің тұлғажасамы; II. Етістіктің сөзжасамы [8, 190]. Бірінші топқа етіс катеғориясын, етістіктің түрлерін, етістіктің шақ және рай катеғорияларын, етістіктің жіктелуін (лиңо и число ғлағола), етістіктің модальдық формаларын, есімшені және көсемшені жатқызады. Сөйтін етістіктің тұлғажасам мен сөз түрлену жүйесін бір топта қарастырады. Бірақ сөзөзгерім (словоизменение) деген терминді қолданбайды.

Түркі тілдерінің ғрамматикаларында әдетте сөз құрамын жасайтын морфолоғиялық құбылыс ретінде сөзжасам мен сөзөзгерім терминдері беріледі. Кейбір еңбектерде сөзөзгерім термині тұлғажасам терминімен ауыстырылып өзара синоним ретінде берілсе, ал кейбір еңбектерде бұл терминдер жеке-жеке ұғымдар ретінде қарастырылады. Кейінгі түркі тілдерінің, атап айтар болсақ қарайым, ғағауыз, қарашай-балқар тілдерінің ғрамматикаларында да сөз таптарын сипаттау екі топқа қарастырылады: 1. Сөзжасам (словообразование); 2. Сөзөзгерім (словоизменение).

Түркі тілдерінің құрылысын тереңірек зерттеген ғалымдардың бірі – Н.А.Баскаков. Оның айтуынша сөз түрлендірудің ерекше синтаксистік анықтамасы бар, яғни сөз түрлендіру «сөз тіркестері мен сөйлемдегі сөздердің тұлғалық көрсеткіштерінің жүйесі» болғандықтан, «сөз тіркестері мен сөйлемнің морфолоғиясы» немесе «синтаксистік морфолоғия» ретінде танылады. Ғалым «тұлжасам» деген терминді мүлдем мойындамайды, «сөз түрлендіру дегеннің өзі шындығында тұлғажасам дегенді білдіреді», – деп, бұлардың арасында ешбір айырмашылық жоқ деп есептейді.

Сөзжасам деген ұғымды Н.А.Баскаков лексикалық морфолоғияға жатқызады және жаңадан сөз жасаудың тұлғалық көрсеткіштерінің жүйесі деп түсіндіреді. Автор сөзжасам мен сөз түрлендіруді тілдік механизмнің морфемалар жиынтығы, ғрамматикалық көрсеткіштер жиынтығы деп таниды. Сондай-ақ, ғалым сөз түрлену жүйесі «сөз тіркестері мен сөйлемдегі мүшелердің таза синтаксистік қатынасын білдіреді» деген тұжырым жасайды [9, 7-8].

Аталмыш ұғымдардың ара жігін ажыратуда түркі тіл білімінде еңбегі сіңген ғалымдардың бірі – М.А. Хабичев. Автор қарашай-балқар тілдерінің деректеріне сүйене отырып, бұл үш ұғымның өзара ерекшеліктерін көрсетін берді. «Егер сөзжасам аффикстері жаңа лексикалық сөз жасайтын болса, ал тұлғажасам жаңа лексикалық сөз жасамайды, ол негізгі және туынды түбірге жалғанып, сөзге жаңа ғрамматикалық мағына үстейді. Ол мағына әртүрлі болады: тәуелдік, салыстыру, ұқсату, кішірейту, қатыстық т.б. Тұлғажасамның кейбір аффикстері көп мағыналы болып келеді де, синкреттік рольде қолданылады. Кейде тұлғажасам аффикстері лексикаға айналып сөзжасамға ауысады» [10, 7].

Сондай-ақ автор тұлғажасам аффикстерінің айырмашылықтарын да көрсетеді:

1. Тұлғажасам аффикстері көбінесе сөзөзгерім аффикстерінің алдында қолданылады.
2. Тұлғажасам аффикстерімен келген есімдер өзіне сөзөзгерім аффикстерін қабылдайды.
3. Тұлғажасам аффикстерінің мағынасы сөзөзгерім аффикстерінің мағынасынан кеңірек.
4. Есімдердің тұлғажасам аффикстері тек есімдер мен субстантивтенген сөздерге ғана жалғанады.
5. Тұлғажасам аффикстеріне аяқталған сөздер сөйлемде бастауыш, толықтауыш, анықтауыш және пысықтауыш қызметін атқарады.
6. Кейбір тұлжасам аффикстері үндестік заңына бағынбайды: -ча, -нуки.
7. Тұлғажасам аффикстері негізгі түбірдің құрамына кіреді.
8. Тұлғажасам аффикстері бір-біріне қабатталып қолданыла береді. Одан сөздің ғрамматикалық мағынасы әрі қарай дамиды: юйнюкю-юйнюкюдеғи [10, 7-8].

Автор құман тілінің деректері постфикстерді төрт түрге бөлуге мүмкіндік беретінін айтады: «өзіндік құрылымдық-семантикалық және ғрамматикалық ерекшеліктері бар сөзжасамдық аффикстер (суффикстер), тұлғажасамдық аффикстер (суффикстер), синкреттік аффикстер (суффикстер), сөзөзгерімдік морфемалар (флексиялар)» [10, 34].

М.А.Хабичев «формообразование» деген терминді екі мағынада қолданады. Бірінші, тар мағынада негізгі және туынды түбірге жалғанып жаңа сөз жасамайды, оған қосымша ғрамматикалық мағына үстейді және мынадай формалар жасайды: тәуелдік, қатыстық, салыстырмалы, ұқсату, кішірейтпелі, меншіктік, приативті, салыстыру дәрежелері, сапалық кемдік [10, 34-35]. Екінші «тұлғажасам кең мағынада түркі тілдерінде өзінің құрамына аффиксті тұлғажасамды (яғни суффиксті тұлғажасам),

аналитикалық тұлғажасамды (сөздердің тіркесуі арқылы жасалған сипаттамалы немесе күрделі тұлғажасам), флективті тұлғажасамды (сөзөзгерім) қамтиды» [10, 179].Сонымен қатар автор тұлғажасам мен сөз түрлендіретін аффикстердің жалпы сипаттамасын, олардың тілдік (фонетикалық, сөзжасамдық, морфологиялық, синтаксистік) ерекшеліктерін, оған қандай грамматикалық категориялардың жататынын және олардың қай сөз таптарына тән екенін жан-жақты қамтып, толық түсіндірін береді.

Түркі тілдеріндегі сөз түрлендіру жүйесі В.Г.Гузевтің монографиясында да кеңірек сөз болады. Автор сөзжасам мен сөз түрлендіруді тілдің ұқсас морфологиялық механизмі ретінде салыстыра зерттейді. Олардың өзіндік ерекшеліктерін айқындайды: «...сөзжасам өзге тілдік жүйелерден қорда бар лексикалық бірліктердің негізінде жасалған жаңа лексикалық мағыналардың, тілдік құралдардың жиынтығы болып табылады.

Сөзжасамға қарағанда, сөзөзгерім әртүрлі сөз формаларын жасау үшін қолданылатын тілдік құралдарды қамтиды да, оның негізін тілдік мағыналары бар төмендегі операциялар құрайды: 1) атауыштық немесе қосымша лексикалық мағыналардың грамматикалық мағыналармен үйлесуі; 2) жекелеген лексемалардың мағыналары мен мағыналық комбинациялардың окказионалды (яғни коммуникативтілік қажеттілік болған жағдайда ғана жүзеге асатын) жіктелуі, бұлар сөйлеуде сөзформаларымен немесе грамматикалық мағыналарды білдіретін сөз тіркестерімен беріледі де, нәтижесінде сөздер, сөз формалары немесе сөз тіркестері арқылы берілген ой мазмұны заттың, белгінің немесе жағдайдың бейнесі ретінде көрінеді» [11, 39].

Сондай-ақ сөз түрлендіру жүйесін мағыналық-коммуникативтік өрісте екі түрге бөліп қарастырады: 1) жеке категориалды мағынасы бар тұлғажасам; 2) категориалды мағынаның өзіне емес, категориалды мағына арқылы берілетін тілдік бірлікке бағытталған тұлғаөзгерім.

Тұлғажасам – грамматикалық формалар және оның категориалды мағыналарының категориясын қамтитын сөзөзгерімнің негізгі түрі. Тұлғажасам ауқымына сондай-ақ бір мүшелі және көп мүшелі категориялар (септеу, субъективті бағалау, сандық қатысым) да кіреді.

Тұлғаөзгерім – тек көп мүшелі категорияларға ғана тән, әрі оның категориалды мағынасын өзгертпейтін тұлғаларды қамтитын сөзөзгерімнің түрі [11, 137].

Л.А.Покровская түркі тілдеріндегі аффикстерді орыс тіл білімі дәстүрімен үш топқа: сөзжасам, тұлғажасам, сөзөзгерім деп бөлуді қостайды. Алайда түркі тілдерінде флекция да, суффикс те жоқ, сондықтан бұл тілдер үшін тұлғажасам мен сөз түрлендіру аффикстерін ажыратуда өзіндік өлшем табу керек. Автор осы өлшем бойынша аффикстерді жіктейді. Қорыта келгенде, түркі тілдеріндегі тұлғажасам сөзжасам мен сөзөзгерімнің ортасындағы аффиксті жеке морфологиялық құбылыс болып табылады [12, 14-16].

Қазақ тіл білімінде бұл мәселені шешу қосымшаларды жіктеу тұрғысында қарастырылып келді. Алайда қосымшаларды жіктеуге негіз болған белгілер мен өлшемдердің әртүрлі болуына байланысты бірнеше пікір қалыптасты. Қазіргі қазақ тілі жайлы зерттеулерде қосымшаларды жіктеуде негізгі үш бағыттың бар екені аңғарылады. Оның бірі: «… сөйтіп, осындай мағыналары мен қызметтеріне қарай, сөзден сөз тудыратын және сөзден жаңа форма тудыратын қосымшалар (морфемалар) жұрнақтар деп, сөз бен сөзді байланыстыратын қосымшалар (морфемалар) жалғаулар деп аталады. Сөз тудыратын жұрнақтар өзі қосылып айтылған сөздерінен жаңа туынды сөз жасайтын болғандықтан лексика-грамматикалық категория қатарына жатады, форма тудыратын жұрнақтар өзі қосылып айтылған сөзінің белгілі бір сөз табына тән грамматикалық қызметін анықтау үшін қолданатын болғандықтан, функционалды-грамматикалық категория қатарына жатады. Ал жалғаулар сөйлем ішіндегі сөздерді бір-бірімен байланыстыратын болғандықтан таза грамматикалық категорияға жатқызылады. Бірақ қазақ тіліндегі жұрнақтар арқылы сөз тудыру грамматикамен де тікелей байланысты» [13,28]. Осындай пікірді проф. К.Аханов тан да кездестіреміз. Автор қосымшаларды жалғау және жұрнақ деп екіге бөліп қарастырып, жұрнақтардың екі топқа бөлінетінін көрсетеді: «жұрнақтардың ішінен сөз тудырушы жұрнақтар жалғанған сөзінен жаңа сөз тудырады да, ондай туынды сөздер дербес лексикалық единицалар (өз алдына бөлек сөздер) ретінде қаралады, форма тудырушы жұрнақтар жалғанған сөздерінен өз алдына бөлек сөз ретінде қаралатындай туынды сөздер жасай алмайды, олар тек сол сөздің әртүрлі формаларын тудырады» [14, 282].

Екінші бағыт проф. Ә.Ибатов пікірі. Бұл ғалым та қазақ тіліндегі қосымшаларды іштей күрделі үш салаға бөледі. Бұл жіктеу мағынасы мен қызметі жағынан жоғарыдағы пікірмен толық сәйкес

келгенімен, автор оларға өзіндік атау ұсынады: сөзжасам (словообразовательный), сөзтүрлем (формообразовательный), сөзбайлам (словоизменительный).

Сөзжасам қосымшалары деп белгілі бір түбір негіздер мен туынды негіздерден жаңадан туынды сөз тудыратын, жаңа сөз жасайтын қосымша морфемаларды айтамыз: басшы – бас+шы, ақта – ақ+та.

Сөзтүрлем қосымшалар деп негіз түбірлер мен туынды негіздердің, сөйлемдегі атқаратын қызметіне байланысты қосылып айтылатын, жаңадан сөз жасай алмайтын функционалды-грамматикалық қосымшаларды айтамыз. Мұндай қосымшалар түбірлер мен негіздерге жаңа түр-тұрпат беріп түрлендіру үшін қолданылады. Мысалы: ағырақ – ақ+ырақ, алғыз – ал+ғыз т.б.

Сөзбайлам қосымшалар – негізінен жалғаулар. Сөйлемдегі сөздерді бір-бірімен байланыстырып тұру үшін жұмсалатын негізгі қызметіне сәйкес «сөзбайлам» қосымша деп атадық (орысша словоизменительный). Бұған көптік, септік, тәуелдік, жіктік жалғаулары жатады [15, 34-35].

Е.Мергенбаев «Қазақ тіліндегі сөзөзгерім жүйесі» монографиясында Ә.Ибатовтың жоғарыда көрсетілген пікірін басшылыққа алған, дегенмен оның өзіндік ерекшеліктері де бар. Автор сөздің тұлғалық жақтан түрленуіне байланысты сөзжасам (словообразование) және сөзөзгерім (словоизменение) деген терминдерді қолданады. Сөзжасам тұлғалар сөздің заттық, құбылыстық, қимыл, іс-әрекеттік белгілерін жалпылап көрсетсе, сөзөзгерім тұлғалар заттар мен құбылыстардың іс-әрекет және белгілердің жалпылама арақатысын, байланысын анықтайды [16, 17]. Есім сөзөзгерімді тұлғажасам қосымшалары және сөзбайлам қосымшалары деп екі топқа топқа бөледі. Тұлғажасамға зат есімнің экспрессивті-эмоционалды жұрнақтары мен сын есімнің шырай категориясын, реттік сан есімнің және үстеудің кейбір тұлғажасам жұрнақтарын жатқызады. Сөзбайлам қосымшаларына зат есімге (немесе субстантивтенген басқа да сөз таптарына) жалғанатын көптік, септік, тәуелдік, жіктік жалғауларын жатқызады [16, 20].

Автордың үстеулердің тұлғажасам қосымшаларына келтірген кейбір жұрнақтары мен сөзбайлам қосымшалары деген терминімен келіспегенімізбен, оның сөздің тұлғалық өзгеріске ұшырауын сөзжасам және сөзөзгерім деп екі топқа бөліп көрсетуі өте орынды. Қазақ тіл білімінде қосымшаларды осылайша екі топқа бөліп қарастырудың негізін қалаған проф. Ы.Маманов болатын. Ғалым сын есімге тән шырай формаларының, етістікке тән есімше, көсемше, рай формаларының, зат есімге тән септік, тәуелдік, көптік, иелік формаларының қосымшалары және жіктік жалғауларының жалғанған сөздерінің сөздік мағынасын өзгертпей, тек грамматикалық мағына үстейтінін баса көрсетті. Олардың атқаратын қызметі – сөздің грамматикалық формасын тудыру. Сондықтан бұларды жалғау (словоизменение) және форма тудырушы (формообразование) деп екі топқа бөлмей, грамматикалық форма тудырушы қосымшалар деп, біріктіріп қарау дұрыс болар еді. Барлық қосымшалар, негізінен, екі-ақ түрлі қызмет атқарады: бірі – сөз тудыру, екіншісі – сөздің грамматикалық формасын тудыру [17, 51].

Проф. Ы.Мамановтың бұл тұжырымын проф. С.Исаев толықтырып, теориялық тұрғыдан әрі қарай дамытты. Алайда бұл ғалым қосымшаларды жіктегенде олардың білдіретін және беретін мағынасы бірінші кезекте, ал атқаратын қызметі екінші кезекте тұруы керек деп есептейді [18, 219]. Сондай-ақ қосымшаларды сөзжасам қосымшалары және форма тудырушы қосымшалар деп екі үлкен топқа бөлудің ғылыми да, практикалық та мәні бар екенін көрсетті [18, 222]. Одан әрі бұл қосымшалардың басты грамматикалық қасиеттерін, мағыналық ерекшеліктерін, тілдік қабаттарын, қолданылу аясы, мен мағыналық шеңберін жан-жақты талдай келін, форма тудырушы қосымшаларды әрі қарай жіктейді. Оның сөз байланыстыру қызметін атқаратын түрін жалғау деп, сөз байланыстыру қызметін атқара алмайтын, категориялық грамматикалық мағына ғана тудыратын түрін жұрнақ деп атайды. Жұрнақтардың өзін беретін мағынасы мен атқаратын қызметіне қарай модификациялық немесе лексика-грамматикалық жұрнақтар, екінші түрін таза грамматикалық немесе категориялық жұрнақтар, – деп екіге бөледі. Модификациялық жұрнақтар жаңа мағыналы сөз тудырмағанымен, түбірге қосымша грамматикалық мағына үстеумен бірге түбір сөздің лексикалық мағынасына семантикалық реңк қосады да, сөйлеу процесінде қолданылуы жағынан түбірдің грамматикалық сипатын сақтап қалады, сөйтіп, бір сөз табының шеңберінде жасалатын туынды түбірге ұқсап кетеді. Қазақ тілінде модификациялық қосымшаларға зат есімнің реңк мәнді жұрнақтары, сын есімнің шырай формалары, реттік сан есімнің жұрнақтары, етістіктің етіс, күшейтпелі етістік, болымсыз етістік жұрнақтары жатады. Есімше, көсемше, рай, шақ тұлғалары етістіктің таза грамматикалық категорияларының парадигмалық жұрнақтары болып саналады да, түбір тұлғаларды жіктеуге және

етістіктің негізгі қызметі – предикат қызметін атқаруға дәнекер және негіз болып тұрады. Осы тұрғыдан автор зат есімнің көптік категориясының көрсеткіші деп танылып жүрген көптік жалғауды жалғау деп танымайды, оны ғрамматикалық жұрнақтар қатарында қарастырады. Өйткені көптік тұлға сөйлемде сөз бен сөзді байланыстырмайды. Өзі жалғанған сөзге көптік ұғым ғана үстейді: Сонда форма тудырушы қосымшалардың жалғаулар тобына тәуелдік, ғрамматикалық септік, көлемдік, жіктік жалғаулар жатады [18, 226-228]. Бұл жерде С.Исаев Ы.Мамановтың "көптік жалғауының сөз бен сөз арасын байланыстыру қабілеті жоқ" деген пікірін негізге алады.

Жоғарыда аталған түркі және қазақ тіл біліндегі еңбектерді саралай келгенде бір ортақ тұжырымды аңғаруға болады. Ол қосымшалардың білдіретін және беретін мағынасы мен атқаратын қызметіне қарай үш топқа топтастырылуы. Олар – сөзжасам қосымшалары (словообразование), тұлғажасам қосымшалары (формообразование) және сөзөзгерім (сөз түрлендіру) қосымшалары (словоизменение). Аталған авторлар сөзжасам қосымшалары жайлы ортақ бір мәмілеге келсе, ал соңғы екеуі туралы түрлі қайшылықтар кездеседі. Бұл қайшылықтар, әсіресе, қазақ тіліндегі еңбектердің авторларында аталмыш қосымшалардың атауынан көрінеді. Бұл ұғымдарға байланысты сөзтүрлем, сөзбайлам [15; 16], сөз түрлендіретін (форма тудыратын) формалар, сөз жалғастыратын формалар [13], сөз тудырушы қосымшалар мен ғрамматикалық форма тудырушы қосымшалар [9], жұрнақ пен жұрнақша [19] және сөзжасам қосымшалары және форма тудырушы қосымшалар [18] деген түрлі атаулар қолданылып жүр.

Екінші қайшылық кейбір қосымшалар жайында. Мәселен, сын есім мен үстеудің шырай формасының қосымшалары. Оны аталмыш ғалымдар сөзжасам қосымшалары [19,78; 9], форма тудыратын жұрнақ [13], тұлғажасам қосымшалар [16, 22], модификациялық қосымша [18, 227] деп түрліше атап жүр. Соған орай кейбір авторларда сөзжасам құрамында, енді біреулерінде тұлғажасамда қарастырылған. Біз сын есім мен үстеулердің шырай формаларын тұлғажасам құрамында қарастыру дұрыс деп есептейміз, өйткені олар түбір сөзден ешқандай жаңа лексикалық туынды сөз жасап тұрған жоқ. Бар болғаны оны ғрамматикалық тұрғыдан толықтырып, айқындай түскен. Міне, түркі тіл білімі мен қазақ тіл біліндегі осындай қайшылықтарды талдап, бір-бірімен салыстырып, саралай келе, біз өз тұжырымымызды ұсынуды ұйғардық. Түркі тіл біліндегі бұл еңбектердің барлығы дерлік орыс тілінде болғандықтан және қазіргі қазақ тіліндегі қосымшалардың білдіретін мағынасы мен атқаратын қызметін ескере отырып, біз бұл жерде орыс тіліндегі словообразование, формообразование, словоизменение деген ұғымдарға жақындатып сөзжасам, тұлғажасам және сөзөзгерім қосымшалары деген терминдерді қолданып, оны қосымшаларды жіктеу тұрғысынан алғанды жөн көрдік. Оның өзіндік себептері де жоқ емес.

Сөзжасам қазіргі тіл білімінде өз алдына дербес, жеке салаға айналып отыр. Соған орай оның теориялық және практикалық мәселелері зерттелін, тіл біліндегі өзіндік орнын тапты деуге болады. Сондықтан біз бұл ұғымға терең тоқталмаймыз. Сөзжасам қосымшаларға белгілі бір түбір немесе туынды негіздерден жаңа туынды сөз тудыратын, жаңа лексикалық сөз жасайтын қосымшаларды жатқызамыз.

Тұлғажасам мен сөзөзгерім де түркі тілдерінде теориялық тұрғыдан біршама зерттелінді. Бұл бағытта, әсіресе, В.Г.Гузев, М.А.Хабичев, А.А.Покровская сынды ғалымдардың еңбектері ерекше дараланады. Соған қарамастан бұл ұғымдар қазақ тілінде әлі күнге дейін тек қосымшаларды жіктеу тұрғысынан қарастырылып келеді: Тек, Е.Мерғенбаев қана бұл бағытта өзіндік жол салып, аталмыш мәселелерді теориялық қырынан зерттеген моноґрафия шығарды. Автор бұл екі ұғымды біріктірін сөзөзгерім деп атайды да, оның негізгі тәсілдерін көрсетеді: синтетикалық тәсіл және аналитикалық тәсіл. Синтетикалық тәсілді есімді сөзөзгерім және етістікті сөзөзгерім деп ары қарай жіктеп, ол тұлғаларды іштей екі түрге бөледі: біріншісі – сөзге функциональды-ғрамматикалық мағына үстейтін тұлғажасам қосымшалар, екіншісі – сөздерді бір-бірімен байланыстыру үшін қолданылатын таза ғрамматикалық сөзбайлам қосымшалар [16, 20]. Ғалымның аталмыш екі ұғымды біріктірін сөзөзгерім деп атауын құптағанымызбен, тұлғажасамға байланысты кейбір пікірлерімен келісе алмаймыз. Оның үстеулерге қатысты жерлері төменде сөз болады.

Қорыта келгенде, бұл ұғымдарды сөзжасам және сөзөзгерім деп екі топқа бөлуді жөн көрдік. Сөзөзгерімге тұлғажасам мен сөздердің парадиғмалық түрлену жүйесін жатқыздық. Тұлғажасам зат есімнің реңк мәнін тудыратын жұрнақтарды, иелік мән тудыратын жұрнақтарды, сын есім мен үстеулердің шырай формаларын, реттік сан есім формаларын және етістіктің етіс, есімше, көсемше,

рай, шақ категорияларының формаларын және көптік категорияның көрсеткіші көптік жалғауды қамтиды, ал сөзөзгерім септік, тәуелдік, жіктік жалғауларын амтиды. Біз бұл жерде сөзөзгерім терминін екі мағынада қолдандық. Бірінші кең мағынада, яғни сөздің түрлі грамматикалық формаларға ие болып тұлғалық өзгерістерге ұшырауы да, екіншісі тар мағынада, яғни сөздердің септік, тәуелдік, жіктік жалғаулар арқылы өзгеру жүйесі. Әр сөз табының сөзөзгерім жүйесі біркелкі емес. Ол сөз таптарының грамматикалық категорияларына байланысты болады.

1. Самойлович А.Н. Тюркское языкознание. Филология. Руника. –М.: Восточная литература, 2005. - 1058 с.

2. Кубрякова Е.С. О формообразовании, словоизменении, словообразовании и их соотношении // ИАН, Серия литература и язык. Т.35. № 6. –М.: Известия АН СССР, 1976. - 514-520 с.

3. Реформатский А.А. Введение в языкознания. –М : Просвещение, 1967. -252 с.

4. Бондарко А.В. Формообразование, словоизменение и классификация морфологических категории (на материале русского языка) // Вопросы языкознания. –М., 1974, №2. -3-14с.

5. Жирмунский В.М. О границах слова // Морфологическая структура слова в языках различных типов. – М – Л.; Изд-во АН СССР, 1963. – 291 с.

6. Лыкова Н.А. О границах между словоизменением, формообразованием и словообразованием в русском языке // Филолог. науки. -М , 1981. №3. -48-53с.

7. Герд А.С. Словообразование, формобразование и словоизменение // Лингвистика и модели речевого поведения. Межвуз. сборник. -Л., 1984. -13-20с.

8. Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. М-Л.: Изд-во АН СССР, 1956. – 569 с.

9. Баскаков Н.А. О границах словобразования и словоизменения тюрских языках // Советская тюркология, 1986, №2. - 3-11 с.

10. Хабичев М А. Карачево-балкарское именное формообразование и словоизменение: опыт сравнительно-истоического изучение. –Черкесск: Ставроп. книж. изд-во, 1977. – 110 с.

11. Гузев В.Г. Очерки по теории тюркского словоизменения: Имя. –Л.: Изд-во ЛГУ, 1987. – 141 с.

12. Покровская Л.А. Формообразование и его отношение к словоизменению в тюркских языках // Советская тюркология. 1990. № 1. -12-16 с.

13. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. - 384 б.

14. Аханов К.А. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Мектеп, 1975. - 390 б.

15. Ибатов А. Сөздің морфологиялық құрылымы. – Алматы: Ғылым, 1983. - 146 б.

16. Мергенбаев Е. Қазақ тілінің сөзөзгерім жүйесі. – Алматы: Санат, 1994. - 228 б.

17. Маманов Ы.Е. Қазақ тілі (лекциялардың текстері). – Алматы: ҚазМУ баспасы, 1973. - 90 б.

18. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы: Рауан, 1998. - 304 б.

19. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1989. 308 б.

20. Гочияева С.А. Наречие в карачево-балкарском языке. – Черкесск: Ставроп. книж. изд-во, 1973. - 119 с.

Резюме

А.О. Ыбырайым. Проблемы форм слова, словообразования, формообразования словоизменения в тюркских языках

В современном языкознании сформированы грамматические понятия, связанные с составом слов, такие как словообразование, формообразование и словоизменение. Очевидно, что эти понятия тесно связаны с формой слова, особенно, с дополнительными морфемами. В данной статье всесторонне рассмотрены формы слов в тюркских языках, проведены различия между словообразованием, формообразованием и словоизменением, проанализированы специфические особенности данных понятий.

Ключевые слова: словообразование, формообразование, система изменений слов, дополнительный, грамматика, формы слова, состав слова.

Summary

A. Ybyraiym. Problems of the word-forming, word-formation, forming and word-change in turkic languages

Annotation: These concepts: word-forming, word-formation, forming and word-change are entered in the Modern Kazakh linguistics. These concepts are closely connected with the additional morphemes. Turkic word-forms have widely considered and word-formation, forming and word-change have been analyzed in this article.

Key words: Main words are word-forming, word-formation, forming, word-change, addition, grammar, word-forms and word-building.

ӘДЕБИЕТТАНУ
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

ӘОЖ 821.512.122.0

КҮРДЕЛІ КЕЗЕҢ ТҰЛҒАЛАРЫ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ

Б.Әбдіғазиұлы – *филология ғылымдарының докторы, профессор*

Аңдатпа. Мақалада ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің талантты өкілдері Сұлтанмахмұт Торайғыров пен Шәкәрім Құдайбердіұлы бастаған ақын-жазушылардың шығармашылығын зерттеу мәселелері сөз болады. Қазақ әдебиеттану ғылымындағы Сұлтанмахмұттану және Шәкәрімтану салалары бойынша атқарылған ғылыми зерттеулерге сараптама жасалады. Көрнекті әдебиеттанушы ғалым Бейсенбай Кенжебаевтың зерттеулерінде қолға алынған проблемалардың кейінгі ғалымдар тарапынан жалғасын табуы сөз болады. Атап айтқанда, белгілі ғалым Арап Еспенбетовтың осы тақырыптағы зерттеулері, жалпы әдебиет тарихын зерттеудің көкейкесті мәселелері қамтылады. Сондай-ақ, аймақтық әдебиетті зерттеу, көркем шығарманың текстологиясы, т.с.с. мәселелер туралы бірқатар тұжырымдар ұсынылады.

Түйін сөздер: әдебиет тарихы, күрделі кезең, мәтінтану, көркем шығарма.

Әдебиет тарихы – ұлттық өркениет жолының айқын жылнамасы. Халқымыздың кәрі тарих сүрлеуімен жүрін өткен ұзақ та күрделі сапарының әрбір бөлшегі ұлттық әдеби мұралардың сарғайған парақтарынан көрініс тапқаны ақиқат. Жазу-сызуымыз кемдеу болғанмен жадымыз терең, ауызша тарихымыз тасқа басқандай мәлімет көзіне айналған халықпыз. Сол себепті де көне замандардағы тіршілігіміздің сипаты, бастан-кешкен қиямет-қиянаттарымыз, жеңістеріміз бен жетістіктеріміз туралы мағлұмат бізге өзіміз қастер тұтатын қасиетті сөз өнеріміз арқылы жетті.

Міне, осынау бай тарихымыздың аса бір елеулі де тағдырлы тұсы өткен жиырмасыншы ғасырдың басы болған-ды. Қазақ қоғамының өміріне орасан мол өзгеріс әкелген осы кезеңдегі ұлттық әдебиетіміздің айрықша түрлене дамуы, жаңа идеялармен тыныстап, өзгеше үнмен тіл қатуы, бұқараның ой-санасында сілкініс тудыруы, отарлық езгінің бұғауында тұншығып келген халық көкірегіндегі үміт шырағын жағуы осы бір кезеңнің қазақ өркениетінің дамуындағы ерекше сипатын танытса керек. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсыновтар бастаған қайраткер тұлғалар тарих сахнасына шығып, қазақ халқының рухын көтерді, ұлттық әдебиетіміздің жаңа парақтары жазылды.

ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің тарихы деғенде бүгінге дейін Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсінбек Аймауытов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Спандияр Көбеев, Мәшһүр Жүсін Көпеев сынды көрнекті ақын-жазушылар туралы жазылған зерттеу еңбектері мен осы салада көз майын тауыса қалам тербеген зерттеуші ғалымдар есімі ойға алдымен оралады.

Осы қатардан белгілі әдебиеттанушы ғалым Арап Еспенбетовтың заңды орын алатынын атап айтуымыз керек. Ұзақ жылдар бойы жоғары оқу орындарының басшылығында және оқытушылық қызметте бола жүрін, өз өмірінің басты бағдары мен мәні болған ғылым саласында да аса мол әрі жемісті еңбек етіп келе жатқан Арап ағамыздың азаматтық, ғалымдық тұлғасы оның қаламынан туған монографиялары мен ғылыми еңбектерінен айқын көрінеді.

Қандай ғалымның болсын бірінші бақыты – ғылым жолындағы ұстазы десек, Арап Сіләмұлының тәлім алған ғылыми мектебінің ұлылығы жиырмасыншы ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеттанушы ғалымдарының баршасының дерлік аяулы ұстазы болған Бейсенбай Кенжебаевтың есімімен тікелей байланысты. Қандай сын сағаттарды бастан кешіре жүрсе де, қайсарлығын жоғалтпаған, әділетсіздік атаулыға өзінің ішкі түйсігін қарсы қоя отырып қарсылық көрсеткен, бүкіл өмірі арқылы рухани ерліктің үлгісіне айналған Бейсекең өз бойындағы осынау ұлттық мұраға деген адалдығын Арап сынды талантты шәкірттерінің бойына ғана емес қанына да сіңірді. Кеңестік идеология тұсында «алашордашыл» деген желеумен руханиятымыздың көшінен жазықсыз шеттетілген тұлғалар қатарында аталатын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармашылық мұрасын

зерттеп, қазақ әдебиеттану ғылымындағы сұлтанмахмұттану саласының негізін қалаған Бейсенбай Кенжебаевтың өнегесі Арап үшін үлкен мектепке айналды.

Арап Сіләмұлының 1992 жылы жарық көрген «Сұлтанмахмұт Торайғыров» атты монографиясы осынау ұлы ұстаз еңбегін жаңаша жалғастырған елеулі қадам болды. Социалистік қоғамның күні келмеске кетін, Тәуелсіздіктің арайы сезілген өтпелі кезеңде жарық көрген бұл еңбекте Арап Сіләмұлы Сұлтанмахмұт сынды талантты ақынның өмірі мен шығармашылық жолы жайында бұрын айтылмаған, жария болмаған тың деректер негізінде жаңа тұжырымдар ұсынды. Бұл қазақ ғалымдарының ойлау еркіндігі, сана тәуелсіздігі жағдайында ой айтқан алғашқы еңбектерінің бірі болды десек артық емес.

Атап айтқанда, монографияда ақын Сұлтанмахмұттың өз кезіндегі Алаш қайраткерлерінің, Шәкәрім, Ахмет, Міржақып, Жүсінбек, Мағжандардың есімдерін ілтипатпен атайды, «...Жаңа ғасыр басындағы әдебиетте есімдері берік қалыптасқан Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мұхаметжан Сералин, Сәбит Дөнентаев, Спандияр Көбеев, Бернияз Күлеев, арагідік аталып жүрген Шәңгерей Бөкеев, Ғұмар Қарашев, Нарманбет Орманбетов, жарты ғасыр араға салып оралған бес алып творчестволары сабақтастыра, салыстыра, байланыстыра зерттелгенде ғана іс нәтиже бермек»,- деп әдебиеттану ғылымының алдында тұрған биік міндеттердің көкжиегіне үңіледі. Ғалым есімдері енді ақталған бес арыс пен Сұлтанмахмұттың арасындағы сабақтастықты қарастырғанда, әсіресе Жүсінбек Аймауытовқа нақтырақ тоқталады. Жүсінбек Аймауытов Сұлтанмахмұт шығармаларын алғашқы жинаушысы ретінде оның кітабын дайындайды. Сонымен қатар Жүсінбектің кейіпкерлері мен Сұлтанмахмұттың арасындағы таныстық, байланыстар Арап Сіләмұлы зерттеуі арқылы екі қаламгердің шығармашылық ынтымағын айқындай түскен.

Профессор Арап Сіләмұлы осы еңбегінде Сұлтанмахмұттың бұрын сөз болмаған, назардан тыс қалып келген шығармаларын талдайды. Әсіресе ғалым еңбегінің басты табысы ақынның бұрын жария болмай келген «Таныстыру» және «Айтыс» атты екі поэмасын ғылыми зерттеу нысаны етін алуы, ғылыми айналымға қосуы дер едік. Өмірден ерте кеткен Сұлтанмахмұттың бүкіл өмір жолын және ақынның сол кезеңдегі қазақ руханиятының көрнекті тұлғаларымен қарым-қатынасын, көзқарасын айқындайтын осы туындылар шын мәнінде халқымыздың өткен ғасырдың бастапқы жылдарындағы болмысын танытатын дүниелер еді. «Мен – қазақ, қазақпын деп мақтанамын» деп ерекше екпінмен үн қатқан Сұлтанмахмұттың «Айтыс» поэмасы туралы талдай отырып, «... «Айтыс» поэмасы біз өмір сүріп отырған бүгінгі күннің көкейкесті мәселелерін ұрпақпен бірге көтерісқендей күй кештіреді. Халық тағдыры таразыға түсін, жан экологиясы, тіл қасіреті басты проблемаға ұласып, Аралды арашалау, Семейдегі зілзала полигонды жою, адамгершілік, имандылыққа жүгіну әрбір саналы азаматтың көкірегіндегі көксеген арманына тоғысқан беймаза кезеңде «Айтысты» ой жүгіртін оқу керек»,- деп ғалым ақын шығармасында айтылған проблемалардың бүгінгі күнмен де үндесін жатқанын сәтті тұжырымдайды.

Профессор Арап Еспенбетов және қазақ әдебиетінің тарихы туралы зерттеулер деғенде оның Шәкәрім ақын туралы еңбектерінің алатын орны ерекше. Көрнекті ақынның есімі мен шығармашылығы ақталған күннен бастап Шәкәрім шығармашылығы оның зерттеу нысандары қатарынан берік орын алды. Өзінің монографиялық еңбектерінде, ғылыми конференцияларда жасаған баяндамаларында Шәкәрімтану саласының жай-күйіне ұдайы назар аударып, келелі мәселелер қозғап келеді.

Профессор Арап Сіләмұлы зерттеулерінің ең басты құндылығы кезең әдебиетіндегі дара тұлғалардың шығармашылық өмірін өзара байланыстары зерттеуінде десек болады. Бір ғана мысал, Шәкәрім мен Сұлтанмахмұт мұраларын сабақтастықта қарастыруы, екі тұлғаның өмірдегі және шығармашылықтағы үндестігі мен жақындығы туралы ғалымның ой-тұжырымдары аса салмақты әрі дәлелді. Зерттеуші қандай пікір ұсынса да мұрағаттық мәліметтерге сүйенеді.

Профессор Арап Еспенбетов зерттеулерінің тағы бір ерекше сипаты – ғалым қай ақынның шығармашылық мұрасын қарастырса да, мәтінтану, яғни шығармаларының текстологиясына зер салып отырады. Шындығында да әдебиеттану ғылымының ең бір күрделі саласы саналатын мәтінтанудағы проблема көркем шығарманың мәтінін жариялаудағы нақтылықтың сақтала бермеуі, әр басылымда әрқилы нұсқалардың жарияланып кетуі. Ғалым Арап Сіләмұлының осы бағыттағы пікір-тұжырымдары әдебиет тарихын зерттеуші ғалымдардың қай-қайсысы үшін де үлгі бола алса керек.

Профессор Арап Еспенбетов – еліміздің Шығыс аймағында үлкен әдеби мектеп қалыптастырған ғалым. Арап Сіләмұлының ұйтқы болуымен және ғылыми жетекшілігімен соңғы жылдары Абай маңындағы ақындардың бірқатары, атап айтқанда, Әріп Тәңірбергенов, Көкбай Жанатайұлы, Әсет Найманбайұлы, Уәйіс Шондыбайұлы, Тайыр Жомартбайұлы жайында кандидаттық диссертаңиялар қорғалды, аталған ақындардың шығармашылық мұралары ғылыми айналымға қосылды. Сондай-ақ, Мақыш Қалтайұлының, Бернияз Күлейұлының, Қалихан Алтынбаевтың, Шәкір Әбеновтің, Төлеу Көбдіковтың шығармашылығы туралы ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілді. Профессор Арап Еспенбетовтың талантты шәкірттері бүгінде әдебиеттану ғылымында жемісті еңбек етіп келеді.

Тарихты зерттеу қашанда адалдықты қажет етеді. Ал ұлттық сөз өнерінің тарихы туралы мәселе сол халықтың бүкіл табиғатын, жаратылысын танытатын қасиетті дүние. Міне, осынау қастерлі салаға кіршіксіз адалдығын танытып келе жатқан, қазақ әдебиетінің тарихын зерттеу арқылы ұлттық құндылықтар қорына қаншама асыл мұралар қосқан, кешегі күні ұлты үшін тер төгін, тағдырын қиған арыстардың есімін жаңа қырынан танытқан танымал ғалымның сан қырлы болмысының бір ғана сипатын сөз еттік деп ойлаймын. Мұның сыртында филология ғылымдарының докторы, профессор Арап Сіләмұлы Еспенбетовтың көп жылғы ұстаздық-педагогтік еңбегі тұр, еліміздің жоғары білім саласын көркейтуге үлес болып қосылған басшылық, ұйымдастырушылық қызметі және бар.

Ең бастысы, ұлттық әдебиетіміздің тарихындағы ұлы тұлғаларды зерттеу арқылы ұлтына өлшеусіз қызмет етіп жүрген Ғалымның азаматтық биік тұлғасы бар.

Резюме

Б. Абдигазиулы. Личности трагической эпохи и литературоведение

В статье рассматривается проблема исследования творчества поэтов-писателей начала XX века во главе с талантливыми представителями казахской литературы Султанмахмута Торайгырова и Шакарима Кудайбердиулы. Дается анализ имеющихся научных исследований в сфере Султанмахмутоведения и Шакаримоведения в казахской литературоведческой науке. Отображена преемственность проблем затронутых в исследованиях видного литературоведа Бейсенбай Кенжебаева со стороны современных ученых. В частности, охватывается исследования известного ученого Арапа Еспенбетова по данной теме и актуальные проблемы исследования истории литературы. Также предлагаются некоторые концепции по проблемам исследования региональной литературы, текстологии художественного произведения и т.д.

Ключевые слова: история литературы, сложный период, текстология, художественное произведение.

Summary

B. Abdigaziuly. Personality tragic epoch and Literature

This article deals with the problem study of poet-writers' works in the early XX century led by the talented representatives of Kazakh literature such as Sultanmakhmut Toraigyrov and Shakarim Kudayberdiuly. It is given the analysis of the existing research in the field of Sultanmahmut studies and Shakarim studies in the Kazakh literary science. Continuity of problems raised in the research of a prominent literary scholar Beisenbay Kenzhebayev have been displayed from the side of modern scientists. In particular, the research of the famous scientist Arap Espenbetov on the given topic and the actual problems of studying the history of literature are covered. It is also offered some of the concepts on the problem study of regional literature, textual criticism of the literary works, etc.

Key words: history of literature, a difficult period, textual, artistic work.

ӘОЖ 821.512.122.0

ӘДЕБИ ЖАНРЛАР ТЕОРИЯСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Л.М. Әділбекова – *Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің профессор м.а., филология ғылымдарының кандидаты*
Ғ.Ж.Тұңғышбаева – *С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ, қазақ тілі кафедрасының аға оқытушысы*

Аңдатпа. Бұл мақалада әдеби жанрлар теориясының зерттелуі туралы айтылады. Мақала барысында әдебиет тектерінің пайда болуы, жанрлық түрлердің тууы, қалыптасуы жөнінде ой-идеялар сонау ежелгі көне дәуір ғұламасы Аристотель жазған трактаттардан бастау ала келе орта ғасырларда Әл-Фараби еңбегінде жалғасын тауып, XIX ғасырда Г.В.Ф.Гегель, В.Г.Белинский, А.Н.Веселовский сияқты ғалымдардың арнаулы ғылыми еңбектеріне ұласатындығы сөз болады. Ғалымдардың жанр мәселесіне қатысты айтқан көзқарастары, тұжырымдары мысалға келтіріледі. Мақалада жанрды - әдебиеттің теті, түрлері ретінде табиғатын танып, даму барысын пайымдауға әр түрлі ағым, әр түрлі мектеп өкілдерінің де тұжырымдары ұсынылады.Мысалы: Кейбір оқымыстылар жанрларды психологиялық категория ретінде лириканы – сезім, эпосты – ерік, драманы – ой деп қарастырса, лингвистикалық мектеп өкілдері: лириканың қамтитын объектісін осы шақпен, эпос - өткен шақпен, драма – келер шақпен шектейді. Мақалада қазақ әдебиеттанушыларының да әдеби шығармаларының тек, түрге қатысты айтқан құнды пікірлері келтірілген. Әдебиеттің үш тегінің арасында өмір шындығын бейнелеу тәсілдерінің ерекшеліктеріне байланысты өзіндік айырмашылықтары бар екеніне, алайда бұл айырмашылықтар олардың арасындағы байланыс - жақындықты да жоққа шығара алмайтындығына, тегінде таза бір түрлік, яғни, өзге әдеби тектің белгі-сипаттарынан ада көркем шығарма болмайтындығын, бір көркем туындыда әдебиеттің үш тегінің де кейбір сипаттары көрінуі – заңдылық екендігі айтылады. Мәселен, кез-келген эпикалық туындыда авторлық лиризм де, драмаға тән белгілер де (диалог, т.б.) кездесуі осыдан. Сондай-ақ, драмада авторлар эпикалық және лирикалық тәсілдерді жиі қолданады. Айталық, пьесада драматург монолог тәсілін екі түрлі мақсатқа қолдануы мүмкін. Біріншіден, монолог арқылы кейіпкердің ішкі сезім күйі, толғаныс-тебіренісін ашуға болады, екіншіден, монолог арқылы кейіпкердің өзінің немесе басқа қатысушылардың өткен өмірі туралы кеңірек айтуға да болады. Қорыта келгенде Жанрлар теориясы бізге шығарманы талдап, тану барысында жазушының қалыптасқан жанрлық көркемдік сипаттарды қалай қолдана білгендігі мен өзінің жаңадан не қосқанын танып-білу үшін керек.

Түйін сөздер: жанр, жанр түрлері, әдеби шығарма, шығарманың тегі, түрі.

Жанр мәселесі – аса күрделі проблемалардың бірі. Көркем шығарманы танып білу жанр түрлерін тудырады. Мұның барлығы көркем шығарманы кеңінен танып білудің жемісі. Шығарманың танымдық мазмұны көбінесе жанрлық ерекшеліктерін айқындайды. Суреткердің идеялық-психологиялық бағалау ұстанымы апологиялық және сырттай объективті, ироническалық болуы мүмкін болғандықтан, бірқатар жанр түрлері туындайды. Әрбір әдеби туындының жанрлық табиғаты әр алуан: көлемді эпикалық шығармада өмірдің күрделі шындығы нақты көркем тұлғаларға жинақталып, олардың өзара қарым-қатынастарынан туған оқиғалар арқылы ашылса, лирикада адамның жеке басына тән көңіл күйі, нәзік және терең психологиялық тебіреністер суреттеледі. Ал драмалық шығармада көбіне адамның қимыл-әрекетіне, қақтығыстарына – түрліше тағдырлар тартысына құрылатыны мәлім. Жанр туралы айтылған түрлі кездердегі пікірлер әлем әдебиеттану ғылымының тарихында Аристотельден басталады. Аристотель өзінің «Поэтика» еңбегінде әдебиетті «сөзбен өрілген өмір» дейді. Солай деп айта келе ұлы философ оның үш түріне тоқталады. «Оқиғаға автордың өзі қатыспай сырттай бейнелеуі» эпикалық тәсіл деп айта келіп, ол бұған мысал ретінде Гомер шығармаларын келтіреді. Екінші тәсіл – бұл әдеби тәсіл. Яғни, шығарманың негізі нысанасы - автордың жан толғанысы, ішкі сезімі, лирикалық көңіл-күйі. Енді ең соңғысына келер болсақ, ол – драма. Драмада жазушының бейнелеген кейіпкерлері айтайын деген ойын өзінің іс қимылы, дауыс ырғағы, интонациясы арқылы сахнада береді. Аристотельдің комедия, трагедия және эпопеяның ерекшеліктері туралы айтқан бұл пікірлерінің мәні зор. Оның бұл еңбегі - өз дәуірінде әдебиетке теориялық негіз болатын, әрі әдебиетті зерттеу үшін болашаққа жол салған еңбек болып саналады.

Әл – Фарбидің «Өлең өнерінің қағидалары» туралы трактатын Аристотельдің «Поэтика» атты еңбегінің ықпалымен жазылғанын ескерсек, «Поэтика» да сөз болатын ғрек әдебиетінің жанрларын,

терминдерін, өлең өлшемдерін ары қарай саралап, талдап жететін Фараби еңбегін бірден түсіну оңай емес. Фараби грек поэзиясын төмендегідей топқа бөледі: трагедия, комедия, ямб, драма, эпос, поэма, сатира, риторика, т.б. Әрқайсысына жеке анықтама береді.

Әдебиет үлгілерін кеңінен қолдана отырып жанр түрлері туралы Аристотельдің идеясын Гегель өзінің «Эстетика» деген еңбегінде жалғастырды. Арестотель мен Гегельдің жанр туралы ой-пікірлері, әсіресе жанрдың адам мінез-құлықтарына қатыстылығы ұлы сыншы В.Г.Белинскидің эстетикалық көзқарасына әсер етті. Ол орыс және европалық әдебиеттерде түрдің (вид), тектің (род), жанрлар түрлерінің пайда болуын белгілі бір тарихи дәуірде «адам идеясының», «идея құлықтылығының» дамуымен байланыстырады. В.Г.Белинский «Поэзияны тегіне және түріне қарай бөлу» деген мақаласында поэзияның үш тегі – эпос, лирика, драма – бар екендігін көрсетеді [2]. Мұнда әдеби жанрлар туралы айтылғанымен де «жанр» термині аталынбайды. Оны тектің (род) түрлері (вид) ретінде ғана сөз етеді. «Поэма», «повесть», «роман» терминдері эпостық шығарманың түрлері мағынасында қолданады. «Біздің заманымыздың эпопеясы – роман» дей келін, «повесть дегеніміз – ол да роман, бірақ оның көлемі кіші болады, повестің айырмасы мазмұнының көлемі мен мағынасында» деген тұжырым жасайды. Сондай-ақ «драманың ең жоғарғы тегі – трагедия», «комедия – трагедияға қарама-қарсы қойылған драмалық поэзияның соңғы түрі» сияқты пікірлер айтады.

Жанрды – әдебиеттің тегі, түрлер ретінде табиғатын танып, даму барысында пайымдауға бүгін әр түрлі ағым, әр түрлі мектеп өз тұжырымын ұсынады.

Мысалы: Кейбір оқымыстылар жанрларды психологиялық категория ретінде лириканы – сезім, эпосты – ерік, драманы – ой деп қарайды [3].

Лингвистикалық мектеп өкілдері: лириканың қамтитын объектісін осы шақпен, эпос – өткен шақпен, драма – келер шақпен шектелмек. Бұл ағымдардың жанр теориясына қосқан жаңалығы шамалы.

Бұдан шығар қорытынды: қай кезеңде де қандай мектеп ағым өкілдері болмасын жанр мәселесіне көңіл аударып отырған.

Орыс әдебиеттану еңбектерінде жанр мәселесіне назар аударып, өз ойларын ұсынған пікірлер көп. Мысалы, Ю.Томашевский жанрларға жіктеуді белгілі бір тарихи кезеңдегі әдеби дамуға қатысты қарастыру керек десе [4], М.Бахтин жанрдың көркемдік дамумен бірге өзгеріп отыратынын айтады [5]. Бахтиннің пікірі бойынша: әлеуметтік қатынас процесі шығарма мәтінінің өзінен көрініс тапты. Шығарманы өмірге әкелген жаратушы-автор және ол дүниеге әкелген кейіпкер, сондай-ақ оқырман («тыңдарман») - мұның бәрі пішін мен стильді анықтайтын тірі күш. Бахтин жанрды «тұтас шығармадағы, айтылмақ ойдың өн бойындағы шынайы форма» деп түсінеді. Жанрдың әр түрі қарым-қатынас, диалог үстінде, яғни практикада көрініс тауып, жұмырланған жанр ретінде қарастырылады. Демек, әдеби жанрлар қарым-қатынас процесінен бастау алған. Зерттеуші жанрлардың екі жақты бағытын атап өтеді. Біріншіден, авторлар жанр таңдауда бәрінен бұрын көркем қабылдау шартын ескереді. Екіншіден, жанр әртүрлі оқырман қауымына арналған. Әр әдеби жанрға дәуір мен бағыттың шегінде өзіндік оқырманы бар болуы тән. Әр дәуір оқырманының, тыңдарманының, халық пен жұртшылықтың көркем туындыны ерекше түсінуі, сезінуі ерекше. «Екінші» (әдеби) және «бірінші» (мысалы, тұрмыстық) жанрлардың көркем мәтінді баяндауда ұқсастықтары болғанымен күрделілік дәрежесі бойынша өзгешеленеді. Олар («екінші») өздерінің құрылымына «бірінші» жанрларды: репликаны, диалогты, тұрмыстық әңгімелерді, хаттарды енгізеді. Жанрдың негізгі қызметтерінің бірі жанрлық нәтиже деп атауға да болатын жазушы мен оқырман арасындағы делдалдық болып табылады. Жанр жазушының тек қана көркем ойлау категориясы емес; сол немесе өзге дәрежеде әдебиеттің жанрлық репертуарымен оқырмандардың таныс болуы автор мен оқырман арасындағы тығыз байланыс фактісі. Жанр жазушы мен оқырман арасындағы алтын көпір рөлін атқарады. Жазушының жанрды таңдауы оның оқырман жөніндегі көзқарасын білдіреді. Көркем қабылдау процесі қай арнада қабылданатындығы туралы жол салады. Бахтин ұсынған зерттеу бағдарламалардың негізгі артықшылығы сол дәуірде басымдыққа ие болған әдеби-сыни көзқараста емес, автор мен оқырман арасындағы байланысқа, шығарма мәтініне жете назар салуында. XIX ғ. көрнекті орыс әдебиет тарихшысы әрі теоретигі А.Н.Веселовский өзінің "Тарихи поэтика" атты еңбегінде әдебиеттің тектері алгашқы қауымдық деңгейдегі халықтардың әдет-ғұрыптық хор өлеңдерінен (қуанышты немесе қайғыны білдіретін түрлі дауыс ыргағынан құрылған әнмен

айшықталып әрі дене қозғалысы басым ритмді ойын-билер) пайда болған дейді. Ал, эпос пен лирика, сондай-ақ драманы зерттеуші "әдет-ғұрыптық "хор көріністері әрекеттерінен" бөлінін дамыған түрлер" ретінде түсіндіреді. Одан әрі ғалым "хор мен әдет-ғұрыптың бірлігінен табиғи түрде алғашқы бөлінін шыққан өлеңдер лирико-эпикалық сипатта болды" дей келе "поэзияның алғашқы өзіндік түрі осы лиро-эпикалық әндер болды" деген тұжырым жасайды. Ал, осындай әндердің негізінде кейін, бара-бара эпикалық баяндау қалыптасқан.

Хор құрамындағы түрлі сипаттағы (қуанышты, қайғылы) дауыс сарындарынан лирика туындаған. Ғалымның бұл тұжырымдары ғылымда негізінен оң бағаланып келді. Белгілі әдебиет теоретигі, жаңа көзқарас негізінде жазылған "Әдебиет теориясы" оқулығының авторы В.Е.Хализев өте орынды айтқандай [6], ғалымның драмалық тектің ғенезисі жайлы пайымдауы дау туғызбайды, алайда еңбекте эпос пен лириканың әдет-ғұрыптық іс-әрекет, ритуалдарға қатыссыз да пайда болу мүмкіндігі ескерілмеген. Бұл ретте В.Е.Хализевтің тұжырымды сөзін түпнұсқада беруді орынды санаймыз: "Вместе с тем в теории Веселовского не учтено, что эпос и лирика могли формироваться и независимо от обрядовых действий. Так, мифологические сказания, на основе которых впоследствии упрочились прозаические леґенды (саґи) и сказки, возникли вне хора ... Лирика тоже могла формироваться вне обряда. Лирическое самовыражение возникло в производственных (трудовых) и бытовых отношениях первобытных народов. Существовали, таким образом, разные пути формирования литературных родов. И обрядовый хор был одним из них" [6, 298].

Сонымен әдебиеттің үш тегінің арасында өмір шындығын бейнелеу тәсілдерінің ерекшеліктеріне байланысты өзіндік айырмашылықтары бар екеніне, алайда бұл айырмашылықтар олардың арасындағы байланыс - жақындықты да жоққа шығара алмайтындығына, теґінде таза бір түрлік, яғни, өзге әдеби тектің белгі-сипаттарынан ада көркем шығарма болмайтындығын, бір көркем туындыда әдебиеттің үш тегінің де кейбір сипаттары көрінуі – заңдылық, өнер заңдылығы екенін мысалдар арқылы дәлелдеу. Мәселен, кез-келген эпикалық туындыда авторлық лиризм де, драмаға тән белгілер де (диалоґ, т.б.) кездесуі осыдан. Сондай-ақ, драмада авторлар эпикалық және лирикалық тәсілдерді жиі қолданады. Айталық, пьесада драматурґ монолоґ тәсілін екі түрлі мақсатға қолдануы мүмкін. Біріншіден, монолоґ арқылы кейіпкердің ішкі сезім күйі, толғаныс-тебіренісін ашуға болады, екіншіден, монолоґ арқылы кейіпкердің өзінің немесе басқа қатысушылардың өткен өмірі туралы кеңірек айтуға да болады.

Академик Д.С.Лихачев әдеби дамумен бірге жанрлардың да өзгерін отыратынын, сондықтан да бірінші жанрды тудыратын принципьтерді зерттеуді ұсынады[7]. Ал, Г.Л.Абрамович әдебиеттің теґі. Түрі, жанр деген ұғымдардың ара жігін ажырататын нақты анықтаманың жоқтығын сөз етеді.

Қазақ әдебиетіндегі жанр мәселесінде түрлі пікірлерді кездестіруге болады. Қазақ әдебиеттануының негізін қалаған ғалым А.Байтұрсынов жанр сөзін қолданбаса да, шығарманы мазмұнына қарай төрт түрге бөледі.

«1. Жай сөйлеу түрде. 2. Сөйлестірген түрде. 3. Хат түрінде. 4. Аралас түрде» [8] деп жазады. Ал, «Қазақ совет энциклопедиясында» жанр – өнер шығармаларының тарихи қалыптасқан түрлері, - деген анықтама берілген.

Академик З.Қабдолов «Әдеби жанр (французша genre – тек, түр) термин ретінде шартты, екі мағынада қолданылады: 1) әдебиеттің тектері – эпос, лирика, драма; 2) әдеби шығарманың түрлері – әңгіме, роман, баллада, поэма, комедия, траґедия т.б.» дей келін, әдебиет теориясын толғайтын кітаптардың көбінде әдебиеттің теґі – жанр, әдеби шығарма – жанрлық түр деп танылып жүргендігін айтады. Әрі қарай эпосты шағын, орта, және кең көлемді үш түрге бөлін, «шағын көлемді эпикалық түрге – очерк, новелла, оқиғалы өлеңдерді, орта көлемді эпикалық түрге – повесть, поэма; ал кең көлемді эпикалық түрге – роман, эпопея тәрізділер жатады» деп түйіндейді [9]. Р.Нұрғалиев «Жанр– тудыратын элементтер деп – сюжет түзілісі, композиция, тақырып, поэтика, бір сөзбен шығарма идеясы мен мазмұнын ашатын көркемдік құралдарды айтуға болады» [10] – деп, жанр ұғымының күрделі көркемдік компоненттерден тұратынына назар аударады. Профессор Т.Қожакеев «Жанр деґеніміз – белгілі бір шығарманың, ғазет материалының өзіне ғана тән, өзін ғана ерекшелендіріп тұрған құрылымдық-композициялық, тілдік, стильдік, тағы басқа белгілерінің жиынтығы оның жанрын анықтайды» - деп тұжырымдайды [11]. К.Ахметов жанрға «Көркем шығарманың тарихи қалыптасып, даму үстінде болатын типі» - деген анықтама берін, «әр жанр өзіндік пішіндер арқылы ерекшеленеді» деп, түсінік береді [12]. Д.Ысқақұлы тек, түр, жанр ұғымдарын жеке катеґория ретінде

мағынасын ажыратып нақтылау керектігін айта келін, «текті» (род) эпос, лирика, драма; «түрді» (вид) поэзия, проза, драма; «жанрды» әңгіме, повесть, роман, дастан, комедия, трагедия, драма, т.б. атауларында ара жігін айырған жөн деген пікір айтады. Жанрға «тек пен түрдің, тағы басқа көркемдік компоненттердің бір-біріне кіріғіп, түрліше құрамда қолданылуы барысында пайда болған әдеби шығарманың тарихи қалыптасқан түрі» - деген анықтама береді [13].

«Жанр» сөзі француз тілінде «тек», «түр» дегенді білдіреді дедік. Олай болса, қазіргі таңда тек категорияларына жатқызылып жүрген эпос, лирика, драмаларды бұрынырақ жанр деп атаған. Яғни, «жанр» ұғымының «түр» ұғымымен біршама мәндес екенін байқаймыз. Әр жанр – қоғамның дамуымен ұдайы жетіліп, даму үстінде болатын құбылыс. Барлық әдеби жанрлар бірлесе отырып, ақиқат өмірді шығармашылықпен, көркем сөздің мол мүмкіндігін танытатын тұтас жүйені құрайды.

Әдеби шығармаларды жанрларға бөлу белгілі бір ұстанымдарға сүйенеді. Әдеби шығармалар әдеби тектер бойынша, яғни эпикалық, лирикалық, драмалық болып топтастырылады. Одан кейін бір тек аясындағы шығармалар тобы өздерінің неғізгі эстетикалық сапа-қасиеттері бойынша комедиялық, трагедиялық, элегиялық, сатиралық, т.т. болып бөлінеді.

Сонымен, жанрларды жіктеудегі басты белгілер неғізіне – шығарманың белгілі бір әдеби текке тән болуы, сондай-ақ басым көрінетін эстетикалық сапа белгісі алынады. Бірақ бұл да жеткіліксіз болғандықтан үшінші ұстаным – шығарманың көлемі мен соған сәйкес жалпы құрылымын тану ұстанымы қажет. Лирика көлемі қашанда шақтаулы, драмада сахна талаптарына сәйкес қалыптасқан өлшем болады; екіншіден, қаһармандық пен трагедиялық кең тынысты қажетсінетіні тағы бар, ал асқақ патетика немесе элегиялық сарындардың мейлінше «кең құлаш жазуға» мүмкіндігі жоқ. Сонымен қатар, жанрлық өлшемдердің автор ойына байланысты өзінше даралық неғіздемелері болады да, сол ой-жоспарға сәйкес прозалық эпостың үлкен (роман), орта (повесть) және кіші үлгілері (әңгіме) жасалады.

Жанрлар теориясы бізге шығарманы талдап, тану барысында жазушының қалыптасқан жанрлық көркемдік сипаттарды қалай қолдана білгендігі мен өзінің жаңадан не қосқанын танып-білу үшін керек.

Жанр жайындағы теориялық ұғым қандай да бір дәуірдің, нақты бір ұлттық немесе әлемдік әдебиеттің шеңберіндегі шығармалардың кең ауқымдағы тобына тән сипаттарды жинақтайды.Алайда, бұл ұғымның мазмұны ұдайы өзгеріп, күрделенін отыратындықтан, жанр теориясының әлі күнге дейін нақтыланбай келе жатқандығы да сондықтан.

1. Аристотель. Поэтика. // Аристотель и античная литература. – М. 1978.
2. Белинский В.Г. Таңдамалы шығармалар. Бірінші кітап, А.,1948, 1-3 бб.
3. Дремов А. Специфика художественной литературы. – Москва. 1964.
4. Томашевский Ю. Теория литературы. М., 1928, 160 б.
5. Бахтин М. Проблемы поэтики Достоевского. М , 1972, 178 б.
6. Хализев Е. Теория литературы. М., Высшая школа, 1999.
7. Лихачев Д.С. Поэтика древнерусской литературы. М , 1979, 55 б.
8. Байтұрсынов А. Шығармалары.А., 1989, 144 б.
9. Қабдолов З. Сөз өнері. А., 1992, 284 б
10. Нұрғалиев Р. Арқау. 1 том, А., 1991, 9 б
11. Қожакеев Т. Сатиралық жанрлар. А., 1983, 6 б.
12. Ахметов К..Әдебиеттануға кіріспе. Қарағанды, 2004, 235 б.
13. Ысқақұлы Д. Сын жанрлары. А., 1999, 7 б.

Резюме

Л.М. Адилбекова, Г.Ж. Тунгышбаева. Исследование теории литературных жанров

В этой статье говорится об исследовании теории литературных жанров. В ходе исследования статьи были выявлены литературные рода, зарождение видов жанров, и идеи насчет их становления берут начало с написанных трактатов Аристотеля и продолжаются в средних веках в трудах Аль-Фараби, в 19 веке это продолжается в научных трудах Г.В.Ф. Гегеля, В.Г. Белинского, А.Н. Веселовского. Они приводят в пример мнения и выводы ученых по поводу этого жанра. В статье так же приводятся выводы представителей

различных литературных школ. Например, если некоторые мыслители в качестве категории психологического жанра считают в лирике чувства, в эпосе- смелость, в драме- мысли, то представители лингвистической школы ограничивают объекты лирики в настоящем времени, эпос- в прошедшем времени, а драму- в будущем. В статье представлены ценные мнения казахских литературоведов о видах литературных произведений. В литературе между 3 родами, которые описывают жизненную правду есть свои особенности, которые различаются между собой, и эти различия устанавливают их связь. В любом эпическом произведении встречаются признаки лиризма, а также драмы. Поэтому в драме авторы часто используют эпические и лирические методы. В пьесе драматург может использовать монологи в двух различных целях. Во-первых, с помощью монологов описываются внутренние чувства и настроение персонажа, во-вторых, с помощью монолога можно передать жизнь персонажа и других представителей. В заключении, теория жанров объясняет нам, какие автор использовал литературные средства и что внёс нового от себя при написании произведения.

Ключевые слова: жанр, виды жанров, литературные произведения, роды и виды произведений.

Summary

L.M. Adilbekova, G.Zh.Tungyshbayeva. Research of theories of literary genres

This issue is about literature genre theory, the birth of types of genres. Ideas of their development come from Aristotel's treatises and continues during the middle and 19th centuries in the works of Al-Farabi, G.B.F.Gegel, B.G.Belinskiy, A.N.Veselovskiy. They use as an example opinions and conclusions of scientists about this genre. Also this research reveals opinions of representatives of different literature schools. For example: if some literature scholars as psychological genre consider in lyrics – feelings, in epos - braveness, in drama thoughts, other linguistic representatives limit objects of lyrics in present , epos in past, and drama in future.The issue contains opinions of Kazakh literature representatives about species of literature compositions. There are a list of main features among 3 literature geneses, which have some differences and this differences make their connections. There are signs of lyrics and drama in epic compositions. Therefore authors in drama use epic and lyric methods. Usually in plays monologs are used in two different purposes. Firstly monologs describe inner senses and mood of character, secondly monologs reveal life of main character and others. To conclude, genre theory explains us which literature tools were used by author and what was introduced new for itself.

Key words: genre, genre types, literature compositions, genus and types of compositions.

ӘОЖ 821.512.122 (Д91)

ТОЛҒАУДЫҢ ӨЗҒЕ ЖАНРЛАРМЕН БАЙЛАНЫСЫ

С.Т. Әлімтаева – *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 2-курс магистранты*

Аңдатпа. Бұл мақалада жыраулар поэзиясында өзінің әлеуметтік, адамгершілік сарынымен ғана емес, көркемдік сапасымен де ерекше назар аудартатын толғау жанры қарастырылады. Толгаудың көркемдік ерекшелігін анықтауда жыраулар поэзиясының басқа жанрларымен салыстырылып, арақатынасы анықталады. Сондай-ақ авторлық ауызша поэзия жанрларының стильдік, мазмұндық құндылықтары айқындалады. Яғни, арнау, терме, өлең жанрларындағы қоғамдық жағдайлардың сөз болуы мен көтерген тақырыптары қарастырылады. Әр жанрдың қоғам көрінісінің айнасы екендігін ұмытпаған жөн. Осыны ескере келе, толгаудың халықтың азаматтық тарихымен бірге жасап, сол тарихтың бедер-бейнесін әдебиетте айшықтай алғандығы, қазақ әдебиетінің тарихындағы орны сипатталады. Ауызша поэзия жанрларының көркемдік ерекшелігін негізге ала отырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтары көрсетіледі. Толғаудың басқа жанрлармен салыстыра келін, лирикалық және эпикалық бастаулардың біте қайнасуы, өмір құбылыстарын мол қамту сияқты қасиеттерінің арқасында авторлық ауызша әдебиеттің бір жанрына айналгандығы, оның ең басты белгісі мазмұндық ерекшелігінен көрінетіндігі айқындалады.

Түйін сөздер: толғау, ауызша поэзия, арнау, терме, өлең жанры.

Қай халықтың әдебиетін алып қарасақ, оның өзіндік бел-белестерден өткені мәлім. Осы жолда түрлі тарихи шығармалар дүниеге келуімен қатар жаңа жанрдың тууына алып келді. Сол әдебиет

үлгілері қаншама тарихи оқиғаларды басынан өткерін, ұрпақтан-ұрпаққа тарап бүгінгі күнде құнды мұрамызға айналып отыр. Осындай мұраларымыздың бірі, қазақ әдебиетінде, әсіресе, авторлы ауыз әдебиетінде орны ерекше жанр – толғау. Жыраулар поэзиясы өзінің әлеуметтік, адамгершілік сарынымен ғана емес, көркемдік сапасымен де ерекше назар аудартады. Толғауды жыраулар поэзиясының жанры деп қарастырамыз. Енді сол жанр ретінде қарастыра алатын, толғаудың басқа поэзия жанрларынан ажыратып тұрар басты белгісі болуы керек. Сол шарттарға толықтай жауап берғенде ғана оны жанр деп тани аламыз. Дегенмен, мынаны да ұмытпаған жөн: «Жанрлардың, жанрлық түрлерді бір-бірінен ажыратып, бөлекше сипаттарын айқындай отырып, олардың арасындағы айырым, шек шартты нәрсе екенін де, басқаша айтсақ, олардың бірімен-бірі жақын, жалғас келетін тұстары болатынын да есте сақтау керек»[2,146]. Осындай белгілерін ескере отырып, толғаудың басқа терме, арнау, өлең жанрларымен салыстырып көрейік.

Терме мен толғау. Толғаудың жанрлық ерекшеліктерін айқындап көрсетуде ғалым С.Медеубеков қазақ ауыз әдебиетінің терме жанрына зерттеу жүргізген еңбегінде толғаудың жанрлық ерекшелігіне тоқталады. «Толғау – поэтикалық құрылымы жағынан әр қилы болып келеді. Оның философиялық, лирикалық, этикалық түрлері ұзақ толғануды, кең баяндауды қажет етеді. Қай-қайсысының да негізгі идеялық алтын қазығын түсіну үшін тыңдаушыға зерек зерде, әжептеуір уақыт керек», - дейді [3,121-122]. Осындай белгілерін айта келе, тоғыз түрлі ерекшеліктерін атап көрсетеді. Толғау аз ғана сөзбен кең мағына сыйғызуды мақсат етін алады. Оның табиғатының өзі ұзақ толғануды, кең баяндауды талап етін отырады. Ал терме болса, толғаудай ұзақ болмайды, ұзақ терме халықты тез жалығуға алып келуі мүмкін деген тұжырымға келеді. Сондықтан термеде айтылар ой, берілер өнегесі қысқа, айқын, нақты беріледі.

Арнау мен толғау. Арнау өлеңдерінің негізінде күні бұрын белгілі рөлге ие болған тыңдаушымен диалоғ құру жатыр. Бұл жерде тыңдаушы дос, дұшпан, ел, жер, табиғат және т.б. болуы мүмкін. Тыңдаушының осындай әртүрлілігі автор толғанысын, ажуасын, көңіл-күйінің басқа сәттерін жеткізуге мүмкіндік береді.

Арнау – неғізінен түркі халықтары поэзиясына тән жанр. Арнау өлең қазақ ауыз әдебиетінде, жазба әдебиетінде ерекше орын алған. Арнау өлеңді қазақ әдебиеттану ғылымында алғаш енгізіп, ішкі жанрлық түрге жіктеген А.Байтұрсынов: “Арнаудың өзі үш түрлі болады: жарлай арнау, сұрай арнау, зарлай арнау”. Арнау өлең іштей жанрлық түрге жіктелгенімен белгілі бір ортаға, қауымға, жеке адамға т.б. арналып айтылатындықтан онда ортақ үндестік, бір жанрға тән ерекшелік айқын байқалады. Арнау өлеңнің жіктелуі негізінен тақырыптық сипатына, яғни кімге, қалай арналуына байланысты. XV-XVIII ғасырлар поэзиясында ерекше атап өтуді керек ететін тақырыптың бірі- туған жер, ата қонысқа арналған арнаулар. Бұған Асанның әз- Жәнібекке айтқан арнауы мысал бола алады.

Қыранда киік жайлаған,
Суында балық ойнаған.
Оймауыттай тоғай еғіннің
Ойына келген асын жейтұғын,
Жемде кеңес қылмадын,
Жемнен де елді көшірдің.
Ойыл деген ойынды,
Отын тапсан тойынды.
Ойыл көздің жасы еді,
Ойылда кеңес қылмадын,
Ойылдан елді көшірдің [1, 22 б].

Елін қимаған жырау ата қоныстың артықшылығын айтады, хан ісін мақұлдамайтынын ашық айта отырып, көшті тоқтатпақта болады. Бұл жерде көңіл аударатын мәселе- осыған дейін сөз болған арнау өлендері неғізінен «хан, батыр, билер, яғни жеке адамдарға арналса, туған жерді қорғау, оны тастап кетпеу мәселесі алғаш арнау жырларында елес бере бастау» [4,58]. Асан қайғының алғашқы арнаулары халыққа қоныс боларлық жер табуға арналса, ендігі жерде құт береке қонысқа ие болу мәселесі алға шығады. Бірақ солай бола тұрса да, бұл кезеңде жау басып алған жерлерді жоңғар шапқыншыларынан азат ету – сол іске батырларды жұмылдыру, осы кез арнауларына неғізгі өзек болды. Оның бір мысалы Үмбетей жыраудың Бөгенбай батырды жоқтай шығарған арнауы. Жырау

батырдың ерлігін, азаматтық қасиетін айтумен қатар, сол кездегі қалмақтармен болған шайқастарындағы тарихи- ғеоғрафиялық атаулардан ол босатқан қазақ жерлерінен де дерек береді.

Баянауыл, Қызылтау,
Абыралы, Шыңғыстау,
Қозыманырақ, Қоймаңырақ,
Арасы толған көп қалмақ.
Қалмақты қуып қашырдың!
Қара Ертістен өткізін,
Алтай тауға асырдың! [1, 72]

Үмбетей жыраудың бұл арнауы жоқтау түрінде туған жырлар. Батырдың тірі кезінде жасаған ерлігін айту, оны мадақтау арнауға да, жоқтауға да тән қасиет.

Ал, толғаудағы лирикалық қаһарман – автордың өзі. Көшпенді үшін туып өскен, кіндік қаны тамған жер- дүниедегі ең қымбат құндылықтардың бірі. XV ғасырдағы ноғай- қазақ қоғамында туған жер- халықтың басты құндылығы екендігімен таныс автор терең лирикамен, сезім байлығымен өз ата- анасының өмір кезеңдері де осы туған жерге байланысты болғандығын, уақыт пен кеңістік ұғымдары тұрғысынан дүниенің шексіздігін, өзгермелілігін, никлдігін шебер суреттей отыра, ата-ана мен туған жер ұғымдарының егіздігін, байланыстылығын символикалық белгі ретінде береді. Жырау тыңдаушысын адамның мәңгілік құндылықтарына, ішкі рухани сезімдердің қатпарына бойлатып,туған жер, ата-ана туралы танымын сіңіреді.

Туған жерінің табиғатын, жер, су байлығын тыңдаушы қауымына түсінікті етіп, тамсандыра суреттеуі жыраудың нағыз шеберлігін көрсетеді. Қоғамның, тыңдаушысының психологиясын өте шебер меңгерген. Қоршаған ортасын, тыңдаушы санасын жақсы меңгермесе, осындай маржан дүние тумайтын. Тыңдаушының көңіліне қонып, жүрегінде жатталмаса, ғасырлар қойнауында жұтылар еді.

Өлең мен толғау. Жыраулар поэзиясы соны философиялық терең ойға толы. Сондықтан да жыраулар толғауларында нақыл, афористік сөз оралымдары мол қолданылады. Ал, жыраулар – мақалға айналып кеткен талай афористік сөздердің авторы. Көзі жіті жыраулар өзінің айтпақ ойын неғұрлым өткір, дәл бере алатындай сөздерді іріктеп қолданады. Бұл әдепкі, қарабайыр сөздер емес, қынаптан суырған қылыштай айдынды да әсем образды сөздер. Мәселен, Бұхар жыраудың «жаманмен жолдас болсаң, көрінгенге күлкі етер, жақсымен жолдас болсаң, айырылмасқа серт етер»– деп, бірліктің басталатын қайнар көзін ашып береді. Доспамбет «дүниенің басы сайран, түбі ойран» - деп, өмір жолының түрлі кедергілерге кез болатынын айтады.

Ал, өлеңде афористік сөздердің молынан қолданылуы басты шарттардың бірі емес. Себебі, ол сезімге толы лириканың бір тармағы. Ондағы басты нысана сезімнің жарыққа шығуы. Бұған дәлел қазіргі қазақ поэзиясындағы өзгерістер мен сөздік оралымдар да дәлел бола алады.

Толғаудың басқа жанрлармен салыстара келіп, оның ең басты белгісі мазмұндық ерекшелігінен көрінетінін байқадық. «Революцияға дейінгі жыраулар поэзиясының ең бір неғізгі жанры толғау болған. Ол замандардағы толғау жанры-халық арасында кең тараған әдеби үлкен үрдіс, дәстүрдің тек өріс ауқымын аңғартатын ғана жанр емес, ол бүгінгі таңдағы барынша тез де батыл қимылды мақсұт тұтқан көсем сөз, очерк секілді сол кездердің ең бір жедел, айбынды да ыңғайлы жанры болған» [5, 24-25]. Өйткені, жырау өзінің кеңнен қозғап айтар небір келелі ойларға толы насихат-ғибраттарынан бастап, өзі өмір сүріп отырған қоғамның ілгерлі-кейінгі тарихын паш етер-бір жағы шежіремен туыстас мадақтау, кейде сынау ниетіндегі пікір тұжырымдарын, көңіл айту, болмаса естірту, тіпті жоқтау сөздерін де осы жанр арқылы жеткізін отырған. Бұл жанрдың қазақ әдебиетінің тарихындағы орны мен қадірі айрықша.

Сонымен, жоғарыдағы мысалдарды топшылай келе мынадай тұжырымға келеміз. Толғау жыраулардың елді бірлікке, батырларды ерлікке шақыратындығы, өз көзқарасы арқылы тіршілікте, табиғатта болып жатқан өзгерістерге өсиет, нақыл сөздер арқылы мән-мазмұнын түсіндіру. Толғау деген атынан көрініп тұрғанындай-ақ шығарманың ойлану, толғану түрінде туатындығын байқатады. Сөздің әлеуметтік, азаматтық әуенінің артуы толғау ерекшеліктерінің бірі. Ойдың өрістіліғі, тақырыптың тереңдей ашылуы, лирикалық және эпикалық бастаулардың біте қайнасуы, өмір құбылыстарын мол қамту сияқты қасиеттерінің арқасында толғау халық арасында кең қанат жайып, авторлық ауызша әдебиеттің бір жанрына айналды.

Демек, толғау халықтың азаматтық тарихымен бірге жасасып, сол тарихтың бедер-бейнесін әдебиетте айшықтай алғандығымен ерекше.

1. Алдаспан. –Алматы: «Жазушы» баспасы, 1970.–280 б.

2. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі (құраст. З.Ахметов, Т.Шаңбаев) Алматы: «Ана тілі»,1998. –384 б.

3. Медеубеков С. Қазақ ауыз әдебиетінің терме жанры. Канд.дисс.–Алматы: 1993.

4. Тілеуова А.З. Қазақ поэзиясындағы арнау өлеңдерінің табиғаты. –Алматы: «Ғылым», 2002.-130 б.

5. Тілепов Ж. Қазақ поэзиясының тарихилығы. –Алматы: 1994.

6. Әбілқасымов Б. Жанр толгау в казахской устной поэзии. Алма-ата: Наука, 1984.-120 с.

Резюме

С.Т. Алимтаева. Связь жанра толгау с другими жанрами

В этой статье рассматривается жанр «Толгау», которое отличается от других жанров не только своим социально-нравственным мотивом, но и художественными качествами в поэзии жырау. Сопоставляя с другими жанрами, определяем художественную особенность жанра «толгау, и в то же время определяем стиль устной поэзии и особенности содержания. Также рассматриваем проблемы социального положения и подняты вопросы различной тематики в жанрах «арнау», «терме», «өлец» (песня). Нельзя забывать, что каждый жанр – это зеркало общественной жизни. Учитывая этот вопрос, характеризуется место жанра «толгау» в истории казахской литературы, которое живет вместе с историей народа. Рассматриваем сходство и различия, взяв за основу художественные качества жанра устной поэзии. Сравнивая жанр «толгау» с другими жанрами мы определили особенность содержания, в которой тесно связывается лирические и эпические виды устных жанров, которое широко охватывает жизненные явления, превратившие устную поэзию в другой жанр.

Ключевые слова: толгау, устная поэзия, арнау, терме, жанр песен.

Summary

S.T. Alimtaeva. Genre of tolgau it is bound by other genres

In this article was written not only social and genre of poetics, but also there is a genre which we should pay much attention. Feature of colourfulness of толгау on, to propose джырауов appear genres except poetry, correlation. For destiny, therm, genres of song to basis to taking, likenesses divide in half the показывають feature of colourfulness. Толгау moves, that history of citizenship of people of exemplary character of history does together, literature inflicts standards beret Kazakh literary history localization characterizes. Feature of maintenance could be seen, phenomena of life as abundant scope for the patron of qualities to authorship verbal to one genre of literature to run around, be in close communication lyric and epic to begin, that tolgau, comparing genres except arrival, support of feature of main sign could be seen found out.

Key words: tolgau, verbal poetry, terme, arnau, verses.

УДК 82:801.6;82-1/-9

СТРУКТУРА ПОРТРЕТА В СИСТЕМЕ ХУДОЖЕСТВЕННЫХ ПРИЁМОВ ЛИТЕРАТУРНЫХ ВОСПОМИНАНИЙ

Б.К. Базылова – *к.филол.н., доцент КазГосЖенПУ*

Аннотация. В статье рассматриваются «Литературные воспоминания» Григоровича. В структуре «Литературных воспоминаний» происходит постепенное зарождение нового жанра – литературного портрета. Рассмотрение мемуарных форм как явления художественного целого дает основание использовать при изучении их структуры те же параметры, которые характеризуют функции генерирующих художественный жанр элементов. Факты реальной судьбы личности преломляются сквозь призму их оценки мемуаристом: сам характер их интерпретации обнаруживает стремление вспоминающего создать такой образ человека, каким он запечатлелся в его памяти. Важную роль в создании такого образа в мемуарной литературе играет обобщение эмоциональной реакции от увиденного, поэтому портретной характеристике и визуальному впечатлению принадлежит значительная роль в обнаружении доминанты личности героя воспоминаний, в которой отражается также индивидуальность самого автора.

Изучение портрета как функции повествования в литературных мемуарах дает основание рассматривать его не только как элемент художественного образа персонажа, как способ выражения авторской оценки изображаемого, но и как мотив, из которого вырастает сюжетная ситуация воспоминания. Индивидуальная неповторимость и уникальность личного впечатления автора мемуаров окажется важнейшим аргументом для создания собственной концепции характера портретируемого и обозначит «условия» формирования нового жанра – литературного портрета.

Ключевые слова: литературный портрет, структура портрета, художественные приемы, концепция характера

«Литературные воспоминания» Григоровича, опубликованные им в журнале «Русская мысль», подводят своеобразный итог литературной деятельности писателя и вместе с тем свидетельствуют о завоевании новых рубежей уже вполне состоявшимся художником.

В структуре «Литературных воспоминаний» как художественного целого, центром которого является образ автора, происходит постепенное "вызревание" нового жанра – литературного портрета. Процесс его художественной кристаллизации идет, подчиняясь внутренней логике авторского сознания. С самого начала работы над мемуарами автор сознавал, какие трудности поджидают его. Задача воссоздания литературной жизни России 40-х-50-х г.г. была весьма сложной. В письме к А.С. Суворину (1892) Григорович так определяет суть той художественной манеры, которая складывалась у него в процессе работы над «Воспоминаниями»: "Мои воспоминания, – делился своим замыслом Григорович, – будут похожи на акварельные наброски, а никак не на картину, густо написанную масляными красками» [1].

Характеризуя художественную структуру «Воспоминаний» в целом, нельзя не согласиться с тем, что записки Григоровича вполне могли бы распасться на ряд отдельных очерков, если бы их не объединила фигура автора [2, 94]. Объединяющим главы началом становится также хронологический принцип повествования, однако, когда заходит речь о ком-то из очень близких Григоровичу людей, динамика рассказа сменяется статикой описания и анализа. Именно этот осознанный ритмический сбой выполняет функцию перехода к иному ракурсу изображения. В результате роль повествовательной доминанты становится принадлежностью не только автора-повествователя, но и той личности, своеобразие натуры которой "диктует" ракурс изображения. Так в многочисленных зарисовках современников (Тургенева, Достоевского, Дружинина и других) вырабатываются общие принципы литературного портретирования, воссоздания образа личности.

Григорович-мемуарист неотделим от Григоровича-художника. Это подтверждается использованием им в «Воспоминаниях» тех приемов письма, которые были характерны для его художественной прозы. Возражая против несправедливых обвинений в том, что на страницах романа "Проселочные дороги" (1852) он изобразил "самым бесцеремонным образом помещиков своего уезда и насмешками отплатил им за их хлеб-соль", Григорович замечает: "... во всем романе нет ни одного лица, целиком списанного с натуры". К этому времени, продолжает мемуарист, у него было уже достаточно опыта, "чтобы знать, что портреты, взятые прямо с живых лиц, никогда не удавались в литературе; существующее лицо может дать намек на характер, но только намек: вполне жизненные типы и характеры получаются от слияния намека с однородными ему чертами, встреченными у разных лиц" [3, 115]. Законы построения образа в художественной литературе, конечно же, не могут быть отождествлены с принципами познания и отражения действительности в художественно-документальной прозе. Но типизация как основной способ художественного обобщения в реализме определила логику создания образа и в документальной литературе, основанной на реальном факте и не менее реальном впечатлении от него.

Реальность в произведении мемуарного жанра имеет свои специфические особенности. В ней на первый план выходит синтез прошедшего и настоящего времени, в котором соединяется впечатление от факта "тогда" и "сейчас". Память художника, его воссоздающее воображение "сейчас", выбирает из прошлого те черты, которые, с его точки зрения, характеризуют не случайное, а то, что способно дать представление и об индивидуальности портретируемого, и о том времени, которое сформировало определенный тип индивидуального и общественного поведения. Таким образом, реальность для мемуариста – это прежде всего реальность воспоминания.

Литературные портреты в «Воспоминаниях» Григоровича многочисленны и разнообразны. Они отличаются друг от друга и объемом (развернутый портрет А. Дружинина с элементами живописного портрета и краткие, но емкие по содержанию портретные зарисовки А. Неваховича, М. Вельегорского, А. Фета), и той функцией, которую они выполняют в повествовании в целом. Так, литературные портреты Ф.Достоевского, И. Тургенева, В. Белинского даны Григоровичем в неразрывной связи с характеристикой литературной жизни России 40-50-х годов XIX века. Они сопровождаются суждениями Григоровича о внутриредакционной деятельности "Современника" той поры. Некоторые портреты (Достоевского, Белинского) не завершены: автор отсылает читателя к другим произведениям мемуарного жанра, которые могут восполнить "пробелы" в его собственном восприятии той или иной личности. Таким «восполняющим» оценку Д. Григоровича материалом могут стать «Воспоминания» А.Я.Панаевой (Головачевой), «Литературные воспоминания» И.И. Панаева, а также «Дневник писателя» Ф.М. Достоевского за 1877 год (январь, «Старые воспоминания»), где дана характеристика литературной действительности той поры.

Во многих портретных характеристиках Григоровича заметно влияние изобразительных тенденций русской живописи 40-50-х годов. В «Воспоминаниях» это нашло отражение в синтезе художественных принципов живописного и литературного портрета. Эта черта акцентирована Григоровичем в портретах Ф. Достоевского, И. Тургенева, Н. Некрасова, А. Дружинина, В. Одоевского. Однако непосредственная связь с живописью прослеживается только в портрете М.Ю. Виельгорского. В нем, помимо тщательно выписанной характеристики внешности, упоминается и живописный портрет М.Ю. Виельгорского, принадлежащий Дж. Россини, на котором изображение оригинала, с точки зрения мемуариста, проступает очень ярко.

Несмотря на кажущуюся неоднородность принципов и приемов изображения все портреты в «Воспоминаниях» Григоровича объединяет один важный аспект, в соответствии с которым создаются образы-характеристики современников писателя: это их отношение к литературному труду, художественному творчеству.

Именно эта доминанта определяет содержательную живописность "акварельного" портрета Ф. Достоевского. Портрет молодого Достоевского Григорович предваряет эскизом внешнего вида молодого писателя, который, как ему кажется, объясняет своеобразие его первого литературного опыта. Во внешности молодого Достоевского Григорович отмечает "болезненную бледность", особенно заметную при "плотном телосложении" писателя [3, 46], врожденную сдержанность характера и отсутствие юношеской экспансивности, явную необщительность, закрытость натуры Достоевского. Черты внешнего облика Достоевского «теряются» за этими перечислениями. На первый план выступает характеристика манеры общения писателя, завершающаяся точно найденным ракурсом изображения, подсказанным всей последующей его творческой деятельностью.

Внутренняя, духовная сосредоточенность Достоевского показана через психологически точно найденную деталь – укромное место, в котором проводил большую часть свободного времени будущий писатель – "глубокий угол четвертой камеры с окном, смотревшим на Фонтанку; в рекреационное время его всегда можно было там найти и всегда с книгой" [3, 46]. Соединение различных временных пластов - взгляд на прошлое из настоящего позволяет говорить о весьма заметной корректировке воспоминаний Григоровича о Достоевском его последующей литературной деятельностью.

Тема литературного труда в портрете Достоевского раскрывается постепенно. Сначала она едва намечена в перечислении книг, прочитанных Григоровичем по совету Достоевского. Затем как бы вскользь появляется в косвенной неодобрительной оценке Достоевским первого стихотворного сборника Некрасова «Мечты и звуки»: "... ему, вероятно, не нравились его стихи в известной брошюре [3, с. 49], "стихи... сколько помнится, не произвели на меня и Достоевского особенного впечатления" [3, с. 48]. Эта своеобразная экспозиция подводит читателя к завязке, формирующей сюжетное движение темы, – знаменитому эпизоду с пятаком, который "упал на мостовую, звеня и подпрыгивая" в "Петербургских шарманщиках" Григоровича. Необычайно яркий зрительно-слуховой образ, подсказанный ему Достоевским, лаконично и емко характеризует художественное мышление будущего писателя, лишь немного приоткрывая скрытый пока от других механизм его работы.

Значительная роль в создании образа-портрета Достоевского принадлежит изображению впечатления, произведенного на современников первым романом Достоевского «Бедные люди».

Стараясь быть объективным, Григорович вспоминает о своем чтении романа, прерываемом восторженными восклицаниями и слезами: "Я не мог больше владеть собой и начал всхлипывать; я украдкой взглянул на Некрасова: по лицу его также текли слезы" [3, 83]. Черты облика Достоевского неожиданно проступают в описании этого впечатления. Форма отраженного в переживаниях других, «косвенного» изображения Достоевского, силой своего воображения создавшего глубоко взволновавшие читателей романа образы героев романа, подготавливает подробный анализ причин последовавших вскоре изменений во взаимоотношениях Белинского и Достоевского. Это отступление помимо объяснении причин трагического для Достоевского разрыва с кружком Белинского, содержит элементы портрета критика, общие контуры которого просматриваются в ярко выраженных определениях одного эмоционально-смыслового ряда: "неожиданный", "резкий", "внезапный". "Увлечение Белинского, – пишет Григорович, – не сделало бы еще, может быть, такого действия на Достоевского, как тот внезапный, резкий поворот на его счет в мнении Белинского и его кружка" [3, 84]. "Неожиданность перехода от поклонения и возвышения автора "Бедных людей" чуть ли не на степень гения к безнадежному отрицанию в нем литературного дарования" [3, 85] была убийственной для самолюбия Достоевского. Григорович мотивирует переменчивость Белинского свойством его страстной, увлекающейся, но всегда искренней натуры (об этом говорит и Анненков в своих «Литературных воспоминаниях») [4, 149], всегда находившейся под влиянием остро переживаемого впечатления. Впечатлительный Белинский всегда резко реагировал на смену обстоятельств, а они возникли в связи с появлением повестей Достоевского «Двойник» и «Хозяйка», в которых Белинский не находил художественной мотивировки «чудовищного фантазма» автора.

Изменившаяся оценка Белинским Достоевского очень существенна для замысла Григоровича: в ней "прорисовывается" фон, литературная среда, с которой Достоевский вступает в определенные отношения. Григорович неточно цитирует выдержку из письма Белинского к Анненкову, посвященную повести «Хозяйка»: "Не знаю, писал ли я вам, что Достоевский написал повесть «Хозяйка», – ерунда страшная! В ней он хотел помирить Марлинского с Гофманом, подбавивши немного Гоголя. Он еще написал кое-что после того, но каждое его новое произведение – новое падение... Надулись же мы, друг мой, с Достоевским-гением". И далее Григорович замечает, что негативное отношение кружка Белинского к произведениям Достоевского привело к тому, что последний замкнулся и "еще больше прежнего... сделался раздражительным до последней степени" [3, 841].

Нет сомнения в том, что Григорович стремился быть объективным в изложении событий. Он далек от обвинения Белинского в неискренности, поэтому особое значение в очерке приобретает воссозданная мемуаристом положительная реакция критика на повесть «Двойник» (о ней также идет речь в письме к Анненкову): "Белинский сидел против автора, жадно ловил каждое его слово и местами не мог скрыть своего восхищения, повторяя, что только Достоевский мог доискаться до таких психологических тонкостей" [3, 84]. Что же вызвало столь резкую впоследствии оценку содержания повести Белинским – «чудовищный фантазм»? Дело в том, что вначале критик опирался на эмоциональное восприятие произведения на слух, в исполнении автора, а затем в процессе вдумчивого, аналитического чтения у него родился качественно иной тип художественного восприятия и оценки того же произведения.

В "подтексте" неровного отношения Белинского и его кружка к повестям и рассказам Достоевского 40-х выявляется "неровность" и самой личности Достоевского. Мир внутренне обеспокоенной личности, эмоциональные срывы и взлеты героев «Двойника», «Неточки Незвановой», «Господина Прохарчина» менее всего располагают к однозначной оценке их проблематики, их художественных достоинств и недостатков. Это озадачивает Белинского, стремившегося построить свою модель истории развития русской литературы. Достоевский, как оказалось, не «укладывался» ни в одну из предложенных им "схем". Не этим ли, в какой-то степени объясняется внезапное, на первый взгляд, охлаждение Белинского, изменение характера его восприятия творчества Достоевского?

«Воспоминания» Григоровича характеризуют обоих героев воспоминаний по-разному, раскрывая особенности натуры каждого. Так, "подвижность" Белинского – символ его неуклонного стремления к истине, отсутствия догматического подхода к оценке литературных явлений. «Движение» Достоевского иного рода, хотя сюжетно оно связано с фактом переоценки Григоровичем его

литературной деятельности. Это скорее движение – "обнаружение", в котором Григорович пытается соотнести внешние реакции Достоевского с его внутренними переживаниями. Однако внутренний мир Достоевского все же остается "закрытым" для мемуариста, он останавливается на уровне констатации увиденного.

Литературный портрет Гончарова в сюжетном отношении напоминает эскиз. Его отличает особый пространственно-временной континуум, стилистически точно передающий отличительную черту художественного таланта писателя: вдумчивое, неторопливое повествование. Но если Гончаров, создавая героя своего главного романа Обломова, "лепит" характер из мельчайших подробностей его мимики, жеста и "нанизывает" один эпизод на другой, то Григорович в поисках доминанты образа Гончарова идет от противного. Мемуарист приводит один единственный факт биографии писателя (историю ссоры с Тургеневым), считая, что в нем Гончаров проявил себя достаточно полно, причем в негативном плане. Речь шла о претензиях, которые Гончаров предъявил Тургеневу, якобы "похитившему" у него один из сюжетных ходов романа, где героиня уходит в монастырь. Гончаров, как известно, потребовал третейского суда, о котором сохранилось много воспоминаний не в пользу «истца».

Литературный портрет И. Тургенева в «Воспоминаниях» Гончарова единственный имеет четкие хронологические рамки. Он «располагается» на временном пространстве с апреля 1846 года (времени первой встречи мемуариста с писателем в Петербурге) по 1881 год, когда в Спасском-Лутовинове произошла их последняя встреча. Образ Тургенева у Григоровича становится своеобразным идейным и художественным камертоном русской литературной жизни конца 40-х-начала 80-х годов.

В «Воспоминаниях» нет оценки литературных произведений Тургенева, они даже не названы (хотя Григорович, вводя в повествование новый персонаж, как правило, объясняет его появление литературным фактом: "генерал Данилевский, автор «Войны двенадцатого года», Анненков, польщенный советом, написал вторую повесть: «Она погибнет» и т.д.) Своеобразие литературного таланта Тургенева характеризуется Григоровичем опосредовано, через изображение нескольких, казалось бы, незначительных фактов его биографии.

В памяти Григоровича остался такой факт, связанный с именем Тургенева и характеризующий разрыв Достоевского с кружком Белинского. Обида на Белинского была высказана Достоевским именно Тургеневу, "который, – по словам Григоровича, – отличался полным отсутствием задора и которого можно было упрекнуть в крайней мягкости и уступчивости» [3, 85]. Григорович сознательно акцентирует в характере Тургенева черты мягкости и уступчивости, столь резко отличавшие его от Белинского и Некрасова.

Замечание о кратковременной службе Тургенева под началом В. Даля, от которой он "не отказался по слабости характера", знакомит нас с особым типом этнографического мышления Даля, внесшего заметный вклад в развитие русской беллетристики 40-х годов. Упоминание о том, что именно Тургенев представлял Л. Толстого на обеде в редакции «Современника», где последний противопоставил свою точку зрения на произведения Жорж Санд и не разделил захватившего тогда всех увлечения романами и идеями французской писательницы, воспринимается как признание того факта, что именно Тургенев ввел Толстого в «большую» литературу. Здесь Григоровичем повторен уже не раз использованный прием косвенной характеристики литературной обстановки через факты личной биографии писателей.

Особенно подробно Григорович воспроизводит свои впечатления от поездки в Спасское-Лутовиново в 1855 году. Перед читателем возникает образ усадьбы – дворянского гнезда, одного из центральных образов творчества Тургенева. Портрет Тургенева 50-х годов создается Григоровичем на фоне заросшего, запущенного сада, мотив которого звучит в романе «Рудин». Мемуарист проводит параллель между настроением Тургенева и образом старинной дворянской усадьбы, которая представала в описании хозяина в облике величественно-привлекательном: «... старинный, обширный барский дом, полный, как чаша, нескончаемый парк, леса на несколько верст в окружности..., соседка-красавица, от которой ум помрачится» и тем, что увидели собеседники Тургенева на самом деле: «После пожара старого дома осталась только часть его.... парк оказался садом... вокруг дома и деревни расстилалась плоская черноземная земля....соседка-красавица ...была во всех статьях скорее дурна собою, чем красива" [3, 124]. Ирония Григоровича имела целью не столько обличить «обман» Тургенева, сколько показать источник курьезной ситуации, в которой по

«вине» хозяина оказались его гости. Она была вызвана особым отношением Тургенева к тому миру, который существовал в его воображении: миру деревенской идиллии и тишины, был источником его вдохновения. Так в повествование входит образ творческого уединения и сосредоточенности автора «Дворянского гнезда», ассоциирующийся у Григоровича с обстановкой старой дворянской усадьбы, где хорошо думается и пишется. Он знал это по собственному опыту.

При всей важности подмеченных Григоровичем особенностей таланта писателя личность Тургенева привлекает особое внимание Григоровича прежде всего потому, что для него это фигура центральная в литературной жизни России, направляемой в те годы «Современником». Именно ему, по мнению Григоровича, принадлежало моральное право стоять во главе литературного кружка писателей и поэтов, собравшихся вокруг журнала. Душевная мягкость, ум, разносторонняя образованность, тонкое эстетическое чувство привлекали к нему людей. Однако Тургенев не стал главой кружка, ему недоставало, с точки зрения Григоровича, "твердости, выдержки, энергии", он был слаб в делах житейских. Что же касается занятий умственных и литературных, то здесь Тургенев был до конца последовательным и упорным.

Завершают портрет размышления Григоровича о природе двойственности артистической натуры Тургенева. Заключительная часть портрета "снимает" пафос официальной оценки личности и творчества Тургенева и возвращает нас к той черте характера писателя, о которой вряд ли знали его читатели. Перед нами скрытый от глаз массового читателя Тургенев – склонный к шутке, розыгрышу, известный в своем кругу автор острых эпиграмм.

В «Воспоминаниях», помимо развернутых портретов-характеристик, большой интерес представляет иной тип создания образа современника. Это эскизы портретов, которые в совокупности своей воспроизводят атмосферу литературной жизни России 40-50-х годов XIX века. Характер творческой деятельности писателей и поэтов, введенных в повествование, окончательно определится впоследствии, как это произойдет с Л. Толстым, А. Островским, А. Фетом. Бесспорный и заслуженный литературный авторитет их в конце 80-х- начале 90-х, когда создавались мемуары, не вносит соответствующих корректировок в их изображение Григоровичем. Характерная особенность используемого Григоровичем принципа портретирования состоит в том, что автором суммируются впечатления от одной встречи, от одного, но выразительного факта или обстоятельства, в котором с достаточной полнотой, как считал Григорович, может выявиться характер человека. В единичном, особенном Григорович ищет и находит форму выражения типического. Именно на этом основании выносится суждение о личности в целом. Перед нами эскизы портретов, воспроизводящие общий контур характера без детальных проработок.

Әңгімедегі Жортардың бейіт ішінде қарайғаннан қорқып, біршама отырғаны бір қызық жағдай болса, оны қорқытпақ болған Бура-Алтаяқтың да әрекеті өз алдына бөлек, қызық әдіс екен: «Түн суық, жауынды болған соң, киімі нашар, тоңып, әдейі бейітті пана қыла келінті. Мен келген соң, Құдай бір жұмсақ жемді берді деп күш жұмасамай-ақ айламен алмақ болып, барлық киімін тастай қойыпты. Бойында қару жоқ. Жалғыз бұйымы: елінен алып шыққан бір сауыт сіріңкесі бар екен. Әлгі бағана тырс етін, жап-жарық боп кететін уақытта соны шағып жіберін, отымен ауызына тығып үрлей қояды екен... Сөйтін мені қорқытып жүрген - жаман сіріңке болып шыққаны деп, ақсақал мәз болып күлін, әңгімесін тоқтатты» [8]. Әңгіме ішіндегі әңгіме осылайша шынайы мазмұн жүйелі даму, табиғи шешіммен аяқталады. Жазушы соңынан қорытып бір сөйлеммен түйіндеп, бар әңгімені бітіреді. «Сыбанның моласында» әңгімесі арқылы алып батырды жаңа қырынан танығандай боламыз. Кішінейіл, әдепті, кісілікті Жортар ақсақал бөсін, мақтанып көрген соғысын, шабысын әңгімелемей, осылайша өмірде болған, батыр басымен көрген қорқынышын әңгімелеп береді. Жазушы не айтып, не жазса да адамның адами қалып-қасиеттері мен мінез, болмысын танытуға жұмсайды. Аталған әңгіменің басты ерекшелігі, онда Жортар батырдың аузымен айтылатын дала көріністері, жорық суреттері, кейіпкердің автор сомдауындағы бейнесі ежелгі жыр-аңыздар стиліне тән сөз айшықтарымен суреттелінуінен көрінеді.

М.Әуезов 20-сыншы жылдары қазақ әдебиетінің алтын қорына «Қараш-қараш оқиғасы», «Қилы заман» және «Көксерек» повесін қосты. Бұл үшеуінің де жазылу мерзімі жиырмасыншы жылдардың соңы болды. Едел-жедел, бірінен соң бірін жазып тастаған М.Әуезовтің бұл кездегі қаламгерлік, шығармашылық ізденістерін бағамдау аса күрделі. Әртүрлі тақырыпты қатар иғерін, өзінің дүниетаным кеңістігін солардың бәріне икемдей алу әркімнің қолынан келе бермейтін нәрсе. Бұған көп білім, қажырлы еңбек, сосын дарын керек. М.Әуезовте осылардың бәрі де бар еді. Себебі, «Жиырма сегіз жасында әр қиянға бас ұрған жалыны қайратты Мұхтар Әуезов әлем мәдениетінің асыл қазыналарымен еркін таныс болатын» [10, 149].

«Көксеректің» негізгі идеялық тұғырнамасы таза болмыстан алынған. Мұнда өте-мөте фольклорлық сызбалар, ғажайып оқиғалар тізбегі немесе астарлы мағына жоққа тән. Сондай-ақ әңгіме ешбір революциялық тақырыпқа, белгілі бір тарихи уақыт пен кеңістікке де тәуелді емес. Бұл классикалық көркем прозаның объективті шындығының қаламгер дүниетанымында болған немесе болмысқа сәйкес оқиғаға негізделе отырып, қағазға түсуі. Нақтырақ айтсақ, «Көксерек» әңгімесіндегі аңшылық ғұрып пен салт-сананың бұлжымас қағидаттары өмірдегідей шынайы баяндалады. Баяндаудың көбінесе өткен шақ формасында айтылатын әңгіменің сюжеттік құрылымында автор бейнесі көмескі көрінеді. Бұл да «Көксеректің» фольклордан қол үзе бастағанын көрсетсе керек. Себебі, хайуанаттар әлемі суреттелетін шығармалар көбінесе аңыздық, ертегілік, тінті мифтік сарындарға бой ұрмайтыны бұл кездерде кемде-кем болатын. Олай болуының мәнісі «Көксерек» жазылған тұстың қазақ прозасының қалыптасу кезі болғандығы еді. Ол шақта әлі де ұлттық дүниетаным фольклорлық мотивтерден алшақтап кете қоймаған кез болатын. Бұған дәлелді біз жоғарыдағы жазушының алғашқы әңгімелерінде фольклорлық үлгілердің молынан ұшырасып отыратынын дәлел ретінде айтуымызға болады. Жазушы «Көксеректе» осы аталған сарындардан саналы түрде бас тартқан. Әйтпесе, «Сыбанның моласындағы» аузынан от бүркитін алып, «Текшенің бауырындағы», «Жетімдегі» қара түндегі қара пышақты жалмауыз, тінті «Қорғансыздың күніндегі» Күшікбай аңызы сияқты небір қызғылықты сюжеттерді «Көксеректе» де молынан қолданып отыруға материалы жеткілікті еді. Ел арасында қасқырға байланысты айтылатын аңыздардың, аңшылар шығарған күлкілі оқиғалардың, тінті анекдоттардың да көптеп кездесетін мол қоры бар екені кімге де болса мәлім.

Демек, жазушы реалистік шығарманың сюжетін құруда үлкен дайындыққа енін, өзі көрген, куә болған және ұлттық дүниетанымға толықтай сай келетін шығарма жазуды мақсат еткен деп пайымдаймыз. Және осы үддеге жеткен де.

Жалпы М.Әуезовтің барлық әңгімелері қазақ қауымы атты елдің әлеуметтік және рухани өмірін, қоғамдық күресін, әдет-ғұрпын, бар тұрмыс-тіршілігін суреттейтін тарихи зор панорамасын жасаудың әдеби-көркем баспалдағы болды. Сондықтан да жазушы әңгімелеріндегі сюжет пен тақырып аясы түрлі мәселені, халықтың барша әлеуметтік топтарын қамтиды. Мәселен, «Жетім», «Жуандық», «Барымта» деп аталатын бір топ әңгімелеріндеғі жазушы кейіпкерлері халықтың бел ортасынан алынған образдар. Қаламгер ол шығармаларында өмірді қарапайым адамдар көзімен суреттеуге тырысады. Оған қоса олар қазақ даласына жаңаша қарай бастаған адамдар. Мысалы, «Жуандық» әңгімесі осы жақсылық жаңалықты қуана паш етуден басталса, «Оқыған азамат», «Кінәмшіл бойжеткен», «Сөнін-жану» әңгімелерінің тақырыбы қазақтың болашағынан дәметкен ізденістерге толы. Оларда жазушы жастар тәрбиесі, ар-инабаттылық проблемаларын алға тартады. Ал біз сөз еткен фольклорлық, этнографиялық, ұлттық салт-дәстүрді бейнелеуге арналған шығармалары халқымыздың асыл қасиеттерін ұрпаққа үлгі етуімен құнды.

Қорыта айтқанда, М.Әуезов XX ғасырдағы әдеби-ғылыми ортада ең танымал жазушы, ғалым болып қана қоймай, Абай өмірбаяны, оның шығармашылығын таныту, әдебиеттану, фольклортану саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, халық мұрасын ел ішінен жинап, баспасөзде жариялату, ғылыми қорға өткізу, оқу орындарында халық ағарту жұмыстарын жүргізу, баспасөз ісіне араласу сияқты сан тарау ғылыми, қоғамдық, педагогикалық, публицистикалық қызметтің бел ортасында жүрді. «М.Әуезов қалдырған көп үлгі-өнегенің сырына үңілген уақытта бірімен-бірі жымдаса желімденіп жатқан жайларды байқағандаймыз. Табиғатына біткен дарындылық терең біліммен, тынымсыз еңбекпен жарқырай түскен. Білім мен еңбек алып таланттың екі қанатындай болып, бойға біткен дарынды кемеңгерлік данышпандыққа ұластырған, сөзін уәлі, шешімін тиянақты, байламын берік еткен» [11, 157],- деп ғалым Т.Кәкішев айтқандай, оны елге сүйікті, зиялы қауымға етене туыс еткен – терең білімі мен тынымсыз еңбегі болды. Осы білім мен еңбектің нәтижесінде дарын қуатын, ғажап романтикалық сыршылдық бояуын, халық мұрасының көркемөнердеғі бейнесін, реалистік тіршілік суретін, түрлі типтеғі адамдар психологиясының күрделі қатпарларын ашып, бейнелі көркем тілмен баяндаған шығармалары қазақ әдебиетінің биік белесі ғана емес, «Европалық деңгейде көрінін, қазақ әдебиетіне өлшеусіз олжа салған» [11,4] туындылар еді.

1. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. II том. Алматы: «Жазушы», 2004, -336 бет.

2. Сейданов Қ. Әуезов және Орта Азия әдебиеті. Шымкент, 2005, -110 бет.

3. М.Әуезовтің музей-үйінің архивінің қолжазба қоры. 382 п.

4. Диқанбаев М. Мен білетін өмірбаян//Абай, № 2-3, 1997 жыл.

5. Әуезов М Автобиография//кітапта: Мұхтар Әуезов. Қазақ және орыс тілдеріндегі таңдамалы еңбектер жинағы. Бас.ред. Ә.Нысанбаев. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1997, -512 бет.

6. Жұртбай Т. Әлемдік тұлға//Абай, №2-3, 1997 жыл.

7. М.О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі. Алматы: «Ғылым», 1977, 768 бет, 18-бет.

8. С. Мұқанов. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. Алматы: «Атамұра», 2008, 384-бет, 325-326 бб.

9. Жұрбаев Т. Ұлы қаламгердің қиын кезеңі//Жұлдыз, №10, 1991 жыл.

10. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. Алматы: «Ғылым», 1961,- 348 бет.

11. Семей семинариясында оқитын «Аймауытов һәм Әуезов». Қазақтың өзгеше мінездері//Алаш, №16, 1917 жыл.

Резюме

К. Мырзаханкызы. Раскрытие своеобразных особенностей древних поэтических памятников и сказаний-легенд казахского народа в литературном творчестве Мухтара Ауезова

В статье анализируются своеобразные особенности, приемы и методы, применимые Мухтаром Ауэзовым при исользовании поэтических наследий древности, разнообразных сказаний и легенд в своих прозаических произведениях. Великий писатель казахского народа в 20-30-ые годы прошлого века проделал огромную работу по сбору образцов произведений народного устного творчества, веками передававшихся из уста в уст, исследованию фольклорного творчества казахов. Наряду с этим писатель мастерски использовал их в своих литературных произведениях. Данная тема требует дальнейшего исследования.

Ключевые слова: фольклор, легенды, сказания, сюжет, художественность.

Summary

K. Myrzakhankyzy. Disclosure of distinctive features of ancient monuments and poetic tales, legends of the Kazakh people in the literary works of Mukhtar Auezov

This article analyzes the unique features, tools and techniques applied by MukhtarAuezov using poetic heritage of antiquity, various tales and legends in his own prose works. The great writer of Kazakh people in the 20-30-ies of the last century did a great job collecting samples of folk oral tradition, passed down for centuries from mouth to mouth, the study of folklore of the Kazakhs. Along with this, the writer introduces them to the scientific revolution and skillfully used them in his literary works.This topic requires further investigation.

Key words: folklore, legends, stories, story, art.

ӘОЖ 821.512.122(091)

СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, ЕЛДІК МҰРАТТАР

А.А. Оспанова – *әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, философия докторы (PhD), аға оқытушы*

Аңдатпа. Мақалада қазақ ағартушылығының қайраткер шығармашылық тұлғасы мәнінде азғана ғұмырында елеулі еңбек жасаған көрнекті ақын Сұлтанмахмұт Торайғырұлының ғұмыр ғибраты, жалынды жастың азаттық күрес мұраты, жәдитшілдікті жаю жолындағы еңбегі қарастырылады.

Сұлтанмахмұт өз өлеңдерінде оқыған жастарының арқасында көзін ашып, қатарға қосылған елдер туралы айтып, қазақ арасындағы кенже қалушылыққа қынжылған.

ХХ ғасырдың бастапқы жылдарында ұлт мүддесі деп күрес жолына шыққан тұлғаларға Сұлтанмахмұт та өз үнін қосады. Ол елдің етегінен тартып отырған ескі ғұрыпқа мін айтады. Сауатын діни бағытта ашқан Сұлтанмахмұт қайсыбір жағдайда ескіше оқудың дүмшелікте шырмап қалдырып қоятын қиын жағдайларына қарсы батыл ойлар айтады.

Ел ішіндегі алаяқтың жасап жүрген дін адамдарын, дүмшелік, білімсіздікті сынап, мінейді. Сұлтанмахмұт Торайғырұлы – ХХ ғасыр басындағы қоғам дамуының көкейкесті, алаңдататын мәселелерінің барлығына да үн қосқан қайраткер шығармашылық тұлға.

Ақынның әйел теңдігі мәселесіндегі ұстанымдары да Алаш қайраткерлерінің бағыттарымен сабақтастықта өрбиді. Әйелдің малға сатылып, әдет құрбаны болуы, өзінен үлкен адамдарға тұрмысқа шығу фактісі оның шығармаларындағы басты көркемдік арқаудың бірі болды.

Мақалада Сұлтанмахмұт Торайғырұлының «Қамар сұлу», «Кім жазықты?» романдарының мазмұн, мәні сараланады.

Сұлтанмахмұттың өз дәуірінің өзекті күйлерін жүрек сүзгісінен өткізген шығармашылық мұрасы тұрғысында, оның характер жасау, образ сомдау, суреттеу, баяндау бағытындағы шеберлік тәсілдері, ақынның поэтикалық әлуеті бағытында мақалада автор тарапынан өзіндік пайымдаулар жасалған.

Сұлтанмахмұт Торайғырұлы – өз дәуірінің ең өзекті күйлерін көреңдікпен болжап, танылған суреткер. Ол ХХ ғасыр басындағы қазақ оянушылығындағы мейлінше ықпалды тұлға деңгейіне көтерілді. Ақын өмірі туралы мәнді зерттеулер жасалды. Әлі де тереңіне үңілетін ғұмырбаян ғибраты бай ақынның мұрасы – ұрпақ еншісі.

Түйін сөздер: қазақ ағартушылығы, азаттық күрес мұраты, жәдитшілдікті жаю, діни бағыт, әйел теңдігі мәселесі, характер жасау, образ сомдау, суреттеу, баяндау бағытындағы шеберлік тәсілдері, азаматтық ғұмырбаяны.

Сұлтанмахмұт Торайғырұлы ғасыр басындағы дүрбелеңдер уақытында оң-солын аңғарып, қалыптасып қалған жас еді. Оның өміріндегі елеулі бетбұрыстың басы ескіше оқуға қарсылық. Жаңа оқуға құштарлық, құмарту. Бұл жөнінде Сұлтанмахмұттың шығармашылық, азаматтық ғұмырбаянын алғаш түзуші Сәбит Мұқанов кеңінен баяндайды.

«Сұлтанмахмұт бір жасында шешесінен жетім қалады. 6 жасқа толғанда оны әкесі Шоқпыт ескіше «әлінбиге» үйретеді. Әкесінен «тіл сындырарлық» қана сабақ алып, әр молдадан тиіп-қашып сабақ

оқып, недәуір жыл жүреді. 12-13 жасында Мұқан молда деғеннен оқиды. Ол молда өлең шығаратын молда екен. Сұлтанмахмұт соған еліктеп, сол жасында-ақ өлең жаза бастады. Бұдан кейін Баянауыл қаласында Әбдірахман молдадан оқып, ол молда өлеңге теріс қарайтын молда болғасын Сұлтанмахмұт бастап келе жатқан өлеңді біраз жыл тастап кетеді. Біраздан кейін ол молдамен ыңғай келмеғесін, Сұлтанмахмұт оқуды тастап еліне барады да, сопылық жолына түседі. Сөйтіп жүрғенде Троиңкіден Нұрғали деген жәдитшіл молда кеп, Сұлтанмахмұт сонан оқып, пәнмен таныса бастайды. Білім дүниесінің есігінен сығалағаннан кейін ол қадымшыл (ескішіл) діншілдермен қастаса бастайды. Ол кезде өлеңді де үдетіп жазады» [1, 244].

ХХ ғасыр басындағы саяси ахуалға сан қырынан тоқталып, саралаған Сәбит Мұқанов «ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті» еңбеғінде ұлт, ұлтшылдық мәнін, оның өзі шығармашылығына тоқталған әрбір қаламғер өмірімен сабақтастығын еғжей-теғжейлі баяндап отырған. Сұлтанмахмұт шығармаларындағы, ғұмырбаянындағы ұлтшылдық ұстанымға қатысты былай дейді:

«1905 жылдағы Ресейде болатын төңкерістің салдарынан отар ұлттардың бірсыпырасында сол жылдан бастап ұлт қозғалысы бола бастағандығы, осы қозғалыс қазаққа да шарпуын тиғізіп, қазақ зиялылары (оқығандары) ұлтшылдық сарынға түскендіғі жоғарыда айтылды. Осы ұлтшылдық қозғалыс Сұлтанмахмұт Троицкіге барып оқуға кірген 1912 жылдары жалпы Қазақстандық маңызы бар қозғалыс болуға айналып қалды. Осы кезде орысша, мұсылманша оқыған жастардың көпшіліғі «ұлт» деген тудың астына кіріп, ұлтшылдық бағытты басқарып жүрген адамдарға көмекші болды. Ұлтшылдық бағытта жүрғендердің ол кездегі ірі мақсаттарының біреуі қазақ халқын ағарту, оқуландыру еді. Қазақты оқытып саналандырып алғаннан кейін, орыс отаршылдығына қарсы көтеру еді. Осы мақсатпен ұлтшылдар ауылында қазақ тілінде мектептер ашуды ойлады. Мектеп ашқан уақытта татар, араб, парсы, орыс тілдерінің қазаққа қанағат бола алмайтынын біліп, жаңадан қазақ тілінде оқу кітаптарын жазуға кірісті, тіл мәселесі қолға алынды. Мектеп кітаптарын ескерумен қатар, қазақтың көңілін оятып, өз тілектеріне бұқараны баулу үшін қазақша ғазет, жорнал деғенді қолға алды» [1, 246].

Сәбит Мұқанов Сұлтанмахмұттың ұлтшылдық бағытта болып, ұлтшылдықтың ұлы мақсатының біреуі жұмысынан әдебиеттеғі ісін бастады деп баға береді.

Үмітпенен жоқ қуған,
Талабы алда баламыз.
Басқалар жоғын тапқанда,
Біздер қайтіп қаламыз.

Сұлтанмахмұт «Талиптарға» атты өлеңінде көрші жұрттар оқыған жастарының арқасында көзін ашқанына назар аудартып, қазақ арасында ынталы, ықыласты, пайдалы іске бастайтындардың кенже қалып отырғанына қынжылады.

Сұлтанмахмұттың бар мұраты, басты арманы елінің оянып, озық жұрттардың қатарына шығуы. Жастардың оқып, көз ашып, жақсы істер атқарып халқын өрге тартуы.

Ақын халқының жаттың тепкісіндегі зарлы күйін, жарлы тіршіліғін ауыр өксікпен жырлайды. Қазақтың бірлік, ынтымақ, өнер үйрену, оқу арқылы ел қатарына қосылатын күнінен үміт етеді. Кішкенеден тіршіліктің бағытын барлап өскен зерек, серғек ақын жүрек арғы тарихты баяндайды, келер күндерді болжайды.

Қараңғы тұман түнде еді,
Қара қазақ баласы.
Ай мен күн, һәм жұлдыз жоқ,
Жым-жырт сахара арасы.
ХХ ғасыр басында,
Міне алланың панасы,
Бір жағынан ай туып,
Бір жағынан күн туып,
Жарық көрді алашы!
Шолпаннан үміт тағы да,
Біріксе елдің данасы.
Көңілменен көзді ашып,

Алға сүйреп барады,
Бұл жарықтар барында
Кім адасып қалады?

Сұлтанмахмұт XX ғасырдың бастапқы жылдарында осындай көкейкесті мұраттарын жырлады. Қазаққа теңдік сұралып, баспасөз ашылып, оқу ісі қолға алынып жатқан, қазақ тілінде ондаған кітаптар жарық көріп шыға бастаған 1912-1914 жылдары ақын да ұлтшыл деп бой көтеріп шыққан қайраткерлерге, қаламгерлерге өз үнін қосады.

Ақын елдің сілкінін, жаңғыруында етектен тартқан ескі ғұрыпқа мін айтады. Осындай ұстанып, ақсақалдық дәуірдің салт-санасынан келе жатқан әдет-ғұрыптың қайсыбір кері тартқан, келеңсіз құбылыстарын көлемді шығармаларында әлеуметтік деңгейге көтеріп баяндап, көрсетін, күн тәртібіне қойып отырды.

Кішкенеден дін оқуымен сауат ашып, тінті біраз уақыт мейлінше дін ұстанғандығы бола тұра Сұлтанмахмұт дінге қатысты өзіндік бағытта болды. Ол сол өз заманының ағысымен туындаған жаңа даму бағыттарының талаптарын көре білді. Ескіше оқудың дүмшелікте шырмап қалдырып қоятын қиын жағдайларына қарсы батыл ойлар айтты.

Оқудан мақсат не? Медреседе жату ма?
Ескі нұсқап бақастарды татуға.
Қанша жыл «қашия» мен «мантық» жаттап,
Күрсілдесіп шатуға.
Көп жатып «хакім керде» атын алып,
Елге апарып сатуға?
Ә, олай болса,
Керек енді сәлде, шапан киюге,
Мүрит болып ишанға бас июге,
Молда боп төрде отыру ма?
Ет, қымызға қарнын толтыруға.

Сұлтанмахмұт ел ішіндегі «Алла» деп, алаяқтың, жасап жүрген қайсыбір дін қызметшілерін, жалпы дін мәселесіндегі дүмшелік, білімсіздікті әшкерелеп жазып отырды. Дін оқуының өмірге пайдасы тиетіндей дұрыс бағытта бет алуын көкседі.

Сұлтанмахмұт Торайғырұлы XX ғасыр басындағы қоғам дамуының көкейкесті, алаңдататын мәселелерінің барлығына да бел шешін қатысқан, үн қосқан ықпалды қайраткер тұлғаның бірі болды. Әдеби туындыларында өмір шындығын келістіре баяндап суреттеді. Өзі оқыды, ізденді. Білімге құштарлығы ғажап осы бір азамат басқаларға білім үйретті. Өзекті мақалалар жазды. Қазақ баспасөзінің шаруасына араласты.

Сұлтанмахмұт Торайғырұлының XX ғасыр басында көп қозғалған әйел теңдігі мәселесіндегі ұстанымы да сол дәуірдегі ұлт бостандығы жолында қайраткерлік еңбегімен тарих сахнасына шыққан Алаш зиялыларының мүдде-мұраттарымен сабақтас. Әйел баласының әдет құрбаны болуы, қыздың малға сатылып, теңіне емес, өзінен үш мүшел үлкен адамға тұрмысқа шығу фактілері ақынның шығармашылығындағы өзекті арнаның бірі болғандығы белгілі.

Жан шошырлық тағдырға қыз баласын телін қойған қоғам, заман, ата дәстүр – Сұлтанмахмұттың аяусыз айыптап отырған құбылыстарының бірі. Ата баласын малға сату дейтін сұмдықтың көзі құрымай, әйел затына күн жоқ екендігін ақын әр сәт айтып отырған. Осында сол дәуірдегі Алаш зиялыларының шариғат жолына жүгінін отыруды міндеттеу бағытындағы ұстанымдарымен үндестікте даусыз айқын.

Теңің тап, кемге барма, қор болма деп,
Шариғат заң көрсетті саған жолды.

XX ғасыр басындағы әйел теңдігі, шариғат жолы мәселесіндегі тұтас ұстанымды Сәбит Мұқанов көреді, әрі оған сол дәуірдің талап-тілеуіне орайлас түсінік береді. Не деуенде де мәселенің XX ғасыр басындағы өмір ағымындағы, қазақ әдебиетіндегі ұлт-азаттық, ағартушылық-демократтық бағыттағы елеулі мәселе болғандығын дөп басып тауып, айқындап, ашып айтады. Замана талабымен адамшылық ұстанымы айқын, әрі әйел теңдігі мәселесіндегі шариғат жолының кеңестік жүйе

саясатымен сабақтасып жатқан күйлерін көрін отырған Сәбит Мұқанов ойын тұтас жеткізбей, уақыттың ыңғай-талабына орай осылай айтуына тура келгендігі туралы ой да көкейде тұрады.

Шариғат деген – дін. Оның әйел мәселесіне ең езуші құрал екенін, дін жолынша әйелдің адамдық жағы жарты екенін, дін бойынша екі әйел бір еркектің кісіліғіне ғана тұратындығын әйелге шариғаттың жасайтын қысымшылығын, сол дін арқылы ислам дініндегі күн шығыс әйелдерінің халіне келгенін Сұлтанмахмұт айырмайды. Осы өлеңнің аяғында:

Жанына жалмау түгіл жақын бармас,
Қазақтан оқушылар шықса аңдап

дейді. Міне, мұнысы әрине, шариғаттан көрі туралау жол, бірақ жалпы ұлтшыл жазушылардағы кемшіліктей Сұлтанмахмұттағы әйел мәселесінде үлкен кемшіліктің біреуі ол – әйелді оқыған ерлер арқылы азат болады деп түсінеді. Әйел өзі ақын, оң қол, сол қолын өз ақылымен танығанда ғана ермен теңмін деп түсіне алатындығын білмейді. Шалға тимей, кемге барма, теңел деген барлық ұлтшыл ақындар жырлады. Бірақ осылардың көпшілігі теңелудің салмағын әйелдің өз санасына тіреген жоқ, оқыған ерлерге тірейді. Осы кемшілік Сұлтанмахмұтта да мол» [1, 252].

Сұлтанмахмұттың «Қамар сұлу», «Кім жазықты?» романдарында қазақ әйелінің адам санатына қосылмай, қор болған күйі барынша өмір ақиқаты аясында шынайы суреттелін отырды.

Сұлтанмахмұттың «Таныстыру» поэмасы ұлт азаттығы жолындағы күрес қайраткерлерінің тарихи еңбегін алғашқылардың бірі болып бағалап айтқан әдеби туынды. Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, тағы да басқа ел үшін жанкешті еңбек жасап, ұлы мұраттар жолында бастарын бәйгеге тігіп жүрген ұлт қайраткерлерінің тарихи еңбегіне баға берген Сұлтанмахмұт әрбір қазақ жасы, әрбір ұлт ұланы, әр адам осы тұлғалардың өмірін білсін, осыдан ғибрат алсын, өнегесін үйренсін деген мұратта жазғаны анық.

Ешкімнің Әлиханға бар ма сөзі,
Демейді қандай қазақ оның көзі.
Ел үшін құрбандыққа жанын берген,
Бит, бүрге, қандалаға қанын берген.
Ұрыдай сасық ауа, темірлі үйде,
Зарығып Алаш үшін бейнет көрген.
Түймеге жарқылдаған алданбаған,
Басқадай бір басы үшін жалданбаған.
Болса да қалың тұман, қараңғы түн,
Туатын бақ жұлдызына көзі жеткен.

Сұлтанмахмұт Торайғырұлының «Кім жазықты?» романы 1914 жылы жазылады. «Қазақ» ғазеті романға бәйге жариялаған тұс. Бір замандарда көп әйелдің көрген күні осы «Кім жазықты?» романындағыдай болғаны да рас. Замана ағымымен оқып кісі болмақ Әжібай бірте-бірте ескі өмірдің шылауынан шыға алмай қалады. Бірінен соң бірін алған әйелдерінің барлығы бақытсыз. Әжібайдың таяғын жейді, баласын бағады, шаруасына қарайды. Осы романда Сұлтанмахмұттың қаламгерлік шеберлігі, характер жасау, образ ашу, баяндау, суреттеу бағытындағы суреткерлік шеберлік деңгейі өлеңмен жазылған романдағы ақынның поэтикалық әлуетін көрсетеді. Уақыттың қаны сорғалап тұрған шындық уақиғаларын ақын әсірелемей, бұлдыратпай нақты бейнелейді. Оқиға өрбіту тәсілдері де өмірлік ситуацияларға арқа сүйеп отырып шешім тапқан. Романға алғаш көркемдік тұрғысынан баға беріп, саралап, пікір айтқан Сәбит Мұқанов шығарманың басты сипаттарын, өзіндік ерекшелігін кәнігі әдеби шығарма сарапшысы деңгейінде жан-жақты танытып, бағалайды.

«Сұлтанмахмұт өткен дәуірдегі әйел күндігін көзге елестету ретінде бұл романында мақсатын көңілдегідей орындай алған. Зығыш, Жамалдардың жіғерсіздігі мен жалпы ол замандағы қазақ әйелінің адамдық правосын тани алмайтындығын, ерінің не дегеніне көне беретінін Сұлтанмахмұт көзге көрсетумен қатар қазақ әйелінің жаңа кейіпкерін жасаған. Ол кейіпкер – Аппақай. Мұндай кейіпкер Сұлтанмахмұттың тұтас ақындарында ол кезде жоқ» [1, 271].

Сұлтанмахмұт өз шығармаларына өз дәуірінің басты мұраттары мен өзекті, күрделі шындық оқиғаларын, құбылыстарын арқау ету арқылы ХХ ғасыр басындағы ұлт руханиятына өлшеусіз еңбек жасады. «Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болған» ақынның мұрасы жан-жақты зерттелін, зерделенін келеді.

Сұлтанмахмұттың шығармашылық әлуеті, азаматтық бітім-болмысы ғасыр басындағы қазақ оянушылығындағы мейлінше ықпалды тұлға деңгейіне көтерді. Ақындық алымы замананың аласапыран күндерінде ширап, ширыға, шымырлана түскен Сұлтанмахмұттың өміріне қатысты әлде де зерттеуді күтін жатқан тұстар да бар. Алаш қайраткерлері ақталғаннан бергі ширек ғасыр уақыт ішінде ұлт бостандығы жолындағы рухани, саяси күресте сол тұлғалармен аса мүдделес, мұраты бір болған Сұлтанмахмұт Торайғырұлының өмірбаяны, шығармашылық мұрасын бағалау тұрғысында зерттеулер жалғасын таба беретіндігі анық.

1. Мұқанов С. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті: – Алматы: Атамұра. –2008. – 384 б.

Резюме

А.А. Оспанова. Национальные интересы и идеалы народа в произведениях С. Торайгырова

В статье рассматриваются примеры жизни, идеалы борьбы за свободу страстного юноши, труды, направленные на распространение джадидизма, Султанмахмута Торайгырова, который является выдающимся поэтом в казахском просветительстве. С. Торайгыров, как деятель просветительства и творческая личность, оставил достойный уважения труд в течение своей короткой жизни.

Султанмахмут в своих стихотворениях писал о народах, которые развивались благодаря образованной и грамотной молодежи. Он огорчался по поводу того, что казахский народ отставал.

Султанмахмут присоединяется к личностям, которые боролись за национальные интересы в начальных годах XX века. Он критикует старые обычаи, замедлившие развитие. Султанмахмут учился грамоте в религиозном направлении и говорил о том, что в любом случае учиться грамоте по старому имеет трудности, благодаря которым можно впутаться в начетничестве и смело выражал свое недовольство.

Он критикует представителей религии, которые занимаются мошенничеством, шарлатанство и невежество в обществе. Султанмахмут Торайгыров является творческой личностью, которая поддерживала новое действие во всех актуальных, настораживающих проблемах развития общества в начале XX века. Позиции поэта по вопросам равноправия женщин взаимодействуют с направлениями деятелей Алаша. Такие факты как женщина стала жертвой обычаев продаваясь в обмен на скот и вышла замуж за старика стали одним из главных творческих мотивов в его произведениях.

В статье анализируются содержание и суть романов «Камар сулу», «Кто виноват?» автором которых является Султанмахмут Торайгыров. В этой статье автор рассматривает творческое наследие Султанмахмута, где он описывает состояние своей эпохи, а также его мастерство создать характер, передать образ, описывать и излагать.

Султанмахмут Торайгыров – великий художник, который четко предвидел самые важные жизненные условия своей эпохи. Он поднялся до уровня самой влиятельной личности среди казахских пробуждающихся в начале XX века. Были сделаны содержательные исследования о жизни поэта. Богатое наследие поэта до сих пор требует глубокого исследования и остается последующему поколению.

Ключевые слова: казахское просветительство, идеал освободительной борьбы, распространять джадидизм, религиозное направление, вопросы равноправия женщин, приемы мастерства по созданию характера, передаче образа, описанию, изложению, биография.

Summary

A.A. Ospanova. National interests and ideals of the people in the works of S. Toraygyrov

The article is devoted to the examples of life and ideals of struggle for the freedom of passionate youth, labor, aimed at spreading Sultanmakhmut Toraigyrov's Jadidism, who is an outstanding poet in the Kazakh enlightenment. S. Toraigyrov as a figure of enlightenment and person of creation, left deserving respect work during his short life.

In his poems Sultanmakhmut wrote about the nations, which were evolving due to the educated and literate youth. He was upset about the fact that the Kazakh people were falling behind.

Sultanmakhmut joined the individuals who fought for national interests in the early years of the twentieth century. He criticized the old customs, slowing development. Sultanmakhmut learned to read in a religious direction, and said that in any case learning to read and write the old had difficulties due to them it was possible to get involved in the dogmatism and bravely express their dissatisfaction.

He criticized the representatives of religion, who were engaged in fraud, quackery and ignorance in society. Sultanmahmut Toraigyrov was a creative person, who supported a new action in all relevant alarming problems of society in the early twentieth century.

Also poet's attitude on the problem of women's equality developed reciprocally with the trends of Alash figures. At that moment women became the victims of customs selling in exchange for cattle and married an old man and all these facts became one of the main creative motifs in his works. The content and essence of Sultanmakhmut Toraigyruly's novels "Kamar Sulu" and "Kym zhazikty (Who is guilty?)" are differenciated in this article. In this article the author examines the creative heritage of Sultanmakhmut, where he describes the condition of his age and also his skills to create a character, to convey an image, to describe and state.

Sultanmahmut Toraygirov is a great artist who clearly foresaw the most important living conditions of his era. He rose to the level of the most influential personalities among the Kazakh awakening in the early twentieth century. Substantial research was made on the poet's life. The rich heritage of the poet still requires deep research and it will be the task of the next generation.

Key words: Kazakh enlightenment, the aims of the liberation struggle, the spread of Jadidism, religious trend, the problem of women's equality, workmanship means in the direction of characterization, description, presentation and formation of an image, civil memoirs.

ӘОЖ 821.512.122

ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ КӨРКЕМДІК ӘДІС, БАҒЫТ ПЕН АҒЫМДАР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ж.Ш. Саметова - *PhD докторанты*
Қ.Т. Жанұзақова – *филология ғылымдарының докторы, доцент*

Аңдатпа. Мақалада әдебиеттану ғылымындағы көркемдік әдіс, бағыт пен ағымдар мәселелері қарастырылады. Себебі, әдебиет әлемінде бағыттар мен көркемдік әдіс мәселелері ерекше орын алады. Жаһандық әдебиет тарихында көркемдік сананың даму тәжірибесі әр кезеңдегі тарихи-әлеуметтік құбылыстарға лайық түрлі әдеби әдістерді, ағым-бағыттарды тудырады. Өйткені, қандай да бір ағымдар мен бағыттар белгілі бір әдістердің негізінде қалыптасады немесе оларды толықтырып, түрлендіріп отырады. Жазушыларды көркемдік әдіске тек идеялық ұстанымдар ғана емес, әдеби шығармашылықтың ең жалпы принциптері біріктіреді. Сондықтан да, аталған ұғымдардың арасының шекарасын анықтап алу қажеттігі туындайды. Осы себептен, мақалада әлем прозасының бүгінгі күндегі көркемдік әдістер, әдеби бағыттар мен ағымдар мәселелері жан-жақты талқыланады. Оның ішінде қазақ прозасының мазмұны мен даму мәселелері жаңаша зерттеледі.

Түйін сөздер: көркемдік әдіс, бағыт, әдеби ағым, әдебиеттану, жазушы.

Әдебиет әлемінде бағыттар мен көркемдік әдіс мәселелері ерекше орын алады. Өйткені қандай да бір ағымдар мен бағыттар белгілі бір әдістердің неғізінде қалыптасады немесе оларды толықтырып, түрлендірін отырады. Шығармашылықтарын ортақ әдіске сай жасайтын қаламгерлердің бар және болғанына әдебиет тарихынан қанықпыз. Дегенмен де, «көркемдік әдісі жағынан бір-бірімен жақындасатын жазушылар өмір құбылыстарын іріктеу, тақырып талдау, шығарма образдарын суреттеу және типтендіру т.б. өзгешеліктеріне байланысты да шоғырлана алуының нәтижесінде ағымдар мен бағыттар дүниеге келіп отырады» [1, 50].

Жазушыларды көркемдік әдіске тек идеялық ұстанымдар ғана емес, әдеби шығармашылықтың ең жалпы принциптері біріктіреді. Сондықтан да, аталған ұғымдардың арасының шекарасын анықтап алу қажеттігі туындайды. Реализмді, романтизмді, сентиментализмді, символизмді т.б. бірде әдіс, енді бірде бағыт, ағым немесе стиль деп олардың нақты қай категорияға тиесілі екенін анықтап беруде көп ғалымдар әртүрлі пікірде. Көркемдік әдісті зерттеуге мейлінше көп көңіл бөлген кеңестік әдебиеттанушылардың өзі 1960 жылдары «Реализм – дегеніміз әдіс пе, бағыт па, стиль ме?» деген сұрақ қояды. Бертінге дейін реализмді бір ғалымдар – көркемдік әдіс, біреулер – шығармашылықтың типі, келесісі – өмірді бейнелеудің айрықша принципі, тағы бірі – көркемдік жүйе деп түсіндіріп келді. Зерттеушілер өз ыңғайларына қарай аталған терминдерді түрліше анықтап, түрліше қолданып жүрді.

Әдіс туралы пікірді ең алғаш, Сократ пен Аристотельдің заманында аталған ұғым болмаса да, өнерде кездесетін әр түрлі көркемдік әдістер туралы ойларын байқауға болады. Аристотельдің «мимесистің» үш типі: шындыққа сол қалпында еліктеу, көпшіліктің айнала шындық туралы не айтатынына және не ойлайтынына еліктеу, шындықтың қандай болу керектігіне еліктеу жайындағы ойларын қарастырсақ, әр түрлі әдістер төңіреғінде айтылғанын байқаймыз. Ал, Р.Декарт «Әдіс туралы ойлар» (1637) деп аталатын философиялық трактатында адамдардың танымдық әрекеттерін жүйелеу туралы рационалистік ұстанымдарын жариялады. Ал қазір бұл ұстанымдар классицизмнің тұғырнамалық негізі болып алынады. Э.Золяның көркем шығармашылықты эксперименталды әдіс тұрғысындағы көзқарастарын да әдіс теориясы тарихына жатқызуға болады. Оның 1940 жылдардағы В.Белинскийдің «натуралды мектеп» жөніндегі айтқан ойлары көркемдік әдістің бүгінгі түсініғімен мейлінше жақын тұрды.

XIX ғасырдың орта шеғінен бастап франнуз сыншылары «реализм» терминін қолдана бастады. 1860 жылдан бастап орыс ғалымдары да бұл терминді қолданысқа енгізді. П.Н.Сакулиннің «Стильдер теориясы» (1926) еңбегінде «реализм» мен «ирреализм» ұғымдары қолданылады. Ғалым «ирреализм» ұғымын «реализмге» қарама-қарсы мағынада қолданбай «стиль реңктері» ретінде пайдаланады да, ол айтып отырған «ирреализм» де көркемдік мазмұнның «реализм» сияқты қыры екенін айтады.

Одан бері келе көркемдік әдіс катеғориясы әдебиеттану ғылымының жүйесінде мықтап орнығып қалды да, әдебиеттану ғылымының терминологиялық аппаратында аса ауқымды орын алды. Әйтсе де, тұрақты ғылыми түсінікке айналуына, оның шынайы табиғатына берілетін анықтамалардың біркелкі болмауы бұл ұғымның нақты қалыптасуына кедергі келтірді.

Алайда, зерттеуші В.В.Курилов «Әдіс тек шығармашылық процесс кезінде өмірге келіп, қоршаған дүниені образды тұрғыда қайта иғерудің бағыттаушы факторына айналады. Шығарма жазушының санасына енді қалыптасып, әлі жазылмай тұрған шағында-ақ әдіс көркем шығармашылыққа реғулятивтік қызмет жасайды» [2, 48] - деген анықтама береді.

Бірақ, қалайда көркем шығармашылықтағы мазмұнды әдіспен теңестіруге, мазмұн деғенде тек қана әдісті елестетуге болмайды. Мәселе, мазмұн ауқымына кіретін тақырып, идея, проблематика сынды қалыптасқан тұжырымдарды бұзу емес. Бұл жерде шығарманың қандай мазмұндық қасиеті әдіс қалыптайтыны немесе әдіс ретінде қабылданатынына назар аудару керек. Әйтпесе, біз белгілі бір әдісті құрайтын, әртүрлі бейнелеу принциптерін ұстанатын әдеби ағым-бағыттарды санамалап көрсете алмаймыз. Әдісті көркемдік ойлаудың белгілі бір түрі ретінде алып қарағанда әдеби бағыттардың, ағымдардың дәстүрлі байланыстарын көре аламыз.

Көркем ойлаудың белгілі бір типіне бірнеше дүниетанымдар тоғысуының нәтижесінде көркемдік әдістер мен әдеби ағымдар туындайды. Қоршаған дүниені реалистік тұрғыдан иғеру барысында қайта өрлеу реализмі, ағартушылық реализм, сыншыл реализм, социалистік реализм, мағиялық реализмдер пайда болды. Ал романтикалық дүниетаным мен романтикалық ойлау типінің әдебиеттегі романтизмді тудырумен қатар символизм, футуризм, сюрреализм, сентиментализмдерге, декаденттік өнердің түрлі формаларына т.б. өмір берді. Көркемдік әдіс өзінің тұрақты және тарихи өзгермелі қырларымен белгілі. Деғенмен де, зерттеуші Қ.П. Мәшһүр-Жүсіп айтқандай, «реализм де, романтизм де, біріншіден бір-біріне үнемі қарама-қарсы, немесе мүлде бөлек әдіс еместігін есте ұстаған жөн» [3, 11].

Әдебиет теориясының мәселелерін қарастыру барысында әдіс турасында біршама пікір білдірген кеңестік зерттеушілердің бірі Н.А.Гуляев «Әдіс үш фактор арқылы айқындалады: айналадағы шындық, жазушының дүниетанымы және оның көркем ойлауы» деғенді ұстанады [1, 186].

Көркемдік әдістің теориялық мәселелері әлі де толығымен шешіліп бітті деуге неғіздер аз. Қазірғі таңда әдісті әдебиеттанудың басқа катеғорияларымен ішінара байланыста зерттеу қолға алынған. Ол зерттеулердің нәтижелерін саралай көрсететін болсақ, көркемдік құралдар жүйесіндегі басқа катеғориялардан бөлектеп тұратын әдістің басты-басты белгі-сипаттары мынадай:

Әдіс қаламғерлердің идеялық-көркемдік концепциясының тіні болып табылады;

Мазмұн мен түр элементтерінің қарым-қатынасында алып қарағанда, көркемдік әдіс – мазмұнның негізгі мәселесі;

Бірнеше қаламғерлердің белгілі бір әдіс аясында топтасуына олардың дүниетанымдық қырларындағы сәйкестіктер басты рөлдердің бірін атқарады;

Әдісті тануда суреткердің көркем мазмұнды түзетін объективті фактор мен субъективті фактордың қарым-қатынасы аса маңызды;

Көркем ойлау типтері –әдісті туғызатын басты факторлардың бірі. Көркемдік ойлаудың ұқсас типтері – қаламгерлерді бір әдістің төңірегіне топтастыратын басты фактор.

Басты мәселе, көркемдік әдіс пен ағымның және бағыттың бір-бірімен қарым-қатынасы, олардың байланыс сипаттары мен айырмашылықтарын анықтау қажет.

Аталмыш ұғымдардың ішінара байланыстары мен күрделі қарым-қатынастарын зерттеудің әдістемелік мәселелерін шешуде Г.Поспелов ұсыныстары әлі де маңызын жойған жоқ. Ол: «Жазушылардың идеологиялық танымдары мен теориялық көзқарастары олардың өмірді бейнелеу принциптерінде ғана емес, бүкіл шығармашылығында, суреткер туындыларының көркем мазмұны мен формасының нақты құрамында көрініс береді. Сондықтан да бұл орайдағы мақсатымызға ең алдымен әдеби ағымдар мен бағыттарды зерттеу процесі кезінде ғана жете аламыз. Әсіресе, маңыздысы – ағымдар, өйткені, бағыттар – тарихи тұрғыдан алып қарағанда кеш туған және бағдарламаланған әеби ағымдар», - деген тұжырым жасайды [4, 22].

Жалпы кеңес әдебиеттануында осы мәселе жайында, яғни әдеби-тарихи үдерістегі әдіс пен ағымдардың, бағыттардың ара-салмағы төңірегінде әр түрлі көзқарастар болғанын байқаймыз. Ғалымдардың бір тобы: әдіс пен бағытты бір-бірімен тығыз байланыста қарап, әдісті бағыттың негізі, бағытты қалыптаушы фактор деп қарастырады. Мұндай көзқарастағылар А.Н.Соколов, И.Ф.Волков, Л.И.Тимофеев, Ю.И.Суровнев т.б. болды. Олардың концепциясы бойынша, әрбір әдеби бағыттың өзіне тән көркемдік әдісі болады да, қандай да бір әдіс белгілі бір бағыттың ауқымында өмір сүреді: Мысалы, А.Н.Соколов: «Әдіс пен бағыттың ара-қатынасы мынадан көрінеді: шығармашылықтың әдісі идеялық-эмоционалдық мазмұнмен, образдық түзіліспен бірге әр түрлі деңгейдегі өнердің барлық жақтарын қамтитын әдеби бағыттың аса маңызды бөлігі» - деген айтса [5,77], Ю.И.Суровнев: «Әдісті бағыттан бөлуге болмайды. Әдіс – ол бағыттың әдісі»,- деген пікір айтады [6, 117].

Екінші пікір Г.Н.Поспелов негіздеген көзқарас. Ол әдіс пен бағытты бір-бірінен айыра қарастырады. Ғалымның пікірінше әдісте қаламгерлердің өмірді бейнелеуінің белгілі принциптері бар, ал әдеби бағдарлама айналасына біріккен жазушылар тобы. Демек, бұл категориялар поэтикалық шығармашылықтың бір-бірінен бөлек жатқан қырлары. Сондықтан, Г.Поспелов үшін әдіс пен бағыттардың қарым-қатынасы нақты емес. Оның дәлелдеуінше, әдеби бағыттар – тарихи қайталанбайтын құбылыстар. Ал әдіс болса, түрлі дәуірлер мен халықтар әдебиетінде, түрлі бағыттар мен ағымдар ішінде қайталануы мүмкін.

Екі көзқарастан ортақ байқайтынымыз – әдеби бағыттардың нақты тарихи құбылыс екендігі. Ал, әдеби бағыттың көркемдік әдістен басты айырмашылығы мынау: бағыт – нақты-тарихи мәнді білдіретін, әрқилы тарихи жағдайларда пайда болатын, алдын-ала дайындалған шығармашылық бағдарламаға негізделетін және мақсатты түрде нақты бір теориялық-эстетикалық ұстаным астына біріккен жазушылар тобы. Бағыт көбіне қоғамдық-әлеуметтік, мәдени-тарихи қажеттіліктер тоғысында туып, ол қажеттіліктер өз актуалдығын жоғалтқанда бірге жоғалып отыратын қасиетке ие. Дәуірдің жаңа идеялық эстетикалық сұраныстарына сай басқа бағыттар мен ағымдар дүниеге келеді де, үстем бағытты ығыстырып шығармай қоймайды. Әдеби бағыттарды халықаралық құбылыс дәрежесіне көтере отырып, оларды ұлттық әдебиеттердің басты сатылары деп қарастыратын және әдебиет тарихын кезеңдерге бөлуді тікелей бағыттарға тәуелдейтін В.Жирмунский концепциясы толығымен қабылданып кетпесе де, әдебиеттану ғылымында өзіндік орны бар. Мұнда да бағытты тарихи дәуірмен сабақтастыру сипаты бар.

Ал әдіс болса тарихи алуан жағдайларда пайда болып, әртүрлі ағымдар мен бағыттар туғыза береді. Бағыт пен ағымда бірнеше жазушылардың көркемдік-идеялық ұстанымдары алдыңғы қатарға шықса, кейбір әдістер жекелеген қаламгерлерге ғана тән болуы да мүмкін. Бұл дегеніміз әдіске тарихи нақтылық пен қатар типологиялық та мағына үстейді.

Ал, қазақ зерттеушілерінен З.Ахметов көркемдік әдіске төмендегідей анықтама береді: «Көркемдік әдіс – белгілі бір дәуірде көптеген жазушылардың шығармаларында қолданылатын, өмір шындығын суреттеу ерекшелігі, соны айқындайтын негізгі принциптер. Көркемдік әдіс жазушының өмірді бейнелеуде нақтылы болған, яки болатын жағдайларды, өмір құбылыстарын тірек етуі немесе өмірдің өзі қандай болуы қажет деген өз ой-түсінігіне сүйенуі – осы екеуінің қайсысына көбірек мән

беретініне сәйкес сипатталады. Бұл пікір алғаш Аристотельден бастап орнығып, кейін Белинский оны соңғы дәуірлердегі әдебиет тарихына сүйене отырып дәлелдеді. Бұл тұжырымды құптасақ, көркем әдебиет пен өнердің бүкіл даму тарихында әр дәуірде әр түрлі нақтылы сипат алып, үнемі бой көрсетіп келе жатқан негізгі екі көркемдік әдіс – романтизм мен реализм деуге болады» [7, 187].

Ұлттық әдебиеттану ғылымында көркемдік әдіс пен әдеби ағымдарда тану ұмтылыстары әр қилы болды. Сын жанрының ғылыми сипатын, теориялық негізін дамытқан сыншылардың анықтауынша, ұлттық әдебиетте реализм де, романтизм де бар.

Біздің мақаламыздың негізгі мәселесі әдебиеттанудағы көркемдік әдіс, бағыт пен ағымдардың арасжігіне келсек:

«Көркемдік әдіс – болмысты, өмір құбылыстарын суреттеудің, бағалаудың, іріктеудің принциптер жүйесі. Оның негізінде адам, әлем, өнер туралы концепция, автор ұстанымы және адамгершілік-эстетикалық идеал жатады. Әдеби ағым, бағыттар – тарихи категория. Олар қоғамдық жүйенің, тарихи дамудың белгілі бір кезеңінде саяси-әлеуметтік сипатқа байланысты туады да, дамиды, тарих сахнасынан кетеді. Әрбір суреткер шығармашылығындағы ұқсастықты олар өмір сүрген дәуір ерекшеліктері дарытады. Әдебиет теориясында бағыт пен ағым ұғымдарын шатастыру, кейде осы екеуін бір деп қарастыру көзқарасы кездеседі. Екі ұғымның да өзіндік ерекшеліктері бар.

Әдеби бағыт – нақты тарихи дәуірдегі бірнеше суреткерге тән шығармашылық, типологиялық бірлік. Ол ағымға қарағанда анағұрлым ірі, кесекті. Ағым – бір бағыт ішіндегі, шеңберіндегі жазушылардың анағұрлым кішілеу дифференциациясы» [8, 179].

Қорыта айтсақ, көркемдік әдістің теориясы мен әдеби үдерістегі орнына қатысты ғылыми пікірталастар әлі толастаған жоқ. Сондықтан да, қазіргі әлем прозасын бүгінгі күнде таразылаған тұста көркемдік әдістер, әдеби бағыт пен ағымдар мәселелері жан-жақты талқылауды, терең зерттеуді қажет етеді. Оның ішінде қазақ прозасының мазмұны мен даму мәселесін жаңаша зерттеу де қазіргі әдебиеттану ғылымының күн тәртібінде тұр.

1. Жарылғапов Ж.Ж. Қазақ прозасы: ағымдар мен әдістер. - Қарағанды, 2010 ж.

2. Курилов В.В. Направление и метод: к проблеме их соотношения // Творческие методы и литературные направления. - Москва: АН СССР, - 1955 г.

3. Мүшһүр-Жүсіп Қ. Қазақ лирикасындағы стиль бейнелілік. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2007 ж.

4. Поспелов Г.Н. Взаимодействие литературных направлений и художественных методов // Творческие методы и литературные направления. - Москва: МГУ, - 1987 г.

5. Соколов А.Н. Теория стиля. – Москва: «Искусство», - 1968 г.

6. Суровцев Ю.И. Социалистический реализм как литературное направление // Социалистический реализм: Проблемы и суждения. – Москва: Худ.лит. - 1977 г.

7. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі (құрастырған Ахметов З., Шаңбаев Т.) – Алматы: Ана тілі, -1998 ж.

8. Жанұзақова Қ.Т. Әдебиеттануға кіріспе. – Алматы, - 2013 ж.

Резюме

Ж.Ш. Саметова, К.Т. Жанузакова. Проблемы художественных методов, направлений и течений в литературоведении

В статье рассматриваются художественные методы, направления и течения в литературоведении. Потому что, проблемы художественного направления и течения занимают особое место в мировой литературоведении. В истории мирового литературоведении развитие художественного понятие в разных периодах историко-социального явления зарождаются разные литературные методы, течения и направления. Потому, так как течение и направление сформируются, или дополняются на основе определенного метода. Писателей к художественному методу объединяются не только с идеологическими принципами, но и с общим литературным творчествам. С этой точки зрения возникают необходимость определить принципов и задач всех понятий. В статье разносторонне обсуждается проблемы художественного метода, литературного течения и направления. В том числе исследуется содержание казахской прозы и проблемы развития.

Ключевые слова: художественный метод, направление, литературные течения, литературоведение, писатель.

Summary

Zh.Sh. Sametova, K.T. Zhanuzakova. Problems of artistic methods, directions and trends in literary criticism

The article deals with artistic methods, directions and trends in literary criticism. Because the problem of artistic directions and trends have a special place in the world of literary criticism. In the history of world literary development of the concept of art in different periods of historical and social phenomena originate different literary techniques, trends and directions. Because, as for the direction and will form, or supplemented on the basis of a particular method. Writers to the artistic method combines not only with the ideological principles, but with a common literary creativity. From this perspective, there is a need to define the principles and objectives of all concepts. The article discusses the problem of diversifying artistic method, literary trends and directions. In particular we investigate the content of Kazakh prose and development problems.

Key words: artistic method, direction, literary trends, literature, writer

УДК 386

ҚАЗАҚ АСПАПТЫҚ МУЗЫКАСЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ЖАНРЛАРЫ

К.С. Сахарбаева – *халық музыкасы факультетінің деканы, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы*

С.С. Джансеитова – *профессор, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы*

Аңдатпа. Әлемдік мәдениет құбылыстарының түп негізін түсіну аса маңызды мақсаттардың бірі болып табылады, оған рухани байлықтың түп тамырынан шыққан аспаптық музыка мәдениеті жатады. Аспаптық музыканың құндылықтарына: адамгершілік және эстетикалық қасиеттер, дамыған кәсіптілік, дәстүрлі орындаушылық мектептер, айқын шығармашылық даралық, асқан көркемдік туындылар жатады.

Түйін сөздер: музыка, аспап, орындаушы, күй.

В контексте ценностей инструментальной музыки становится ясным, что искусство баксы, жырау, акынов, салов, сере являются такой же важной сущностной составляющей мировой культуры, как творения Баха, Бетховена, Моцарта, Чайковского, Рахманинова. Без знания этой составляющей нельзя осмыслить музыкальную культуру казахов. Инструментальная музыка является заповедной областью народного искусства, которая порождает мощные импульсы, образность, тематику и средства композиторского творчества, приоткрывает «тайну» художественных закономерностей, интонационных и структурных. Инструментальная музыка связана с общественной жизнью и мировоззрением древних цивилизаций. В основе инструментальной музыки лежит музыка синкретического шаманского действа: шаманский ритуал, танец, обслуживание военно-охотничьего быта, сказительство эпоса.

Основу памятников инструментальной мысли составляют древнейшие мифы, легенды, сказания. В древности музыка выступала как «колоссальная демоническая сила, способная управлять миром, природой, человеком: окружающий мир произошел из звука, связавшего материю с сознанием» [1]. Владение музыкальными инструментами поднимает человека до божества, вызывает «подъем духа… и может уничтожить страдания» [1, 23]. С концепцией мировой гармонии тесно связаны представления древних и средневековых мыслителей о возможности лечить болезни, а также управлять государством с помощью инструментальной музыки, тембр которой обладал магией [2].

Аль-Фараби определяет жанры музыки по принадлежности к определенному инструменту. Конфуций считает, что основа музыки в гармонии, а инструменты являются только орудием для внешнего выражения ее. Среди работ, посвященных инструментоведению эпохи Средневековья и Возрождения, особое место занимают труды аль-Фараби, раздел «Музыкальные инструменты», 2-й части «Большой книге о музыке», Ибн Сины, Хорезми (X в.), Урмави (XIII в.), Аш-Ширази, Амули, Мараги (XIX-XV вв.), Дарвиш Али. У названных мыслителей собственно и зарождается инструментоведение как научная дисциплина. Появляется и сам термин «музыкальное инструментоведение».

Целостную картину инструментария и дифферециации видов инструментальной музыки, в основе которых лежит принцип звукоизвлечения, мы находим у Ибн Сина. Автор дает схему описания, с учетом следующих аспектов: извлечение тонов, звукоряд, настройка, тетрахорды. Инструментоведческие параметры высотной дифференциации звуков мы находим у Аш-Ширази: длина, толщина, степень натянутости струны (у хордофонов), плотность корпуса, ширина отверстия для вдувания и близость его к губам играющего, сила вдувания (у аэрофонов) и т.д.

Различая инструментальную и вокальную музыку, Аль-Фараби посвящает им целый раздел «Введения». Исполнительство тесно связано с проблемой профессионализма музыкантов-инструменталистов, истоки которых ведут к эпохи древнейшей цивилизаций.

Инструмент и инструментальная музыка – взаимосвязаны общими законами и взаимообусловлены явлениями материальной и духовной культуры. Инструментарий, определяя звуковое поле инструментальной музыки, отражает этапы ее развития. Взаимосвязь и взаимообусловленность между ними реализуется как на уровне традиционной музыкальной системы в целом, так и в каждом конкретном проявлении. «Инструментальная музыка является настолько универсальной, настолько всеобщей формой выражения человеческого духа, что мы не можем и надеяться на то, чтобы понять ее сущность и ее функции без основательного изучения ее взаимосвязи с процессом становления человечества в целом» [3].

Способ сохранения и передачи традиции является отличительным признаком и важнейшим фактором самого существования той или иной области искусства. «Рассматривая проблему существования традиции инструментализма – одну из кардинальных для науки о народной музыке, важно помнить о неразрывном единстве всех составляющих конгломерата: музыка, инструмент, исполнитель» [4]. Истоки образности народных произведений восходят к общенародной художественной системе и передаются в рамках этнической традиции. Из выше сказанного следует, что объектами нашего исследования должны стать: инструментализм как культурно-исторический феномен и его роль в духовной и материальной культуре народа; мировоззренческие взгляды народа, этноса создателя инструментов и инструментальных и вокальных жанров; вид художественного творчества; социализация, связанная с традициями бытия, хозяйственной деятельности, с ритуальными обрядами, различными видами искусств; определяющая роль индивидуума, носителя и создателя традиции, процесса творчества; связь исполнитель – слушатель.

Народная инструментальная музыка традиционно существует только в исполнительстве, её образы передаются от музыканта к музыканту, от поколения к поколению, фиксируясь в памяти носителя, «контактная коммуникация» (термин К.Чистова), общение между создателем – исполнителем и слушателем – непременное условие существования и сохранения произведения традиционной музыки.

В процессе многовековой творческой практики в инструментальной музыке казахского народа сложились и отшлифовывались основные жанры, своеобразие и самобытность которых можно определить следующими факторами: личностью создателя, школой, традицией, стилем исполнения. Это – эпические, обрядовые, исторические, лирические, отличаюшихся структурой, семантикой, комплексом средств музыкальной выразительности, спецификой бытования. Казахский кюй – безусловно, является частью духовного наследия кочевой культуры, частицей живого организма традиционной культуры.

Вопросы классификаций и характеристики жанров казахской традиционной инструментальной музыке относятся к наиболее сложным. Данная проблема нашла отражение в исследованиях музыкального стиля и выразительности языковых средств, процессов формообразования, традиции кюев в трудах А. Жубанова, П. Аравина, Б. Ерзаковича, Б.Аманова, А. Алексеева, П. Б.Байкадамовой, П. Шегебаева, А. Раимбергенова. Генезису и эволюции кюя посвящены труды А.Жубанова, А.Мухамбетовой, Г. Омаровой, семантике и структуре, работы Б. Каракулова, С.Раимбергеновой, вопросам, связанным с типом носителей, функционированием традиций исследуется З. Жанузаковой, А. Мухамбетовой, Сейдимбековым, Б. Байкадаовой, П. Шегебаевым, С. Раимбергеновой и другими музыковедами.

Л. Копбаевой рассматриваются вопросы лада, ритма, формообразования в домбровой музыке, в ряду традиционных жанров музыки Средней Азии. Работы С. Калиева, У. Бекенова, Е. Усенова посвящены изучению кюев шертпе, типологии стиля, жанровая системы казахской инструментальной

музыки рассматривается в работах музыкантов – практиков, домбристов и кобызистов: К. Мухитова, О. Хаймолдина, Т. Мергалиева, У.Бекенова, Е.Усенова, К. Ахмедиярова, А. Раимбергенова, О. Дуйсенова, А.Токтаганова, Б.Ыскакова, Б.Косбасарова и других.

Наиболее развита, область домбровой музыки, именно в ней музыкальное мышление казахов достигло высот подлинного симфонизма [А. Затаевич, Б. Асафьев], ей свойственны глубина и жизненность содержания, отточенное веками совершенство формы. В кобызовых кюях отражены черты древнейшего мироощущения, восходящие к шаманству, связанные как с шаманской, так и эпической тематикой. Им свойственна конкретность образов, монокадансовость [5], краткие, выразительные и емкие ритмоинтонации, повтор которых создает более крупные построения, отражающие древние магические представлений.

Помимо шаманской практики инструментальная музыка обслуживала различные стороны жизни кочевого общества: военно-охотничий быт, танцы, бытовые увеселения, семейно-бытовые обряды, сопровождала пение, пересказ эпоса. В кюях преобладает «этически высокая «настроенность», ... серьезность, строгость, суровость, ... эмоциональное высокое обобщение в сочетании с эмоциональной отзывчивостью и мудрой философской созерцательностью» [6].

Связь домбровой практики с устным поэтическим творчеством породила своеобразную форму музицирования – рассказ с игрой. Связи между легендой и музыкой разнообразны, в одних случаях музыка отражает действия героя по ходу повествования, как, например, в легенде с кюем «Ақсақ құлан», в которой игрой на инструменте сообщает хану о смерти сына. В других случаях музыка иллюстрирует отдельные эпизоды сказания (программность сюжетного типа).

В третьих – музыка является обобщенным отражением рассказа (программность обобщенного типа). Иногда рассказ, сопутствующий исполнению кюя, не имеет прямого отношения к содержанию музыки, в нем сообщается: когда, где, от кого домбрист перенял кюй или при каких обстоятельствах сочинил его. Подобные рассказы способны настроить на ожидание музыки определенного характера, но программной функции, как в двух предыдущих случаях, они не несут [7].

Жанровая система инструментальной музыки сложилась в тесной связи с устно-поэтическим творчеством, в соответствии с закономерностями развития инструментального искусства. Бытовом и обрядовым относятся: той бастар – открытие праздника, естірту – сообщение о смерти, қоштасу – прощание, толгау – размышление. Чисто инструментальными являются жанры қосбасар, отражающие скорбь, ақжелец, теріскақпай, свидетельствующие о высоком развитии инструментальной музыки, не прибегающая к помощи устного слова.

Становление инструментальной музыки связана с деятельностью кюйши – профессионалов устной традиции, являющиеся блестящими композиторами и исполнителями, к ним можно отнести: Курмангазы, Даулеткерея, Дину, Таттимбета, Сугура, Казангапа, Туркеша, каждый из них обладал характерным образным миром, особыми стилистическими особенностями. Фундаментом их композиторского и исполнительского творчества была импровизация.

Мир образов домбровой музыки безграничен – от интимной созерцательности до философских раздумий, тонкой и глубокой передачи человеческих переживаний. Пройдя многовековой путь развития, инструментальная музыка, стала одним из высших достижений традиционной казахской культуры. Многообразие жизненных явлений, глубина чувств, отточенность формы – все это обеспечило ее жизненность.

1. *Музыкальная эстетика стран Востока. – М.: Музыка, 1967. – 418 с.*
2. *Грубер Р.И. Музыкальная культура древнего мира. – Л.: Музгиз, 1953, Ч.2. – 492с.*
3. *Алексеев Э. Раннефольклорное интонирование. – М.: Советский композитор, 1986. – 240 с.*
4. *Мациевский И.В. Современность и инструментальная музыка как предмет науки и инспирации композиторского творчества // Теоретические проблемы народной инструментальной музыки. – М.: СК РСФСР, 1974, С. 12-20.*
5. *Мухамбетова А.И. Народная инструментальная культура казахов. Генезис и программность в свете форм музицирования. Автореф. дис. ... канд. искусств. – Л., 1976.*
6. *Асафьев Б. О казахской народной музыке // Музыкальная культура Казахстана. Алма-Ата, 1955. С. 9.*
7. *Казахская традиционная музыка и XX век. Алматы: «Дайк. Пресс», – 544 с.*

Резюме

К.С. Сахарбаева, С.С. Джансеитова. Традиционные жанры казахской инструментальной музыки

Все большее значение приобретает задача осмысления сущности составляющих мировую культуру явлений, к ним принадлежит инструментальная музыкальная культура, коренящаяся в глубинах духовности. К ценностям инструментальной музыки относят: нравственные и эстетические достоинства; развитый профессионализм; традиционные исполнительские школы; яркая творческая индивидуальность; великолепные художественные полотна.

Ключевые слова: музыка, инструмент, исполнитель, кюй.

Summary

K. Sakharbayeva, S.S. Janseitova. Traditional genres of kazakh instrumental music

The problem of understanding the essence which constitutes the world culture of phenomena is becoming significant, instrumental music culture which is rooted in the depths of spirituality belongs to them. The values of instrumental music include moral and aesthetic values; professional development; traditional performing schools; bright creative individuality; magnificent canvases.

Key words: music, instrument, performer, kui.

ӘОЖ 82.0:001.12/.18; 82.02; 808.1; 82.08

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ПОСТМОДЕРНИЗМ

Г.Р. Сәулембек – *М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының PhD докторанты*

Аңдатпа. Бұл мақалада әлемдік деңгейде философиялық термин ретінде қалыптасқан постмодерн мен әдебиеттегі басым бағыттардың бірі болып табылатын постмодернизмнің пайда болу алғышарттары қарастырылып, оның бағыт ретінде қалыптасуына тарихи-әлеуметтік жағдайдың ықпалы, модернизмнен кейін пайда болған бағыт ретінде модернизмнің оған ықпалы қандай болды, өзіндік ерекшеліктері, бағыт ретіндегі басты жаңалығы назарға алынды. Бағыттың пайда болған және дамыған елдері Батыс Еуропа, Америка Құрама Штаттары болғандықтан, осы елдердегі постмодернизм теориясын қалыптастырушылар, зерттеушілер ұсынған теориялар қамтылды. Постмодернизмнің эпистемологиялық қасиетіне байланысты посткеңестік кеңістіктегі және қазақ әдебиетінде пайда болу алғышарттары зерделеніп, қазақ әдебиетінде осы бағытта жазылған шығармалар несімен ерекшеленеді, қазақ әдебиеттанушыларының постмодернизм бағыты туралы зерттеулері мен пікірлері қарастырылады.

Түйін сөздер: әдебиеттегі жаңа бағыттар, постмодернизм, қазақ әдебиеті, проза.

Әлемдік деңгейде философиялық термин ретінде қалыптасқан «постмодерн» ұғымының шыққан теңі мен мәнін анықтауға, талдап саралауға бағытталған сан түрлі ғылыми еңбектердің көптігінің өзі, оның әлемдік мәдениеттің басты бағыттарының бірі болып табылатындығының айғағы болса керек. Сонымен «постмодерн» дегеніміз не?

Адамзат тарихы бірінен соң бірі алмасып келіп отыратын біршама мәдени дәуірлерді бастан кешіргені мәлім. Соның екінші дүниежүзілік соғыстан кейін келіп, күні бүгінге дейін ұласып отырған толқыны постмодерн деген атауға ие болды. Постмодерн өзіне дейінгі мәдениеттер ұсынған «ұлы идеялардың» күйреуінен жалыққан, тоталитаризмге, белгілі бір идеологияның басымдығына түбегейлі қарсы шыққан мәдениет.

Постмодерн ұғымынан келіп постмодернизм ұғымы пайда болды. Жаһандық «мәдениеттің соңғы сөзі» деп қарастырылатын постмодернизм өнер салаларының барлығында (әдебиетте, музыкада, көркемсурет, сәулет, мүсін және т.б.) көрініс берін отырған құбылыс.

Постмодернизм XX ғасырдың екінші жартысында белең ала бастап, XX ғасырдың сексенінші жылдарында ғана ағым ретінде мойындалған. Көптеген зерттеулерде постмодернизмнің мәні туралы нақты түсініктің болмауын алға тартады және оны модернизммен салыстыра отырып анықтауға

тырысады. Десек те әлемдік әдебиетте бұл бағыттың пайда болуынан бастап түрлі зерттеулердің өзегіне айналғандығы ақиқат. Міне, осы еңбектердегі негізгі ой-пікірлерді қорыта келе, түйгеніміз, постмодернизмнің басты жаңалығының бірі – үлкен идеологияларға деген және мәдениет тарихында бір кезеңнен соң бір кезеңге ұласып отыратын біртұтастыққа деген сенімге күйрете соққы беру, кекесін, әжуамен қарау, сондай-ақ бинарлық оппозицияға қарсылық, яғни ақ пен қараға, жаман мен жақсыға, әйел мен еркекке бөлінуге, бірінің басым, бірінің кем түсуіне қарсылық. Постмодернизм модернизмнен кейін пайда болып, оның кейбір әдіс-тәсілдерін (диалоғтылық, фрагменттілік) өзіне мұра етін алғанымен, модернизмге қарсы бағытталған бағыт. Мұнда модернизмдегі автордың «Меніне» күмәнмен қарау, автордан мәтінді жоғары қою (Барт Р. «Смерть автора», Фуко М. «Что такое автор») және аласапыран (хаос) дүниеден мән-мағына іздеуден бас тарту және мән-мағына іздеуге пародия жасау, шығарманы ойын түрінде беру - басты шарттардың бірі. Ал постмодернистік мәтінге тән ерекшеліктер ретінде интертекстуалдылық, метапроза, оқырманмен ойын, диалоғтылық, көркемдік тұтастықтың болмауы, т.б. атай аламыз. Орыс әдебиеттанушысы И.Ильиннің тұжырымы бойынша «Постмодернизм тарихи, әлеуметтік, ұлттық мәнмәтінге байланысты жылжымалы, әрі көп мәнге ие философиялық, эпистемологиялық, ғылыми-теориялық ұғым-түсініктердің жиынтығы болып табылады» (*біздің аударма*) [1].

Әдебиеттегі постмодернизм Еуропа мен Америкада онда қалыптасқан канондық модернизмнен кейін пайда болса, посткеңестік кеңістіктегі елдерде (XX ғасырдың басында қалыптаса бастап социалистік реализмнің әсерімен ығыстырылып, жасанды түрде үзіліп қалған) модернизмге қайта оралу барысында пайда болды.

Бізге постмодернизм модернизмнен кейін емес, социалистік реализмнен кейін келгенін ескерсек, (өйткені қазақ әдебиетіндегі модернизм басталмай жатып тамырына балта шабылса, екіншіден, оған қайта оралуға деген талпыныстың өзі социалистік реализм шекпенінің астында жүзеге асты) «модернизмнен кейінгі» деген мағынаны беретін бұл терминнің әдеби бағыт ретіндегі атауы күмән тудырады, дегенмен мәдениеттегі поэтикасы дәл постмодернизм тектес құбылысты алғаш франнуз философтары метанарратив деп атағанмен, қазіргі кезде «постмодернизм» термині жалпыға ортақ терминге айналды. Сондай-ақ постмодернизмнің даму үдерісі посткеңестік кеңістікте біршама уақыт зерттеу аясынан тыс қалса, Батыста постмодернистік теория мен философия оның эстетикалық дамуынан көш ілгері жүре отырып, ғылыми терминдерін қалыптастырып, анықтамаларын орнықтырды. Постмодернистік эстетиканың ғылыми тілі қамтамасыз етілін отырды. Міне, сондықтан әлемдік деңгейде орныққан терминді қолдану орынды болар. Десек те бұрынғы кеңестік республикалардағы модернизм мен постмодернизмнің мәні Батыс Еуропалық бағыттарға қарағанда өзгеше екендігі анық. Постмодернизмге тән басты белгі ретінде өзіне дейінгі «измдердің» барлығын мойындамау, мансұқ ету деген анықтама берілгенімен орыс әдебиеттанушысы М.Липовецкий бұл анықтамамен толықтай келісе алмайды, өзінің бұл көзқарасын постмодернист-ақын Д.М. Приговтың сөзімен: «Дмитрий Александрович Приґов любил ґоворить, что в России странная культурная история: в ней ни одна из предыдущих эпох никуда не девается. Классицизм, романтизм, реализм, соцреализм – все они существуют, варятся в одном котле, и иногда из этих сочетаний возникают новые элементы. Которые продолжают вариться в том же котле и влиять на соседние явления. И сами подверґаются влияниям» [2] деп сабақтайды. Әдебиетке енген бағыттар шекараларының бірден қалыптаса кетпейтінін ескерсек, әрі ұлттық әдебиетіміздегі постмодернизмнің даму барысын саралай келе, ғалымның бұл пікіріне келісуге болады.

Постмодернизмді алғаш зерттеп танытқан негізгі теоретиктер (француз ғалымы Ж.-Ф. Лиотар, американ ғалымы И.Хассан, голландық зерттеушілер Д.В.Фоккема, Т.Д'ан, ағылшын зерттеушілері Дж. Батлер, Д. Лодж, т.б.) постструктурализм мен деконструктивизмнің теориясы мен практикасына сүйенді және оның басты ұғым-түсініктері ретінде «әлем-хаос», «әлем-мәтін», постмодернистік сезімталдық, интертекстуалдылық, «бедел дағдарысы» эпистемологиялық сенімсіздік, автор бетпердесі, қосарлы код және «баяндаудың пародиялық тәсілі», пастиш, қайшылықтылық, баяндаудың дискреттілігі, фрагменттігі (нонселекция қағидаты), «коммуникация сәтсіздігі», метаәңгіме, т.б. терминдерін енгізді.

Постмодернистік эстетиканы зерттеуші Ж.-Ф. Лиотар, М.Фуко, Ж.Дерриданың еңбектері әлемге қарым-қатынас тәсілін өзгертті, гуманитарлық және әлеуметтік пәндерді көп өзгеріске ұшыратты.

Батыс елдерінде де постмодернистік мәтін алғашқыда латентті даму кезеңінде болды. Постмодернистік философияның мойындалмауының да басты себептері осында жатыр. Қазіргі постмодернистік ағымның теориясы тұрғысынан қарағанда постмодернистік шығарманың бастау негізін ХХ ғасырдың жиырмасыншы жылдарында жаза бастаған Х.Л.Борхестің шығармаларынан басталады десе, оған қарсы дәлел постмодернистік поэтиканың барлық белгілері Х.Л.Борхес шығармашылығына дейін де орын алғандығына жүгінеді. Мысалы, ағылшын философы, әдебиеттанушы Э. Смит Сервантестің («Дон Кихот»), Рабле («Гарғантюа мен Пантағрюэль») мен Стерннің («Тристам Шендидің джентельменнің өмірі мен пікірлері») шығармашылығында кездесін отырғандығын айтады [3], француздың постмодернист-философы Ж.Делез («Платон и симулякр») оның түп негізін сонау Платонға әкеп тірейді [4]. Қазақ ғалымы Г.Елеукенова «Қазақ әдебиеті тарихының өзекті мәселелері» жинағында [5] «К вопросу о постмодернизме в казахской литературе 1950-1980-х годов XX века» атты мақаласында Ғ.Мүсіреповтың «Этноғрафиялық әңгімелерінде» де постмодернизм белгілері көрініс беретіндігін жазады. Демек, әр дәуірдің өз постмодернизмі бар. Бұл құбылыстың әр дәуірде бас көтерін отыруының себебі, сол дәуірдің оған деген өз қажеттіліғінде деп ұғынған жөн. Десек те постмодернизмнің бағыт ретінде қалыптасуы ХХ ғасырдың екінші жартысына тиесілі екендіғі даусыз. Өйткені сол кезеңде оның теориясы қалыптасып, мойындалды. Сонымен қатар оның теориясын қалыптастырушылардың өзі жазушы-теоретиктер болды. Олар постмодернистік шығарманы тудырушы да, жазған шығармасының теориясын жасаушылар да болды.

Қазақ әдебиеттануында ғалымдар Бақытжан Майтановтың «Қазіргі қазақ прозасындағы модернистік және постмодернистік ағымдар», «Қазіргі қазақ поэзиясы және постмодернизм», А.Ісімақованың «Бүгінгі постмодернизм», «Бүгінгі дүниежүзілік әдебиеттану ғылымының мәселелері», Ж.Жарылғаповтың «Постмодернизм қандай құбылыс», Г.Елеукенованың «К вопросу о постмодернизме в казахской литературе 1950-1980-х годов XX века», Әуезхан Қодардың «Постмодернизм жөнінде бірер сөз», Ж.Шәкеннің «Жаңашыл жастарға жаңа ағым жайында айтар сөз», С.Қасымның «Қазақ поэзиясындағы постмодернистік көріністер», Әбіл-Серік Әліәкбардың «Постмодернизм қазақ әдебиетінде (Д.Рамазан шығармашылығына қатысты тұстарынан үзінді)», т.б. ғылыми мақалаларында постмодернизм ағымының қазақ әдебиетіне әсер-ықпалы қай дәрежеде екендігі туралы пікірлер білдірғендігін атап өту қажет. Бұл мақалалардағы түрлі ғылыми көзқарастардың өзі мәселенің күрделіліғін аңғартса керек.

Жоғарыда атап өтілген зерттеушілердің еңбектерінен әлемдік әдеби үдерістің бір бөлшеғі болып табылатын қазақ әдебиетін де бұл құбылыс айналып өтпеғендіғін байқауға болады. Әлемдік әдебиетпен салыстыра қарастырғанда кешеуілдете жетсе де, қазіргі қазақ әдебиетінен постмодернизмнің ықпалын көреміз. Осы ретте прозада А.Жақсылықовтың «Антұрғандардың түстері» атты романын, Ж.Қорғасбектің «Жаконданың жанары» және «Сары ала құстар» әңгімелерін, Д.Амантайдың «Гүлдер мен кітаптар» романын, А.Кемелбаеваның «Мұнара» романын постмодернистік бағытта жазылған шығармалар деуге неғіз бар. А.Жақсылықовтың «Антұрғандардың түстері» атты романынан постмодернизмге тән көркемдік тұтастықтың болмауы, мезгіл-мекеннің белгісіз болуы, кейіпкерлерінің аты-жөндерінің көмескіленіп берілуі, ирониянын орын алуы сынды белгілерді атап айтсақ, Ж.Қорғасбектің «Жаконданың жанары» және «Сары ала құстар» әңгімелерінде оқырман санасымен ойын, симулякр тәрізді әдістер пайдаланылады, Д.Амантай мен А.Кемелбаеваның шығармаларынан фрағменттілік әдісін қолдану арқылы жаңаша эксперименттерге барғанын байқауға болады. Алайда бір ескере кететін жайт, қазақ әдебиетіндегі постмодернизм мен Еуропалық постмодернизмді бір нәрсе деп қабылдау мүмкін емес. Оның Еуропа әдебиетіндегі туындау себебі бір басқа да, қазақ әдебиетіндегі туындау себебі мүлде басқа. Осы орайда француз ғалымы Фуконың «Біз 1968 жылы Париж көшелерінде жасай алмағандарымызды, біз өз кітаптарымыздың бетінде жүзеге асырамыз» [2] (батыс мәдениетіндегі постмодернизм солшыл идеолоғиялармен тығыз байланысты) деғені ойға оралады. Постмодернизм бағытының қазақ әдебиетінде ХХ ғасырдың 90-жылдарында сыналап ене бастауына тарихи, саяси-әлеуметтік, экономикалық факторлардың да әсері басым болды. Біріншіден, Қазақстанның тәуелсіздік алуына байланысты әдебиеттің саяси идеолоғияның бұғауынан босауы, барлық шектеулерден арылуы, екіншіден, барлық шекаралардың айқара ашылуымен бірге түрлі діндердің, мәдениеттердің, т.б. ықпалы, үшіншіден, 70 жыл бойы қалыптасқан жүйенің әп-сәтте күйреуі, саяси-әлеуметтік жағдай, экономикалық дағдарыс, одан кейінгі нарықтық заман мен жаһандану үдерісі қазақтың қоғамдық

санасына үлкен өзгерістер әкелді. Осылайша әлемдік хаосты қабылдап, танып, оны батыстық әдебиетте бейнелеу тәжірибелері қазақ қоғамындағы хаосты бейнелеуде ықпалы болғаны анық. Екіншіден, жоғарыда атап өткеніміздей, постмодернизмнің тарихи, әлеуметтік, ұлттық мәнмәтінмен тығыз байланысты өзіндік ерекшеліктері де қалыптасады. Қалай десек те постмодернизм әдебиеттің тоқыраған тұсында пайда болатын өтпелі құбылыс. Постмодернизмді рухани дүниелер ескерілмей, кітап оқылмай жатқан таскерең замандағы мәдениеттің жанайқайы, қандай да бір жолдармен өзіне көңіл аударту деп ұғынған жөн сияқты. Әлемдік деңгейдегі постмодернизмнің туындауына себепкер техноғендік фактор біздің елде де қарқынды орын ала бастағанына 10 жылдан астам уақыт өтіпті. Даму бағытындағы мемлекетте мұндай үдерістердің болуы қалыпты нәрсе. Бірақ сол ақпараттық кеңістіктің тасасында қалып қоймай, әдебиеттің де заманға сай өзіндік үні шығып тұруы тиіс. Орыс әдебиеттанушысы М.Н.Липовецкий «Но важно помнить универсальный закон искусства – оно не должно делать красиво, оно должно изменять зрение и представление, вызывать беспокойство, будоражить» [2], – дейді. Яғни қазақ әдебиетіндегі постмодернизм болсын, басқа үлгідегі эксперименттер болсын оқырманның жүрегіне жол табуға, дәуірінің көкейтесті мәселелерін айта білуге деген ізденістің, талпыныстың бір көрінісі. Ал, ол сәтті шықты ма, жоқ па деген екінші мәселе.

Постмодернизмнің әдебиетте қажеттілігі немесе қажетсіздігі туралы әлем әдебиетінде, соның ішінде қазақ әдебиетінде де толғаныстар мен пікірталастардың бар екендігі және бола беретіні де анық. Орыс әдебиетанушысы М.Н. Липовецкий: «...И что я лично понимаю под постмодернизмом - это интеллектуальная гигиена, которая нужна как защитный механизм от насилия, порождаемого культурой» [2], – дейді. Ал қазақ әдебиеттанушысы А.Ісімақова бұл құбылыс жайлы: «Қазіргі постмодернизмнің бет алысы анық болғанымен берері әлі түсініксіз. Бұл жақсы ма, әлде жаман ба? Жауап әлі белгісіз. Бүгінгі ағым өкілдері тек осы заманның авторлары. Олар өзіне дейінгі мойындалған әдебиет қорына әсер ете алмайды. Бірақ оларды бүгінгі күннің әдеби құбылысының бірі ретінде есепке қабылдау керек» [6], – деген пікірді алға тартады. Ал біздің пайымдауымызша, өнердегі беделдің абсолюттілігін мойындамайтын, сыншылдығы да өзгеше (қара юмор, ирония) постмодернизм бүтін болмысымен көктемгі өртеңге ұқсас құбылыс (көктемде ескі шөпті өртеледі, ондағы мақсат шөп атаулыны құрту емес жаңа өскіннің өсіп-өнуіне жағдай жасау). Сонымен қатар өнердегі экспериментті қош көретін бұл бағыт түрлі ізденістерге жол ашатындығымен ерекше.

Сондай-ақ постмодернизм бағытын белгілі бір ұлт әдебиетіне орынсыз таңудың немесе кез-келген ұйқасы нашар өлеңді немесе айтары бұлыңғыр түсініксіз шығармаларды, сәтсіз жасалған эксперименттің барлығын постмодернизмге тели берудің де қажеті шамалы. Сондықтан ұлттық әдебиетімізге ене бастаған ағымдар мен бағыттарды талдап саралау бүгінгі қазақ әдебиеттануының күн тәртібіндегі өзекті мәселелелерінің бірі.

1 Ильин И.П. Постмодернизм. Словарь терминов. Москва: ИНИОН РАН (отдел литературоведения) — «Intrada». 2001г. 225-стр.

2. Марк Липовецкий: «Постмодернизм - это интеллектуальная гигиена» http://newslab.ru/

3 Липовецкий М Н. Русский постмодернизм: очерки исторической поэтики. Екатеринбург 1997. 317 с.

4. Делез Ж. Платон и симулякр // Нов. лит. обозрение, 1993. № 5.

5. Елеукенова Г. К вопросу о постмодернизме в казахской литературе 1950-1980-х годов XX века. // Әдебиеттанудың өзекті мәселелері: Академик Серік Қирабаевтың 75 жылдығына арналған жинақ. – Алматы: «Комплекс» баспасы, 2002. – Б. 195-201.

6. Ісімақова А.С. Асыл сөздің теориясы. – Алматы: «Таңбалы», 2009. – 376 б. 70-б.

Резюме

Г.Р. Саулембек. Постмодернизм в казахской литературе

В этой статье рассматриваются философский термин постмодерн и постмодернизм, формированный как одним из приоритетных направлений в литературе и предпосылки для возникновения постмодернизма, влиянии историко-социальных условий. Так как модернизм предшествует постмодернизму, учтены влияние модернизма на постмодернизм, а также отличительные особенности, новизна постмодернизма как отдельное направление. Страны которые это направление зародилось и развивалось являются Западная Европа и Соединенные Штаты, поэтому охвачены теории которые были предложены основоположенниками теории постмодернизма в этих

странах. Рассмотрены условия формирования постмодернизма в бывшем Советском Союзе и казахской литературе, отличительные черты произведении созданных в этом направлении в казахской литературе по эпистемолоґическим свойствам постмодернизма, а также исследований казахских литературоведов о направлении постмодернизма.

Ключевые слова: новые течении в литературе, постмодернизм, казахская литература, проза.

Summary

G.R. Saulembek. Postmodernism in kazakh literature

This article discusses the philosophical term postmodernity and postmodernism, which formed as one of the priority directions in the literature and the preconditions for the emergence of post-modernism, the influence of the historical and social conditions. Since Modernism preceded by postmodernism,the impact modernism on post-modernism, as well as the distinctive features of the novelty of postmodernism as a separate direction. Countries this direction was born and developed are Western Europe and the United States, therefore, covered by the theory that had been proposed by researchers of the theory of post-modernism in these countries. The conditions of formation of post-modernism in the former Soviet Union and the Kazakh literature, the distinctive features of the compositions created in this direction in the Kazakh literature on epistemological characteristics of postmodernism, as well as research on the direction of the Kazakh literary postmodernism.

Key words: the new trends in literature, postmodernism, Kazakh Literature, prose.

ӘӨЖ 821. 512. 122-3: 39

О.БӨКЕЙДІҢ «АПАМНЫҢ АСТАУЫ» ӘҢГІМЕСІНДЕГІ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ СИМВОЛИКА

А.В. Таңжарықова – *ф.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ-дың аға оқытушысы,*

Аңдатпа. Бұл мақалада О.Бөкейдің «Апамның астауы» әңгімесіндегі этнографиялық сарындар сөз болды. Әңгіме автор тарапынан баяндау және көркемдік шегініс тәсілі арқылы берілген. Мұнда жазушы реалистік бейне Апаның образын аша отырып, қазақтың салт-дәстүрінен сыр шертеді де, дәстүрді дәріптей отыра Апаның типтік образын жан-жақты аша білген. Кейіпкер ғұмырын салт-дәстүрмен параллель алып баяндайды. Бұл шағын көлемді эпикалық шығармадан өмірдегі шындықтың көркем шындыққа айналып, тұтас бір адамның ғұмырын суреттеп өткендігін аңғарамыз. Аталған әңгімеде түсі түстеліп, аты аталмаса да, тағы бір негізгі кейіпкердің бар екенін ішкі көңіл түйсігімізбен сезінеміз. Ол – көркем образ қызметін жасырын түрде атқарып тұрған – *«салт-дәстүр». Яғни, «дәстүрдің»* өзі образ ретінде алынып, шығарма тінінің негізі сонда жатқаны аңғарылады. Апасының бойындағы рухани сұлулық, көреғенділік, ептілік пен жанкештілік, төзімділік, адамғершілік, сүйіспеншілік, имандылық сияқты асыл қасиеттеді жастарға үйрету, насихаттау — автордың шығармадағы негізгі мақсаты мен мұраты деуге болады.

Түйін сөздер: этнографиялық, археолоґиялық, астау, қандауыр, алаша тоқу, жүн түту, арқан есу, автор-кейіпкер.

Әңгіме көркемдік шегініспен, автордың *«Ол кезде мен бала едім, Апам жастау еді» [1, 30]* - деп, өзінің балалық шағынан апасы жайлы ойлы да астарлы шыр шертуінен басталады. Бұл шағын көлемді эпикалық шыгармадан өмірдегі шындықтың көркем шындыққа айналып, тұтас бір адамның ғұмырын суреттеп өткендігін аңғарамыз. Реалистік негізде көркем де жатық тілмен берілген аталган әңгімедегі стильдік бір ерекшелік – пафостық асқақтату тәсілінің қолданылуы. Оны әңгіме желісіндегі *«*Апам менің*...»* деген қайталау жолдарынан көруге болады. Автор өз тарапынан баяндаумен қоса лирикалық артқа шегіну тәсілімен апасына деген мәңгілік сағынышын білдіре отырып апа образын градаңиялық тәсілмен үсті-үстіне аша түседі.

«Бүгінде көз алдымда, тарамысты мықты саусақтар, ерні мен иегін күйік шалып тыртықтанған әдемі ажар, кимешегінен дудырап шығыңқырап жүретін ақ шалмаған қара бұйра шаш қана... менің көз алдымда; қандауырын қайрап, басының қаны тасыған еркек-ұрғашының кеудесіне мініп, арам қанын ағызып тұрған; немесе тері илеп, көн тігіп отырған; жүн түтіп, арқан ескен, жіп иіріп,

алаша тоқып, оюлап сырмақ тігіп отырған Апам;...ертеректе қазақ әйелі не істеу керек болса, түгел қолынан келетін Апам; қазақ әйелінің ғана емес, ер-азамат атқарар істі қара нардай қасқая көтерер Апам» [1, 31] -деген тұсында автор апасының портретін бере отырып, мінез-құлқын да, халық ішіндегі орнын да ашып өткен.

Кереғарлық – Оралхан Бөкей шығармаларына тән құбылыс. Бір қарағанда, *автор-кейіпкердің* апасына деген өзінің жеке басының күйі, сағынышы, сол жүрек түкпіріндегі, көңіл қойнауындағы бала кезден сақталып қалған ыстық ықыласы мен қарыз-парызы ғана туралы айтылатын реалистік пішіндегі әңгіме сияқты болып қабылдануы мүмкін. Ал, осы шығармадан ой қазығын, негізгі идеяны іздейтін болсақ, оны әңгіме тінінің тереңінен табуға болады. Қаламгердің қай шығармасын алсақ та, тұнып тұрған жұмбақпен берілген астарлы символ. Шығарма идеясының өзі құпия мән иеленін тұр. Оралхан Бөкейдің өзі де астармен жұмбақпен жазатын ірі символист жазушы. Ой бұрымын ары қарай тарқататын болсақ, мәтіндегі *«Дүниеде өсек-аяң, қулық-сұмдықты білмейтін, не болмаса тірі пенденің бетіне «әй, сен сондайсың» деп қарамаған, немесе тірі пендеге тілі тимеген, жарықтық ораза-намазы бұзылмаған, таза да тәккапар әйел еді. Бала кезімізде байыбына барып бағамдадық па, бізді қойып бүкіл ауыл-аймақ, тіпті қазақ елі ең соңғы қасиетті әйел тұрмыстық-салттық өмірдің этикалық, этнографиялық, тіпті археологиялық байлығынан айырылғанын білді ме?»* [1, 31] - деген тұстарында автор философиялық сұрақты жеке өз басына емес, қоғамға қояды. Міне, бұл шағын жанрдың идеясы да осы болмақ. «Қамшығер», «Терісаққан», «Жылымық», «Кербұғы», «Алтыбақан», «Бура» әңгімелері сияқты бұл жерде жазушының шығарма жазудағы стильдік тағы бір ерекшелігін байқауымызға болады. Ол жалқының жалпыға әсер етуі, жалқыны айта отырып, жалпыға ой салуы. Яғни, қарапайымнан күрделі, келелі, әлеуметтік мәселелерге ауысуы. Жазушы өз апасының есімін шығармада бермеуінің өзінде де сыр бар сияқты. Яғни, жалқыны типтік бейне деңгейіне көтерін тұрып, жалпыға, көпшілікке ой салады. Бұл әңгіме Кеңес өкіметі тұсында тек қана «соңреализмнің» ауқымынан шықпауды талап ететін кезеңде жазылғанын ескерсек, мұндай халықтың салт-дәстүрінен хабар беретін шығармаларды жазу, ол кезде ерлікпен пара-пар болғандығы көпшілікке аян. Яғни, сол кезең тұсында өз апасын автор, *«Ең соңғы қасиетті әйел»* - деп, «Соларды көзі тірісінде ұлттық таным, тағылымдары үшін бағаламасақ, түбі бүкіл қазақ әйелдері қазақы болмысынан айырылып, құрдымға кетеді», - деп, дабыл қағады. Жазушының айтқысы келгені — ұрпақ тәрбиесі, атадан балаға мирас болып келе жатқан халықтық дәстүр, салт-сана, ұлттық таным. Бастау көзін әріден алған, сан ғасырлар бойы емін-еркін ағып келген дәстүр-өзенге көлденеңінен кездескен асу бермес «*УАҚЫТ»* атты тосқауылдың бой көтергенін жазушы детальдық, символдық көркемдік тәсілдерді ойната, астарлап береді.

«Адам баласы бір үлгі біреуден аларда, ең әуелі шын жүрегімен сүйген кісісінен күштеп алады. Сол сүйген кісісінен сүйіп алған үлгі жүрегіне нық орнайды дейді. Бұған қарағанда біздің ой буынымыз қатпай тұрған бала күнімізде ең әуелі елжіреп сүйетін кісі кім? Ол анамыз» [2, 9] - деген М.Өуезовтің даналы сөзінде тәрбиеге байланысты, оның ішінде ұлттық тәрбиемізге байланысты күнды пікірін ойымызды ары қарай тарқату негізінде келтіруімізге болады. Өйткені, ұрпақ тәрбиесіндегі ананың, әженің орны мен рөлі ерекше екендігін сан ғасырлардағы ұлттық тағылым дәлелдеп келеді.

«Сонда Апам менің ғана емес, мұқым ауыл балаларының абзал анасы сықылданатын» [1, 31] әңгімеде сөз болған апа, ана образының ашылуы, яғни, мейірім-шапағаты тасыған, өзінің қара басы емес, бүкіл «ел анасы» деген атқа лайық аналардың мінез-құлқын этноғрафиялық, салттық дәстүр негізінде аша білген. Бұл әңгімеде түсі түстелін, аты аталмаса да, тағы бір негізгі кейіпкердің бар екенін ішкі көңіл түйсігімізбен сезінеміз. Ол – көркем образ қызметін жасырын түрде атқарып тұрған – *«САЛТ-ДӘСТҮР». Яғни, «дәстүрдің»* өзі образ ретінде алынып, шығарма тінінің негізі сонда жатқаны аңғарылады.

«- немесе тері илеп, көн тоқып отырған; жүн түтіп, арқан ескен, жіп иіріп, алаша тоқып, оюлап, сырмақ тігіп отырған Апам;... ертеректе қазақ әйелі не істеу керек болса, түгел қолынан келетін Апам; қазақ әйелінің ғана емес, ер-азамат атқарар істі қара нардай қасқая көтерер Апам» [1, 31].

Автор салт-дәстүрді фон ретінде алып, негізгі кейіпкер Апаның образын сомдаған. Апаның образын сомдау арқылы салт-дәстүрдің барлық қыр-сырын аша білген. Қазақ әйеліне тән барлық қасиеттерді кейіпкердің бойына жинауынан, кейінгі толқын үлгі алып, үйренсін, ары қарай дәстүрді

жалғастырсын деген автордың өсиет-аманатын байқаймыз. Автор қамшының сабындай мына қысқа ғұмырында Апасын мәңгілік жүретіндей көрін, тірі күнінде неге киіз басып, үй тігуді, арқан есуді, тері илеп, өңдеп киім тігуді, алаша тоқып, өрнектеп сырмақ тігуді, саба сүйретпе, торсық істеуді тәптіштеп жазып алмадым деп ах ұрады. Көркемдік деталь ретінде алған этноғрафиялық және тұрмыстық құрал «*астаудың*» бұл жерде символикалық мәні ерекше. *«Астау – халқымыздың байырғы уақыттан бастап қолданып келе жатқан ас тұтынатын бұйымы болып табылады. Сонымен астаумен қатар астабақ та кеңінен қолданыста болған. Астауға тек қана ет салып қана қоймай басқа да майлы дәмді астарды тартуға болады» [3, 211].*

Қазақ халқының қонақжайлығын қазірде бүкіл әлем біледі. Ал, осы ежелден ұрпақ қолданысындағы жалғастықпен келе жатқан, қонақ күтуде негізгі орын алатын қазақы дәстүрдің бір түрі – табақ тарту рәсімі. Яғни, *қазақтың астауы* әрқашанда молшылықтың, барлықтың символы болып келген. *«Шынымды айтсам, бізді, тіпті бізді ғана емес, ертеректе әкемізді, оның іні-қарындастарын асыраған апамның теректен ойып жасаған келісі мен ескі астауы еді. Осы келі мен астау тіпті әкемнен де үлкен, Апам Алтайдың арғы беті – төркінінен ала келген аса қымбат заттары болатын» [1,31]* деген тұстарында *«әкемнен де үлкен»* деп халықтың арғы жағын, сол қазақтың алғашқы бесігі болған деген Алтай өңірін де айтып өтуінде үлкен бүкпе мән мен астарлы тұспалды аңғаруымызға болады.

Жазушының апасының бойындағы асыл қасиеттердің бірі – имандылық.

«Қорықпа, ұлым, - деді Апам. - Әйел адам мал бауыздамайды. Сен – азаматсың! Кәне, мықтап ұста» [1, 51] - деген тұстарында дәстүрді кесе көлденең аттамаған, бес уақыт намазын бұзбаған, иманжүректі адам болғанынан да хабардар етеді. Кеңес өкіметі тұсында намаз, дін туралы бұлай жазу екінің бірінің қолынан келмеген.

«Ертеңінде ескі қораның бұрышында төңкерулі жатқан Апамның астауын алып, Алматыға қайттым. Апам менің... Сенен не қалды? Жарық астау ма? Ия, адам өмірі де сол жарық астау секілді қаңсып қалады екен-ау...» [1, 54].

Сонау ерте кезден, ұрпақтан-ұрпаққа берілін, қолданыста болып келген астаудың Кеңес өкіметі тұсында төңкеріліп жатуы да шығарманың символикалық сиптын аша түседі. Астауға түскен сызат – сол кездегі салт-дәстүрімізге түскен сызат. Жарық астау – екіге жарылған қоғамның символы. Сол ұлттық бұйымымызды сызат түсірмей ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп алып келе жатқан соңғы этноғрафиялық тұлға – Апаның дүниеден өтуі – дәстүріміздің құрдымға кетуімен пара-пар деген астарлы пайымдау, авторлық түйіндеу. Сол астауды қалаға өзімен бірге ала кетуінен автор тарапынан жылт еткен болашақтан күткен бір үміт сәулесін сезінгендей боламыз. Автордың үміті – қанша жыл күткен *ел тәуелсіздігі еді.* Бұл әңгіменің қазіргі ұрпаққа берер тағылымы мол. Ең бастысы, кейінгі толқын, қазіргі жастар осы әңгімедегі Апаның бойындағы асыл қасиеттерді өз апаларының бойынан таба ала ма? Міне бұл сұрақты қазір біз өзімізге, көпшілікке, қоғамға қоюымыз керек. Бұл сұрақты жетпісінші жылдары салт-дәстүріміз мансұқталған уақыт Кеңес өкіметі тұсында біз қазір талдап отырған біртуар жазушы Оралхан Бөкей сол өз заманында қойған екен. Ал, қазір біз Тәуелсіздігімізді алған егеменді ел ретінде осы салт-дәстүрімізді ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыру мақсатында не істеп жатырмыз? Оралхан Бөкейдің аманат-өсиетін орындай алдық па? Осы әңгімені қазіргі кейінгі толқын – жас буынға оқыта отырып, жазушының Апасының бойындағы рухани сұлулық, көреғенділік, ептілік пен жанкештілік, төзімділік, адамғершілік, сүйіспеншілік, имандылық сияқты асыл қасиеттерге қазірдің өзінен баулу, айту, насихаттау – ұрпақ алдындағы парыз бен біздің міндетіміз екендігін естен шығармауымыз керек. Шығарманың негізгі мұраты идеялық қуаты да ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу болып табылады.

1. Бөкей О. Таңдамалы шығармалары. - Алматы: «Қазақпарат», 2013. 1032 б.

2. Қазақтың этноғрафиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. - Алматы: 2011. 450 б.

3. М.Әуезов. Шығармалар. Он бірінші том. «Жазушы» баспасы. Алматы. - 1969. 477 б.

Резюме

А. Танжарикова. Этнографическая символика в рассказе Оралхана Бокея «Апамның астауы»

В этой статье говорится об этнографическом направлении рассказа О.Бокея "Апамныц астауы". Рассказ написан автором методом докладывания и литературного отступления. Здесь писатель описывает реалистично образ бабушки, а так же тайны казахской традиций, описывая обычаи ярко расскрывается образ бабушки со всех сторон. Параллельно с традициями народа рассказывается жизнь персонажа. В этом небольшом эпичном сочинений, где жизненная правда перевоплотилась в литературную жизнь, мы видим описание целой жизни человека. В рассказе так же есть основной персонаж, который красочно описывается и не называется именем, но которого мы чувствуем внутренним инстинктом. Это в тайне исполняющий художественный образ – "традиции и обычаи". То есть, становится понятным, что "традиция" это взятый образ и основная суть сочинения именно в ней. Можно сказать, что такие драгоценные качества бабушки как духовная красота, зоркость, ловкость, самоотверженность, терпеливость, нравственность, любовь, вера – это пропаганда и обучение для молодежи – и это является самой важной целью и мечтой автора в рассказе.

Ключевые слова: этнографический, археологический, астау, скальпель, ткать ковер, шерсть, аркан, автор-персонаж.

Summary

A. Tanzharikova. Ethnographic and folklore reasons in kazakh prose

This article is talked about ethnographic direction of the story of O.Bokei "Washtub of my grandmother". A story is written with an author by the method of announcing and literary retreat. Here a writer describes character of grandmother realistically, and similarly secrets of Kazakh traditions, describing customs brightly shows character of grandmother from every side. In parallel with traditions of people life the personage also is told. Herein small epic compositions, where a vital true was reincarnated in literary life, we see description of whole life of the person. In a story similarly there is a basic personage that is colourfully described and not named, but we feel that personage with our internal instinct.

That secret a carrying out image is "traditions and customs". In other words, becomes clear that "tradition" it is the taken character and basic essence of composition exactly in it. It be possible to say, that such precious qualities of grandmother as spiritual beauty, sharp-sightedness, adroitness, selflessness, patience, morality, love, faith – it is propaganda and educating for young people – and it is the most important aim and dream of the author in a story.

Keywords: ethnographic, archaeological, washtub, scalpel, to weave carpet, wool, rope, author-personage.

ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ
ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ

ӘОЖ 378.147

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМНІҢ АҚПАРАТТЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Т. Меркибаев – *2 курс докторанты, Абай атындағы ҚазПУ,*
Г.Қ. Абдрахман – *филология ғылымдарының кандидаты, Тараз мемлекеттік педагогикалық институты,*
А.М. Жұмабаева – *педагогика ғылымдарының кандидаты, Тараз мемлекеттік педагогикалық институты*

Аңдатпа. Мақалада болашақ мұғалімнің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыруда дербес компьютерді пайдаланушы деңгейіндегі пән мұғалімі мен бағдарлама жасаушы пән мұғалімі нобайы қандай болуы керектігі қарастырылып, бағдарлама жасаушы пән мұғалімі нобайы дәйектелді. Жоғары білім беруді модернизаңиялау ең алдымен оның мазмұнын терең жаңартумен және болашақ мұғалім бойында түйінді құзыреттіліктер, пәндік және кәсіби құзыреттіліктер қалыптастырумен байланысты. Кез келген пән мұғалімінің ақпараттық құзыреттілігін дамыту – мұғалім дайындау мазмұнын қай бағытқа өзгерту керек, қандай мақсаттарды көздейді, ол мақсаттарды жүзеге асыру үшін қандай стратегиялық бағыттарды таңдауымыз керек деген сияқты түйінді міндеттер шешуімін табуы қажет екенін көрсетеді. Пән мұғалімі Moodle, ToolBook Assistant, Virtual Learning Environment, электронды білім қорларымен еркін жұмыс істеп қана қоймай, бағдарламалау арқылы электронды оқулық құрастыра білуі, онлайн тест қабылдау үшін дайын бағдарламалық орталарды қолдана білуі керектігі де қазір өзекті мәселенің бірі. Бұл аталмыш мәселе әлі де болса зерттеуді қажет ететіндігін көрсетеді.

Түйін сөздер: болашақ мұғалім, ақпараттық құзыреттілік, ақпараттық орта.

XX ғасырдың соңында адамзат постиндустриалды немесе ақпараттық қоғам деп аталатын даму сатысына енді, яғни бұқаралық коммуникацияларды зерттеген әйгілі ғалым Герберт Маршалл Маклюэннің ақпараттық технологиялардың ауысуы тарихи дәуірлердің ауысуына әкеледі деген сөзін растауда. Ақпараттық және комуникациялық технологиялар білім және адамзат тілі деген ірге тасы ұғымдардың шекарасын кеңейте түсті.

Тіл арқылы білім алу және білім беру – оның тарихи қалыптасқан аса маңызды функциясы, басқаша айтқанда тіл – коммуникация, яғни адамдар арасындағы арнайы байланыс құралы болып табылады. Тілден бөлек жазу, баспахана, телефон, теледидар және Интернет желісінің дамуы білім берудің жаңа эволюциялық кезеңдеріне әкелді.

«Біз ақпарат және коммуникация ғасырында өмір сүреміз» деу шын мәнінде ағаттық болып табылады, өйткені ақпарат пен коммуникация адамзат дамуымен қатар өмір сүрін келеді. Біз өмір сүріп отырған постиндустриалды қоғамның айрықшалығы – ақпараттық және комуникациялық технологиялар аса жылдам дамуымен сипатталады. Бұларды кәсіби, экономикалық, әлеуметтік және тұрмыстық мәселелерді шешуде орынды қолдана білген қоғам мүшелері ғана жаңа ақпараттық кеңістікте қажетті білімге ие болып, бағдар таба алады. Өзіндік ерекшелігін сақтай отырып, жаһандану артықшылықтарын тиімді қолдана білгенде ғана ақпараттық мәдениеттің қалыптасқандығы туралы айтуға болады. Білім мазмұнына айтарлықтай өзгеріс әкеліп отырған ақпараттық құзыреттілік жалпы мәдениеттің құрамдас бөлігіне айналды. «Мәдениеттілік» ұғымын Б.С.Гершунский [1, 65] «тарихи мұраға саналы түрде құрметпен қарай отырып, қазіргі өмірдің кез келген саласында жұмыс істейтін адамның шығармашылық тұрғыда қабылдау және өзгерте білуге деген қабілеттілігі» деп көрсетеді. Мәдениеттілікті осы тұрғыда түсіну – мұғалімнің жеке тұлға ретінде қалыптасуында қазіргі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мүмкіндіктерін иегерін, нағыз ақпараттық мәдениетке ие болуын қажетсінеді, осы арқылы мұғалім шәкірттерінің бойында ұлт мәдениеттері арасындағы диалогты жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамытуға,

адамзат қоғамы арасындағы түсіністік пен өркендеуге жол ашатын білім берудің басты мақсаттарының бірін іске асыра алады.

Жоғары білім беруді модернизациялау ең алдымен оның мазмұнын терең жаңартумен байланысты [2; 3]. Тек қана информатика пәнінің мұғалімі ғана емес, сонымен бірге кез келген пән мұғалімінің ақпараттық технологияны меңгеруі – жаңа тұрпатты мұғалімге тән басты белгі деп айтуымызға болады. Жаңа тұрпатты мұғалім нобайын анықтай отырып, сол арқылы мұғалімді дайындау мазмұны қай бағытқа өзгеруі керек, қандай мақсаттарды көздейді, ол мақсаттарды жүзеге асыру үшін қандай стратегиялық бағыттарды таңдауымыз керек деген сияқты түйінді міндеттер шешуімін табуы қажет екені анықталды. Пән мұғаліміне информатиканы қалай оқыту керектігі аса маңызды мәселе, ал оны оқытуға уақыт та, оқу мазмұны да шектеулі түрде бөлінеді, ал нәтижесінде пән мұғалімінің кәсіби деңгейін жоғарылата отырып, ақпаратпен жұмыс істеуін автоматтандыруды керексінеді, сонымен қатар қашықтықтан оқыту әдістеріне көшуге алғышарттар жасайды.

Жаңа тұрпатты мұғалім нобайындағы пән мұғалімі нобайының мазмұнын көрсететін бөлігі екі құрамдасты қамтиды:

- пайдаланушы пән мұғалімі нобайы;
- бағдарлама жасаушы пән мұғалімі нобайы.

Біздің мақсатымыз – осы көзқарастардың жүзеге асу мүмкіндігіне баға беру.

Пайдаланушы пән мұғалімін дайындау мәселесін айтпас бұрын оларды оқытудың әдіснамалық алғышарттарына тоқталайық.

1. *Компьютерлік дағдылар (компьютерлік сауаттылық)*. Компьютерлік технологияларға арналған бағдарламаларды пайдалану үшін белгілі бір мөлшердегі компьютерлік сауаттылық (білім, іскерлік пен дағды) болуы қажет (мысалы, терезелер интерфейсін білу, мәтіндік редактормен жұмыс істей білу, ақпаратты сақтай білу т.б.),

2. *Техникалық құралдар*. Білім беру мекемелері мен информатика сыныптарының техникалық жасақталуы әлемдік желіде еркін жұмыс істеуге, озық интерфейс түрлерін ұйымдастыруға шектеу қоятын болғандықтан, пән мұғалімдері ақпараттық технологияларды (АТ) молынан пайдаланбайды. Басқаларына қарағанда ақпараттық дайындығы жоғарырақ информатика мұғаліміне техникалық және бағдарламалық құралдар коммуникациясы аясында минималды білім көлемі (желіге қосу, пошта түйінін ұйымдастыру, бағдарламалық жасақтамаларды инсталляциялау (қондыру, іске қосу) т.б.) керек.

3. *Компьютерлік орта ақпараттары. Ақпараттық мәдениет*. Пәндік салаға байланысты ақпарат оқыту негізі болады. Ақпаратты іздеу дағдылары, оны сақтау ерекшеліктері мен алуан түрлі серверлерде оларды көрсете білу, іздеу жүйелерімен жұмыс істей білу және т.б. дағдылар болған жағдайда кез келген пәнге қажетті ақпаратты алу мен оны қажетті пішімде қалыптастыру мүмкін болмақ.

4. *Ақпарат ағымы*. Білімнің әр саласына қатысты өзіндік ақпарат ағымдары (қалыптастыру, тарату, көрсету, қолжетімділік және т.б.) бар, сондықтан оның белгілі бір пән саласына қатыстысын қадағалап отырып, білу керек. Сонымен қатар, ақпарат ағымының үнемі өсін отыруы ұдайы білімді толықтырып отыруды қажетсінеді, оны қашықтықтан оқыту немесе конференцияларда «жиі қойылатын сұрақтар» (frequently – asked – questions - FAQ) арасынан алып пайдалану арқылы жүзеге асыруға болады.

Аппараттық қамтамасыз ету мен байланыс каналдарымен қатар компьютерлік технологиялардың негізгі компоненті болып клиент-сервер технологияларына (*e-mail, Telnet, FTP, Gopher, WWW, mailing-lists, newsgroups, IRC* және басқалары секілді) арналған бағдарламалық жасақтама табылады. Оларды білім беруде қолданудың үш нобайы бар: нысана ретінде, құрал немесе орта ретінде. Сонымен қатар қазіргі кезде компьютерлік технологиялар барлық бағдарламалық өнімдерді, соның ішінде педагогикалық немесе оқу бағдарламаларын да әлемдік желіде пайдалануға икемдеп отырғанына назар аударуымыз керек, сол арқылы ол оқу міндеттерін жүзеге асырудың жаңа үлгідегі нысанасы, құралы немесе ортасына айналып отыр. Осылайша, локалды түрде пайдалануға тиімдірек болып келетін *білім беруші бағдарламалық қосымшалар* немесе белгілі үйретуші бағдарламалық жасақтамалардың әйгілі түрлерінің көпшілігі әлемдік желілерде қолданылады деп айтуымызға болады.

Сонымен, компьютерлік технологияларга теориялық талау жасай отырып технологияларды бастапқы жүйелеуге, бағдарламалық жасақтамаларды жүйелеуге, солардың негізінде педагогикалқы ықпалдастық түріне ажыратуға мүмкіндік берді. Осыған сүйене отырып және техникалық, аппараттық, бағдарламалық деңгей мен мұғалімдерді компьютерлік технологиялар негізінде оқыту бағдарламаларына қарай білімгерлер мен оқытушылардың ақпараттық мәдениетін дамытуды үш нобай негізінде жүргізу керек сияқты:

1) компьютерлік технологиялар мен компьютерлік орта нысана ретінде;

2) компьютерлік технологиялар оқыту құралы ретінде;

3) компьютерлік технологиялар компьютерлік орта ретінде.

Алдымен автоматтандыру, сонан кейін ақпараттандыру және ең соңында коммуникация кеңінен тарайтыны секілді Қазақстанда қазір оқытудың бірінші түрі басым, ал Еуропа, АҚШ, Шығыс Азияда екінші және үшінші нобайлар университет пен колледждерге ғана емес, мектептерге де кеңінен енгізіле бастады [3, 17]. Біз қазір ақпараттандыруды тиімді жүзеге асыру жолдарын [4, 8] қарастырудамыз. Коммуникация деңгейі жоғарылағанда ғана үшінші сатыға көтерілуімізге мүмкіндік туындайды.

Пән мұғалімінің кәсіби қажеттіліктеріне талдау жасай отырып, информатиканы оқытудың деңгейлері мен кезеңдері анықталды.

Бірінші деңгей мен оқытудың бірінші кезеңі – компьютерлік телекоммуникациялар зерттеу нысанасы ретінде.

Компьютерлік технологиялар бойынша курс бағдарламасын дайындау барысында:

1) қоғамдық сұранысты педагогикалық оқу орындары түлектерінің ақпараттық сауаттылығына трансформациялау арқылы курс мазмұны мен бағытын айқындау;

2) педагогикалық мақсатты білімгерлердің таяудағы даму аймағына сәйкес нақтылау;

3) педагогикалық үрдісті оқытудың мазмұны, әдіс-тәсілдері мен формаларын ғылыми негізделген түрде таңдай отырып құрастыру сияқты міндеттер шешіледі.

Жасалған бағдарламаны *жүзеге асыру* барысында өзара тығыз байланысты болып келетін мақсатты, мазмұнды нақтылау, білімгер қызығушылығын арттыру үрдістері нақтыланып, белгілі бір әдістер, қажетті бағдарламалық жасақтамалар жүзеге асады, кері байланыс негізінде оқу үрдісін бақылау мен реттеу жүрін жатады, оқытуға ыңғайлы жағдайлар (мысалы, информатика кабинетін заманға сай жабдықтау арқылы) оқыту әдістері мен дидактикалық элементтерге өзгеріс әкеледі. Бұл кезеңді бағалау сандық және сапалық деңгейде жүргізіледі, мәселен тестілеу нәтижесінде курстың кемшілік жақтары байқалуы мүмкін.

Өткізілген курс *нәтижелерін талдау* кезеңі мазмұнды тереңдету, кеңейту немесе азайту, қолданылған әдістер мен формалардың тиімділігін бағалау, үйретуші педагогикалық бағдарламаларды пайдаланудағы курстың жетістік және кемшілік тұстарын байқау, осы нәтижелерге сүйене отырып жаңа міндеттер қою, шетелдік тәжірибелерге үңілу және т.б. сияқты түзетулер жасауға [5] мүмкіндік береді. Сонымен бірге жоспарланған және нақты орындалған оқу нәтижелері талданады.

Білім беру технологияларын жобалаудың маңызды элементтері анықталды. Оның құрамына білімгерлер білімін алдын ала байқау енеді, ягни сауалнама немесе тестілеу көмегімен бірнеше мәселелерді шешуге мүмкіндік туындайды - дайындық деңгейін айқындау; қажетті компьютерлік дағдыларды қалыптастыруға кері ықпал еткен себептерді түсіну; оқу мотивациясын ұғыну; кәсіби деңгейін жоғарылатуға деген жеке қызығушылығын анықтау және т.б.

Бастапқы оқыту элементтеріне психологиялық кедергіні жою, пайдаланушыға қажетті алғашқы дағдыларды қалыптастыру, білім алушыларға жеке көзқарас тұрғысынан келін, модульдік әдіспен ұйымдастырылған, ішкі логикасы бекем, жеткілікті деңгейдегі курс прототип бола алатын үздіксіз оқыту жүйесін жасау енеді.

Практикалық сабақтардың алдында дәстүрлі түрде лекциялар (face to face) жүргізіледі, ол *жүйелілік, ақпараттық, көрнекілік пен ұғынықтылық* тұрғысынан жасалатын компьютерлік технологиялар бойынша курс негізі болуы да мүмкін.

Компьютерлік технологияларды үйретудің бастапқы кезеңінде жүргізілетін лекциялар мынадай тақырыптарды қамтуы мүмкін:

1. Компьютерлік ортаның даму тарихы, онда білім берудегі қазақстандық интернеттің қолданылу ерекшеліктеріне басты назар аударылуы тиіс.

2. Интернеттің технологиялық және құрылымдық базасы.

3. Әлемдік желінің таралуы мен оларды білім беруде пайдалану үшін тұжырымдамаларға жасалған түзетулер.

Компьютерлік технологиялардың *компьютерлік, техникалық, бағдарламалық жасақтамасына* қатысты тақырыптар білімгерлердің мамандығына қарай – жаратылыстану немесе гуманитарлық болуына байланысты материал қиындығы деңгейін (материалмен таныстық деңгейі, істей алуы, іскерліктер мен дағдылары, шығармашылық деңгейі) ескеруі керек.

Курстың келесі тақырыбы *әлемдік желіге қосылу тәсілдеріне* байланысты болуы керек. Ол пошта қызметі, білім беру сервері немесе ұйымның ақпараттық сайтымен (home page) байланысты екені зертханалық сабақтарда көрсетілуі керек.

Компьютерлік технологиялар *терминологиясы* кіріспені оқытудың аса маңызды бөлігі болып келеді, өйткені терминдердің көпшілігі ағылшын тілінен орыс тілінің өзіне толығымен аударылды дей алмаймыз, компьютерлік сленг ретінде қалыптасқандары да бар. Дегенмен негізгі терминдерге түсінік берілуі керек.

Лекция курсының міндеттерінің бірі – білімгерлердің басқа пәндерді меңгеруіне қажетті білім алуды қамтамасыз ететін іргелі даярлығын күшейту (интегративті көзқарас), компьютерлік технологияны пайдалана отырып дербес ғылыми-зерттеу жұмысын жандандыруға тарту.

Практикалық сабақтар компьютерлік технологияларды білім беруде қолдануға байланысты білімді тереңдетуге, кеңейтуге арналған. Практикалық сабақтар жедел түрдегі кері байланыс тәсілі болып келеді.

Практикалық сабақ жоспарына: 1) коммуникациялық бағдарламалар (мысалы, *UUPC, telnet, Terminal*); 2) электронды поштаны өңдеу, жіберілетін мекенжай тізімдерімен жұмыс (мысалы, *Bmail, Dmail, Internet Mail*); 3) телеконференциялармен жұмыс бағдарламалары (мысалы, *BMAil, Internet News*); 4) *WWW, FTP, Gopher* серверлерімен жұмыс істеуге арналған бағдарлама-браузерлер; 5) *HTML* құжаттарын құруға арналған бағдарламалар енуі керек. *PageMaker* сияқты арнайы бағдарламаны да пайдалануға болады.

Жоғарыда аталған бағдарлаларға желіге қосылмай-ақ, автономды режімде үйретуге болады. Әзірге қазақстандық сайттар ақпарат молдығымен ерекшеленбесе де, болашақта оны толықтыру ісі бүгінгі таныстықтан басталмақ.

Әдістемелік ұсыныс ретінде мазмұнның модульдік құрылымын, инновациялық әдістерді қолдануды, түрлі әдістерді, мысалы, топтық немесе жеке жұмыс, белсенді оқытуды (проблемалық, іскер ойын) айтуға болады. Компьютерлік технологияларды зерттеудің бұл нобайы біртіндеп пропедевтикалық курсқа айналады немесе пәндік салада компьютерлік технологияларды қолдануға басым назар аударылады.

Екінші деңгей мен оқытудың екінші кезеңі – компьютерлік телекоммуникациялар оқыту құралы ретінде.

Компьютерлік технологиялар бағдарламалық жасақтамасы үйренуге қажетті дағдылар емес, белгілі бір міндеттерді шешуге арналған құрал ретінде, мысалы, білімгерлер газетін шығару немесе жиналған материалдардан деректер қорын құру үшін қолданылғанда ассоциацияланады. Компьютерлік технологиялардың бағдарламалық жасақтамасын пайдаланудың бұл түрі «педагогикалық тұрғыда нейтрал» болып сипатталады, өйткені білім беруді ұйымдастыру түріне (дәстүрлі түрде ме, әлде қашықтықтан оқыту ма) қатыссыз.

Оқытудың интерактив тәсілдеріне қарым-қатынас нобайлары - «Электронды байланыс арқылы әңгімелесу», хат жазысу, виртуалды сыныптар, электронды мекенжай арқылы әйгілі адамдармен байланысу, мұғалімдерге арналған телеконференциялар т.б. жатқызуға болады.

Үшінші деңгей мен оқытудың үшінші кезеңі – компьютерлік телекоммуникациялар оқыту ортасы ретінде.

Интернетті инновациялық әлеуметтік-педагогикалық орта ретінде қарастырғанда, компьютерлік технологиялардың бағдарламалық қосымшалар кешені *орта* ретінде еркшеленеді. Оқыту ортасы ретінде қосымшалар мазмұнды жеткізуші болып табылады. Мұндай қосымшалар қарапайым сөздіктерден бастап күрделі имитаторларға дейін болуы мүмкін. Бұл жағынан қарағанда оларды

педагогикалық нейтрал деуге болмайды, олар міндетті түрде (эксплицитті немесе имплицитті) оқу теорияларының біріне негізделін отырады. Телекоммуникациялық ақпараттық ортада оқытудың педагогикалық міндеті дәстүрлі оқытудан өзгеше: оқытып қана қоймай, жеке оқуды қашықтықтан басқару жүзеге асады.

Орта ұғымы қашықтықтан оқыту кезінде негізгі болып саналады, бір жағынан оқытушы оқу үрдісіне тікелей қатыспайды, алыстайды, екінші жағынан білімгер білімге конструктивті түрде қарайды.

Оқу ортасына қарай оқу технологиялары жіктеледі. Қазіргі компьютерлік технология оқу технологияларының арасында кеңінен тараған орта ретінде *WWW*-серверлерді атауға болады. Олар оқу мақсаты, міндеті, мазмұны, әдістері мен тәсілдеріне қарай типтелуі мүмкін. Ақпараттық сервер, тестілеу серверлері, проблемалық сервер, имитациялық сервер, күрделі реалды серверлер болып бөлінеді.

Бағдарлама жасаушы пәндік мұғалімді даярлау мәселесіне келер болсақ, бағдарлама жасай білу үшін пән мұғалімі ақпаратты өңдеудің қазіргі жағдайы туралы білім алуы керек (білім инженериясы элементтері). Ол қашықтықтан оқытуға арналған оқу-әдістемелік материалдың сапасын айтарлықтай арттыруға және іс жүзінде:

- қабылдау мен меңгеру темпін жылдамдатуға,
- компьютермен жеке жұмыс істегенде білімгердің білім алуын басқаруға,
- білімгер автономиясының артуына мүмкіндік береді.

Қазақ тілі орфографиясы бойынша дайындалған электронды оқу құралын қашықтықтан оқыту принциптеріне лайықтадық. Қолданбалы лингвистикадағы формалды модельдер туралы ілімге сүйене отырып, білімді табиғи тілдегі жартылай формалданған күйдегі құрылымдар (семантикалық желілер мен жүйелер) арқылы берудің артықшылығы анықталды. Нобай жүйе интерфейсіне қойылып, оқудың барлық кезеңінде ұйымдастыру қызметін атқаруы керек:

- білімгердің оқу объектісін жеке зерттеп, меңгергенінде (теорияны қарап шығу),
- жаттықтыруды ұйымдастырғанда.

Білімгер жұмысының нәтижелілігі өңдеу кезеңінде қаланатын білім сапасына байланысты. Ол Г.С.Поспеловтың [6, б. 59] тұжырымдамасы бойынша ішкі интерпретациялау, құрылымдау, байланыстылық пен білім белсенділігіне сәйкес келеді. Эксперттік жүйелер саласында білімді өңдеу тенологиясы логика-лингвистикалық әдістерге сүйенін, тектік ұғымның семантикалық өрісін - концептіні құрылымдау, сонымен қатар семиотика, когнитивті семантика (оны құрғанда факторлық талдау, көпөлшемді шкалалау, кластерлік талдау, есептеу, контрастивтік талдау қолданылады) әдістерін пайдаланса да, бұл технология тілді зерттеуге ғана қатысты емес, басқа пәндерде де қолдануға жарайтын әмбебап технология [7, б. 13].

Жасанды интеллект әдістерін оқу-әдістемелік материалдарды өңдеуде қолдану прогностикалық, эвристикалық қуаты мол нобай жасауға мүмкіндік береді, әрі пән мұғалімдерін бағдарламалау әдістеріне оқытудың қажеті болмайды, өйткені табиғи тіл ұғымдар жүйесі ретінде пайдаланылады.

Мұндай нобай жасау күрделі жұмыс, оның үстіне мұғалімдердің барлығы нобай жасаумен айналыспауы мүмкін. Дегенмен, мұғалімдердің барлығын осы мәселеге тарту қажет деп есептейміз, өйткені ол оқытушыға қашықтықтан оқытуға арналған оқу-әдістемелік материалдарды жасауға қатысуға, түсінуге, сол арқылы оқыту сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Материалды қажетті бөліктерге бөлін, оны оқыту тәсіліне қатысты негізгі ойларын іске асыру үшін мұғалім электронды оқу курстарын жасауға белсене қатысуы керек. Оқытушы мен бағдарламалаушылар тобының бірлескен жұмысы аса тиімді болмақ, өйткені дайын жеке фрагменттерді оқу процесінде қолдана отырып, оқытушы оның қажетті тұстарына өзгерістер мен түзетулер енгізе алады. Мұндай жағдайда «мұғалім осындай жобаға толыққанды қатысушы ретінде қосыла ала ма?» деген сұрақ туындайды. Ақпараттық технологиялар саласында белгілі бір дайындығы болған жағдайда мұғалім айтарлықтай жетілдірілген электронды оқу курстарын жасай алады. Соңғы жылдары шетелдік білім беруде кеңінен қолданылып келе жатқан Moodle, Lotus Learning Space, ToolBook Assistant, Distance Learning Studio, Virtual Learning Environment (VLE) т.б. бағдарламалық кешендер автоматты оқыту жүйесі кешенін ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Аталған бағдарламалардың соңғысы Ресей мен ТМД мемлекеттерінің 40 астам жоғары оқу орындарын

біріктіретін Еуропа мен Орта Азияның Виртуалды университетінде жасалған және қолданылып келеді. Орта мектепке арналған осы тәріздес Netschool бағдарламалық кешені бар.

Мұндай кешендермен жұмыс істегенде, мұғалім қажетті материалдарды (лекция конспектілерін, демонстрациялық материалдарды, хрестоматия, практикалық тапсырмаларды, тест сұрақтарын, жаттығуларды және т.б.) жеке файл түрінде дайындауы керек. Содан кейін диалог режимінде белгілі бір топ немесе жеке білім алушының өзіндік жұмысты ұйымдастыру сценарийін қалыптастырады.

Ғылыми зерттеулердің қандай да бір феноменді қарастыруда немесе интерпретациялауда әртүрлі көзқарас тұрғысынан іске асатынын лекцияның шектеулі уақыты толық баяндауға мүмкіндік бермеуі мүмкін, оған байланысты әдебиеттер саны да шектеулі, қолжетімсіз болуы мүмкін. Ақпараттық вакуумның орнын толтыру мақсатында лекторлар баспа түрінде де, мультимедиялық түрде де өздерінің көрнекі материалдарын тираждап, таратып жатады. Осы мәселені шешудің бір тәсілі ретінде лекция сабақтарының бейнежазбалары студенттерге таратылуда. Бейнекурстар VHS, sVHS C, HI 8, Digital 8, Mini DV форматтарында емес MPEG-4 форматында түсірілген. Оның артықшылығы көрнекілік бейнеленген кадрды стоп-кадр арқылы тоқтатып, көрнекіліктің қажетті тұстарын ұлғайтып көруге болады, шу деңгейі де төмен, қажетті үзіндіні кез-келген бағыттан алуға, көруге мүмкіндік береді. Сонымен бірге, алгашқы бағдарламалар көмегімен теледидар арқылы мәтін оқыганда, теледидар экранының төменгі жиілігі салдарынан көздің көруі жылдам шаршайды. Мұндай бейнекурстардың артықшылығы – лектордың шеберлігін, айтатын ойын өзіндік ретпен баяндап көрсету. Презентация орнына бұлайша түсіндіру логика мен себеп-салдарлық байланысты мимика, дыбыс әуені, интонация және педагогикалық артистизм арқылы ұғындырумен іске асады.

1. Гершунский Б.С. Философия образования. –М , 1998. С.65.

2. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования: Учебное пособие. /Е.С.Полат, др. -Москва.: «Академия», 2001. С.12.

3. Педагогические технологии: Учебное пособие для студентов пед. спец. / Под общей ред. В.С.Кукушина. - Серия «Педагогическое образование». - Ростов н/Д: изд. центр «Март», 2002. 320 с.

4. Қараев Ж. Компьютерді оқыту үрдісінде пайдалануға кіріспе. -Алматы, 1992, 57- бет.

5. Чернилевский Д.В. Дидактические технологии в высшей школе. -Москва: «Юнити», 2002. С.371.

6. Карпенко М.П. Опыт и перспективы международного сотрудничества на основе информационно-коммуникационных образовательных технологий. // «Педагогическая информатика», 2005, №1. С. 57-60.

7. Коджаспирова Г.М., Петров К.В. Технические средства обучения и методика их использования. -Москва: Изд. центр «Академия», 2001. -256 с.

Резюме

Т. Меркибаев, Г.К. Абдрахман, А.М. Жумабаева. Некоторые проблемы формирования информационной компетентности будущих учителей

В статье рассмотрены проблемы формирования информационной крмпетентности будущего педагога, рассматриваемого как пользователя компьютера и как программиста. Как известно, модернизация высшего образования связана с формированием ключевых, предметных и профессиональных компетенций у будущих учителей. Вопросы развития информационной компетентности учителя-предметника – обновление содержания образовательных программ, определение конкретных целей по улучшению компьютерной компетентности являются наиболее актуальными вопросами подготовки учителей в вузе. Будущие учителя-предметники должны не только уметь работать с программными облочками Moodle, ToolBook Assistant, Virtual Learning Environment, готовить электронные образовательные ресурсы, уметь организовать онлайн тестирование, но и самому обладать навыками самотоятельного изучения новых программных оболочек. Эта проблема требует дальнейшего исследования.

Ключевые слова: будущий учитель, информационная компетентность, информационная среда.

Summary

T. Merkibaev, G. Abdrakhman, A. Zhumabayeva. Some problems formation of information competence of future teachers

This article deals with the problem of formation of information kompetentnosti future teacher, considered as a computer user and as a programmer. As you know, the modernization of higher education is associated with the formation of the key, subject and professional competence of future teachers. Issues of development of information competence of subject teachers – Update the content of educational programs, identify specific goals to improve computer competence are the most pressing issues of teacher training at the university. Future subject teachers must not only be able to work with the program oblochkami Moodle, ToolBook Assistant, Virtual Learning Environment, prepare electronic educational resources, to be able to organize online testing, but also to have the skills samotoyatelnogo learning new software shells. This issue requires further study.

Key words: future teacher, information competence, information environment.

ӘОЖ 373 048:811.111

ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБА ӘДІСІН ҚОЛДАНУ

Л.М. Алиярова, А.Р. Халенова, Л.М. Махажанова – *әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің аға оқытушылары*

Аңдатпа. Жеке тұлғаға бағдарлаған технологияларды қолдануы жеке тұлғаға қажетті жағдай жасау арқылы, тілді үйренуде танымдық шығармашылық белсенділігін жоғарылатуға мүмкіндік береді, жеке студенттің жан-жақты дамуын қамтамасыз ете отырып, терең білімді меңгеруде қажеттілікті тудыра біледі, шет тілін үйрету барысында негізгі құзыреттілікті қалыптастырады. Қазіргі таңда өзекті әдістерді практикада жүзеге асыруға жағдай жасайтын жаңашыл технологиялар мен әдістерді меңгермей педагогикалық сауатты маман бола алмайсыз. Жоғарғы оқу орындарында студенттердің жеке тұлғасын қалыптастыру, оның рухани әлемін әрдайым байыту, оқуға деген ынта-жігерін арттыру, қоғамдық өмірдегі барлық салалардағы өзгерістер адамның интеллектуалдық күш – жігерін, саналы әркеті мен ізденімпаздығын, танымдық ой-өрісіннің белсенділігі мен іс-әрекетін шығармашылық сипатта жүзеге асыруды талап етеді.

Кілт сөздер: жобалау жұмысы, шығармашылық жұмыс, таңдау еркіндігі, танымдық ой-өрісінің белсенділігі, жобалық әдістеме, жеке тұлғаны қалыптастыру.

Қазіргі таңдағы білім беру саясатының ең бірінші міндеті – жоғары сапалы білім беруге қол жеткізіп, әрі оны тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің өзекті де, өміршең қажеттілігіне сәйкестендіру.Қазіргі қоғам талабы, мемлекеттік тілге қажеттіліктің артуы, оның қоғамадық аясының кеңеюі оқыту мен үйрету әдістемелерін жақсартуда, оқытудың жаңа технологияларын қолдануды қажет етеді. Х ғасырдың соңы-XI ғасырдың басында тілді кәсіби бағытта үйретуді дамыту ерекше орын алды, ол ғылымның тікелей дамуымен байланысты жағдай .Тілді үйретудегі бұл әдіске Европа Кеңесі яғни бұл ұйым европа елдеріндегі мәдени және ағартушылыққа жауапты ұйым болғандықтан бірге әрекет етті.Себебі осы мемлекеттерде белгілі бір маманды дайындауда шет тілін білу және алынған білімді, қабілетін және шеберлігін көрсету үшін қолдану.

Шет тілін білу маманның тек өз елінде ғана емес, шет елмен партнерлік қарым қатынаста жылдан жылға басқа да елде жұмыс істеу біздің өмірімізге енуде. Қазіргі таңда қандай да бір маман болмасын «қандай шет тілін білесіз?» деген сұрақ, талаптар қойыла бастауда. Сонымен жоғарыда айтып өткеніміздан шығатын қорытынды шет тілін білу қазіргі замандағы білімді адамның өміріне толық енді деген қорытынды шығады. Бұдан басқа, дүниежүзілік білім берудегі үрдісті де ескеру керек. Осыны айта отырып меңзейтін жағдай «Европаның бір экономикалық кеңістікте біріґуі, европа кеңістігіндегі жоғары білімнің қалыптасуына ықпал етті» [1, 10]. Бүгінгі таңда қоғамымыздың даму бағытында жан-жақты дамыған, сауатты, саналы азамат тәрбиелеу мәселесі жүктеліп отыр. Республикамызда қолға алынған білім беру жүйесін реформалау ісі осы саналы жан-жақты өзгертуге бағытталған кешенді шығармалармен тығыз байланысты.

Студенттік кезеңде «экономикалық белсенділік» басталады. Бұл кезең студенттің өнеғелі және эстетикалық сезімдерінің активті дамуына, мінез- құлқының қалыптасуы мен тұрақтануына, есеюдің әлеуметтік рольдерінің (азаматтық, кәсінтік, еңбек және т.б.) толық кешенін меңгеруіне байланысты. Демоғрафтардың пайымдауынша, осы кезеңде адамның дербес өндіру қызметі, еңбек биоғрафиясының басы және отбасын құруға құлшынысы басталады.

Оқытушының әрбір өтілетін сабағы қазірғі кездеғі заман талабына сәйкес оқыту талаптарына сай болып келуі қажет. Демек, жастарды еңбектің қай саласында да, білім алуда да тек мәлімет жиынтығын меңгеруімен шектелмей, студенттердің өзіндік іс-әрекетін тиімді ұйымдастыра отырып, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын студент етін даярлау қажет болып отыр. Шығармашылық еңбекте студенттің іскерлік қабілеті, білім көлемі, білім молдығынан туатын толық дербестіғі айқын көрінуі тиіс. Шығармашыдлық жұмыстар студентердің дүниетанымына, ізденімдік қабілетінің дамуына, тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Онымен қатар өздігінен ой қорытып, шешім шығаруға, дұрыс сөйлеп, сауатты жазуға, тіл байлығын арттыруға жәрдемдеседі.

Шет тілін үйретуде ең маңызды нәрсе ол студенттердің белсенділіғін дамыта отырып топтық жұмыстар, рольдік ойындар, іскерлік ойындар және өндірістік ойындар. Рөлдік ойындар – интербелсенді әдістердің тиімді бір түрі. Рөлдік ойындар екіге бөлінеді: 1. Әрбір оқушы рөлде ойнайды. 2. Оқушылардың шағын топтары рөлде ойнайды. Іскерлік оқу ойындарға келсек, мысалы, сабақ тақырыбы бойынша жазылған сценарийлерге қысқа жағдаяттар ойнау. Ал саяхат ойындарында оқушылар күнделік жүргізеді немесе достары мен туыстарына хат жазады. Блиц оқу ойындары туралы айта кетсек, олар шағын ойындар, оқушылардың нақты біліктері мен дағдыларын дамытуға бағытталады, мынадай түрлері болады: фотосуреттерді баяндау (отбасы мүшелерін, достарын, өз үйінді, бөлмеңді), сұхбат алу (мерекелер тақырыбы бойынша), шындық детекторы (дұрыс, қате), т.б. Өндірісті ойындарда әлеуметтік және экономикалық маңызы бар күрделі мәселелерді шешуге болады. Мысалы, «Қоршаған орта немесе қоқысты қайта жіберуге болады» деген тақырыптар арқылы өздерін өзі байқай білуін арттыру болып табылады. Қандай да бір қателер болса барынша өздері түсіндіреді, ал оқытушы ол тек төреші ретінде ғана болады. Тапсырманың орындап болысымен рефлекстеу кезеңі жүргізіледі. Біз рефлексия деғенді былай түсінеміз «күрделі қозғалыстың өз талдауы ойлауы, жеке психикалық ахуалды және интеллектуалдық деңгейді анализ жасауға жетелейтін кезең» [2, 67]. Жоғары оқу орнының оқытушысы, тәлімгері ретінде басты мақсатымыз жастардың осы аталған жақтарын тұлғалық дамуының үйлесімділіғін қалыптастыруда, студенттерді азаматтық белсенділікке тәрбиелеуде, білім алушылардың мамандықтың жұмыс оқу жоспары аясында білім алу траекториясының таңдамалығы неғізінде өзін-өзі қалыптастыру және өзін-өзі көрсету қабілеттерін дамыту болып отыр.

Қазірғі таңда өзекті әдістерді практикада жүзеге асыруға жағдай жасайтын жаңашыл технолоғиялар мен әдістерді меңгермей педағоғикалық сауатты маман бола алмайсыз. Жоғарғы оқу орындарында студенттердің жеке тұлғасын қалыптастыру, оның рухани әлемін әрдайым байыту, оқуға деген ынта-жігерін арттыру, қоғамдық өмірдеғі барлық салалардағы өзгерістер адамның интелектуалдық күш – жіғерін, саналы әркеті мен ізденімпаздығын, танымдық ой-өрісіннің белсенділіғі мен іс-әрекетін шығармашылық сипатта жүзеге асыруды талап етеді. Тәжірибе көрсеткендей, бір жобаны 2-3 студент орындаса жобаның практикалық сапасын арттыруға болатындығы көрінеді, яғни, бұл топтастырған тәсіл өз бетімен жұмыс істеуге, өзара көмек көрсетуге, шығармашылығын және жауапкершілігін арттыруға себебін тиғізетіндіғі анық. Өйткені жобалау кезінде студенттер таңдау еркіндіғін алады.

Білімгерлердің өздік жұмыстарын қадағалаудың тәсілдері де үлкен нәтиже береді. Өзін бағалай және қадағалай білуді, өзіне баға беруді қалыптастыру – оқушының қызығушылық көзқарасын және белсенділіғін арттыратын сенімді тәсіл. Әр пәнге арналған өзіндік жұмыстар студенттердің өз күштеріне сенімділіғін және жауапкершілігін арттырып, өзіндік баға беру қабілетін қалыптастырады.

Өзіндік жұмыстың нәтижесін көру үшін ұйымдастыру-әдістемелік шараларының анық жоспарланған жүйесі болуы тиіс. Өзіндік жұмыстың керекті нәтижесін алу үшін қойылатын неғізгі шарт – студенттерді оқу-әдістемелік және анықтама-нормативтік материалдармен толық қамтамасыз ету қажет. Әрбір студенттің өсуі мен жетілуі оқыту барысында табысты болуы үшін, оқытушы олардың әрқайсының қабілетіне байланысты бейімделген және ерекшеліктеріне сай болуға тиісті, яғни бұл жерде жеке студентке тең құқықты серіктес ретінде сыймен қараудың да маңызы зор [3, 10].

Білім беру барысында оқытушы пәнге деген қызығушылықты тудырып, студент содан қанағат алатындай жағдай жасауы керек. Өйткені оқу материалын саналы түрде меңгеру, оның қажеттілігін түсінін, мәнін ұғынуға көп байланысты.

Студенттердің өздік жұмыстарын ұйымдастыру мақсатын тиімді шешудің және бір түрі – үйренген оқыту әдісінен алшақ, қазіргі кезге сай ғылыми дәйектелген және жете зерттелген оқулықтар мен әдістемелік оқу құралдарын оқыту үрдісіне енгізу. Студент оқулықты жете түсінін, жеңіл қабылдауы үшін, сабаққа өздігінен дайындалу барысында қолданатын әр пәннің лекциялық курстары, оқулықтары және оқу құралдары міндетті түрде оқу жоспарына сәйкес болғаны жөн. Сонымен қатар барлық қажетті оқу-әдістемелік және анықтама материалдары баспа түрінде де, электронды түрде де жеткілікті және қол жеткізерліктей болуы міндетті. Дербес танымдық қызметте оқытушы және студент жүйесінің іс-әрекетіндегі жетістікті анықтайтын маңызды факторлардың бірі педагогикалық қарым-қатынас болып табылады. Ол мұндай жағдайда хабар алмасу ретінде емес, адамның басқа адамдармен өзара байланысының тұрмыстық тәсілі ретінде қарастырылады [4, 137].

Жобалау жұмысы тіл үйренудің формалдық сипатын жоюға, тілді үйренудің тәжірибелік нәтиже беруіне ықпал етеді. Жоба оқытушы мен студенттің функционалдық міндеттерін өзгертеді. Студент шет тілін оқытудың нақты бір сабағының мазмұнын таңдауда, ұйымдастыруда, құрастыруда белсенді қатысса, оқытушы кеңесші, көмектесуші немесе ойынға қатысушы ретінде ғана көрінеді. Егер студенттерге білім беру және іскерлік пен дағдыны сіңдіру процесі педагогикалық қарым-қатынастың қандай ынталандырушы түрінде берілгендігі және ұйымдастырушылығы ескерілмесе, онда сабақтың сәтті болуын мәтіндердің мазмұны да, тиімді жаттығуларды да, әдіс-тәсілдер мен құралдарды іріктеп алу да қамтамасыз ете алмайды. Жобалық әдістеме – нақты мәселені толық әзірлеу дидактикалық мақсаттар арқылы табысқа жететін әдіс. Бұл әдістің мақсаты студенттердің белгілі мәселені шешуде қызығушылығын арттырады, сонымен қатар белгілі теориялық білімдерін практикада жобалық жұмыс арқылы көрсетеді.

Бұл технология әлемдік педагогикада жаңалық емес. Ағылшын тілінен аударғанда «cooperative learning» – «бірге үйрену», ал латын тілінен аударғанда «projectus» – «алдын-ала» деген мағынаны білдіреді деген екі ұғым бар. Студент үшін жоба дегеніміз – өзінің шығармашылығын барынша жүзеге асыруына мүмкіндік беру. Бұл мүмкіндікті жеке немесе бірігіп топ болып бар білімдерін, күштерін қандай пайда келтіретіндерін көрсетуге барынша тырысады [5, 104]. Сабақта қарым-қатынас кезінде сезімталдық пен тілектестік, табиғилық пен еркіндік, адамгершілік жағдайын жасау студенттің тілдік қызметін және белсенділігін жандандырады. Әдеттегідей, оқытушы сабақтарда студенттермен іскерлік қарым-қатынасты қалыптастыруға тырысады, онда шет тілінде сөйлеу қолдайтындығын, ынталандыратындығын, қуаттайтындығын және тағы басқа танысу үшін қолданылады.

Жобалық әдістің пәннің маңыздылығына байланысты:

Жеке жоба (бір ғана пәннің шеңберінде);

Пәнаралық

Қатысушылардың санына байланысты: жеке; топпен.

Жобаны орындау мерзімдері. кіші жоба (сабақ кезінде); қысқамерзімді(бірнеше сабақтық); орташа ұзақтық (аптадан айға дейін); ұзақ уақытты (бір айдан бірнеше айға дейін).

Алайда, қазіргі таңда қандайда бір саланы алсақ жобалық-технологиялық құралымнан тұратыны мәлім. Әсіресе бұл жоғарғы оқу орындарында болашақ кәсіби маман даярлауда шетел тілін оқытуға инновациялық тұрғыдан қарауды талап етеді. Білім беруде шетел тілін оқытудың негізгі құралы ретінде коммуникативті немесе жеке тұлғаға бағытталған технологиялар болып отыр. Жеке тұлғаға бағытталған білім (Personality – Centered Education) дегеніміз – студенттің өзін-өзі дамытуына, оның танымдық қабілеттерін, тұлғалық ерекшеліктерін ашуды, іскерлігін арттыруды қамтамасыз ететін оқыту болып табылады [3, 11]. Жоғарғы оқу орындарында студенттердің жеке тұлғасын қалыптастыруда қазіргі таңда жобаның келесі түрлері кеңінен қолдана бастады, мысалы: творчестволық жобалар, зерттеуші жобалар, рөлдік-ойын жобалар, таныстыруға бағытталған (ақпараттық жобалар), практикаға бағдарланған (қолданбалы жобалар) жобалық-конструкторлық және оқу ісінің синтезін құрайтындықтан, болашақ мамандар үшін өте қажет. Жобалық жұмысты қолдануда оқытушының ролі өзгереді яғни оқытушы тек танымдық іс әрекетті ұйымдастырушы ретінде болады. Мақсаты – студентті өз бетімен жұмыс істеуге үйрету.

Сонымен қатар студенттің де рөлі өзгереді, пассивті тыңдаушыдан жеке тұлғалық қабілеттерін бар ақпаратты алуда өз ой-пікірін, әсерін, талғамын барынша көрсетуге ұмтылып тырысады. Студенттің жобалық жұмысын ұйымдастыру деңгейлерін қарастырайық. Жобаны бастаудың бірінші деңгейі – мәселендіру. Жұмыстың алғашқы бастамасы қызықтырудың түрткі болатыны мәселенің қойылуы. Бір айта кететін нәрсе кез-келген мәселе адамды жұмыс істуеге итермелей бермейді. Бұл кезеңде оқытушы студентке көмектесе отырып мәселені айқындауға оның ары қарай қызыушылығын артыруға көмектесу.

Келесі кезең – мақсаттандыру. Мәселені анықтап алғаннан кейін студентте оны шешу жолының мақсаттары туындайды. Жобаның алғашқы мақсаттары мен мәселелері айқын болғандықтан енді оны жүзеге асыру әрекеті жолдарын жоспарлау керек. Жоспарлау әрекеті көптеген студенттерге қиындық туғызатын болғандықтан оқытушы тарапынан көмек керек ететіні сөзсіз.Әрине сіз студент үшін жоспарлаудың қажеті жоқ, ең бастысы жоспарлау алгоритмін көрсету керек. Бұл деңгейде жобаны уақытында орындап қоймай сонымен қатар сауатты түрде орындай білу үшін зерттеу жұмысының негізгі сатыларын анықтап айта кеткен жөн:

Ақпараттық – «не істеу керек?»

Жоспарлық – «бұған қалайша жетуге болады?»

Шешім қабылдау – «іске асырудың жолдары мен құралдарын анықтау»

Орындау – «жүзеге асыру»

Бақылау – «тапсырма дұрыс орындалды ма?»

Бағалау – «келесі жолы нені дәлірек істеген жөн?»

Жобалық әдісті қолданудағы күтілетін нәтиже: жеке тұлғаға, тәжірибеге бағытталған, үздіксіз білім беру қағидаларына негізделген танымдық іс- әрекетті ұйымдастыру формаларын, әдістемелерін, оқу бағдарламаларын, авторлық зерттеулерді жасақтау.

XXI ғасырда әлемдік білім беру жүйесінің дамудағы негізгі басымдықтарының бірі – жоғарғы оқу орнындағы білімін жаңарту. Ол студенттердің неғұрлым өз бетінше білім алып, оны іс жүзінде қолдана білу қажеттілігін тәрбиелеуге бағытталған.

Студенттердің зерттеу жұмысын ұйымдастыру және жоба жұмысын жасауға мақсатты, әрі жүйелі түрде бағыттау керек екені – бүгінгі күн талабы. Сондықтан да жобалау технологиясының тиімділігі күннен-күнге артуда.

Уақыт өте келе еркін тәрбиелеу ойынан туындаған жобалау әдістемесі біртіндеп «тәртіпке бағынып», білім беру әдістемесі құрамына табыспен еніп отыр. Бірақ оның негізгі, түпкі мақсаты қай кезде болса да қала бермек – студентті білім алуға және сол білімін жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін нақты мәселелерді шеше білуде қолдануға үйрету.

1. Болонская декларация, Зона европейского высшего бразования. Совместное заявление европейских министров образования. Боллония. 19 июня 1999 г. URL:http://www.evro-vector.narod.ru/ Declaratsiya EvroEdu.htm.

2. Петрова Г.Б. Современные технологии в обучении литературе: учеб.-метод. пособие к пецкурсу. - Магнитогорск, 2006. 67 б.

3. Полат Е.С. Проектная методика обучения иностранному языку //ИЯШ. 2000, №1-6. 10-12 б.

4. Мильруд Р. П., Максимова И. Р. Современные концептуальные принципы коммуникативного обучения иностранным языкам // Иностр. языки в школе. - 2000. - 4,5 с.. 137б

5. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования: Учеб. пособие для студ. пед. вузов и системы повыш. квалиф. пед. кадров: Под. ред. Е.С. Полат. – М : «Академия», 2007 – 104 б.

Резюме

Л.М. Алиярова, А.Р. Халенова, Л.М. Махажанова. Применение инновационную технология в процессе обучения иностранного языка

Применение технологии личностно ориентированного обучения позволяет создать необходимые условия для реализации индивидуального, дифференцированного подхода в обучении, повысить уровень познавательной творческой активности студентов, обеспечить условия для всестороннего развития личности, сформировать потребность в глубоком овладении знаниями, в процессе формирования ключевых компетенций

в изучении иностранного языка. Сегодня, не имея знаний о новых технологиях и методах обучения условий для практической реализации, вы не можете быть грамотным специалистом. Формирование личности студентов в высших учебных заведениях реализация творческого характера их деятельности требуется в области духовного обогащение мира, активизировать свои усилия, чтобы узнать о преобразованиях во всех сферах общественной жизни и интеллектуальных усилий, приложения усилии интеллектуальных и творческих, познавательных деятельности.

Ключевые слова: Проектирование работы, творчество, свобода выбора, познание, метод проектов, формирование личности.

Summary

L.M. Aliyarova, A.R. Khalenova, L.M. Makhazhanova. Application of innovative technologies in learning a foreign language

Application of technology of personally focused training allows to create necessary conditions for realization of the individual, differentiated approach in training, to increase the level of informative creative activity of students, to provide conditions for all-round development of the personality, to create need for deep mastering knowledge, in the course of formation of key competences of learning of foreign language. Today, having no knowledge of new technologies and methods of teaching conditions for the practical implementation you can not be a literate specialist. The formation of the identity of the students in institutions of higher education, and spiritual enrichment to the world, to increase their efforts to learn of changes in all spheres of public life and intellectual efforts, effect of intelligent and creative, cognitive thinking activity and the realization of the creative nature of their activities in this field is required.

Key words: Projecting work, creative work, freedom of choice, cognition, project technique, the formation of personality.

ӘОЖ 37.013.46

ҰСТАЗДЫҚ ТАҒЛЫМДАРЫ

К. Әбілқасымова – *педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент*

Аңдатпа. Мақалада ХХ ғ. басындағы қазақ зиялыларының ұстаздық тағлымдарының әдебиет пәні мұғалімінің шеберлігін жетілдірудегі маңызы қарастырылады. А. Байтұрсынов өзінің педагогикалық қызметінде оқытудың мазмұны мен әдістерімен қатар мұғалімнің кәсіби дайындығына көп көңіл бөлді. Ғалым бағдарламаға ауыз әдебиеті үлгілерін енгізуге және олардың оқушыларға эстетикалық және отансүйгіштік тәрбие берудегі мәніне ерекше назар аударды.

Белгілі жазушы Ж.Аймауытов ұзақ уақыт бойы әдебиеттен сабақ берді, оны оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздерін жасаумен айналысты. Соның негізінде «Тәрбиеге жетекші», «Сабақ берудің комплексті жүйе әдістері», «Психология» сынды күрделі оқу құралдарын жазды. Осы еңбектерде айтылған әдебиет пәнінің әдістері мен тәсілдері, оқушылардың белсенділігін арттыру, сабақтарды біріктіру, дамыту тапсырмалары, оқытудың психологиялық негіздері т.б. туралы ойлары мен ұсыныстары бүгін де өз құндылықтарын жойған жоқ. М. Жұмабаевтың ақындық шығармашылығымен студенттер мектеп жасынан таныс. Болашақ мұғалімдер үшін оны әдебиетті оқытуда жаңаша қырымен танылған тамаша педагог, көптеген әдістемелік жұмыстардың, сонымен бірге жоғары оқу орнына арналған «Педагогика» оқулығының авторы ретінде білгендері маңызды.

Студенттерді ХХ ғ. қазақ әдебиеті жарқын өкілдерінің педагогикалық және әдістемелік мұраларымен таныстыру болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындықтарын жетілдіруге ықпал етері сөзсіз.

Түйін сөздер: Кәсіби дайындық, әдістеме, әдебиет, өнер, этнопедагогика, ұстаз шеберлігі, тәжірибе, ізденіс, көркем сөз, оқыту үдерісі, пән мазмұны, әдіс-тәсілдер.

Жоғары оқу орындарының филология факультеттерінде оқитын студенттердің ертеңгі ұстаздық еңбегінің нәтижелі болуы олардың әдебиеттану салалары бойынша алған білімдерін шәкірттерге қалай игертудің, оқушыны еңбекке, іздемпаздыққа үйретудің, көркем шығармаға деген қызығушылықтарын қалыптастырудың әдіс-тәсілдерін де меңгерулеріне көп байланысты. Мұғалімдік тәжірибені үйренудің бір жолы деп болашақ мамандарды дәріс, семинар сабақтарында әдебиеттің пән ретінде оқытылуына, ғылыми-әдістемелік негізде мұғалім даярлау ісіне мол үлес қосқан қазақ

зиялыларының еңбектерімен, ұстаздық тәжірибелерімен таныстырып отыруды, осы бағытта студенттердің іздену зерттеу жұмыстарын ұйымдастырып өткізуді айту қажет.

Ағартушы-педагог, оқыту ісінің негізін қалаушы Ы.Алтынсариннен бастап қазақ ақын-жазушылары мен ғалымдары өздерінің еңбек жолдарында ұстаздықпен айналысқаны баршаға мәлім. С. Көбеев, С. Дөнентаев, С. Торайғыров, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж. Аймауытов, М.Жұмабаев, Б.Майлин, І Жансүгіров, М.Әуезов т.б оқыту саласында иғілікті еңбек етін, сол кезеңдегі заман ағымында қазақ баласына білім берін, оларды болашаққа құлашын кең жаюға жетелеген. Өздерінің теориялық еңбектері мен тәжірибелік ізденістерінің негізінде мұғалім қызметінің педагогикалық, психологиялық астарларын зерделей келе, бүгінгі күнге де мәні бар ой-тұжырымдарын ұсынып отырған.

XX ғасырдың бас кезінде А. Байтұрсынов Ыбырайдың педагогикалық көзқарастарын жалғастыра отырып, осы салада халыққа аса қажетті болған «Әлінби», «Тіл құралы», «Әдебиет танытқыш» деген оқулықтарын жазумен қатар қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың әдістемесіне қатысты мәселелерге тоқталып бағалы тұжырымдар ұсынды, үлкен шеберлікпен жасаған аудармалары мен өлеңдерінде халыққа оқып білім алу бағытында үгіт-насихат жүргізді. Ғалым халқының фольклорлық мұраларының тереңдігін, халық педагогикасымен байланыстылығын, эстетикалық қуатын жоғары бағалаған, сол қазынаны халықтың негізгі рухани азығына айналдыру ісін қазақ мектептерінің басты мақсаттарының бірі деп белгілеген. Адамның сана сезімін, ақыл-ойын тәрбиелеудің қуатты құралы көркем сөз, әдебиет екендігі жөнінде: «Көркем сөз арқылы адам ойын өсіруге, көңілін көкке өрлетуге, қиялына қанат бітіруге де болады. Жігерін жермен-жексен етін, қайғы-қасіретке ұшыратып, дерттендіруге болады» [1, 209], - деген пікірінің терең мәні бар. Ол білім мазмұнын сол кездегі талаптарға лайықты етін жасаудың жолдарын іздестірін, оларды халық педагогикасы мен дидактика заңдылықтарының негізінде қолдануды ұсынады. Мысалы, ол «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 62 санында «Мектеп керектері» деген тақырыпта басылып шыққан мақаласында оқу ісіне сол кезде басты не керек деген мәселеге тоқтала келе: «Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар оқыта білетін мұғалім. Екінші оқыту ісіне керек құралдар қолайлы һәм сайлы болуы. Құралсыз іс істелмейді һәм құралдар қандай болса, істеген іс те сондай болмақшы. Үшінші – мектепке керегі белгіленген Проғрамма» [2,438], - деп көрсеткен. Ғалымның айтқан бұл пікірінің әсіресе, бүгінгі күні қазақ әдебиетін орта мектептерде жаңаша оқыту үдерісін құруда атқарылатын істердің реті мен қадамдарын, мұғалімге қойылатын талаптарды анықтауда маңызы айқын.

А.Байтұрсыновтың оқу мазмұны мен әдіс-тәсілдері, мұғалімнің кәсіби іскерлігі, іздемпаздығы туралы айтқан ойларын, ұстаз ретінде атқарған еңбектерін саралап жүйелеу жұмыстары болашақ мұғалімге бүгінгі білім берудің жаңа мазмұны мен оқытудың жаңа қырларын меңгеруге жол ашады.

Ж. Аймауытов өзінің қоғамдық, жазушылық қызметі мен қатар мұғалімдік міндетті атқара жүргені мәлім. Ол басында ескіше оқып, сол білімімен жалданып бала оқытып, молдалық етеді. Кейінгі жылдары Семей қаласындағы мұғалімдер семинариясын оқып бітірген. 1920 жылы Орынборға шақыртумен келін, оқу-ағарту саласының халық комиссары А. Байтұрсыновтың орынбасары болады. 1922-23 жылдары Қарқаралыда мұғалімдік қызметте, 1924 жылы Ташкенттегі Қазақ институтында оқытушы болып істеген. 1927-29 жылдары Шымкент қаласындағы педтехникумның директоры болған. Ағартушы-педагог өзінің мол тәжірибесінің негізінде оқыту-тәрбиелеу ісін ғылыми тұрғыдан қарап тұжырымдауда нәтижелі еңбек етті. Қазақ жерінде алғашқылардың бірі болып психология, педагогика, әдістеме мәселелерін қарастырып «Тәрбиеге жетекші», «Сабақ берудің комплексті жүйе әдістері», «Психология» сынды күрделі оқу құралдарын жазды. Оқу ісімен қатар Ж.Аймауытов жастарды үйірме жұмыстарына тартып, олардың өнер, білім, қоғамдағы өзгерістер туралы білгендерін кеңейтулеріне, білімдерін арттырып, ой-өрісін, сөйлеу тілін жан-жақты дамытуға жағдай жасап отырды.

Ұстаздың осы бағытта ұсынған әдістерінің қатарындағы ақын-жазушыларды, әдебиетшілерді шақырып оқушылар алдында әдебиеттің мәні, орны жөнінде баяндама жасату, пікірлесу, тақырып бойынша бір-біріне сұрақ қойғызып үйрету, олардың өздеріне ой-пікірлерін айтқызып жаздыру сынды жұмыс түрлері баланың белсенді оқуына, еркін дамуына әрқашан да тнімділігі бар. Басқа тілдегі қызықты шығармаларды аударту, оқу қабылеті жоғары балаларға өз беттерімен оқыған кітаптары жөнінде пікірін айтқызу, әдебиет пен өнер, оқу мен білім тақырыбында мақала жаздырып

жорнал шығару, ел өмірінен қысқаша әңгіме, өлең жаздыру әдістері әлі де маңызын жойған емес, керісінше бүгінгі мектептердегі оқушыны дамыта оқыту, шығармашылық қабілеттерін жетілдіру, басқа ұлттарды рухани қазынамызбен таныстырып отыру, қазақ этнопедагогикасының негізінде тәрбие беру мәселелерімен ұштасып келеді. Ж.Аймауытовтың еңбектері мен тәжірибесінде бүгінгі оқыту үдерісіне тірек болатын мына ұстанымдар кеңінен орын алды. Олар: жаңа сабақта баланың бұрын алған мәліметтерімен байланыстыру; сабақ бойында оқушының ынта-ықласын дамытып отыру үшін алдын-ала сұрақтар даярлап, қойып отыру, оқушыны қажеті жоқ мағлұматтардан сақтандыру, баланың тақырыпқа қызығушылығын қоздыру, мұғалімнің үйретететін нәрсесін өзі де жақсы көруі, балаға әсер бере оқытуда көрнекілік пен қатар қажетті деректерді пайдалану, оқытуда әдістерді түрлендірін отыру. Ж.Аймауытовтың пікірлеріне қарасақ, мұғалім балаға да үлкенге де өз басымен өнеге көрсете алатын, терең білімді, сөзі жатық, ойы берік, ұстамды, кең пейілді адам. Оның еңбектерінде баланың ақылы, сезімі, қайраты осы талаптарға сай келетін мұғалімнің жіңгерлі ықпалы арқасында жетілетіндігі дәйекті айтылады. Ж.Аймауытовтың ұлағатты ұстаз ретіндегі тәжірибесінің, педагогика, психология, әдістеме саласындағы еңбектері мен ой-пікірлерінің бүгінгі студент жастардың кәсіби дайындығына тиғізер пайдасы айқын.

Мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен ғылыми ізденістерін ұштастыра отырып, халқының қажеттілігіне жарата білудің үлгісін М.Дулатовтың тәжірибесінен айқын көреміз. М.Дулатов ауыл мектебінен білім алып, 1897 жылы Торғайдағы екі жылдық орыс-қазақ училищесіне түседі. 1902 жылы осы училищені үздік бітірген ол өз бетімен білімін жетілдіріп, оқу-ағарту саласындағы ірі қайраткерлерінің бірі болды. Оқуын бітірген кезден бастап М. Дулатов жазушылық пен қатар мұғалімдік қызметпен айналысады. Ол өзінің өмірбаянында: «1897 жылы мен 2 кластық орыс-қазақ училищесіне түстім (Торғайдағы). Оны бітіргеннен кейін оқытушылар курсында оқып, «ауыл мұғалімі» деген мамандық алдым. Осымен менің оқу орындарынан білім алуым аяқталды. 1902 жылдан бастап ауылда мұғалімдік қызметімді атқара жүріп, бос уақытымды білімімді жетілдіруге жұмсадым» [3, 470-471], - деп жазады. Еркіндігі жоқ халқының аянышты халін көріп, өз өмірін соның болашағы үшін күреске арнайды. Қазақ халқын бақытқа жеткізудің сара жолы жастарға білім беру, олардың сана-сезімін ояту, рухани азаттыққа үндеу болса, осы бағыттар жазушының әрбір мақаласы мен өлеңдерінен орын алған. Ол Ы.Алтынсарин дәстүрінде балаларға арналған «Қирағат» атты оқу кітабын жазды. Оның мұғалімдерге арналған алғысөзінде: «Жазушы әлгі ойларын қалай тізді, басқаларға қалай сездіргісі келеді, соның бәріне жазушының өз көзімен қарап, өз ойымен ойларға керек. Жазушы қайғырса қайғырып, күлсе күлу керек. Оқыған нәрсенің ішкі мағынасымен бірге оның сөзін hәм қалауында есінде қалдырарға керек» [3, 239], - деп қирағатқа, яғни баяндап оқыту әдісіне айрықша назар аударып, мәтінді оқудан өткізудің, талдаудың маңыздылығын ескертеді. Әсіресе оқу кітаптары баланың ана тілінде болып, оны баяндап, әсерлі түрде оқытқанда: «...балқыған жас баланың ойына, қанына, сүйегіне ұлт рухы сіңісіп, ана тілін анық үйренін, керекті мағлұмат алып шығады» - деген пікірі баланы ана тілінде оқытудың жеке тұлға қалыптастырудағы маңыздылығын меңзейді.

М.Дулатовтың оқулықтары мен мақалаларында айтылған ойлары оқыту тәжірибесінде тексеріліп педагогика ғылымының жетістіктеріне, ұлттық тәрбие тағылымдарына сүйене жазылған. Бүгінгі күні оқыту саласында еңбек етіп жүрген жастарға М. Дулатовтың әдеби шығармаларын оқып білумен қатар ұстаздық жолын үйрену, ағартушы-педагог ретінде қалдырған мұрасын тану кәделі іске айналу керек.

М.Жұмабаевтың: «Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшы – мұғалім. Еліміздің аз ғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын мұғалімдікі» [4, 97], - деп мұғалімнің халықтық дүниетанымды қалыптастырудағы, жас ұрпақты қоғам талабына сай тәрбиелеудегі рөлін ерекше бағалаған. Әрбір мұғалімнің өсу, өрлеу жолу әр қилы болғанымен олардың бойындағы ортақ қасиет – халықтың мүддесіне қызмет ету. М.Жұмабаев 1922 жылы педагогика, психология, әдістеме ғылымдарының дамуына, олардың жетістіктерін орта мектепте оқыту үдерісін жандандыруға қазір де зор ықпалы бар «Педагогика» деген көлемді еңбек жазады. Шамалы уақыт ішінде, зор қиыншылықтарды басынан өткізе жүріп, ұлттық бояумен жазған оқу құралының бірінші бөлімінде тәрбие мәселесін дене, ақыл, сұлулық пен әдеп – құлық тәрбиесі деген төрт топқа бөліп, олардың бір-бірімен табиғи тамырластығын дәлелдеп түсіндіреді. Балаға аталған төрт тәрбиені тегіс берсе, ол өмірде кездесетін суық, аштық, жалаңаштық сияқты күштерді елемейтін мықты, берік болады, түзу ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы

әуенді түсініп, ләззәт алатын, жамандықтан жиренін, жақсылықты жаны тілеп тұратын ниеті дұрыс болса оның тәрбиесі түгел болғаны деп түйіндейді. Жас өспірімді осындай жоғары талаптар қоя тәрбиелеуде М.Жұмабаев халықтық тәрбиенің рөлін жоғары бағалады. «Ұлт тәрбиесі баяғыдан сыналып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс. Сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» [4, 18], - деп түйіндейді. Ал ұлт тәрбиесі оның ауыз әдебиетінде, туа сала естіген өлең-жырлар, жаңылтпаш, жұмбақтар, ертегі-аңыздар баланың сезім мүшелеріне әсер етін, ақыл-ойын қалыптастырудағы тәрбие құралдарының ең қуаттысы екендігін де ескертеді.

Қазақ зиялыларының ұстаздық тәжірибелерімен танысу арқылы болашақ маман әдебиет пәні мұғалімінде тән терең білімділіктің, парасаттылықтың, жауапкершіліктің үлгісін көріп үйрене алады. Белгілі ғалым, әдебиетші Б.Кенжебаевтың 1922 жылы Москвадағы Күншығыс еңбекшілерінің коммунистік университетінде ұлы ақын Мағжан Жұмабаевтан оқығандығы жөнінде жазған естелігінен алынған мына бір шағын үзінді осы пікірді жан-жақты айқындайды:

«...Мағжан ғалым, тәжірибелі, шебер оқытушы, асқан методист-педагог еді. Педагогика жайында, қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқыту жайында жариялаған кітабы, мақалалары болушы еді. Осыдан болу керек, ол бізге қазақ тілі мен қазақ әдебиетін тамаша оқытты, сабақ үстінде лекциялық, практикалық әдістерді ретімен қатар қолданар еді.

Мейлі, лекциялық сабақта болсын, ол қағазға, кітапқа қарамайтын. Сөз арасында келтіретін мысал өлеңдер мен әңгімелерді түгел жатқа айтатын. Декламация оқып тұрған тәрізді барлық нәшін, сипатын, қимылын келтіріп айтатын.

Ұстазымыз бізге алғашқы сабақтан бастап-ақ тапсырма берді. «Әркім өз білген бір ертекті жазып келсін. Соны класта оқып, бәріміз бірге талқылаймыз"- деді. Солай істеді де. Сөйтіп ол бізге әрі әдебиетті, әрі дұрыс жазуды, әрі мақала-шығарма жазуды үйретті.

Бірнеше сабақта біз Абай өлеңдерін оқып-үйрендік. 1923 жылы Ташкентте Абай өлеңдері екінші рет кітап болып шыққан еді. Сол кітапты тексердік. Осы сабақтарда Мағжан Абай өлеңдерін жаттату, талдау, танытумен қабат әдебиет теориясының, эстетиканың көптеген мәселелерін түсіндірді, көркем шығарманы, өлеңді, ақын творчествосын түсіну, талдау жолдарын, әдістерін үйретті [3, 301].

Мағжан Жұмабаевтың лирикалық шығармаларды оқытуда олардың идеялық, мазмұндық, көркемдік ерекшеліктерін тұтас алып жүйелі түрде қарастырғандығы, оқушы жастарды оқу материалына, тақырыпқа қызықтыру амалдары ұстаздық қабілет пен ақындық шеберліктің үйлесімді көрінісі. Ақынның оқушыларға поэзияны меңгертудің алғашқы сатысы оны мәнерлеп оқыту деп есептеуі, мәтіннің мазмұнын көркемдік өрнектерімен үйлестіре қарастыруды талап етіп отыруы, талдауды шығармашылық жұмыстарға неғіздеуі дәлелденген педагогикалық және әдістемелік қағидалармен сабақтас. Мұндай сабақтар болашақ мұғалімдерге балалардың сана-сезіміне көркем сөзбен әсер етудің, терең ой туғызудың, биік ұғымдарды қалыптастырудың жолдарын дұрыс айқындауға үйретеді.

Мұғалімнің шеберлігі іздемпаздығына байланысты, ол өзі оқытатын пәннің теориялық мәселелерімен қатар жаңа әдістемелік ізденістерді, өткендегі тәжірибелерді саралай отырып, оларды қазіргі қоғамдық-әлеуметтік талаптарға сай пайдалана білгені жөн. Бұл жолда қоғамдық өмірдің күрделі кезеңінде халықтың болашағы үшін ерен еңбек етіп, жас ұрпақты заман талабына сай оқытуға мол еңбегі сіңірген ғалымдар мен ұстаздардың ой-пікірлері мен көзқарастарынан, тәжірибелік ізденістерінен студент ұмытылмастай сабақ ала алады.

1. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320б.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағлымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.
3. Бес арыс. -Алматы: Жалын, 1992. – 554 б.
4. Жұмабаев М. Педагогика. –Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.

Резюме

К. Абылкасымова. Педагогическое наследие

В статье рассматривается вопрос о значении педагогического наследия казахской интеллигенции начала XX века в совершенствовании мастерства учителя литературы. В своей педагогической деятельности А.Байтұрсынов наряду с разработкой содержания и методов обучения большое внимание уделял

профессиональной подготовке учителя. Особое значение придавал ученый внедрению в программу фольклорных образцов, подчеркивал их значение в эстетическом и патриотическом воспитании учащихся.

Әдебиет пәнінің ғылым мен өнердің арасында тұрған ерекше болмысы оның табиғатын тануда да көптеген күрделі тұстарды көрсетеді. Алдыңғы қатарлы, прогрессивті эстетикалық және адамгершілік идеалдарға тұнып тұрған драмалық туындылар – адамға білім беру мен адамдыққа тәрбиелеуде таптырмайтын құрал екендігі анық.

Әдебиетте де, барлық өнер саласындағыдай, эстетикалық идеалды қалыптастырудың бірнеше жолы бар.

1. Тура форма жасау.
2. Антитезистік (қарама-қарсылық) форма жасау.
3. Жанама форма жасау.

Тура форма жасау қазақ драматургиясының 30-жылдардағы көптеген туындыларындағы кейіпкерлер (Аманғелді, Қамбар, Алтай, Сөлкебай, Есен Атырауов, Рая мен Әли т.б) социалистік реализм әдісінің талаптарын тура орындағандықтан, формасы өзгермейтін, бір ғана заманның өкілі бола алатын, қиялы мен арманы да айналып келіп, сол уақыттың табалдырығына оралатын тура кейіпкерлер деп атап көрсетуге болады. Бұларды «жағымды кейіпкерлер» деп атау орын алғаны белгілі.

Екіншісі – антитезистік (антитеза-қарама-қарсылық) форма жасауда эстетикалық идеалдың қарама-қарсы тұлғасын зерттеу орын алады. Оқырман контраст арқылы эстетикалық идеал қалыптастыра алуы үшін жасалатын бұл жол – оқырманның өзін драмалық шығарманы оқи немесе театрда көре отырып, егер жаман қылықты өз бойынан тауып қалса, дереу оны жоюдың жолдарына да назар салуына мүмкіндік беретін жол болып саналады. Мысалы, қазақ драматургиясының ішінде Бейімбет Майлин мен Ғабит Мүсірепов драмаларындағы Жүзтайлақ, Қарабай, Қодар сияқты кейіпкерлерін осы тұрғыдан қарастыруға болады. Эстетикалық идеал жасаудың үшіншісі – жанама форма жасау. Бұл форманың ерекшелігі драмалық шығармада суреттелген кейіпкерлер, көп жағдайда, қарапайым, жетістіктері мен кемшіліктері бар адам ретінде, нақтырақ айтсақ, пенделер ретінде суреттеледі.

Мысалы, Қ. Мұхамеджановтың «Көктөбедегі кездесу» пьесасындағы кейіпкерлерді алуға болады [3]. Адамның өнер туындысында қарапайым пенде ретінде суреттелуінде биік эстетикалық идеал бірден көзге ұрып көрінбейді. Бірақ күнделікті күйбең тіршілікпен жүрген адамның бойынан таңғы шықтай кішкентайлап, мөлдіреп, жан тазалығы байқалып тұрады. Мысалы, мұны Қ.Мұхамеджановтың «Көктөбедегі кездесу» драмасындағы Алмағүл, Мәмбет, Гүлжан бейнелерінің жан тазалығы, тазалыққа ұмтылыстары арқылы тануға болады. Соны біртіндеп жинақтай отырып қана кейіпкердің бойындағы адамдық қасиеттерді түйіндеуге болады.

Драматургтің эстетикалық пен адамгершілік нормаларын бөліп-жарып суреттеуге қақысы бар екендігі белгілі. Өйткені, шығарманы жасау барысында кейіпкердің іс-әрекетінің логикасы автордың басында ойлаған логикасымен сәйкес келмей кетуі мүмкін екендігін де теріске шығаруға болмайды. Түрлі ситуациялар мен оқиғалардың бел ортасына салып отырып, автор өз кейіпкерінен «барлық уақытта эстетикалық пен адамгершілік нормаларын талапқа сай орындап шық» деп талап ете алмас та еді, олай болса, кейіпкер тым қияли әлемге кетін қалар еді де, драмалық шығарманың өзі де бет-бейнесін өзгертін жіберер еді. Ақиқат пен қиялдың дәл ортасындағы ситуацияларды тауып, сол жерге өз кейіпкерін алып барып, сол жердегі проблемалардың шешілуі арқылы кейіпкерінің жан-дүниесінде жинаған бар асылын көрсетіп барып қана кейіпкердің шын мәнінде кім екенін автор өзі де таниды, оқырманына да танытады. Бұлай ету үшін, драматургтың өз туындысында қамтитын диапазоны да кең болып, ондағы эстетикалық және адамгершілік құбылыстардың да молдығы мен кеңдігі қажетті дәрежеде болуы керек.

Барлық мәселе – драматургтың адамгершілік пен эстетикалық идеалдарының бейнесін көрсетуінде емес, соларға жеткізген «тар жол, тайғақ кешуді» көрсетуінде. Мектеп оқушысының драмалық шығарманы оқуы мен талдауының барлық мәні де, маңызы да – осыны түсіну, үйрену, өмірінде оларды қолдана білуінде. Драмалық шығарманы мектепте оқыту әдістемесінің түп негізі оқушының

дүниетанымын дамытуға жетелейді. Драматурғия – әдебиеттің ежелден қалыптасқан саласы. Ол – адамзаттың дүниеиі тану барысында өз тәжірибесін сөзбен сомдаған түрі, картинасы.

Драматурғиялық шығармаларды оқыту арқылы оқушылардың дүниетанымын эстетикалық тұрғыдан дамытуды жолға қою – басты міндет. Қазіргі уақыттағы оқушылар үшін әдебиет – мектепте оқылатын міндетті пән болғандықтан, өмір талабы, күнделікті норма сияқты қалыптасып кетті. Дүниетанымның сезімдік, образдық түрі мен оның беретін керемет нәтижесі – өсіп келе жатқан оқушы үшін өмірді сезінудің, танудың күшті әсері және тәсілі. Драмалық шығарманы оқи, оның мазмұнын қабылдай отырып, оқушы шығармада бейнеленген сан түрлі образды – бейнені – өз бойынан тауып алғандай болады. Бұл – әдебиеттің күшті мүмкіншілігі. Әдебиет пен өнердің адамды тәрбиелеудегі және қалыптастырудағы күші туралы айтқанда, соларда бейнеленген, сомдалған тұлғалардың, образдардың өмір тәжірибесі оқушының ой-санасында қорытылып, одан түрлі сезімдік әсерлерге бөлеп, соңы – оқушының белгілі бір өмір принциптерін ұстануға үйретуге бағытталатын барысы үлкен орында тұрады.

Драмалық шығармаларда берілген кейіпкерлердің өмірлік тәжірибелері оқушының өзінің өмір тәжірибесіне айналып, жаңа құндылықтар, жаңа сезімдер, жаңа қарым-қатынастар жүйесін құрайды. Драмалық шығармалардың ерекшелігі сонда, оқушы онымен танысу арқылы тек қана белгілі бір сезімдерді танып, соларды иғеріп қоймайды, сонымен қатар, Абай айтып кеткен «толық адам» болып қалыптасуында, адамгершілік және эстетикалық көзқарастары қалыптасуында маңызды қызмет атқарады.

Оқушының сұлулықты түсіне білу қабілетінің болуы, бір жағынан, оқушының жалпы дамуының критерийі болып келеді, ал екінші жағынан, оқушының бойында бар әдебиет пен өнерге деген қабілетінің, шығармашылық қасиетінің бүршік атуына, дамуына негіз болады. Мектепте орта буын сыныптар мен жоғары сынып оқушыларының күн санап өсіп, толығып, дамып жататын даму үрдісінде эстетикалық ақпараттың мол және мазмұнды да бай берілуінде әдебиет пәнінің мәиі зор. Драмалық шығарманы эстетикалық туынды ретінде интуитивті түрде сезінуі мен оның мазмұнын, мәнін түсінудің біртіндеп өнер мен өмірдегі сұлулықты танып, бағалап, жасап, дамытуға қарай ойысып өсуі керек. Бұл процесс табиғи түрде, бірқалыпты өткені дұрыс. Егер драмалық шығарманы мектепте оқыту процесі оқушының ішкі дүниесінен сұлулықты сезіну қасиетін оята алмаса, мұғалімнің еңбегі де зая кеткені, оқушының даму барысында кедергілердің бойлап өсуіне негіз болады.

Оқушылар драмалық шығармада суреттелген мазмұнды оқып-тануы барысында адамгершілік пен мейірімділікті уағыздап отырған шығарма кейіпкерлерінің иғі қасиеттерін бойларына сіңіреді. Мысалы, «Әпке» драмасындағы жүреғінің жылуы отбасынан артылып, іні-сіңлісінің дос-жарандарына, көрші-қоланға жетіп жатқан Қамажай бейнесі үлгі боларлық тұлға [4]. Драмалық шығармаларды оқытуда драманың осындай қырларын жан-жақты түсіндіру арқылы оқушылардың эстетикалық дамуын толыққанды және жеделдетуге әкелетін әдістермен оқыту керек. Сонда ғана драмалық шығарманың мазмұны арқылы берілетін эстетикалық танымның интуитивті сезілуі мен түсінілуі уақыт өте келе саналы түрдегі иғеретін рухани қазынаға айналады. Мұндай жағдайда оқушының эстетикалық дамуының өсу динамикасы табиғи және үздіксіз жүруге бет алады.

Драмалық шығармадағы кейіпкерлерді тани отырып, оқушының мейірімділік пен қайырымдылық, адамгершілік пен адалдық, сүйіспеншілік пен сұлулық туралы білімдері, түсініктері толығады, өседі. Дегенмен де, драмалық шығарманы оқыту арқылы тек адамгершілік қасиеттер туралы білімін толықтырып қою ғана мақсат емес, оқыту нәтижесінде оқушының өзінің адамгершілік қасиеттерді өмірде қолдану дағдылары бойына қалыптасуы, соны көрсете алуы мақсат етіледі.

Адамгершілік пен эстетикалық сұлулық туралы білім мен дағды адам баласы үшін ажырамас бірліктегі ерекшеліктер. Ал білім беруді ізгілендіру тұрғысынан қарайтын болсақ, онда сұлулықтың адамгершілік сипаты мен тәрбиелік мәні зор, ал адамгершілік дегеніміздің өзі – жан сұлулығына қол жеткізу емес пе? Адамның ішкі жан-дүниесіндегі осы бірлік әдебиет пәні мұғалімі үшін көзінің ағы мен қарасындай әрдайым қатар қаралуға тиісті мәселелер болып саналады. Әдебиеттанушы ғалым С.Мақпырұлы: «Әдебиет – әсемдік, сұлулық әлемі. Ол бізді Ару Жібек пен балғын Баянның нәзіктігіне сүйсіндіріп, қайран қамар мен тәлімді Тоғжанның ақылы мен ажарына табындырып, таңғы шықтай мөлдір сезімдері мен жан сұлулығына тәнті етеді, осынысымен біздің әдемілік, сұлулық туралы талғамымызды қалыптастыруға ықпалын тигізеді»,- деп өнер туындысының маңызын жоғары

бағалайды [5]. Бұл әдебиет пәні мұғалімдерінің өз сабақтарында тәрбиелік-тағылымдық, эстетикалық, танымдық тәрбие беру бағытын ұстануының қажеттігін байқатады.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасындағы білім берудің жаңа арналарын жасау, оқытуды жаңарту бағыттарын нақты анықтау міндеті күн тәртібіне енгізіліп отырғаны белгілі. Бірақ оқу үрдісіндегі ізгіліктілік, эстетика, жан сұлулығы мәселесі ешуақытта да назардан тыс қалдырылмайды.

1. Античная драма. – Москва, Художественная литература. 1-70. 540 с.

2. Алишер Навои. Фархад и Ширин. Перевод с узбекского Л.Пеньковского. -Ташкент, 1985, стр. 184-185.

3. Мұхамеджанов Қ. Таңдамалы шығармалар. 3 томдық. Пьесалар, сахна сазы, кинофильмдер. –Атамұра, 1998. – 411 б.

4. Ғабдуллин Н, Мақпыров С., Құрманбаева Г. Қазақ әдебиеті 8-сын. арн. оқулық. –Алматы: 2002.-206 б.

5. Мақпырұлы С. Адамтану өнері. –Алматы: «Арыс». 2009. -17 б.

Резюме

Р.Б. Бораш. Формирование эстетического идеала посредством преподавания художественной литературы

Казахская литература – незаменимое средство для образования и воспитания. Литература казахского народа обладает большим потенциалом: учит видеть и ценить все прекрасное в мире. Нравственно-этические ценности являются важнейшей составляющей культуры, вне которой невозможно развитие современного общества. Предмету литература присуща ведущая роль в гуманизации образования. Поэтому задачи, стоящие перед современной образовании, становятся приоритетными. Отсюда ее главное направление, действенная функция и конечная цель: силами искусства слова в живой взаимосвязи всех средств воспитания растить настоящего Человека. В художественных произведениях поднимаются вопросы этики, эстетики, но самое главное – проблема души и духа отдельного человека и целого народа. В статье повествуется о роли драматических произведений в воспитании учащихся.

Ключевые слова: эстетический идеал, гуманизм, анализ драматических произведений.

Summary

Р.Б. Бораш. Formation of the aesthetic ideal through teaching the fiction

Kazakh literature – an indispensable tool for education and training. Literature of the Kazakh people has great potential: teaches us to see and appreciate all that is beautiful in the world. Moral and ethical values are an essential part of culture, which is indispensable for the development of modern society. Subject literature inherent leading role in the humanization of education. Therefore, the challenges facing modern education become a priority. Hence its main direction, efficient function and ultimate goal: by the word art in a living relationship of all means of education to raise a real person. In works of art raises questions of ethics, aesthetics, but most importantly – the problem of the soul and spirit of the individual and the whole nation. The article tells about the role of dramatic works in the education of students.

Key words: aesthetic ideal of humanism, the analysis of dramatic works.

УДК 301(575.2)

СОЦИАЛЬНАЯ СТРАТИФИКАЦИЯ КЫРГЫЗСКОГО ТРАДИЦИОННОГО ОБЩЕСТВА

Г.Т. Ботоканова – *кандидат философских наук, доцент,*
А.М. Шейшенбаева– *преподаватель, Кыргызский национальный аграрный университет, Кыргызская Республика*

Аннотация. Авторы данной статьи рассматривают социальную стратификацию кыргызского традиционного общества. Отмечают, что на характер социальной стратификации влиял кочевой образ жизни и присущая номадической цивилизации общинная психология, коллективизм, родовая собственность на землю. Авторы приходят к выводу, что социальная дифференциация кыргызского традиционного общества имела сложную структуру и представляла собой открытый тип социальной стратификации. Несмотря на традиционализм, общество было динамичным, индивиды могли перемещаться в социальном пространстве, меняя свое социальное положение и статус.

Ключевые слова: социальная стратификация, социальная дифференциация, социальное расслоение, социальная группа, социальный статус, манап, бий, бай, баатыр, букара, кедей, кул.

Центральная Азия переживает сложные процессы социокультурной трансформации и поиска своей национально-культурной и этнической идентичности. В этих условиях актуализируется необходимость изучения, сохранения, возрождения и развития самобытности народов. Весь предшествующий исторический опыт стран Центральной Азии свидетельствует, что в периоды неопределенности, социальных потрясений и трансформации мудрость и опыт, заключающиеся в его традиционной культуре и знаниях, были стержневым основанием для выживания, самосохранения, самовосстановления и основой для выработки перспектив и ориентиров своего будущего развития. Мы обращаемся к прошлому, стремясь отыскать корни настоящего.

Целью данной статьи является попытка представить все многообразие социальной стратификации кыргызского традиционного общества.

Кыргызское традиционное общество, основанное на патриархальных, родоплеменных традициях было ориентировано в первую очередь на сохранение сложившегося общественного уклада и образа жизни, господствовавшего в течение многих столетий, пронизанное идеологией единства рода и родовой солидарности. В течение многих столетий, вплоть до конца XIX в. жизнь кыргызов не подвергалась качественным изменениям. Консерватизм в образе жизни, стиле мышления, сохранение социальных стереотипов во взаимоотношениях между людьми были доминантами в кыргызском социуме. Традиционные формы хозяйствования кыргызов – скотоводство, охота, промыслы, земледелие – вобрали в себя многовековые навыки, а их неизменность накладывала отпечаток консерватизма на быт, образ жизни, который почти не менялся на протяжении веков. Вместе с тем, постоянные передвижения, динамичный образ жизни были формой существования кочевника. Общественное устройство традиционного кыргызского общества до XX в. отличалось родоплеменной организацией, детерминированными социально-экономическими, политическими факторами и кочевым образом жизни. В основе бытия общества лежал принцип кровнородственных отношений, в общественном сознании в целом доминировала общинная психология. Человек чувствовал себя намного увереннее, пребывая в родственной общине, так как он был защищен родственными связями от всяких общественных неурядиц, проблем. Человек чувствовал себя слабым без патриархально-родовых связей перед враждебной действительностью. Все проблемы, личные и общественные, решались через призму родственных связей. Человек и общество были неотделимы друг от друга. Эта социальная форма взаимоотношений помогала человеку пребывать в своеобразной гармонии с обществом. Социальные отношения были направлены на воспроизводство устоявшихся ценностей, традиционные нормы и образцы, аккумулирующие опыт предыдущих поколений, были одним из главных факторов устойчивого развития традиционного общества.

Социальная дифференциация кыргызского традиционного общества, несмотря на родовую солидарность, коллективизм состояла из двух больших групп: высшей – феодально-родовая знать – *«ак сёёк»* («белая кость») баи и манапы, которая являлась экономически и политически господствующей группой; и низшей – *букара* (простонародье) - *«кара таман»* («чернь») – составлявшей основную массу кыргызского населения (феодально-зависимая масса кочевников и земледельцев). Б. Солтоноев, рассматривая социальную дифференциацию кыргызского традиционного общества, выделяет представителей следующих социальных групп: *хан, бай, манап, бий, баатыр, букара, кедей, кул*. Каждая группа была внутренне дифференцирована. Как отмечает Б. Солтоноев, понятие *«хан»* связано с образованием ханства, но у кыргызов не было хана в полном смысле этого слова, то есть абсолютного правителя, так как кыргызский «хан» находился в зависимости от более сильного правителя (например от кокандского хана) [7, 291]. Высшей феодально-родовой знатью была социальная группа *«манап»*. По мнению В.В. Радлова, манапы у киргизов появились в XVIII в. – «имя Манап носил один из биев племени сарыбагыш; он сделался главой своего племени, и потому все бии после его смерти назывались манапами» [2, 240]. В.В. Бартольд приводит слова А.Н. Вышнегорского, изучавшего кыргызов во второй половине XIX в.: «манапы – это лучшие люди, происходящие от целого ряда биев, ни один из них не вышел из потомков Чингиз-хана. Манапами становились люди, выделявшиеся «храбростью и мудростью»; они были предводителями во время смут. Во время внешних нашествий во главе народа становились те из них, кто выделялся среди прочих манапов: «их не выбирали, но если бы стали выбирать, то выбрали бы их» [2.с.241.]. По социальной значимости манапы имели следующую дифференциацию: *«чон манап» или «ага манап»* (крупный манап), которому подчинялись более мелкие манапы его рода

и племени, «*чынжырлуу манап»* (наследственный манап), *«чала манап»* (второстепенный манап), находился в зависимости от более крупного манапа, *«чолок манап»* (мелкий манап) – самый мелкий манап, *«букара манап»* – родственник манапа, который все же стоял выше других людей [6, 515]. Критерием социальной значимости данной группы было количество зависимого населения (родов и племен) и владение пастбищами, количество скота: лошадей, овец, коров, верблюдов и яков.

Социальная группа *«бай»* (богач) имела в своем владении по нескольку сот или тысяч голов крупного и мелкого скота. Это были крупные скотовладельцы. Манапы, в отличие от баев, имели не только имущественное положение, но и определенный объем власти, престиж в обществе. Манапы могли жить за счет управляемого ими населения, одни управляли несколькими родами, племенами, другие – часть волости [6, 515]. В социальной лестнице традиционного общества «баи» занимали место после манапов. Как отмечают исследователи термин «бай» к началу XX века приобретает несколько иное значение: «Баи рассматриваются в этот период уже не только как крупные скотовладельцы, но и как торговцы, предприниматели и ростовщики. Хозяйство баев в этот период начало включаться в орбиту товарно-денежных, буржуазных отношений. Баи стали осуществлять присвоение прибавочного продукта от непосредственных производителей, используя не только феодальные формы эксплуатации, но и с помощью кабальных займов и путем найма рабочей силы среди букары» [3, 61]. Баи как представители высшего класса наряду с манапами, также имели внутреннюю дифференциацию, зависящую от знатности происхождения – родовитости и степени богатства – количества скота. Б. Солтоноев выделяет 4 вида баев: 1. *«Чон бай» или «март бай»* (большой бай, щедрый бай) – крупный владелец имущества, имел тесную связь с власть имущими; 2. *«Саран бай» или «колтукчу бай»* (скупой бай); 3. *«Сасык бай» или «кокуй бай»* (бай-скряга, вонючий бай); 4. *«Жеке мерез бай»* (бай одиночка, нелюдимый бай), жил обособленно, кочевал только своей семьей. [7, 298-299]. Также выделяли *«уюткулуу бай или кордолуу бай»* – наследственный, потомственный бай, *«ордолуу бай» – бай близкий к ставке правителя* [6, 94].

Значимой социальной группой традиционного кыргызского общества были *«бии»* (судьи). Бий, опираясь на обычное право, решал уголовные и гражданские дела кыргызов. Однако, как отмечают исследователи, в XVII и до начала XIX вв. родоплеменные старейшины – бии выполняли одновременно как административные, так и судебные функции. М.Т. Айтбаев пишет, что «бий, облеченный доверием, стоял во главе рода, племени, исполнял административную, политическую, хозяйственную и, наконец, судейскую фукцию» [1, 141]. К середине XIX в. формируется новое привилегированное сословие – манапство, кыргызский истеблишмент. «Манапы являлись как бы властителем своего рода и племени, а судейские функции бия к этому времени стали принадлежать средним и мелким манапам» [5, 14]. Как отмечает Б. Джамгерчинов, если вплоть до первой четверти XIX в. бий мог осуществлять всестороннюю власть над своими племенами, являясь главою и правителем племени, то к середине этого века значение бия ограничивается уже исключительными судебными функциями [4, 98]. Суд биев защищал больше интересы кыргызской феодальной знати [7, 296; 5, 191], выражая правовые и политические интересы правящего класса. Таким образом, слово «бий» только к середине XIX в. стал означать судью. О том, что бий должен был быть справедливым и беспристрастным свидетельствует пословица: «Тура бийде туган жок, тууганду бийде ыйман жок» (У правильного бия не должно быть родственников, а бия с родственниками нет совести).

Особое положение в социальной стратификации традиционного кыргызского общества занимали *«баатыры»* (герой-богатырь, предводитель), прославившийся храбростью и военным искусством. По социальному происхождению баатыры могли быть выходцами из манапов и из простых людей. В то же время баатыры, имеющие более низкое социальное происхождение, «со временем обычно легко вливались в ряды феодально-родовой знати» [3, 59]. Как отмечает Б. Солтоноев, баатыры в социальной стратификации традиционного общества имели внутреннюю дифференциацию и делились на 6 категорий: 1. *«Адам шери»* – баатыр не боящийся пули, не считающийся с опасностью; 2. *«Кара көк»* или *«көк жал»* баатыр - самый терпеливый баатыр, даже при тяжелом ранении не оставляющий поле боя; 3. *«Илекор баатыр»* – ловкий баатыр, искусно владеющий военным искусством; 4. *«Жеке баатыр»* - баатыр-одиночка, отправляющийся на угон скота один (баатыры обычно свою деятельность начинали с угона чужого скота); 5. *«Ээрчиме баатыр»* – сопровождающий, ведомый баатыр, идущий в бой глядя на других; 6. *«Айласыз баатыр»* – мнимые батыры: «Айласыз баатыр чочкого чабат» (горе богатырь на свинью нападает) [7, 297-298].

Большое место в социальной стратификации занимали низший слой населения *«букара»* или *«кедеи»* – бедняки. Они находились в полной зависимости от феодально-родовой знати. В зависимости от имущественного неравенства букара имела внутреннюю дифференциацию. Так Б. Солтоноев выделяет 8 видов *кедеев* – бедняков: *«Томояк»* – круглый бедняк; 2. *«Кара кашка кедей»* или *«кежир кедей»* – бедняк имеющий захудалую лошадь, в отличие от томояк; 3. «*Малай, жалчы»* – прислуга, поденщики; 4. *«Жылкычы»* – табунщик, среди скотоводов жылкычы занимал более привилегированное положение; 5. *«Коңшу - колоңчу»* – соседи отработчики, кочевали вместе с баями и манапами, всей семьей обслуживали их скот и хозяйство; 6. *«Жакыр кедей»* - обнищавший бедняк; 7. *«Аштыкчы»* – пахарь манапа-бая; 8. *«Койчу»* – пастухи овец [7, 299-300].

Одной из характерных черт феодально-патриархального общества было наличие самого низшего слоя общества – *«кул»* (раб). В данной социальной группе Б. Солтоноев выделял следующие слои: 1. *«Бору такыр кул»* - раб по происхождению; 2. *«Үйдө туума кул»* или *«тонду кул»* – дети рабыни, исполнявшие домашние работы своего господина; 3. *«Төшкө жатар кул»* – сын (дочь) рабыни родившийся вне брака; 4. *«Жумшатылып келген кул»* – раб данный в личное услужение дочери при выдаче ее замуж; 5. *«Калынга келген кул»* – раб данный в качестве приданного дочери; 6. *«Байгеге сайылып келген кул»* – раб, полученный в виде приза на конных скачках; 7. *«Жоодон түшкөн кул»* – военнопленный, обращенный в рабство; 8. *«Түпсүз кул»* – раб без рода и племени; 9. *«Сатып алган кул»* или *«кесик кулак кул»* – купленный раб, такому рабу отрезали ухо [7, 300-301].

С точки зрения теории социальной стратификации традиционное кыргызское общество, в отличие от других восточных традиционных обществ (индийского, китайского), представляет собой относительно открытый тип системы стратификации, где члены общества могут менять свой социальный статус. Так, например индийское традиционное общество представляло собой закрытый тип социальной стратификации, члены общества не могли изменить свой социальный статус - общество распадалось на четыре варны (касты), где «каждая варна – замкнутая группа людей, она занимает строго определенное место в обществе. Варна эндогамна – браки заключаются лишь внутри варны. Принадлежность к варне определяется рождением и наследуется. Члены варны имеют свою традиционную профессию» [8, 55]. То же самое мы наблюдаем при рассмотрении традиционного китайского общества: «Если ван (высший слой общества – Б.Г.) – вершина социального конуса в Древнем Китае, то основание его – подневольные земледельческие общины, члены которых – бесправные шужень (простолюдины). Между основанием и вершиной социального конуса – наследственная земельная аристократия различных рангов, составляющая государственный аппарат (чжухоу), главы кланов больших семей (дафу), главы больших семей (ши). Рабы же вместе с животными находились вообще вне социальной иерархии» [8, 28]. Все отношения в традиционном китайском обществе были подчинены «китайской церемонии» - ритуалу, где каждому члену общества было предписано определенное положение – социальный статус, который невозможно было изменить. Так как «ритуал был основан на постоянстве неба, порядке на земле и поведении народа» [8, 28].

Кыргызское традиционное общество, несмотря на традиционализм, было более динамичным, индивиды могли перемещаться в социальном пространстве, меняя свое социальное положение. Причиной такого состояния общества, по мнению автора, является кочевой образ жизни и присущая номадической цивилизации общинная психология, коллективизм, родовая собственность на землю. Главное богатство – скот, в условиях кочевого образа жизни, тяжелой зимы, джута, междоусобиц и нашествий, был показателем непостоянным. Об этом свидетельствует поговорка: *«Бай чиренсе бир кыштык»* («Вся спесь бая стоит одной зимы»).

Примером открытой системы социальной стратификации традиционного кыргызского общества может служить наличие социальной группы «баатыров», которые были выходцами из разных слоев населения, благодаря собственным усилиям, физическим и морально-психологическим способностям и возможностям могли подниматься по социальной лестнице и менять свой социальный статус. Как отмечает Б. Джамгерчинов «батыры со временем обычно легко вливались в ряды феодально-родовой знати. В первой половине XIXв. некоторые батыры, как например Тёрёгельди, превратились в крупных манапов, управлявших немалым количеством юрт и владевших множеством скота» [3, 60]. Можно также отметить и социальную группу *«манап»*. Несмотря на то, что привилегированное положение и власть над родом переходило по наследству от отца к сыну, и здесь можно заметить

вертикальную мобильность. Так *«чала манап»* по мере роста подчиненного населения (родов) и накопления богатства мог стать *«чон манап»*, а *«чынжырлуу манап»* (наследственный манап), в результате междоусобных войн мог опуститься по социальной лестнице ниже. А звание бия было не во всех случаях наследственным. Бием мог быть и выходец из букары, которому удавалось тем или иным путем, особенно в результате военных подвигов, завоевать себе авторитет и влияние среди соплеменников [3, 28]. Однако, получить это звание дети биев, как отмечает С.К. Кожоналиев, имели больше шансов, нежели другие представители феодалов. Вообще биями в подавляющем большинстве случаев являлись выходцы из богатых и знатных семейств. Но ими могли быть и выходцы из простого народа, если они на аильном, родоплеменном собрании – «дуване» - доказали свои способности и знание обычного права кыргызов. Бии, выходцы из простых слоев населения, постепенно обогащались за счет бийлика, быстро превращались в представителей класса имущих» [5, 17].

В неоднородной социальной группе «букара» также можно заметить вертикальную мобильность: выделившийся в составе *букары* слой богатых скотовладельцев можно было с полным основанием отнести к баям.

Итак, анализ социального расслоения кыргызского традиционного общества до XX в. показывает, что критериями деления на социальные группы были имущественное состояние, социальное происхождение, отношение к власти, престиж в обществе.

Социальная дифференциация кыргызского традиционного общества имела сложную структуру и представляла собой открытый тип социальной стратификации, где члены общества могли относительно свободно перемещаться в социальном пространстве.

1. Айтбаев М.Т. Социально-экономические отношения в киргизском ауле в XIX и начале XX вв. – Фрунзе, 1962.

2. Бартольд В.В. Избранные труды по истории кыргызов и Кыргызстана. - Бишкек, 1996.

3. Джамгерчинов Б. Присоединение Киргистана к России. – М., 1959.

4. Джамгерчинов Б. Из истории киргизов первой половины XIX в. Ученые записки исторического факультета Киргосуниверситета. – Фрунзе, 1958. – Вып. IV.

5. Кожоналиев С.К. Обычное право кыргызов. - Б., 2000.

6. Кыргыско-русский словарь. / Сост. К.К.Юдахин. – Бишкек: Шам., 1999.

7. Солтоноев Б. Кыргыз тарыхы. – Бишкек: Архи,2003.

8. Чанышев А.Н. Курс лекций по древней философии. - М.: Высшая школа, 1981.

Түйін

Г.Т. Ботоканова, А.М. Шейшенбаева. Қырғыз дәстүрлі қоғамының әлеуметтік стратификациясы

Берілген мақала авторлары қырғыз дәстүрлі қоғамыныц әлеуметтік стратификациясын қарастырады. Әлеуметтік стратификация сипатына көшпелі тұрмыс, оған тән қауымдық психология, ұжымшылдық, рулық меншік ықпал еткенін айтады. Авторлар қырғыз дәстүрлі қоғамыныц әлеуметтік стратификациясыныц құрылымы күрделі және әлеуметтік стратификацияныц ашық түрі болған деген қорытындыға келеді. Дәстүрлілікке қарамастан қоғам серпінді, ал жеке тұлғалар әлеуметтік қоғамда өзінің әлеуметтік жағдайы мен мәртебесін ауыстырып отыра алатын болды.

Түйін сөздер: әлеуметтік стратификация, әлеуметтік дифференциация, әлеуметтік жіктелу, әлеуметтік группа, әлеуметтік мәртебе, манап, би, бай, батыр, бұқара, кедей, құл.

Summary

G.T. Botokanova, A.M. Sheishenbaeva. The social stratification of the Kyrgyz traditional society

In this article the authors study the social stratification of the Kyrgyz traditional society. Particularly, they note that the nature of social stratification was influenced by nomadic way of life and community psychology, collectivism, tribal ownership of land inhernt to nomadic civilazition. The authors conclude that the social differentiation of the Kyrgyz traditional society had a complex structure and was an open type of social stratification. Despite traditionalism, the society was dynamic, individuals were able to move in the social space, changing their social position and status.

Key words: social stratification, social differentiation, social group, social status, manap, biy, bay, baatyr, bukara, kedey, kul.

ОӘЖ: 378.016:811.512.122.

ДИЗАЙНЕР МАМАНДЫҒЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ КӘСІБИ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

Ә. Дюсебаева – *Абай атындағы ҚазҰПУ магистранты*

Аңдатпа. Мақалада дизайн мамандығы студенттерінің қазақ тілін кәсіби мазмұнда меңгеруі үшін интербелсенді оқытудың тиімділігі сөз болады. Қазақ тілін қарым-қатынастық, әлеуметтік өмір қажеттілігі тұрғысынан оқыту өзектілікті мәселе болып табылады. Мақалада бұл ғылыми пікірлермен де дәйектелген. Еңбектің идеясы интербелсенді оқыту әдістері қолданылған сабақтардан нақты мысалдар келтірілуі арқылы ашылған. Студенттер өз беттерінше дизайн мамандығында қолданылуы мүмкін сөйлеу үлгілерін диалоғ, монолоғ түрінде құрады. Лексикалық-грамматикалық анықтамалар сөйлеу қажеттігіне қарай жасалып отыратыны ескертіледі. Интербелсенді әдістерді қолданудың нәтижелілігін анықтауда рефлексия ұйымдастырылды. Мақалада қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытудың фунционалдық бағытта тілдік білім мен оның қолданысы біртұтастықта жүзеге асуының ұтымдылығы көрсетіледі.

Түйін сөздер: кәсіби қазақ тілі, дизайн мамандығы, интербелсенді оқыту, функционалдық қазақ тілі, қарым-қатынастық және әлеуметтік қызмет, біртұтастық, тиімділік, нәтиже, рефлексия.

Қазіргі білім беру функционалдық сипатта жүзеге асуы тиіс екені баршаға белгілі. Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуда да үйренушілердің тілді сөйлеу әрекетінің базасы ретінде меңгеруі көзделеді. Оқушылар да, студенттер де мемлекеттік тілдің өз өмірі үшін, өз кәсібі үшін қажеттігін тануына, қоғамдық ортадағы қарым қатынаста оның мәнін түсінуіне жол ашатын түрлі оқыту әдістері бар. Әсіресе, интербелсенді әдістер білім алушының мемлекеттік тілді меңгеруге деген мотивациясын күшейтіп, қызығушылығын оятады, оқу белсенділігін арттырады. Осы интербелсенді әдістемені қолдану мәселесі Асхат Әлімовтің "Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері" атты оқу құралында жан-жақты қарастырылған. "Интербелсенді оқу" дегеніміз өзара қарым-қатынасқа негізделген оқу/оқыту, диалог арқылы үйрену/үйрету [1, 32].

Ғалым интербелсенді оқу/оқыту бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, бүкіл аудиторияның), жеке және бірлескен ізденіс пен зерттеу жұмыстары, ситуативтік және рөлдік ойындар, ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, Интернет, құжаттар, мұражай, т.б.), шығармашылық жұмыстар, т.б. секілді көптеген жұмыс түрлері мен әрекеттері арқылы жүзеге асырылатындығын көрсеткен. [1,32].

Интербелсенді оқытуда/үйренуде білім алушылар мынадай білім, білік, дағды, құзырлылық, машықтарды иемденеді: терең және жүйелі ойлану, ақпаратты өздігімен түсінін, оны таразылап, екшеп, оның ішінен керектісін таңдап алу; ақпаратты жан-жақты талдау және бағалау; өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру; пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірлерін дәлелдеу; шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу; өз біліміне, өміріне деген жауапкершілікті тереңінен сезіну; басқалармен тиімді қарым-қатынас құру [1,7].

Бұл айтылғандардан, интербелсенді әдісін пайдалану – білім сапасын арттырудың ең тиімді жолы екенін байқаймыз. Қазіргі талапқа сай өзгеріп отырған әлемдік ақпаратқа ілесу, жаңашыл әдіс-тәсілдерді меңгеру, оны пайдалану үлкен ізденісті, қажымас талапты, өз біліміңді жетілдіруді қажет етеді.

Дизайнер мамандығы студенттерінің кәсіби сөйлеу тілін қалыптастыруда интербелсенді оқытуға қолайлылық тудыратын мынандай интербелсенді әдістерге тоқталуды жөн көрдік.

Әрине, интербелсенді әдістерді ұйымдастыру мен қолдану ісінде де іздену және жетілдіру қажет. Бірақ, олардың дәстүрлі оқыту әдістеріне қарағанда нәтижелері жоғары болады. Бұл жерде кәсіби жағдаяттардағы қарым-қатынас ұйымдастыру көбірек қолданылады. Студенттердің кәсіби қарым-қатынасқа қызығушылығы, білім алушылардың бір-бірімен ақылдасуы, тапсырманы талқылап орындауы тілді оңай меңгеруге жол ашады.

Интербелсенді әдістің бір түрі – пікірталас. Пікірталас – оқу/оқытудың тиімді тәсілдерінің бірі, өйткені студенттер қандай да бір өміршеңді мәселе немесе проблеманы жан-жақты қарастыру және талқылауда өздерінің теориялық және практикалық білімдерін жинақтап, оларды қолдана отырып, өз көзқарасын пайымдау мен түйіндеуге, өзге пікірлерді ескеруге және оларды өз қажетіне пайдалануға үйренеді [1, 279].

Сабақты пікірталас түрінде өткізу үшін алдымен белгілі бір тақырыпты таңдаймыз. Студенттермен сол тақырып төңірегінде әңгімелесіп, пікірлерін білеміз. Аудиторияны екі топқа бөлеміз. Бірі – тыңдаушы топ, екіншісі – пікірталас жүргізетін топ. Пікірталас жүргізетін топқа "Биыл үй интерьерінде қандай түстер сәнді?" деген тақырып беріледі. Әр студент жинақтап келген деректерін топтың алдында өз сөзімен шынайы түрде жеткізе білуге талпынады.

Дизайнер мамандығы студенттерінің практикалық сабақта өткізілетін пікірталас сабағының құрылымы төмендегідей:

Сабақтың тақырыбы: Биыл үй интерьерінде қандай түстер сәнді?

Бұл тақырыпты таңдау себебіміз: пікірталас арқылы дизайнер мамандығы студенттерінің үй интерьеріндегі сәнді түстерді талғамдарына сай таңдай алуымен қатар, оларды өз ойларын кәсіби қазақ тілінде дұрыс жеткізуге машықтандыру.

Мақсаты:

- студентердің өз мамандығына сай қазақ тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру;
- тақырыпқа қатысты деректерді, ақпараттарды жүйелей білуге үйрету;
- дизайн саласындағы ақпараттарды қазақ тілінде дұрыс жеткізе білуге дағдыландыру.

Пікірталас жүргізетін топтың ішінен жүргізушіні таңдап аламыз.

Жүргізуші: Биыл үй интерьерінде қандай түстер сәнді?

- Үйдің ішкі көрінісіндегі түс сізге жайлылық пен тыныштық сезімін сыйлауы мүмкін, сондай-ақ қажытуы, тіпті тітіркендіруі мүмкін. Сондықтан, тұтас гимаратқа түс таңдай отырып, ең бірінші кезекте, өз талғамыңызға сүйенгеніңіз жөн. Сіздер қалай ойлайсыздар? Ішкі көріністің ең сәнді түстерін қалай таңдар едіңіздер?

1- қатысушы: Классика әрқашан сәнді екені белгілі. Сондықтан ағымдағы жылғы ішкі көріністер арасында сарғыш және қоңыр түс ең танымал түстер болып қалады. Әмбебаптық – классиканың ескірмейтін ерекшелігі. Сарғыш және қоңыр түстер әрі жылы, әрі салқын түстер болып табылады. Өз алдына жеке және басқа түстермен үйлесімділікте олар үйдегі кез-келген бөлмеге: қонақүйден бастап, асүйге дейін жарасымды болып табылады.

Жүргізуші осы мәтін аумағында сөйлеуші өз пікірін дәлелдеу үшін әдейі күдік сұрақтар қояды, қатысушы өз ойын дәлелдейді.

2-қатысушы: Мен, бірінші қатысушының пікірін толықтырғым келеді. Сонымен бірге, сарғыш және қоңыр түстердің жағымды жылы энергетикасы бар және үй ішінде үйлесіміділікті қалыптастыруға ықпал етеді, тыныштық және татулық сезімдерін қалыптастырады.

3-қатысушы: Дегенмен де мен басқаша таңдар едім. Қазіргі ішкі көріністе сәнді болып келетін сұр түс те осындай әсер береді. Әсіресе, күлгін, көк сия және көкшіл тұман түстерімен араласқан сұр түс ұтымды көрінеді. Бұл түстер бірлесіп, тыныш және жайбарақат жағдайды қалыптастырады, адамдарды демалдырады, сондықтан, әсіресе, қонақтар бөлмесі немесе ұйықтайтын бөлмеге жарасады. Сұр түс кез келген стильмен сәтті үйлеседі: бірақ ол шығыс стилінде немесе "шебби шик" стилінде болып келеді.

4-қатысушы: Мен үшінші қатысушының пікіріне қосыламын. Аталған күлгін түс сұр түсті тек қана үйлесімді толықтырып қоймайды, сонымен қатар, ішкі көрініс дизайнында түстердің негізгісі. Сол себепті ол ең сәнді жеті түстің қатарында болып табылады.

5-қатысушы: Түс таңдауда студенттер екі бағыт ұсынды. Мен екінші бағыттың артықшылығын айтқым келеді. Жұмсақ күлгін түс көз жанарын босаңсытып, көңіл күйді үйлестіреді. Сонымен қатар, психологтар, онда жарқын болашақ пен үміт энергетикасы бар деп санайды. Барынша қара, көк сия бояу үй ішіне құпиялылық пен жұмбақтылық сыйлайды.

6-қатысушы: Меніңше, осы кезеңнің даусыз таңдаулы түсі – ақ түс. Кез келген еркін түспен үйлесіп, ол стильді және тартымды көрінеді.

7-қатысушы: Ал мен үшінші бағыт ұсынар едім. Белсенді және серғек адамдар үшін жасыл және көк секілді сәнді түстер жарасады. Көк түс әр түрлі түстермен жақсы үйлеседі және мүлде қарама-қарсы стильдерге жарасады: ең төменгі "хай-тектен" бастап, жеңіл-желпі "провансқа" дейін. Жасыл және көк түстермен кез келген ұйықтайтын бөлмені немесе балалар бөлмесін өрнектеуге болады.

8-қатысушы: Мен жетінші қатысушының сөзін қолдаймын. Менің таңдауым – жасыл түс. Лайм, лимон, жасыл шөптің шырынды түсі әрқашан көзге жақсы көрінеді, сондай-ақ, жарқын және қызу көңіл күй сыйлайды. Мұндай түстерді тоқымаға да, қабырғаларды өрнектеуге де қолдануға болады.

Жүргізуші: Міне, біз өзіміздің дизайнер студенттеріміздің үш бағыттағы пікірлерін тыңдап, үй интерьеріне лайықты түстер ұсындық. Алайда, әр адамның өз талғамы болады. Ең бастысы өзіңізге жайлы болсын. Осымен пікірталасымызды аяқтаймыз. Көңіл бөлін, құрметпен қатысқандарыңызға рақмет!

Пікірталастың соңында қорытынды шығарылады. Оқытушы тыңдаушы топқа сауалнама үлестірін, оны толтыртады.

"Биыл үй интерьерінде қандай түстер сәнді?" тақырыбындағы пікірталасты тыңдаушыларға мынадай сұрақтар қойылады:

- Сізге пікірталас сабағынан не ұнады?
- Қай студенттің сөзі дәлелді шықты?
- Кәсіби тұрғыдан мазмұнды сөйлеген студентті атаңыз.
- Пікірталас кезінде дизайн тақырыбына қатысты терминдер болды ма, болса атаңыз?

Осындай сауалнама жауаптары негізінде оқытушы пікірталас сабағының қорытындысын шығарады. Әр студенттің жауаптарына, айтқан дәлелдеріне тоқталып, жақсы жағын да, кемшіліктерін де ескертеді.

Интербелсенді оқыту әдісі – студенттің оқу үрдісін ұйымдастыруға толық қатысатын белсенді тұлға болып қалыптасуына мүмкіндік ашатын тиімді оқыту әдісі. Бұл әдісті қолдану үшін мұғалім студенттерді ұжымдық, жұптық топтарға бөлін, өзара септесін, белсенді жұмыс жасауына жағдай жасайды [2].

Интербелсенді әдістің қатарына презентация жасау жұмысы да кіреді. Дизайнер мамандығы студентерімен бірлесе отырып, өз кәсінтеріне жақын "Витраж жасау өнері" тақырыбында презентация жасалды. Презентация тақырыбын оқытушы студенттермен ақылдаса отырып таңдайды. Студенттер бірлесін қажетті ақпараттарды тауып, сараптайды. Дайындалған ақпаратты топтың ішінен таңдалынып алынған студент таныстырады. Сондай жобаның біріне тоқталайық.

"Түрлі-түсті шыныдан витраж жасау өз бастауын ерте кезден алады. Витраж жасап шығару – үлкен еңбекті талап етеді. Бірнеше сағат ішінде шыныны бояу арқылы сіз көпшілікті қызықтыратын, эксклюзивті өнер туындыларын жарыққа шығара аласыз. Декоративті-қолданбалы өнер түрі ретінде шыныдағы жазу жұртшылықты өзінің қолжетімділігімен тартады: керекті материалдарды еш қиындықсыз таба аласыз және де олар қолжетімді бағамен сатылады. Трафареттерді қолдану керемет суретші болмасаңыз да бұл шығармашылықпен айналысуға мүмкіндік береді.

Қажетті құрал-жабдықтарды көркем өнер салонынан немесе кеңсе тауарлары дүкенінен сатып аласыз. Дүкеннен шыныға арналған қажетті бояулар мен контурларды сонымен қатар, ашық түс шығару үшін қолданылатын бояу еріткіштерін, қылқаламдар мен трафареттер алу керек. Жазуға арналған заттар: айна, шыны, жазылған шыныны салуға арналған фоторамкалар, шыны аспап, стакандар мен бокалдар, шынытабақтар, құмыралар, бос бөтелкелер, ерекше иішінді банкалар және плафондардың бірін аламыз. Енді оны мына әдіспен әсемдейміз:

1) Шыныны беті құрамында спирті бар сұйықтықпен, сабынмен, жууға арналған затпен сүртіледі немесе жуылады.

2) Таңдалған сурет керекті көлемде принтерден шығарылады. Бұйымға суретті түсіру үшін арнайы көшірме қағаз қолданылады: көшірме қағазды, оның үстіне эскизді қояды, сосын барлық құрылымды скотчты жылжытпай жапсырады. Дайын трафарет те қолданыла береді. Немесе эскиз шыныны екінші жағына қойылып, сурет фломастермен салынады.

3) Содан кейін контурлық пастамен (таңдауға байланысты: алтын, күміс, түссіз, не қара түстерді пайдаланса болады) суреттің үстінен басып өтеміз. Контур кеуін болғаннан кейін (30 минуттан 3 сағатқа дейін) суретті үлкен бөліктерінен бастап бояймыз.

4) Сулы мақталы таяқшамен артық кеткен жерлерді өшіріп тастайды. Суретте пайда болған ауаның көпіршіктерін мата қиқымымен немесе тістазалағышпен бірден алып тастау керек, әйтпесе сурет кепкен кезде «тесіктер» пайда болады. Жұмыс біткеннен кейін қылқаламдарды сұйықтықпен тазаланып, құрғатып сүрту керек.

5) Суреттің бетіне шыныға арналған акрил лағы жағылады. Ол сурет толық кепкен кезде шамамен бір тәуліктен соң жасалады. Дайын бұйымды жууға арналған заттарды қолдана отырып жылы суда жууға әбден болады. Осылай әп-сәтте өзініздің қалауыңызбен әдемі бұйым жасап аласыз".

Студент өз жобасын презентациялау барысында неғізгі мәселелерді таңдау, оларды жүйелі түрде ұғыну яғни жүйе құру, талдау мен бағалау әрекеттерін атқарады. Демонстрациялап дәйектейді. Сол арқылы оның дизайн кәсібі бойынша кәсіби тілді қолдануға дағдылана түседі. Сонымен қатар, ...шығармашылық ойлау қабілетін де танытады. Ал, шығармашылық ойлау оқушыларды сөз өнеріне, сөздерді дұрыс талдауға, көркем әдеби сөздерді қолдануына, өзіндік талғамын өзгеге түсіндіре алуына көмектеседі [2].

Интербелсенді әдістің мақсатын Р. Баубекова: "білім алушыларға жауаптарды өздігінен табу дағдысын меңгерту екендігімен байланысты, қазіргі педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың субъектілік қарым-қатынасқа құрылуы, тұлғалық-бағдарлы оқыту үдерісі жайында интербелсенді әдісті пайдалану қажеттігі туындайды" [3], - деп таныса, А.Әлімов: "Интербелсенді әдістер педагогикалық тәсілдердің өзгеруіне алып келін, оқушылардың өзіндік және өзіндік дамуына, олардың өз мүмкіншіліктері мен ұстанған құндылықтарын түсінуге және бағалауға жетелейді" [4], - дейді.

Зерттеушілер көрсетіп жүргендей интербелсенді әдістің басты ерекшелігі: құрастырылған тапсырмаларды орындау студенттерге оқытылып отырған тілді практикалық тұрғыдан қолданудың нәтижесін, жемісін көруге мүмкіндік береді, кәсіби тілді оқып үйренуге деген қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар, ...интербелсенді оқыту бірлесе үйрену идеяларын ұстанады. Бірлесе үйренуде әрбір үйренуші танымның ортақ мағынасына және нәтижесіне өз үлесін қосып, басқалармен өзінің білгенін, идеяларын, ойларын бөліседі, олармен алмасады, тиімді нәтижеге қандай бірлескен оқу әрекеттері арқылы жете алатындығын анықтайды [5].

Сонымен, интербелсенді әдістерді тиімді қолдана білу, студенттерді кәсіби тілде сөйлеуге, жүйелі сөйлеуге дағдыландырады. Пікірталас әдісінде студенттер диалоғ құру дағдыларын жетілдіреді. Ал презентация әдісін қолданғанда тіл үйренуші монологтық сөйлеуге машықтанады. Диалоғ та, монолоғ та тілді қарым-қатынастық қызметте үйрену базасы бола алады. Сондай-ақ, сабақ барысында оқытушы, қажеттілігіне қарай, лексикалық және ғрамматикалық талдаулар, түзетулер жасап отыруға да көңіл бөледі. Сөйтіп қазақ тілін функционалдық сипатта меңгерту біртұтастықта жүргізілетін болады.

1. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені Жоғары оқу орнында қолдану мәселелері. Алматы, 2013 ж.

2. Базарбекова Р. Интерактивті оқытудың ойын түріндегі әдісі // Қазақ тілі мен әдебиеті. №5, 2007 ж. 96-98 бб.

3. Баубекова Ж. Оқу іс-әрекетінде интербелсенді әдістер арқылы балалардың тілін дамытудың теориялық негіздері // Білім әлемінде. №4, 2013 ж. 11-12 бб.

4. Әлімов А. Білімнің соңғы соқпағы / Жетісу, 2008 ж., қыркүйек.

5. Әлімов А. Жаңа ұғымдағы білім беру тәсілдері. / Заң газеті, 2008 ж., қыркүйек.

Резюме

А. Дюсебаева. Пути применения методов интерактивного обучения в целях формирования профессиональной разговорной речи у студентов по специальности «Дизайн»

В статье указывается эффективность интерактивного обучения казахскому языку в группах по специальности "Дизайн". Коммуникативная и социальная жизненная необходимость владения казахским языком определяет актуальность темы. И требует в свою очередь применения интерактивных методов обучения. В статье это подтверждается и мнениями ученых. Главная идея труда раскрывается на базе

конкретных примеров из интерактивных уроков казахского языка в группах по специальности "Дизайн". Студенты составляют речевые образцы профессионального казахского языка в области "Дизайн" в форме диалога, а также и монолога. Для выявления результативности применения интерактивных результативности методов.

Ключевые слова: профессиональный казахский, специальность "Дизайн", интерактивное обучение, функциональный казахский язык, коммуникативные и социальные функции, эффективность, результативность, рефлексия.

Summary

A. Duyssebayeva. Ways of implementation of methods unreactive training in order to develop the professional speaking students in the specialty "Design"

The article indicates the effectiveness of interactive learning Kazakh language groups in the specialty "Design". Communicative and social life, the need of knowledge of the Kazakh language determines the relevance of the topic. And requires in turn the use of interactive teaching methods. In the article this is confirmed by the opinions of scientists. The main idea of the work is revealed on the basis of concrete examples of interactive lessons Kazakh language groups in the specialty "Design". Students are speech samples professional Kazakh language in the field of "Design" in the form of dialogue and monologue. To determine the effectiveness of interactive performance techniques.

Key words: professional Kazakh, specialty Design, online training, functional Kazakh language, communicative and social functions, efficiency, effectiveness, reflection.

ӘОЖ 372.881.1

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА САБАҚТЫ СЫНИ ОЙЛАУ АРҚЫЛЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Ш.Л. Ерғожина – *Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, педагогика ғылымдарының кандидаты*

Аңдатпа. Мақалада студенттің сыни тұрғыдан ойлауын дамыту мәселесі қарастырылады. Студенттің және мұғалімдердің сыни тұрғыдан ойлауын дамыту өзара байланысты үдеріс түрінде дамыту қарастырылады. Студенттерге қатысты сыни тұрғыдан ойлау ақпарат пен идеяларды синтездеу қабілеті, ақпарат пен идеяның шынайылығы мен салыстырмалы түрде маңыздылығы туралы ойлана білу қабілеті, өзінің оқуына қатысты таңдау жасау және басқалардың идеяларына сыни тұрғыдан қарай білу қабілеті ретінде түсіндіріледі.

Аңдатпа. Мақала оқушының ғылыми жұмысына жетекшілік ететін мектеп мұғалімдеріне көмекті қарастырады. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге талдау жасау жолдарын, зерттеудің пәнін, нысанын және тақырыбын анықтауды, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін анықтай келе, мақсатқа өзекті проблеманың жаңа концепциясын табу деп анықтама береді. Мақсат барлық жағдайда дұрыс қойылса ғана нәтижеге жететіндігімізді ескертеді. Автор ғылыми болжау және оны тексеру, гипотезаның түрлерін: бастапқы, түсініктi-терминологиялық, түсіндіруші-экспериментті қызмет етеді, базалық эксперимент және прогностикалық, концептуалды гипотеза - бірнеше ұжым мүшелері жасайды деп түсіндіреді. Сонымен қатар автор зерттеудің жоспары мен ұйымдастырылуы, зерттеу нәтижелерін талдау, зерттеудің әдіснамасын жеке-жеке қарастырады. Ғылыми жұмыс жаздырудың даму, қалыптасу кезеңдерін зерттей келе, автор мектеп жасындағы ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарды анықтаған.

Түйін сөздер: ғылыми жоба, ғылыми мәселе, ғылыми болжау, ғылыми мақала, әдебиеттерді талдау.

Қазақ халқында ерте заманнан-ақ ғылымның әртүрлі салалары дамыған. Күнделікті тірлікте ғылым қажеттіліктен туындап, кәсіппен шұғылдану үшін белгілі бір ережелерді ұмытпау керектігінен туды. Мысалы: айран ұйыту үшін қанша білім керек? Сүттің ұйытқы салғанда, жылы болуы қажет, оны қозғауға болмайды, т.б. Ал енді қазіргі қазақ ұлтына, қазіргі Қазақстан Республикасына не қажет дегенде, оған мықты өндіріс қажет, ғылым мен техника қажет дер едім мен. Неге? Қай қоғам болмасын, ғылым мен техника арқылы келешекке жылжиды. Осы оймен баланың, яғни оқушының ғылымға деген ойын, әрекетін, санасын ұйыту, оның жанында білім беріп жүрген мұғалімге байланысты. Дана ақын Абай кезінде Әйгерімнің кесте үйреткенін көріп, «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға...» деп басталатын өлеңін жазғаны рас.

Оқу-ағарту ісінде жүрген менің әрбір әріптесімнің оқушы жүреғіне ғылымның ұйытқысын құярына күмәнім жоқ, деғенмен, қазіргі мектеп мұғаліміне оқушыға ғылыми бағыт-бағдарды қалай, неден бастап беруі керектігін де жүйелеп алу қажет шығар. Мақаламның жазылу мақсаты да осы мәселеден туындап отыр. Қазірғі қоғамымыздың сұранысы – ғылыми жобамен жұмыс жүргізе алатын, соның құрылымдық жүйесін, неғізін білетін қазақ тілі мен әдебиетінің мамандары. Университетіміздің кәсіби деңгейде маман даярлаудағы үлесі зор екенін ескерте келе, мектептермен бірлестікте ғылыми жоба жаздыруды қолға алғанымa бес жылдай уақыт болды. Онда тек оқушының ғылыми жұмысына ғылыми пікір ғана берін қоймай, сонымен қатар оның алған тақырыбы аясында жазылған ғылыми еңбектер бойынша бағыт-бағдар берін жүрғеніме он шақты жыл толды. Осы мақалам арқылы нақты мысалдар келтірер болсам, мектеп пен ЖОО-ы ұстаздар қауымы бірлесіп

жұмыс істеу арқылы «Дарын» республикалық ғылыми-педагогикалық орталықтың жарыстарынан орын алған шәкірттерім де бар. Сонымен қатар Тұран университеті ұйымдастырып отырған мектеп оқушыларына арналған «Тұран-Жуниор» ғылыми байқауы да оқушының ғылыми жағынан ысыла түсуіне жақсы нәтижелерге қол жеткізуіне тікелей өз үлестерін қосып келеді. Ұстаз ғазет, журнал, кітаптар оқымаса, оның үйретер тәлімі, үлгісі болмайды, не өзі бір текті сабақ берғеннен жалығуы мүмкін, сондықтан, менің ойымша, күнде оқып, күнде дамитын адам, ғылымды да дамыта алады. Ол үшін нені білуіміз керек? Ғылыми жұмыстың да басқа жұмыстар сияқты негізі болады. Сол негізден ауытқымай, оқушыға барынша үйретуге тырысатын жақтары да бар.

I. Ғылыми-зерттеу жұмысының мақсаты мен ұйымдастырылуы:

1) Педагог-зерттеуші болу үшін:

өзіңіздің белсенді жұмыс істеуіңіз үшін, барлығын да байқап көріңіз.

2) Шеберлікке жету үшін:

а) ғылыми жаңалықтардан қалмау және оларды өз әрекетіңізге пайдалану;

ә) ылғи да жаңа идея негізінде талдау жасап отыру.

Оқытуға зерттеуші тұрғысынан қарау мынадай нәтижелер береді:

- үздіксіз оқу және ғылымның жетістіктерін өмірде қолдану;
- қазіргі адамтанудағы жаңа идеяларға ориентация жасау;
- барлық жұмыста диагностиканы пайдалану;
- ғылыми талдауды өз тәжірибеңде пайдалану;
- әр жақты, терең талдау.

3) Мұғалімдердің ғылыми жұмыспен айналысуына қажеттілік неден туындады:

а) Қазіргі мектепке мұғалім, тәрбиеші, егер зерттеуші болмаса қажеті жоқ;

ә) өз жұмысына сын көзімен қарау және оған педагогикалық- психологиялық талдау жасау үшін - педагогикалық диагностика қажет;

б) әрбіреуіміз зерттеушіміз егер де: стандарттан тыс ойласақ; педагогикалық әрекеттің соңына болжау жасасақ; қатенің себептерін анықтау және оны келешекте болдырмасақ; бір педагогикалық тапсырманы әрқалай шеше білсек; кез-келген проблемаға талдау жасай алсақ; баламен бірге әрекет жасауға ұмтылсақ;

в) әрбір педагог-зерттеуші қатеге ұрынуы мүмкін, ең соңғы нәтижеден барып, сабақ алып, шығармашылық ізденіске сынмен қарау қажет (нәтижеге қарап түзелу).

ғ) Оқытушының жалақысы бірнеше себептерге тәуелді: педагогтік шеберлігінің өсуіне; оқу және тәрбиедегі сапалы көрсеткіштеріне; жасалған ғылыми зерттеу жұмысының көлеміне.

г) Әрі қарай зерттеу тақырыбы мен проблеманы таңдау ғана қалады. Ол үшін мына сұрақтарға жауап керек:

1. Сізде ең көп педагогика немесе басқа ғылымның бағыттары: (тәрбиенің теориясы мен әдістемесі; дидактика және оқыту әдістемесі, мектептану немесе мектепті басқару; отбасы педгогикасы т.б.).

2. Қай проблеманы зерттегіңіз келеді: (оқытушы әрекеті, оқушы керекті, білім мен тәрбие мазмұны, педагогикалық еңбектің жағдайлары мен жолдары).

3. Ғылыми жетекші табу;

4. Зерттеу бағдарламасы мен картотекасын жасау, библиографиясын құрастыру. Әрбір сұраққа бөлек парақ арнау;

5. Күнделікті өміріңде зерттеу жасауды ұйымдастыру: а) ескірген әрекеттерге сынмен қарау; ә) негізгі дәнді жерін табу; б) негізгі ойларды (ғылымдағы идеяларды) жазу және ғылыми әдебиеттерді оқу; в) зерттеу жұмысын жазудағы өзіңізді тану, ол үшін шығармашылық көзқарасыңызды қалыптастырыңыз; ғ) жаңа қабілеттер мен жаңалықтардың ізін індеу; Мысалы: Ғылыми әдебиеттерді сын көзбен оқу (қыркүйек-қазан), анкета жасау, интервью алу (қаңтар-ақпан), зерттеу-сабақ, зерттеу өзін-өзі байқау әрекеттерін практикада қолдану;

ғ) ғылыми ортаға өз мүмкіндіктеріңізді біле отырып, кірін кету, зерттеу мәдениетін үйрену; д) Аптасына не айына бір ашық семинар өткізу керек:

II. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге талдау жасау жолдары:

1.Ғылымдағы не ғылыми құндылығы, оның жетістіктері мен кемшіліктері, қателер мен қаралмаған тұстары; Тірек, сүйеніш позициясын анықтауға көмектеседі; өзектілігі, проблеманың қаралмағаны.

Тіпті кейбір галымдардың пікірінше, «теориялық құрылым бере алады (бірнеше зерттеу жұмыстарын жасап, зерттеу әдіснамасын анықтау)» [1, 195б.].

III. Зерттеудің пәнін, нысанын және тақырыбын анықтау: Тақырып ғылыми жұмыстың аумағын, талдауын көрсетін тұрады. Әдебиетте не бар еді, соған орай қойылады. Әлеуметтік қажеттілік қаншама дегеннен өзектілігі шығады. Негізгі нысан – адам (педагогикалық зерттеулерде). Пәні – педагогикалық проблеманың тақырыбы. Егер зерттеу нысаны – ғылыми ізденістің жазық даласы болса, пәні – оның нүктесі. Қателіктерге ұрындыратындар: Бір тақырыптың бірнеше зерттеу пәнінің аясында қойылуы; оқушының жас шамасын білмеу; зерттеу нысанын дәл таппау; теория жасай алмау; Ғалымдар ұсынған *тәрбиедегі тұлғаның белсенділігі* [2, 15]:



IV. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері:

Мақсат деп, өзекті проблеманың жаңа концепциясын табуды айтамыз. Мақсат барлық жағдайда дұрыс қойылса ғана нәтижеге жетеміз.

Дәлелденген, практикада тексерілген, ең негізгі идеяға айналған мақсаттар – орындалған мақсаттар. Ол мақсатқа жету үшін бірнеше міндеттер туындайды.

V. Ғылыми болжау және оны тексеру:

Гипотеза (немесе) болжау. Гипотеза қолда бар, белгілі нәрселерден құрала алмайды, майда-шүйдені ұсынбайды, зерттеу ізденісінің стратегиясын анықтайды. Гипотезаның түрлері: бастапқы, түсінікті-терминологиялық, түсіндіруші – экспериментті қызмет етеді, базовая (негізгі) – базистік эксперимент және прогностикалық. Концептуалды гипотеза - бірнеше ұжым мүшелері жасайды.

VI. Зерттеудің жоспары мен ұйымдастырылуы

VII. Зерттеу нәтижелерін талдау

VIII. Зерттеудің әдіснамасы

1) Ғылыми мақала: Ғылыми мақаланың құрамы: өзектілігі, проблемага

деген көзқарастар, педагогтардың жұмысындагы кейбір ескерусіз қалган мәселелер, т.б., автордың жасаган жұмыстарын суреттеу, негізгі идея, тұжырымдар мен жаңалықтар практикадагы ұсыныстар).

Ережелері: Оң жагына мақала авторының аты-жөні; Қысқа да нұсқа тақырып; өзектілігі; Зерттеуші галымдар немесе гылыми жұмыстар туралы; гылыми мақала мәтініндегі галымдардың иниціалдары алдына қойылады. (А.С.Пушкин); Мақаланың мақсаты мен міндеттері; Багдарлама; Есеп бермеу керек; Риторикалық сұрақтар қоймау керек? 1,2,3 деп бөле бермеу; Цитаттар өте сирек; өзіңіз зерттеген мәселелер; Нақты практикалық ұсыныс тастаңыз;

2) *Реферат:* Шолу (қажеттілік, себептері), т.б.; 1-бөлім. Проблеманың теориясы мен тарихы; 2-бөлім. Қазіргі кезде проблеманың шешілуі; Қорытынды; Әдебиеттер; Көлемі: 20-24 бет; 3-беттен басталады, 1-беті титул парагы, 2-беті мазмұны);

3) *Әдістемелік ұсыныстар (рекомендация):* Жалпы ережелер; Автордың ұсыныстары (стратегия); Жұмыстың ұстанымы (тактика); Практикада қолдану жолдары.

4) *Авторлық әдістің жолдары:* Титул қагазы. (Автордың аты-жөні, мектебі, мекен-жайы, т.б.); Концепциясы (жеке өзінің); Концепция мазмұны; ерекшеліктері, айырмашылықтары (жарияланымы, газеттегі кірмейді); Қажеттілік қайдан туындаганын көрсету; Авторлық әдістің өзі мен құжаттары, Ұлттық білім институтына жіберіледі; Авторлық әдісті қарайды, талдайды; Юридициялық жолмен «Интеллектуалды меншік» деп заң бойынша қоргалады.

5) *Монография құрылымы* (шолу, гылыми ізденіс нәтижелері, қорытынды, библиография, жеке жарияланымдары (публикациялары)). 1) Тақырып (КазНТИИ немесе КазНИИ) Ғылыми-зерттеу институтының жоспарына кіруі керек; 2) Жаңалықтары; 3) Дәлелдемелері; 4) Практикалық мәні; 5) Өзіндік орны [4, 89б.].

Қорыта келгенде, гылыми жобаны жазуга қажетті негізгі тұжырымдар гана емес, гылыми жұмыстарды жазудың үлгілері де берілді, сонымен қатар автордың бірнеше жылдар бойы гылыми жобалар жазу ісінде жинақтаган тәжірибелерінің қорытындылары берілген.

1. Гурова Р. Г. О методологии и методах исследования проблем воспитания. -М , 1989.

2. Диагностическое обеспечение школьного эксперимента /Под редакции Н. Н. Верцинской. –Мн., 1992.

3. Исследовательская работа в школе /Под ред. А.И.Кочетова. –Мн., 1992.

4. Жүнісова М.Ә. Оқушыларға ғылыми жұмыс жаздыру жолдары // С.Сейфуллин атындағы Аграрлық университет ұйымдастырған ғылыми конференция жинағы. Астана, 2007 ж.

Резюме

М.А. Жунисова. Пути написания ученику научного проекта по казахскому языку

Статья рассматривает в помощь преподавателям школ, являющихся руководителями при написании ученической научной работы. Пути анализа научно-педагогических литературы, предмет исследовании, определение объекта и название исследвании, определяя цель и задачи работы, по мнению автора если цель выставлено в актульном аспекте, то новую концепцию можно выявить и если правильно ставим свою цель, то результат обеспечено. Автор объясняет научную гипотезу и его проверку, а так же виды гипотез: начальная, ясно-терминологический, обяснительно-экспериментные функции, базавый эксперимент и прогностический, концептуалная гипотеза – это когда создается через многих коллег. А так же автор план исследования и его организация, анализ результатов исследования, методологию исследования рассатривает по отдельности. Автор рассматривает этапы написания научной работы и знакомит с необходимыми требованиями, предъявляемыми к ним, так как придает большое значение написанию работ в школьном возрасте.

Ключевые слова: научный проект, научная проблема, гипотеза, научная статья, анализ литературы.

Summary

M.A. Zhunissova. Towards student writing scientific projects in the kazakh language

The article is written for schoolteachers who are students' scientific tutors. Path analysis of scientific and educational literature, the subject of study, the definition of the object and the name issledvanii, defining the purpose and objectives of the work, according to the author if the target is exposed to Fidler aspect, the new concept can be identified and if properly set his goal, then the result is guaranteed. Author obisnyaet scientific hypothesis and test, as well as the types of hypotheses: the initial clear-terminology, obyasnitelno-eksperimentnye functions bazavy experiment and prediction, kontseptualnaya hypothesis - when it is created by many colleagues. And as the author of the study plan and its organization, analysis of the results of research, research methodology rassatrivaet separately. The author considers that it's very important to write scientific work at school and introduces the necessary requirements and stages of it. Nowadays scientific level is very high that's why the problem of school scientific works is very useful.

Key words: research project, a scientific problem, hypothesis, research papers, review of the literature.

ӘОЖ 81.33

ҒАЛЫМ Ә.ЖҮНІСБЕК ЕҢБЕКТЕРІНДЕҒІ ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАРДЫҢ ЖІКТЕЛУІ ТУРАЛЫ

Н.А. Садуақас – *ф.ғ.к., доцент, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Теориялық және қолданбалы тіл білімі кафедрасы*

Аңдатпа. Мақалада қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың ғалым Ә.Жүнісбек зерттеулерінде артикуляциялық, акустикалық, перцепциялық ерекшелігі тұрғысынан жасалған фонетикалық сипаттамасы туралы баяндалған. Қазақ тіліндегі дауысты фонемалардың құрамы, олардың фонетикалық сипаттамасы туралы жазылған бұрынғы оқулықтарда бір жүйелілік болмаған еді. Қазіргі кезде ғалым Ә.Жүнісбек зерттеулерінің нәтижесінде дауысты фонемалардың саны, айырым белгілері, фонетикалық сипаттамасымен олардың жіктелу ерекшеліктері туралы ғылыми жүйелі көзқарас қалыптасты. Ғалым Ә.Жүнісбек зерттеулерінде дауысты фонемаларға тек фонетикалық жағынан сипаттама беріліп қана қоймай, дауыстылардың синғармонизм заңдылығына сай жіктелуін де көрсетті. Себебі қазақ тілінің негізгі фонологиялық табиғаты синғармонизм заңдылығына сай болуы керек. Ә.Жүнісбек зерттеуіндегі дауысты дыбыстардың жіктелім сипаттамасын жинақтап көрсеткен: Жақтың қатысына қарай (ашық, қысаң); Еріннің қатысына қарай (еріндік, езулік); Тіл қатысына қарай (жуан, жіңішке); Жасалу орнына қарай (тіл ортасы, тіл арты); Мақалада қазақ тілі фонетикасы пәні бойынша өтізілетін сабақтарда Ә.Жүнісбек зерттеуіндегі ғылым жетістіктеріне ерекше назар аудару керектігі айтылған.

Түйін сөздер: фонема, дауысты дыбыс, құранды, жалаң дауысты, жасалым белгілері, айтылым белгілері, естілім белгілері, ортақ белгі, айырым белгі, ашық, қысаң, езу, ерін, тіл арты, тіл ортасы, жуан, жіңішке, езу әуезді; көмей қуысты, кең шығысты.

Филология саласы бойынша білім алушы студенттерге «Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың фонетика-фонологиялық ерекшеліктері» тақырыбында өткізілген сабақта, әдеттегідей, осы пәннің оқу бағдарламасына сүйене отырып, негізгі оқулықтармен қатар соңғы ғылым жетістіктеріне сай жазылған қосымша әдебиеттерге де шолу жасаймыз. Себебі қазіргі ғылым дамуы бұрынғы оқулықтардағы кейбір көзқарастарды қайта қарап, ғылыми тұрғыда қайта зерделеуге ықпал ете бастады. Қазақ тілі дауысты дыбыстары жөнінде зерттелген еңбектер де көп болғанымен, тіліміз табиғатына сай соны пікір айтылғаны соңғы кезеңдегі зерттеулер еншісіне тиеді. Көптеген еңбектерде дауысты дыбыстардың фонетикалық ерекшеліктері бірін-бірі қайталап, бір жақты талданып келді. Осы орайда, ғалым Ә.Жүнісбек зерттеулерінің маңызы зор деп білеміз. Ә.Жүнісбек зерттеулеріне дейін қазақ тілі дыбыс жүйесінде барлығы он бір, яғни тоғыз жалаң (монофтонг) дауысты және екі құранды (дифтонг) дауысты бар деген көзқарас қалыптасқан еді [1]. Жалаң дауыстылар (а, ә, о, ө, ұ, ү, ы, і, е) байырғы қазақ тілінде ертеден келе жатыр деп түсіндіріледі. М.А.Черкасский түркі тілінде «Орхон» дәуірінде сегіз дауысты (классическая восмерка) дыбыс болғанын атап көрсетеді. Ол түркі тілдері дауысты дыбыстар жүйесінің тарихын Орхон жазба

ескерткіштері кезіндегі, одан бұрынғы және кейінгі деп үш кезеңге бөледі. Ғалым ертедегі алтай кезеңіндегі дыбыс жүйесінде үш дауысты болғанын, ал одан кейінгі кезеңдегі даму төрт дауыстыны құрағанын айтады [2]. В.В.Радлов түркі тіліндегі сегіз дауыстыны жалпы түріктік негіз дауыстылар деп көрсетеді [3]. Түркі негіз тілінің жеке тілдерге ыдырау кезеңінде созылыңқы дауыстылар жасалған деген көзқарас бар [3.47]. Бірақ қазақ тілінде созылыңқы дауысты жоқ, тілімізде дауыстының кейбір жағдайда созылыңқы айтылуы фонетикалық жағдайға байланысты. Мысалы, қатаң дыбысқа қарағанда ұяң дыбыс алдындағы дауысты, тұйық буынға қарағанда ашық буындағы дауысты, екпінсіз буындағы дауыстыға қарағанда екпінді буындағы дауысты созылыңқы айтылуын дыбыстың фонетикалық ерекшелігі деуге болады. Қысаң дауыстылар екпінсіз позицияда әр түрлі редукцияға бейім тұрады екен. Қазақ тілі дауыстыларының редукциясы, жартылай және толық редукция, санды және сапалы редукция, т.б. мәселелер ғалым Б.Қалиев зерттеуінде терең қарастырылды [4]. Қазақ тілінде басқа қысаң дауыстыларға қарағанда «ы», «ұ» дауыстылары өте қысаң болады екен, сондықтан ғылыми түрде жіктеуде аралық дыбыстар туралы ескерген жөн. Сол сияқты «ұ», «ү» дыбыстарында ерін артикуляциясы басым, ал «о», «ө» дыбыстарында ерін артикуляциясы әлсіздеу болады екен [5, 9]. Қазақ тілінде дауысты дыбыстар тілдің қатысына қарай – жуан және жіңішке, жақтың қатысына қарай – ашық және қысаң, еріннің қатысына қарай еріндік және езулік болып фонетикалық оппозиция құрайды. Н.И.Ильминский қазақ тілінде сегіз дауысты дыбыс бар деп, «ә» дауыстысын «а» дыбысының варианты ретінде түсініп, оны дербес фонема деп есептеген жоқ [6, 5]. Ал Радлов қазақ тілінде тоғыз дауысты дыбыс бар деп дұрыс айтқан. Ол «и», «у» дыбыстарын сонорларға қоспай, аралық немесе жарты дауысты деп, дауыссыз дыбыс ретінде таныған [3, 6]. В.В.Радлов түркі тілдерінде екі дауысты дыбыстан тұратын дифтонг бар деп, «уат, уан, қуан, жуан» сөздерін мысалға келтірген, трифтонгтар да түркі тілдерінің дыбыстық құбылысына тән, сондықтан үш дауысты дыбыс тіркесіп, екі буынға бөлінін айтылады деп, «әуе, сүйеу» деген сөздерді мысал еткен еді [3, 28-30]. Ол дауысты дыбыстарды жуан, жіңішке деп жіктеп алып, оны өз ішінде тағы да бөледі. Мысалы, жуан дауыстылар жуан еріндік (о, ұ), жуан езулік (а, ы), сол сияқты жіңішке дауыстылар жіңішке еріндік (ө, ү), жіңішке езулік (ә, і, е). Бұлай бөлуді ғалым «дауыс түтігінің екі шеңіндегі үйлесімдігіне» қарай деп есептейді [3.9]. П.М.Мелиоранский де тоғыз дауысты дыбысты атайды да, оларға қоса ай, ау, ей, еу, ой, өй, өу, уө, уа - деген т.б. қосарлы дауыстылар бар деп, ал «ә» фонемасын «а» мен «е»-нің аралығындағы дыбыс деп санаған [7]. Ғалымдар арасында «ә» дауысты дыбысы туралы әр түрлі пікір қалыптасқан. І.Кеңесбаев «ә» фонемасының қазақ тілінде сирек кездесуінің басты себебі – оның қазақ тіліне басқа Шығыс тілдерінен келген сөздермен байланысты болуы керек» деп біледі [1, 230]. Ж.Аралбаев түркі тілдерінің кейбіреулерінде «ә» дербес фонема сапасында қолданылса, енді бірінде дербес фонема бола алмайтынын, ал қарақалпақ тілінде «ә» фонемасы көбіне араб-парсы тілдерінен келген сөздерде қолданылатынын айтып, бұл фонеманы берғі кезеңде жасалған туынды фонема деп есептейді [8]. А.Байтұрсынов қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар саны 9 екенін анықтап, олардың тіліміз ерекшелігіне сай жуан-жіңішке болып айтылатынын көрсетті. Қазақ тілі вокализм жүйесін А.Байтұрсынов 5 әріппен таңбалайды. Ғалым дауыстылардың синғармонизм заңдылығына сай жуан-жіңішкелігінің фонологиялық табиғатын терең тануы нәтижесінде дауысты дыбыстардың жуан-жіңішкелігін жеке-жеке әрінпен, ал дауыссыздарды бір әрінпен таңбалаған. «Дауысты дыбыстар жіңішке айтылса – дауыссыз дыбыстар да жіңішке айтылмақшы. Бұлай болғанда дауысты дыбыстардың хәріфлерінің айтылмағын белгілеп айырсақ, дауыссыз дыбыстардың да жуан я жіңішке айтылмағын айырғанымыз»,- дейді А.Байтұрсынов [9, 381]. Осы орайда ғалым М.Жүсіпұлы: «Байтұрсынов қазақ тілінің синғарможіңішке дауыстыларының дербес фонемалар деңгейінде дамып жеткендігін, ал қазақ тілінің синғарможіңішке дауыссыздарының дербес фонемалар деңгейінге дамып жетпеғенін анықтаған»,- дейді [10, 44]. С.Мырзабеков а, ә – ашық, о, ө, е – жартылай ашық дауыстылар да, ұ, ү, ы, і, и, у – қысаң дауыстылар деп таниды. Ол: “Ашық дауыстыларды айтқанда астыңғы жақ (үстіңгі жақ қозғалмайды) барынша төмен түседі де, қысаңдарды айтқанда жоғары көтеріледі. Басқаша айтқанда, ашықтарды айтқанда екі жақ бір-бірінен қашықтай түседі де, қысаңдарды айтқанда бір-біріне жуықтай түседі. Алайда ауаның еркін шығуына кедергі жасамайды. Ал жартылай ашықтар осы екеуінің аралығында айтылады”, - дейді [11, 37]. Екі қатаң дауыссыз арасындағы қысаң дауысты да дыбыссыз айтылуға бейімдеу келеді екен [5, 80]. Ж.Аралбаев: “Қысаң дауыстылар абсолюттік сан жағынан (и, у-дан өзгелері) келте, ашық дауыстылар созылыңқы айтылады”, - деген болатын [8, 39].

Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың фонемалық мәні, олардың әрін-фонема-дыбыс қатынасын төмендегідей сызбалар арқылы көрсетуге болады:

Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың құрамын анықтауда ғылым дамуы барысында ұстанған көзқарастарда бір жүйелілік жоқ екендігін байқаймыз. Себебі дыбыстар құрамын анықтап, оларға сипаттама беруде фонетикалық және үндесім ерекшеліктерін араластырып, бір-бірінен бөлінбеген күйінде қарастырылып келеді. Бұл мәселенің шешімі Ә.Жүнісбек зерттеулерінде бір жүйеге түсірілді. Қазақ тілі дыбыс жүйесіндегі дауыстылар саны жөніндегі пікір алшақтығы да бір арнага тогысты. Сөйтіп, қазіргі қазақ тілінде тогыз дауысты дыбыс бар деп есептеледі. Ал олардың сапасы жөнінде жалаң дыбыс деген көзқарас орнықты. Ал Ә.Жүнісбек алты жалаң дауысты (а, ә, ы, і, ұ, ү) дыбыс және үш құранды дауысты (о, ө, е) дыбыс бар дейді [12, 14]. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың Ә.Жүнісбек еңбегіндегі жіктелім сипаттамасы төмендегідей: 1) жақтың қатысына қарай (ашық, қысың), 2) Еріннің қатысына қарай (еріндік, езулік); 3) жасалу орнына қарай (тіл ортасы, тіл арты): Дауыстылар үш айырым белгісі: 1) жасалымы (жақ, ерін, жасалу орны); 2) айтылымы (ауызбен көмей, ауыздың шығар қалпы); 3) естілімі (үндесім және дауыс сапасы) арқылы сипатталады. Осы үш айырым белгісі бойынша дауысты дыбыстардың фонетикалық сипаттамасы төмендегідей болады:

Жалаң дауысты дыбыстар:

А дауысты дыбысы:

1) Жасалым белгілері: ашық, езу, тіл арты;

2) Айтылым белгілері: көмей қуысты, кең шығысты;

3) Естілім белгілері: жуан, ашық, езу әуезді;

Ә дауысты дыбысы:

1) Жасалым белгілері: ашық, езу, тіл ортасы;

2) Айтылым белгілері: ауыз қуысты, кең шығысты;

3) Естілім белгілері: жіңішке, ашық, езу әуезді;

Ы дауысты дыбысы:

1) Жасалым белгілері: қысаң, езу тіл арты;

2) Айтылым белгілері: көмей қуысты, қысаң шығысты;

3) Естілім белгілері: жуан, қысаң, езу әуезді;

І дауысты дыбысы:

1) Жасалым белгілері: қысаң, езу, тіл ортасы:

2) Айтылым белгілері: ауыз қуысты, қысаң шығысты:

3) Естілім белгілері: жіңішке, қысаң, езу әуезді:

Ұ дауысты дыбысы:

1) Жасалым белгілері: қысаң, догал ерін, тіл арты;

2) Айтылым белгілері: көмей қуысты, дөңгелек шығысты;

3) Естілім белгілері: жуан, қысаң, ерін әуезді;

Ү дауысты дыбысы:

1) Жасалым белгілері: қысаң, догал ерін, тіл ортасы;

2) Айтылым белгілері: ауыз қуысты, дөңгелек шығысты;

3) Естілім белгілері: жіңішке, қысаң, ерін әуезді;

2. Құранды дауысты дыбыстар:

Құранды О дыбысы – wұ, Ө дыбысы – wү, Е дыбысы йі дыбыстарынан жасалады, ягни құранды дыбыстар осы қос дыбыстар түріндегі үндесім әуезбен айтылады.

О дауысты дыбысы:

1) жасалым белгілері: ерін, тіл арты, құранды дауысты дыбыс;

2) Айтылым белгілері: көмей қуысты, сүйір шығысты;

3) Естілім белгілері: жуан, W – ерін әуезді;

Ө дауысты дыбысы:

1) жасалым белгілері: сүйір ерін, тіл ортасы, құранды дауысты дыбыс;

2) Айтылым белгілері: ауыз қуысты, сүйір шығысты;

3) Естілім белгілері: жіңішке, W – ерін әуезді;

Е дауысты дыбысы:

1) жасалым белгілері: емеурін, тіл ортасы құранды дауысты;

2) айтылым белгілері: ауыз қуысты, емеурін шығысты;

3) естілім белгілері: жіңішке, J – езу әуезді; [12, 20].

Жоғарыда айтылған Ә.Жүнісбек еңбегіндегі жіктелім сипаттамасын жинақтап айтқанда, дауысты дыбыстар жіктелімі төмендегідей болады:1) Құрамына қарай: а) жалаң дауысты (а, і, ы, ә, ұ, ү); құранды дауысты (о, ө, е); 2) Жақ қатысына қарай: а) ашық дауысты дыбыстар жақтың кең ашылып, тілдің төмен қалпы арқылы жасалады (а, ә); ә) қысаң дауысты дыбыстар жақтың тар ашылып, тілдің жоғары қалпы арқылы жасалады (ы, і, ұ, ү); б) құранды дауысты дыбыстар (о, ө, е);

3) Еріннің қатысына қарай: а) еріндік дауысты дыбыстар еріннің дөңгеленуі арқылы жасалады (ұ, ү – догал ерін, о, ө – сүйір ерін); ә) езу дауысты дыбыстар еріннің бейтарап қалпы арқылы жасалады (а, ә, ы, і – езу, е – емеурін);

4) Жасалу орнына қарай: а) тіл ортасы дауысты дыбыстар тілдің орта тұсы арқылы жасалады (ә, і, ү); ә) тіл арты дауысты дыбыстар тілдің артқы тұсы арқылы жасалады (а, ы, ұ); б) құранды дауысты дыбыстар басым сыңарының жасалым белгісіне лайық, шартты түрде жіктеледі тіл ортасы (е, ө), тіл арты (о) [12, 20]. Қазақ тілі дауысты дыбыстарын акустика-артикуляциялық ерекшеліктеріне қарай төмендегідей бес топқа бөлін, жіктеуге болады:

Тілдің көлденең қатысына қарай	Тілдің (жақтың) тік қатысына қарай	Еріннің қатысына қарай	Әуез қатысына қарай	Құрамына қарай
тіл арты дауыстылар: А, О, Ұ, Ы;	ашық дауыстылар: А, Ә;	ерін(дік) дауыстылар: О, Ұ, Ө, Ү;	Жуан дауыстылар: А, О, Ұ, Ы;	жалаң дауыстылар: А, Ә, Ы, І, Ұ, Ү;
тіл ортасы дауыстылар: Ә, Ө, Ү, І, Е.	қысаң дауыстылар: О, Ө, Ұ, Ү, Ы, І, Е.	езу(лік) дауыстылар: А, Ы, Ә, І, Е.	жіңішке дауыстылар: Ә, Ө, Ү, І, Е.	құранды дауыстылар: Е, О, Ө.

Қазақ тілі дауысты дыбыстарын акустика-артикуляциялық ерекшеліктеріне қарай жіктеген кезде олардың бір-бірінен өзгешелігін білдіретін айырым белгілері мен ұқсастығын білдіретін ортақ белгілерін біліп, олардың дыбысқа берілетін негізгі фонетикалық мінездемесін білдіретін анықтама екендігін ескеру керек. Ә.Жүнісбек еңбегіндегі дауысты дыбыстардың жіктелім ерекшеліктерін басшылыққа ала отырып, дауысты дыбыстардың айырым белгісі мен ортақ белгісін арнайы кестелер жасап көрсетуге болады. Мысалы, «А – Ұ» фонемаларының бір ортақ, екі айырым белгісі бар. «А – І» фонемаларының бір ортақ, екі айырым белгісі бар. «А – Ә» фонемаларының екі ортақ, бір айырым белгісі бар. «А – Ы» фонемаларының екі ортақ, бір айырым белгісі бар. «А – Ү» фонемаларының ортақ белгісі жоқ, үш айырым белгісі бар.

Қазақ тілі дыбыс жүйесін зерттеу ісін теориялық жағынан дамыту бағытында Ә.Жүнісбектің ғылыми ізденістерінің маңызы зор. Сондықтан Ә.Жүнісбек зерттеуі бойынша дауысты дыбыстарды сингармониялық теорияға қатысты жіктелісін студенттерге талдап түсіндіреміз:

1. Дауысты дыбыстардың үндесім белгілеріне қарай бөлінуі:
а) тіл әуезі (жуан – а, ы, ұ, о; жіңішке – ә, і, ү, ө, е);
ә) ерін әуез (еріндік – ұ, ү, о, ө; езулік – а, ә, ы, і, е);
2. Дауысты дыбыстардың тіл әуез жіктелімі:
а) жуан үндесім дауыстылар (а, ы, ұ, о);
ә) жіңішке үндесім дауыстылар (ә, і, ү, ө, е);
3. Дауысты дыбыстардың ерін әуез жіктелімі:
а) езулік үндесім дауыстылар (а, ә, ы, і, е);
ә) еріндік үндесім дауыстылар (ұ, ү, о, ө);
4. Дауысты дыбыстардың тіл-ерін әуез жіктелімі:
а) жуан, езулік үндесім дауыстылар (а, ы);
ә) жіңішке, езулік үндесім дауыстылар (ә, і, е);
б) жуан, еріндік үндесім дауыстылар (ұ, о);
в) жіңішке, еріндік үндесім дауыстылар (ү, ө);
5. Дауысты дыбыстардың ықшам үндесім жіктелімі:
а) А тірек дауысты дыбыс (а, ә);
ә) Ы тірек дауысты дыбыс (ы, і);
б) Е тірек дауысты дыбыс (жуан сыңары жоқ);
в) Ұ тірек дауысты дыбыс (ұ, ү);
г) О тірек дауысты дыбыс (о, ө);

Дауысты дыбыстардың сөз құрамындағы орнын төмендегі кестеден көрсетеміз:

Дауысты фонема	Сөз басында	Сөз ортасында	Сөз соңында
А	Ана, адам	Қазақ, адай	Домбыра, дала
Ә	Әке, әже	Сәлем, тәрбие	-
О	Отан, отбасы	Бота, бозторгай	-
Ө	Өнер, өлең	Шөбере, бөле	-
Ұ	Ұрпақ, ұран	Құлын, құндыз	-
Ү	Үзік, үйрек	Жүзік, жүзім	-
Ы	Ыдыс, ыргақ	Қымыз, қарбыз	Қозы, тары
І	Ілгіш, ілгек	Көмір, келін	Теңізші, іні
Е	Ерлік, елші	Шекер, жеміс	Кереге, немере

Қазақ тілі оқулықтарында жіңішке дауыстыларды тіл алды арқылы жасалады деп көрсетілген. Бұл дұрыс емес. Қазақ тілі дауысты дыбыстарының құрамында тіл алды дауысты дыбысы жоқ. Ә.Жүнісбек зерттеуінде жіңішке дауыстылар тіл ортасы арқылы жасалатындығы көрсетілді. Сондай-ақ, С.Мырзабеков «е» жартылай ашық дауысты деп түсіндіреді. Аспапты құралдар арқылы зерттеу нәтижесінде Ә.Жүнісбек «е» дифтонг дауысты, оның бірінші сыңары – «и», екінші сыңары жалаң «і» екенін (е = й + і) анықтады. Демек, «е» құрамындағы қосынды дыбыстар қысаң екенін ескерсек, «е» дауыстысы да ашық емес, қысаң екенін түсінуге болады.

Қазіргі ғылым жетістіктері «и» мен «у» қосынды дыбыстарын дауысты деп танымайтындығын көрсетеді. Қазіргі кездегі орфографиямызда осы «и», «у» таңбалары тіліміздің фонологиялық заңдылығына нұқсан келтіріп жүргенін айта кеткен жөн. Қазіргі қазақ тілінің төл сөздерінің құрамында жазылып жүрген «и, у, ю, я, щ» әріптерінің әрбіреуі қос дыбысты таңбалайтын болғандықтан, оларды кірме әріптер деп атаймыз. Ал қазіргі лексикамызда өзгеріссіз қолданылып жүрген өзге тілден енген сөздердің құрамындағы «и, у, у, ё, э, ю, я, в, ф, х, ч, ң, щ» кірме дыбыстар деп танимыз. Қазіргі қазақ тілінің «и, у» (би, ки, су, ту) дауыстылары дифтонг фонемалар. Бұған дәлеліміз: біріншіден, артикуляция жағынан, «й, у» дауыстысының өзге дауыстылардан гөрі

ерекшелік жағы бар. Ол ерекшелігі «й, у»-дың күрделі артикуляциялы болуында: «и, у»-дың бүтін артикуляциясында белгілі тембр сақталмай, бір дыбыстан іле-шала екінші дыбысқа ауысып тұрғанынан байқаймыз. Бір дыбыстан басталып екінші бір дыбыс элементіне бітеді. Сонда «й»-дің бірінші компоненті фонетика жағдайына қарай «ы»не «і», екінші көмескі компоненті – сонор «й», ал «у»-дың неғізгі компоненті фонетика жағдайына қарай «ұ» не «ү», ал екінші көмескі компоненті – сонор «у» (тау) – өте келте айтылады. Сөйтін, «и, у» таңбасы бірінші компоненті қысаң дауыстылар да, екінші көмескі компоненті сонор – «й, у» деп білеміз. Демек, «и, у» таңбасы арқылы берілетін дауыстылардың бірінші неғізгі компоненті дауысты екенін, екіншісі сонор екенін қалай байқауға болады? Дауыстылар артикуляциясында фонациялық ауа кедергісіз еркін шығады да, дауыссызда кедергілі мүкіс шығады. Осыған қарағанда, «и, у» артикуляциясында екі артикуляциялық басқышты көреміз (іштен келе жатқан фонациялық ауа кедергісіз басқышынан кедергілену басқышына өтіп шығады).

Қорыта айтқанда, қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың фонетикалық және үндесім табиғатына сай олардың жасалым, айтылым, естілім ерекшелігі тұрғысынан сипаттамасы жасалды. Дауысты дыбыстар саны мен дыбыстың сапасы жөнінде жүйелі, бірізді көзқарас қалыптасты. Дауысты дыбыстардың фонетика – фонологиялық сипаттамасы бойынша айырым белгілері анықталып, соған сай жіктеу жолы көрсетілді. Сондықтан дауысты дыбыстарды оқыту барысында Ә.Жүнісбек зерттеуінде анықталған ғылым жетістіктеріне ерекше назар аударған жөн деп білеміз.

1. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. -Алматы: Мектеп, 1975. -304 б.

2. Черкасский М А. Тюркский вокализм и сингармонизм. – М : Наука, 1965.

3. Радлов В.В. Фонетика северных тюркских языков. - Леипциг, 1882.

4.Қалиев Б. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың редукциясы (эксперименталды-фонетикалық зерттеу). - Алматы, 1984. - 116 б.

5. Джунисбеков А. Гласные казахского языка. – Алма-Ата: Наука,1972.– 24 б.

6. Ильминский Н.И. Материалы к изучению киргизского наречия. - Казань, 1860.

7.Мелиоранский П.М. Краткая грамматика казак-киргизского языка. Фонетика и этимология. - 1894. СПб., Ч.1., 1894.

8. Аралбаев Ж. Қазақ тілі жөніндегі этюдтер. – А: Ғылым, 1988.– 144 б.

9. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.

10. Жүсіпұлы М А.Байтұрсынов және қазақ тілі фонологиясы. – А: Ғылым, 1998. -216 б.

11. Мырзабеков С. Қазіргі қазақ тілі фонетикасы. – А.:Қаз. Унив, 1997.–217 б.

12. Жүнісбек Ә. Қазақ тілінің дыбыстары//Қазақ грамматикасы.– Астана,2002.–11-64-бб.

Резюме

Н.А. Садуакас. О классификации гласных в трудах А. Жунисбек

В статье рассматриваются вопросы об исследованиях ученого А.Жунисбека в области фонетической характеристики гласных звуков казахского языка с учетом их артикуляционных, акустических, перцепционных особенностей. Ранее в учебниках отсуствовало научность и систематичное описание фонетического состава и фонетической характеристики гласных фонем казахского языка. В настоящее время по исследованиям А.Жунисбека сбронирован научной систематизированой взгляд на количество гласных фонем, их диферензаций, фонетическую характеристику и особенности классификации. В исследованиях А.Жунисбека не просто дана фонетическая характеристика гласных фонем, но и классифицированы гласные с учетом закона сингармонизма. Потому что природа казахского языка должна соответствовать закону сингармонизма. В статье рассматриваются о том, что на уроках фонетики казахского языка необходимо уделять особое внимание научными достижениями А.Жунисбека.

Ключевые слова: фонема, гласный звук, дифтонг, монофтонг гласный, артикуляционный, акустический, перцепционный признак, переднеязычный, заднеязычный, среднеязычный, твердый, мягкий, классификация, щелинный, тембр, признак, сегмент, гласный и.т.д.

Summary

N.A. Saduakas. Classification vowels in the works of A. Zhunisbek

The article states the articulation, acoustic, perception peculiarities of the phonetic descriptionof Kazakh vowels in A.Zhunisbek's researches. Former manuals about vowels and their phonetic description in the Kazakh language were not systematic. At present, due to the researches ofA.Zhunisbek, a systematic view about total number of phoneme, distinctive features and their classification is formed. A.Zhunisbek studies not only the phonetic description of vowels, but also their classification in accordance with the law of the synharmonism, because the nature of the Kazakh language phonologyshould be in accordance with the law of synharmonism. In his study he shows the description of the vowel classification: depending on the position of jaw (narrow and broad), the position of the lips (labial and non-labial), position of tongue (hard and mild), and position (mixed vowels and back vowels). The article states to pay attention to the works of A.Zhunisbekduring the practical lessons.

Key words: phoneme, vowel, compound, single vowel, articulation, acoustic, perception, common sight, difference, narrow, broad, labial, non-labial, mixed vowels, back vowels, hard, mild, lingual-melodic.

ӘОЖ 82.02

БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Б.Ө. Сманов – *Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, п.ғ.д.,профессор*

Қ.Қ. Сүлейменова – *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, педагогика ғылымдарының магистрі, PhD докторант*

Аңдатпа. Бұл мақалада Бейімбет Майлиннің әдеби-публицистикалық мұраларына педағогикалық көзқарас тұрғысынан талдау жүргізілген. Қаламгердің проза, публицистика саласында сіңірген еңбегінің бүгінгі заман үшін де маңызды екеуі дәйектеледі. Оның шығармашылығындағы сатиралық сипаттың басым болуы, ағартушылық, адамгершілік қасиеттер, туған халқына деген сүйіспеншілік, қорлыққа, әділетсіздікке төзбеу, әлеуметтік өрескел қажеттіліктерді сынау қарастырылады. Мұнда зерттеу нысанына алынған Б. Майлиннің әдеби-публицистикалық мұраларын теориялық қырынан талдаған Қ. Жармағамбетов, Ә. Жиреншин, Т. Нұртазин, Б. Наурызбаев, С. Ордалиев, Р. Рүстембекова, Т. Бейісқұлов, С. Байменшин сынды ғалымдардың еңбектеріне шолу берілген. Академиктер С. Қирабаевтың, З. Қабдоловтың ғылыми тұжырымдамасын басшылыққа алған. Сондай-ақ қазақ әдебиетінің тұғырлы тұлғасының артында қалған мол мұрасын тәуелсіздік жылдардан кейінгі бағалануына зер сала отырып, жаңаша көзқараспен талдайды, оны оқытудың мәселелеріне назар аударады.

Түйін сөздер: Б. Майлин прозасы, публицистикалық мұра, сатира, оқыту әдістемесі, педагогикалық көзқарас

Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жаңа дәуірін бастаған «Алыптар тобындағы» ірі ақын, сатирик, ірғелі прозаик және драматург Бейімбет Майлиннің алатын орны ерекше.

Бейімбет Майлиннің өмірі мен шығармашылығына жалпы сипат беру, Бейімбет прозасының көркемдік ерекшеліктеріне педагогикалық көзқараспен қарау, оның ағартушылық, адамгершілік қасиеттері, туған халқына деген сүйіспеншілігі, өз Отанын құрметтеп қорлыққа, әділетсіздікке төзбеуі, әлеуметтік өрескел міндерді сынап өз ой-пікірін тіке айтуы даналығында жатыр [7]. Бейімбет Майлиннің дарыны оның прозалық шығармаларында айрықша жарқырап көрінген, әсіресе, қазақ прозасында сатира жанры Бейімбет шығармалары арқылы кемелдене түсті. Оның әңгімелері өмір шындығын дөп басып көрсететін реалистік теңеуірінімен, көркемдік биік өресімен, тақырыбының әр алуандығымен дараланады. Ол көркем әңгімелері арқылы өзі өмір сүрген заманының тынысы мен қоғамның өмірін энциклопедиялық кемелдікпен сомдай алған ұлы суреткер.

Бейімбет Майлин поэзия, проза, драматургия, публицистика саласында да көптеген еңбек еткен қаламгер. Ол қазақ поэзиясында поэма жанрының өрісін ұзартып, өресін биіктетуге қомақты үлес қосты [1]. Қазақ әдебиетіне қосқан баға жетпес алуан-алуан үлесі мен қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі, көрнекті жазушы Бейімбет Майлиннің есімі кемелденген рухани

мәдениетіміздің, тарихымызда алтын әрінтермен жазылды. XX ғасыр барысындағы аумалы-төкпелі кезеңдердің ащы да тұщы пікір сынағында шыңдалған жазушы шығармашылығы XXI ғасырға да даңқы біреғей болмыс-бітімімен, мазмұн-маңызымен, биіктігімен көркемдігімен жетін отыр.

Б. Майлин өзімен замандас қазақ қаламгерлерінің көбі сияқты, жазуды өлеңнен бастағанымен, көп ұзамай прозаға ден қойған. Бұл жанрдағы алғашқы туындыларының өзімен-ақ ол, мысалы, "Шұғаның белгісі" хикаяты арқылы өзінің үлкен суреткер екенін дәлелдеген жазушы. Ол қазақ әдебиетіне проза жанрын қалыптастыруда керемет еңбекқорлық пен үздік шеберлік танытты. Әсіресе оның қуатты талантын айғақтайтын әңгімелері сан жағынан ғана емес, идеялық-көркемдік деңгейімен де қазақ прозасының алтын қорындағы інжу-маржандары болып табылады. Майлин прозасы да, өзі жетік білетін, негізінен, ауыл өміріне, әсіресе Қазан төңкерісінен кейінгі қазақ қоғамында адамдардың ой-санасы мен мінез-құлқында, психологиясында болған жаңғыруларды бейнелеуге арналған.

Тума талант Бейімбет Майлиннің ғазиз есімі ұлттық әдебиетіміздің тарихында алтын әрінпен жазылды. Ол сол әдебиеттің ірғетасын қалап, мазмұн-маңызын, көркемдік дәрежесін биікке көтерді. Аласапыран заманның ауыр жүгін арқалай отырып, сол кезең әдебиетінің салмақты жүгін көтерісті, қаламгерлік міндетін абыроймен атқарып, қазақ прозасы мен публицистикасында өзіндік стильдік ерекшелігін қалыптастырып, өзінен кейінгі әдебиет өкілдеріне ықпал еткені сөзсіз.

Қаламгердің шығармашылығы қазақ әдебиеті мен публицистикасында ерекше орын алады. Оның әдеби-публицистикалық мұрасы мол және сан алуан. Ол сол кезеңге қатысты қандай мәселе қозғаса да, ондағы ойы – қараңғылық, бақытсыздық күй кешкен, еңсесі езілген халқының озат ел санатына қосылуына, көкірек-көзін оятуға, өнер-біліммен сусындауына, сөйтін бақытты, еркін өмір сүретін күнге жеткізуге қаламымен көмек беру болатын. Сол мақсатта қаламгер сөз өнерінің барлық жанрлық түрлеріне қалам тербеді. Әсіресе, көркем сөз бен көсем сөзді өзіне серік етін, замана жүгін көтерді. Өткен ғасырдың бас кезіндегі ел ахуалы мен кеңестік қоғам құруға кіріскен қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, салт-санасы, арман-мақсаты Б. Майлин қаламынан тыс қалған жоқ.

Біздің зерттеу нысанымызға алынған Б. Майлин шығармашылығын әдеби-публицистикалық мұраларын теориялық қырынан зерттеген біршама еңбектер бар. Атап айтсақ, жазушы шығармашылығын Қ. Жармағамбетов, Ә. Жиреншин, Т. Нұртазин, Б. Наурызбаев, С. Ордалиев, Р. Рүстембековалар қаламгердің ақындық, прозалық, драмалық шығармаларын талдап зерттесе, Т. Бейісқұлов, С. Байменшин сынды ғалымдар Б. Майлиннің көсемсөздік қырын жан-жақты талдап, жаңаша көзқарас тұрғысынан зерделеді. Ал біз өз кезегімізде қазақ әдебиетінің тұғырлы тұлғасының артында қалған мол мұрасын тәуелсіздік жылдардан кейінгі бағалануына зер сала отырып, жаңаша көзқараста оны оқытудың мәселелеріне, танымдық-тәрбиелік арналарына назар аударамақпыз.

Себебі, қазіргі тәуелсіздік кезеңі бізді өткен ғасыр әдеби мұраларына тереңірек үңілін, оларға жаңа көзқарас тұрғысынан зер салуға, шығармаларының басты көркемдік-эстетикалық құндылықтарына қазіргі таным тұрғысынан мән беруге міндеттейді. Мұндай көзқарас былтыр ғана 120 жылдық мерейтойы тұсында қолға алған ғылыми жұмысымыздың мақсатын – Бейімбеттің рухани болмыс-бітіміне, шығармашылығына өзгеше ой көзімен ден қойып, оның ашылмай келген тұстарын ашуды, зерде-таным елегінен қайта өткізе отырып, кезіндегі социалистік реализм шеңберінде ғана ұлықталып келген әдеби мұраға ұлттық сипат бағдарында бағалай білуді, оны кейінгі жас ұрпаққа оқытып меңгертудің ғылыми-әдістемелік жүйесін негіздеуді алға қояды.

Сондықтан Б. Майлиннің туындыларындағы мән-мағына, айтылар ордалы ой танымдық та, тәрбиелік те тұрғыда зерделенгені мақұл деп ойлаймын. Оның негізі тарихи өмір шындығында жатыр.

Академик З. Қабдолов: бұл туралы «Майлин – реалист, оның поэзия, проза, драматургия салаларының қай-қайсысында жазған шығармаларын алып қарасақ та, тұнып тұрған шындық, ақиқаттан ауып басқан бір де бір адымы болған емес», - [5, 96] десе, әйгілі сыншы ғалым, академик С. Қирабаев: «Өмірде жұпынылықты сүйетін ол жазуда әсірелеушілікке бармай, қарапайым шындықты қаз-қалпында суреттеуге шебер еді. Бейімбет шындықты боямай, жаңаның бәріне бас шұлғи бермей, реалист жазушы есебінде өмірде орын алған ұнамсыз құбылыстарды, халық үмітін ақтауға құрылған шындықтың көлеңкелі жақтарын өз шығармашылығында үнемі ашып көрсетін отырды», - [2, 12] деп түйіндейді. Бұл айтылған пікірлер қаламгердің мұраларына да тән тұжырымдар ретінде тәлім-тәрбиелік ойлардың берік негізі секілді қызмет етеді.

Өз дәуірінің талап-тілегіне лайық мол әдеби-публицистикалық мұра қалдырған Б. Майлин сол кезеңдегі қоғамдық жай-күйді, жаңа өмір тәртібін бір жақты, олардың тек жақсы нышандарын ғана көрсетін қоймай, көлеңкелі беттерін, ұнамсыз, халыққа жат, пайдасыз тұстарын шығармашылығындағы өзіндік ерекшеліктермен таныта білгені тек әдебиетші ғалымдарды ғана емес, педагогика ғылымының өкілдерінің де назарын аударады. Кезінде бір жақты қоғамдық құрылыс негізінде талданып келген жоғарыда айтқан ойымызды дәлелдей түсу мақсатында, Б. Майлин шығармашылығын зерттеуші Т. Бейісқұловтың мына бір пікірін келтіре кеткен орынды: «Б. Майлин, қандай бір туынды жазбасын, ұстанған бағыт, жүгінген ағым – негізінен осы социалистік реализм. Бұл бағытты кейбір нысана еткендер құрылып жатқан социалистік қоғамның тек тәуір жақтарын көрсету деп білді. Ал Б. Майлин оны өзінше пайдаланды, біржақтылыққа ұрынбады. Кеңес өкіметін жақтамай, қарсы келген декаденттік, имаженизм, символизм, футуризм, натурализм сияқты ағымдарға да ауытқымады. Романтизмге де бой алдырмады. Ол халық аңсаған бостандық идеясына социалистік төңкеріс жеткізеді деп үміт артқанын жоққа шығара алмаймыз. Әділдік болады деп сеніммен қарады ол. Сондықтан қылт еткен тәуір істі жазбауына болмайтын еді. Қазір байқасаң, өзі өмір сүрген дәуірдің көлеңкелі жақтарын да, әділсіздік кездерін де, биліктегі адамдардың бұрмалаушылықтарын да, тіземен басып, тақымға қысып жасаған әкімшілігін де, солақай содырлығын да аша жазып, батыл сынаған екен ол. Өз заманының толып жатқан мерездерінің соқтасын шығарған Б. Майлин сыншыл реализмге де жақын тұрды» [5, 15].

Енді соған мән берейік. Мәселен, қазақ орта мектебіндегі XI сыныпта Б. Майлиннің өмірі мен шығармашылығына ерекше көңіл бөлінеді. Онда мұғалім сабақ барысында Б.Майлиннің өмірі мен жазушылық өсу жолын оқушыларға меңгерте отырып, көркем сөз зергерінің қазақ кеңес әдебиетінің қалыптасуына қосқан үлесін аңғартуды басты мақсат етін қояды. Мұғалім өз ойы жүйелі болуы үшін және шәкірттерінің жаңа оқу материалынан алатын білімдік, тәрбиелік мағлұматтары нақтылы болуы үшін сабақтың мынадай шағын жоспарын ұсынуы мүмкін:

Жазушының туып өскен ортасы. Білім алуы, өсіп жетілуі. Қоғамдық қызметі. Б. Майлиннің алғашқы жазушылық қадамы және оның қалыптасуы. Ұстаз әңгімесі осы мәселелер төңірегінде өрбиді. Пән кабинеті бүгінгі сабақтың тақырыбына сай әзірленеді. Сынып тақтасына «Бүгінгі сабақта» атты стенд ілініп, жазушының өмірі мен шығармашылық жолын көрсететін хронологиялық кесте, Қазақстанның әдеби картасы, академик-жазушы С. Мұқановтың, Ж. Молдағалиевтің, Б. Майлин шығармашылығына байланысты жарияланған материалдарынан үзінділер, білім алған ордаларының, жазушының жолдастарымен, қаламдастарымен бірге түскен суреттері және «Б. Майлин» фильмінен суреттер қойылады.

Мұғалім сабаққа кірісерде жазушының төменгі сыныптарда өтілген шығармалары туралы сұрап, оқушылардың көңілін жаңа тақырыпқа аударады да тақтаның қақ төріндегі Бейімбет портретінің астына көрнекті етіп жазылған плакаттағы:

«Сенің зарың – зарлайтыным өмірге,
Сенің арың – арлайтыным өмірде.
Сен не көрсең, мен де соны көрмекиін,
Белді буғам ауырға да жеңілге», –

деген өлең шумағын жатқа айтып сабақты бастайды. Ол әңгімесіне мына мәселелерді арқау етеді.

Б. Майлин 1904 жылы қазіргі Қостанай облысы, Тобыл ауданының Ақтөбе деген жерінде дүниеге келген. Бейімбеттің әкесі Жармағамбет те, атасы Майлы да өмірін жалшылықпен өткізген кедей адамдар болған. Ауыл молдасынан қара таныған Бейімбет 1911-12 жылдары білім қуып көрші ауылдағы Арғымбай дейтін қажының медресесіне келіп оқиды. 1913 жылы Тройңкідегі «Уазифа» мектебінде бір жыл дәріс тыңдап, келесі жылында Уфадағы жоғары білім беретін «Ғалия» медресесіне оқуға түседі. Бұл кезеңде Бейімбеттің сауаты әлдеқайда артып, әдебиетке құмарлығы бұрынғысынан өсе түскен болатын. Оның алғашқы өлеңдері, әңгімелері «Садақ», «Айқап» журналдарында жарық көріп есімі елге танылы бастайды.

«Шұғаның белгісі» хикаятының жазылуы жайлы мәлімет беруші Бейімбеттің бірге оқыған досы, көрнекті башқұрт ақыны Сәйфи Құдаш 1916 жылдың ақпанның аяқ кезінде медресе «Ғалиядағы» тіл мен әдебиет мұғалімі Ғалымжан Ибрагимов шәкірттеріне қалаған тақырыптарына шығарма жазып келуді тапсырғанын, содан Бейімбет «Шұғаның белгісін» ұсынғанын, ал оны Бейімбет не бұрын жазғанын, не тапсырма бойынша жазғанын білмейтіндігін айтады: «Бимұхаммед Майлиннің хикаясы,

менің пікірімше, - дейді ол, - сол уақытта жазылған шығармалар арасындағы ең көлемді және жақсысы еді. Ол қазақ тілінде Бимұхаммедтің өз редакторлығымен шығарылып тұрған қолжазба «Садақ» журналында жарияланды». Ұстаз жазушының жастық шағы, өскен ортасын, білім алған кездерін, алғашқы жазушылық жылдарын, мұғалімдік, журналистік қызметін әңгімелегенде жары Гүлжамал Майлинаның, бірге оқыған досы Социалистік Еңбек Ері, Қазақ ССР-нің халық әртісі Серке Қожамқұловтың естеліктерін келтіріп шәкірттерінің сабаққа деген ынтасын бекітіп отыруына болады. Жазушы өмірінің алғашқы кезеңдерінде жарық көрген «Шұғаның белгісі», «Көңіліме», «Садақбай», «Өкесінен хат», «Сексен сом», «Мұсылмандықтың белгісі», «Ыбыраймыз — Ыбыраймын», «Бер, Мырқымбай, қолыңды!», «Раушан коммунист», «Кедейге», «Қанды кек» сияқты шығармаларының идеялық, тақырыптық мәні, сюжеттік-композициялық өрнегі, көркемдік қасиеті туралы қысқаша мәлімет беріледі.

Бейімбеттің жазушылық қызметі, оның шығармашылық өсу кезеңдерін баяндағанда қазақтың белгілі ақыны Өтебай Тұрманжановтың мына естелігі шәкірттерге әсерлі болады: «Ұзақ уақытпен қазақ кеңес әдебиетінің іргетасын қаласқан, ұлттық прозамыздыңалдына жан салмас үздік шебері Би ағаңды көрсем деп арман қылып жүрдім... 1929 жылы, қыс айының ішінде «Қазақстан» баспасы мені теруге дайындап қойған «Таң сыры» атты тырнақалды өлеңдер жинағыма шарт жасауға сол кездегі астана Қызылордаға шақырды. Сол келгенімде жолым болып, көрсем деп құштар болып ынтығып жүрген Би ағамен сәті түсін кездесіп, таныстым. Бойы ортадан биігірек, нағыз денелі, бетінде қорасан дағдының білінер-білінбес ізі бар, мейлінше жұпыны жүретін, жылы жүзді, жұғымды, қара торы кісі екен...». Ұстаз бұл естелікті оқушыға сөйлем ырғағымен дауыстап не өзі, не оқушыға оқытуы мүмкін.

Creative nature - an important component that supports the interest in independence at an advanced level Advanced students are actively working not only with the Russian-Chinese dictionary, but also the dictionaries of the Russian language.

Role playing, theatrical sketches arouse interest among students. Changing situations and roles arouses motivation and reveals all the qualities of the student as an individual. Student feels independence, released from the complexes and fears. Oral or written monologue, fixing material helps to improve the speech of students.

The teacher must know the intellectual level of the group, its general advantages and disadvantages, especially the cognitive activity of strong, medium and weak students. As well as the features of each individual student.

The Experience shows that the unfavorable atmosphere in the audience reduces the motivation and interest in studying. The situation should be businesslike and friendly. It's very important for Chinese students not to lose confidence in language acquisition.

The teacher should inspire confidence in the ability of the student to actively empathize, to encourage progress, and tactfully correct mistakes. The teacher should consider the nature of the student, his experience. It is important to know the knowledge gaps, fill them to develop speech skills in a broad context. The teacher should make the job a different level to work was under force to each student. Each student has to have all the conditions for self-expression.

1. Kostomarov V.G., Mitrofanov O.D. Metodicheskie rekomendatsii dlya prepodavateley inostrantsam.–Moskva, 1984.-416 s.

2. Karaulov Yu.N. Russkiy yazyik i yazyikovaya lichnost. –Moskva, 1987.-379 s.

3. Zimnyaya I.A. Psihologicheskie aspektyi obucheniya vzroslyih inostrannomu yazyiku. –Moskva, 1987.-230 s.

4. Vitlin Zh.L. Obuchenie vzroslyih inostrannomu yazyiku. –Moskva, 1987. - 136 s.

Түйін

Л.С. Торохтий, И.В. Маңко. Орыс тілін шет тілі ретінде оқытудың озық деңгейде сөйлеу және жазу дағдыларын жақсарту

Мақалада қытай студенттерін орыс тіліне озық деңгейде оқытуда сөйлеу және ойлау қызметтерін жақсартудың мүмкін нұсқалары мәселесі қарастырылады. Қытай аудиториясында озық деңгейде сабақ беретін оқытушының алдында орыс тілін оқытуды жетілдіруге бағытталған күрделі міндеттер тұрады. Қытай студенттерін орыс тіліне оқытуда өзіндік жұмыс озық деңгейде тұрады. Озіндік жұмысқа қызығушылық таныту үшін оқытудың озық деңгейінде жаңа материалды түсіндіру шығармашылық сипатқа ие, ойлауды белсендіретін іздену тапсырмалары, тілдік тапқырлықты дамыту тапсырмалары ұсынылады. Қойылған мақсаттарға жету үшін ең алдымен, сабақтың ақпараттық құндылығын арттыру қажет. Озық деңгейде оқытудың бір міндеті студентте орыс тілінде өзіндік шығармашылық ойлау дағдысын дамытуда тұр. Оқытушыға топтың зияткерлік деңгейін, оның жалпы жетістіктері мен кемшіліктерін, күшті, орташа және нашар студенттердің танымдық қызметі ерекшеліктерін, сонымен қатар әр студенттің жеке ерекшеліктерін білу қажет. Әр студентке өз ойын білдіру үшін жағдай жасалуы қажет.

Түйін сөздер: оқыту, дағдылар, белсендіру, жетілдіру, уәждеме, қарым-қатынас, сөйлеу және ойлау қызметі.

Резюме

Л.С. Торохтий, И.В. Маңко. Совершенствование навыков устной и письменной речи на продвинутом этапе обучения РКИ

В статье рассматривается вопрос о возможных вариантах активизации речемыслительной деятельности китайских студентов при обучении русскому языку на продвинутом этапе обучения. Перед преподавателем, работающим в китайской аудитории, на продвинутом этапе стоят очень сложные задачи, направленные на совершенствование обучения русскому языку. Важное место при обучении китайских студентов русскому языку на продвинутом этапе занимает самостоятельная работа. Для поддержания интереса к самостоятельности на продвинутом этапе обучения объяснение нового материала носит творческий характер, предполагаются поисковые задания, задания на развитие языковой догадки, что способствует активизации мышления. Для достижения поставленных целей необходимо, прежде всего, повышение информативной ценности занятий. Одна из задач продвинутого этапа обучения состоит в развитии у студентов навыка самостоятельного творческого мышления на русском языке. Преподавателю необходимо знать интеллектуальный уровень группы, её общие достоинства и недостатки, особенности познавательной деятельности сильных, средних и слабых студентов, а также индивидуальные особенности каждого студента. Каждому студенту необходимо создать условия для самовыражения.

Ключевые слова: обучение, навыки, активизация, совершенствование, мотивация, коммуникация, речемыслительная деятельность.

ӘОЖ 81'42; 801.7

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУ

Л.Қ. Тұрабаева – *М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, филология ғылымдарының кандидаты, доцент*

Аңдатпа. Мақалада мәтін арқылы жүргізілетін жұмыс түрлері қарастырылады. Мектеп бағдарламасында мәтінмен жұмыс жасау арқылы оқушылардың тілін дамыту мәселесі сөз болады. Бастауыш сынып оқушыларының мәтінді қабылдаудағы және оны жеткізудегі тілдік ерекшеліктері түсіндіріледі. Бастауыш сынып оқушыларының тілді қолдану мен тілді дамытудағы мәтіндердің қызметі атап көрсетілген. Мәтінмен жүргізілетін жұмыс түрлеріне оқушының дайындығы туралы қажетті мәліметтер айтылған. Оқушының мәтінді оқуға жаттығуы мен сөздерді дұрыс айтып, сөйлемдерді бір-бірімен байланыстыру жағын үйрету әдістері талқыланады.

Мәтін арқылы тіл дамыту жұмыстарында мәтіннің мазмұнын айтып үйрену жағы да көрсетілген. Сондай-ақ мәтін ретінде берілетін өлең, тақпақ жаттау, мәнерлеп оқу, мақал-мәтелдің мағынасын айтып жеткізу сияқты тіл дамыту жұмыстары кеңінен сөз етіледі. Таңдалып алынған мәтіннің тілі жеңіл, оқуға, түсінуге қолайлы болу жағы ескерілетін тұстар түсіндіріледі. Оқулық мәтіндерінің оқушының жас ерекшелігін ескере отырып қызықты, тартымды болуы да айтылады. Білім берумен қатар оқушыларға тәрбие беру үшін мәтін бойынша жүргізілетін сөздік жұмыстары, шығармашылық жұмыстар туралы жан-жақты қарастырылған.

Түйін сөздер: мәтін, оқу, жұмыс түрлері, тіл дамыту, бастауыш сынып, әдістер.

Мәтінмен жүргізілетін жұмыс түрлерінің бәрі тіл дамытумен тікелей байланысты. Мәтінмен сабақта жүргізілетін жұмыстың әр түрін тіл дамыту үдерісіне жатады деуге болады.

Бастауыш сыныпта мәтінмен жүргізілетін жұмыстың түрлерінің ішінен мәтінді қабылдауға оқушыларды психологиялық дайындаудың тіл дамытуға қатысы жоқ сияқты болып көрінеді. Шындығында олай емес. Мәтінді қабылдаған оқушыларды психологиялық жағынан дайындау арқылы мұғалім оқушының мәтінді жақсы түсінуіне жол ашады. Оқушы мәтінді жақсы түсінсе ғана оның мазмұнын дұрыс айтып бере алады.

Мәтіннің мазмұнын дұрыс айтып беру арқылы өз ойын басқаға дұрыс жеткізуге жаттығады, байланысты сөйлеуге дағдыланады. Ол тіл дамыпу жұмысына жатады. Олай болса, мәтінді қабылдауға оқушыларды психологиялық жағынан дайындау жұмысы да тіл дамытуға қатысты болып шығады. Мәтіннің атқаратын тағы бір негізгі қызметі – тіл дамыту. Мектептегі тіл дамыту жұмысының негізі бастауыш мектепте қаланады.

Алғаш бірінші сыныпқа келген баланың тіл байлығы кедей, сөйлем құрастыруы орашолақ, ойын жүйелі түрде жеткізе алмайды, бұл оның тәжірибесінің аздығын, білімінің жеткіліксіздігінен деп саналады [1, 68]. Бұл бастауыш сынып оқушыларының тіл ерекшелігін зерттеу нәтижесінде айтылған. Ал тілді білуі осындай дәрежеге келгені бірінші. Оны тәжірибе көрсетті. Сол сияқты 2-сыныптан 3-сынып, 3-сыныптан 4-сынып оқушыларының сөйлеуі жоғары. Сынып өскен сайын бастауыш сынып оқушыларының тіл дамуы ерекше көзге түседі. Бірақ оқушы тілінің дамуы, байқалуы оның тілінің әлдеқайда жоғары дәрежеде жетуі деп саналмайды. Мұндай айырмашылық 6-сынып, 7-сынып пен 8-сынып оқушыларының тілінде өте айқын байқалмайды. Оны арнайы жасалған бақылау кезінде анықтауға болады.

Ал бастауыш сынып оқушыларының тіліндегі ерекшелік, даму әр сыныпта анық көрінін тұрады. Бұған қарап, бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымы, айналасындағы ортаны білуі, өмір тәжірибесі, тілді қолдану тәжірибесі жылдан-жылға артып отырғаны деп санаймыз. Ол баланың тіліне әсер етпей қоймайды. Бұл біліктердің бәрі бастауыш сынып оқушыларына мәтіндер бойынша жүргізілген тіл дамыту жұмыстары арқылы қалыптасқан. Олай болса, жас баланың тілін дамытуға ерекше қызметті мәтіндер атқарады. Мәтіндерсіз бастауыш сыныпта тіл дамыту мүлдем мүмкін емес. Әр мәтін баланың тіліне, ойына өзінше жаңалық әкеледі. Тіл дамыту – бастауыш мектепте әр сыныпта жылма-жыл үздіксіз, жүйелі түрде жүргізілетін жұмыс, бірақ ол жұмыс мәтін арқылы, мәтіннің негізінде жүргізіледі.

Бастауыш сынып «Ана тілі» оқулығында, мәтіндер таңдалғанда, оның баланың тілін байыту, дамыту жағына да ерекше мән беріледі. Ол мәтін сайын жаңа сөздің қосылуына да, сөз мағынасының алуан түрімен таныстыруға, жаттауға арналған, тақырыптарға, мақал-мәтелдерге, сөздің ауыспалы мағынасымен таныстыруға да байланысты. «Ана тілі» оқулығының авторлары бұл тұрғыдағы жұмысты мәтіндер арқылы жүйелі түрде жүргізіп отырады. Сол материалдардың, мәтіндердің негізінде мұғалім тіл дамыту жұмысын жүргізеді. Мұғалімдер тарапынан жүйелі түрде жүргізілген жұмыстар өз нәтижесін көрсете алады. Міне, сондықтан да бастауыш сынып оқушылары тілінің дамуы байқалып тұрады.

Мәтінге байланысты сөздік жұмысын жүргізуді алайық. Оқулықтағы әр мәтінде жаңа сөздер қосылып отырады. Сол арқылы оқушы тілі байиды. Мұғалім мәтіндегі жаңа сөзді оқушының күнделікті қолданатын белсенді сөзіне айналдыратындай дәрежеде жұмыс жүргізеді. Бұл бір жағынан оқушы тілін, сөздігін байыту арқылы тіл дамыту болса, екіншіден, сол сөздерді қолдануға жаттықтыру арқылы сөйлеуге үйрету болып табылады. Олай болса, бұл нағыз тіл дамыту мәселесі, ал оның іске асуына мәтін мүмкіндік туғызып отыр.

Мәтінмен жүргізілетін келесі жұмыстың түрі – мәтінді немесе шығарманы оқу. Мәтінді оқу – бастауыш сыныптағы негізгі жұмыстың бірі. Сауатты адамның бір белгісі – шығарманы, кітапты түсінін тез оқу. Ол бірден қалыптаса қалмайды, ұзақ жаттығуды керек етеді. Осы оқуға жаттығудың негізі бастауыш сыныпта салынады. Сондықтан мұғалім оқушылардың дұрыс, шапшаң, мәнерлі оқуына бастауыш сыныпта ерекше мән береді, оған үйретеді, жаттықтырады. Ол жұмыстың бәрі мәтін арқылы жүргізіледі [2, 39].

Мәтінді оқу арқылы оқушы тек оқуға ғана үйренеді деп санамау керек.

Оқушы оқуға жаттығу жолында сөздерді дұрыс айтуға, сөйлемдегі сөздердің бір-бірімен байланысу тәсілдеріне, сөйлемнің құрылысына үйренеді. Байланысты сөйлеудің үлгісін меңгереді. Сонымен бірге оқушыда әңгіме оқуға, кітап оқуға деген құштарлық туады. Әдетте, кітап оқуға құштарлық оқуды жақсы меңгерген оқушыда пайда болады. Ежіктеп оқитын оқуы нашар оқушыға кітап оқуға құштарлық тумайды. Сондықтан мәтінді оқуға жақсы жаттықтырудың маңызы өте зор.

Мәтінді оқыту арқылы мұғалім оқушыны сөйлеудің түрлі үлгісімен таныстырады және оқушыда оқуға деген ынта, құштарлығын оятады. Оқушы неғұрлым көп оқыса, солғұрлым оның тілі көп дамиды. Ал оның бәрі мәтінді оқудан, талдаудан басталады. Сондықтан да мәтін тіл дамыту құралы болып табылады.

Оқушы мәтінді түсінін жақсы оқыса, оның мазмұнын айтып беру қиынға түспейді. Бірақ мазмұнын, ойын байланысты, жүйелі жеткізу үшін мұғалім оқушыны мәтінге жоспар жасатып үйретеді. Мәтінге жоспар жасатып үйретудің маңызы өте күшті. Тіпті кейде ересектердің біразының өзі ойын шашыратып, бірді бастап, екіншіге кетіп сөйлейтіндері кездеседі. Мұндай адамдардың ойын түсіну қиын, сөйлеуі адамды тартпайды. Олардың тілі дамыған деп саналмайды.

Міне, оқушы осы сияқты қолайсыздыққа ұшырамас үшін ойын жинақтап, белгілі жүйемен сөйлеуді қалыптастыруы керек. Мәтінге жоспар жасатып, сол арқылы мазмұнын айтқызуға жаттықтыру, дағдыландыру осы мақсатты орындауға көмегін тигізеді. Ойды, мазмұнды, жүйелі жеткізе білу – тілі дамығандықтың белгісі [3, 84].

Мәтін арқылы тіл дамыту жұмысының негізгі бір түріне оқушыны мәтіннің мазмұнын айтқызуға үйрету жатады. Мәтіннің мазмұнын айту арқылы оқушы сөйлеуге іс жүзінде әдеттенеді. Мәтінмен жұмыстың осы түрінің қалай жүргізілуі оқушы тілінің қалай дамуына қатты әсер етеді. Қазіргі кезде мектепте оқушының мәтінді сол қалпында қайталап шығуына мұғалімнің мән бермеуі жиі кездесіп қалады. Оқушы ойланбай, мәтінді қайталап айтуға дағдыланса, оның тілі дұрыс дамымайды. Сондықтан мұғалім оқушыны мәтіннің мазмұнын өз сөзімен, мәтінге жасаған жоспар арқылы айтқызуға дағдыландыруы қажет.

Оқушы мәтінге жасаған жоспар арқылы ойын жүйелі түрде, өз сөзімен жеткізуге қалыптасса ғана оның тілі дамыды деп атауға болады. Бұл арада тағы да оқушыны дұрыс сөйлеуге дағдыландыру мәтін арқылы жүзеге асатынын көрін отырмыз.

Мәтін оқушының өзіндік жұмысына да құрал болады. Мұғалім мәтінді оқушы өзінше жалғастыруға, мәтіннің белгілі бір бөлімін толықтыруға, мәтінді негізге алып, еркін шығарма, мазмұндама жазуға үйретеді. Мұғалім мәтіннен оқушыға диалог жасауға, диалогтен монолог жасауға үйретеді [4, 118].

Мәтін ретінде берілетін өлең, тақпақ жаттауға, оны мәнерлеп айтқызудың тіл дамытуда атқаратын қызметі өте күшті. Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды оқулықтағы мәтіндер оқушы тілін дамытуда ерекше қызмет атқарады. Тіл дамыту жұмыстарының көбі мәтінмен жүргізілетін жұмыстар арқылы жүзеге асады.

Оқулықтағы мәтіндер өзіне жүктелген күрделі қызметті пәрменді түрде атқару үшін, мәтіндерде төмендегідей дидактикалық талаптар қойылуға тиіс. Олар төмендегідей: 1. Мәтіндер оқушылардың жас ерекшелігіне лайықталып алынуы керек. 2. Мәтіндер жас оқушылардың психологиялық жағдайына сай болуға тиіс. 3. Мәтіндер оқушының білім деңгейіне байланысты алынуы қажет. 4. Мәтіндер де оқушыны қызықтыратын тартымды болуы керек. 5. Мәтіннің тілі жеңіл, оқуға түсінуге қолайлы болуы керек [5, 177]. Мәтінге қойылатын бұл талаптардың әрқайсысына жеке тоқталайық.

1. Мәтіндер оқушылардың жас ерекшелігіне лайықталып алынуы керек. Мәтіндер бастауыш сыныпта бірінші сыныптан бастап оқулыққа кіреді. Әр сыныптағы мәтіндердің өзіндік ерекшелігі бар. Мысалы, бастауыш сынып оқулықтарындағы мәтіндерді таңдауға үлкен ерекшеліктер бар. Егер бастауыш сынып оқулықтарында шағын мәтіндер берілсе, жоғары сыныптарда оқуға шығармалардан үзінді мәтіндер ұсынылады. Қысқа мәтіндер мен шығармалардың айырмашылығы бары белгілі нәрсе. Мұның бәрі материалды оқушының жас ерекшелігіне бейімделуден келін шыққан.

2. Оқушының жас ерекшелігін ескерудің мәні үлкен. Оқушының ойы, санасы, білімі, түсінігі өзінің жасына тікелей байланысты. Әр жастың өз дәрежесі бар, оқушының қабылдауы, түсінігі, зейіиі жасына байланысты. Міне, сондықтан да мәтін көлемі оқушы жалықпайтындай болуы керек. Мазмұны жағынан жас оқушы тез түсінетіндей, оның түсіну мүмкіндігіне бейімделін берілуі қажет. Сонымен бірге мәтіннің мазмұны оқушының есінде қалатындай дәрежеде болуы керек. Ол үшін мәтіндердің мазмұны өте күрделі болмайды. Бұл талап әр сыныптың қазақ тілінің оқулығында үнемі ескеріліп отырады.

3. Мәтіннің жас оқушының білім деңгейіне байланысты алынуы, оны толықтырып отыруы. Мектеп оқушыларына арналған оқулықтағы мәтінді таңдау авторға оңайға түспейді. Өйткеиі ол өте күрделі мәселе, оған жауапсыздық танытуға болмайды. Осы ыңғайдағы талапқа мәтіндердің жас оқушының білім деңгейіне сәйкес алынуы жатады. Сонымен бірге өткен сыныптағы алған білімі келесі сыныпта үнемі бекітілін, нығайтылып отырған. Бұл айтылғандардың бәрі білімнің оқушы санасында, зейіиінде берік сақталуын қамтамасыз етеді. Сондықтан оқулықта сыныптан сыныпқа тақырыптың қайталануы, әдістемелік тұрғыда дұрыс ұйымдастырылған жағдайда пайдалы деп танылуға тиіс.

4. Мәтіндер оқушыны қызықтыратын тартымды болуы керек. Мәтіннің тартымдылығы – өте кажетті шарттың бірі. Мәтіндердің тартымдылығы, оқушыға ұнауы, қызықтыруы түрлі жағдайлар, себептерге байланысты.

5. Мәтіннің тілі жеңіл, оқуға, түсінуге қолайлы болуы. Бұл жалғыз мәтінде ғана емес, жалпы мектеп оқулығына қойылатын дидактикалық шарт. Осы принциптің қойылуы бастауыш сынып оқушысының жас ерекшелігіне, білім дәрежесіне де байланысты. Әрине, қандай оқулық болсын, оның тілінің жеңіл болғаны дұрыс.

Қорыта келгенде, оқулық сапалы болуы үшін ондағы мәтіндер кездейсоқ алынбай, белгілі ғылыми принциптердің негізінде таңдалады. Сонымен бірге мәтін оқушының ойын бірден-бір дамытатын құрал екендігі және мәтін арқылы мектеп оқушыларына жан-жақты тәрбие беру үшін мүмкіндігі мол.

Мәтінмен жұмыс істеу кезеңдерінің бәрінде мәтінді қабылдауға психологиялық дайындық кезеңі, мәтінмен сөздік жұмысы, мәтінді оқу, мәтіннің жоспарын жасау, мәтінге байланысты шығармашылық жұмыс жүргізіледі. Сондықтан мәтіннің оқушы тілін дамытудағы қызметі дидактикалық талаптарды ескергенде ғана тиімді болары сөзсіз. Мәтіннің тәрбиелік мәні жоғары болуы үшін мәтін сыныптарда өзара сатылаған сайын қоғам жаңалығымен әрі тарихи мәселелерден ақпарат беретін деректермен жан-жақты қамтылып оқытылуы тиіс.

1. Ахтанов Т. Шығармалар жинағы. –Алматы: Жазушы, 1987. – Б. 315.

2. Қошанова Н. Мәтін синтаксисінің қазақ білімінде зерттелу қырлары. // Қазақстанның ғылыми әлемі. - 2009. - №1. – Б.112.

3. Темірбекова Г. Мәтіндегі автор бейнесінің зерттелуі. // Ұлт тағылымы. - 2007. - №4. – Б. 279.

4. Смағұлова Г. Мәтін лингвистикасы. Оқу құралы. -Алматы; 2007. – Б.152.

5. Чернухина И.Я. Принципы организации художественного прозаического текста. – Москва, 1983. – Б. 278.

Резюме

Л.К. Турабаева. Развитие речи учащихся в работе с текстом

В статье рассматриваются виды работ, проводимых с помощью текстов. В ней речь идет о проблеме развития языка учеников посредством работы с текстами на уровне школьной программы. Разъясняются языковые особенности при восприятии и воспроизведении текста учениками начальных классов. Показаны функции текста в использовании и развитии языка учеников начальных классов. Она содержит необходимый материал о подготовке учеников начальных классов к видам работ с текстом. В статье также обсуждаются методы обучения ученика при работе с текстом правильному произношению слов, умению связывать друг с другом предложения.

Показано, что при работе с текстом по развитию языка необходимо развивать умение передать его содержание. В статье также много говорится о работах по развитию языка посредством представленных как текст стихотворений, выразительного чтения, раскрытия содержания пословиц и поговорок. В статье поясняется, что язык выбранного текста должен быть легким, адаптированным к чтению и пониманию, а учебные тексты, учитывая возрастные особенности ученика, должны быть интересными и притягательными. Всесторонне рассматривается также проблема воспитания посредством проводимых на основе текстов работ со словом, творческих изысканий.

Ключевые слова: текст, чтение, виды работ, развитие речи, начальные классы, методы.

Summary

L.K. Turabaeva. Speech development of pupils in the text

This article deals with the types of work carried out with texts. It refers to the problem of students' language development in terms of working with texts at the level of the school curriculum. The linguistic features at the perception and reproduction of the text by the primary school students are explained. The functions of the text-to-use and language development of primary school students are shown. It contains the necessary material for the preparation of primary school students to the types of work with the text. The article also discusses the methods of students' teaching during the work with the text which requires the correct pronunciation of words, the ability to connect the sentences together.

It is shown that while working with the text on the language development it is necessary to develop the ability to convey its content. The article also refers to many works on language development by providing text poems, expressive reading, disclosure of proverbs and sayings content. The article explains that the language of the text under consideration should be easy, adapted to reading and understanding, as well as educational texts taking into account the age characteristics of the students, should be interesting and attractive. The problem of upbringing in terms of word works held on the basis of texts and creative studies is also considered comprehensively.

Key words: text, reading, types of work, language development, primary classes, methods.

ЖУРНАЛИСТИКА

ӘОЖ 811.512.122*37:659.1

ТЕЛЕЖАРНАМАЛАРДАҒЫ БЕЙВЕРБАЛДЫ БАҒАЛАУЫШТЫҚ МӘННІҢ БЕРІЛУ ЖОЛДАРЫ

Л.М. Әділбекова – *Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің профессор м.а., филология ғылымдарының кандидаты*
С.А. Оданова – *Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессор м.а., филология ғылымдарының кандидаты*
Р.А. Абишова – *Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің 1курс магистранты*

Аңдатпа. Соңғы жиырма бес жыл ішінде, яғни, 1990 жылдан бергі кезеңде бұрынғы кеңестік дәуірдегі қоғамдық-саяси қатынастар ыдырап, елімізде нарықтық қатынастарға негізделген жүйе қалыптаса бастағаннан бері жарнама қоғамдық өмірдің ажырамас бір бөлігіне айналды. Осы кезеңнен бастап жарнама тілін зерттеу тіл білімі ғылымында да алға қойылды. Жарнама қоғамның барлық сферасына ене отырып, оның әлеуметтік институтына және онда өмір сүріп отырған адамдар өміріне белсенді түрде әсер етуде. Жарнама тек қана тауарлар, көрсетілетін қызметтер туралы ақпаратты беріп қана қоймайды, сонымен қатар қоғамдағы қоғамдық, саяси және басқа да қатынастар туралы ақпарат береді. Қазіргі таңда жарнама берілу жолына қарай тележарнама, радиожарнама, баспа жарнамасы, көше жарнамалары және желілік жарнама болып бөлінеді. Жарнаманы беруде вербалды және бейвербалды құралдар қолданылады. Бұл мақалада қазіргі тележарнамалардағы бейвербалды бағалауыштық мәннің берілу жолдары туралы ғылыми тұжырымдамалар талданады.

Түйін сөздер: жарнама, тележарнама, бейвербалды бағалауыштық мән, мимика, жест.

Қазіргі адамдардың өмірін күннен күнге дамып, қоғамда жоғары қажеттілікке ие болып отырған жарнамаларсыз елестету мүмкін емес. Жарнама қоғамның барлық сферасына ене отырып, оның әлеуметтік институтына және онда өмір сүріп отырған адамдар өміріне белсенді түрде әсер етуде. Жарнама тек қана тауарлар, көрсетілетін қызметтер туралы ақпаратты берін қана қоймайды, сонымен қатар қоғамдағы қоғамдық, саяси және басқа да қатынастар туралы ақпарат береді.

Қазіргі таңда жарнама берілу жолына қарай тележарнама, радиожарнама, баспа жарнамасы, көше жарнамалары және желілік жарнама болып бөлінеді.

Телероликтер – 10 секундтан бірнеше минутқа дейін созылатын, актерлердің қатысуымен жүзеге асатын минифильм немесе шағын сюжеттік ойынға құрылған өте кең таралған тележарнама түрі.

Тележарнамадағы ең басты дүние – қызықты визуализация (көрермен ең бірінші естігенін емес, көргенін есте сақтайды); визуализация анық әрі түсінікті болуы тиіс; алғашқы 5 секундта көрерменнің назарын аудара алуы керек; тележарнама құрылымын дайындағанда ойланатындай емес, қабылдауға жеңіл болуы; сюжеттерді заттың қатысуымен емес, адамның қатысуымен көрсеткен жөн; әрбір қолданылатын сөздің өзіндік орны болған дұрыс.

Жарнамадағы бейвербалды бағалауыштық мәннің құралдарына мимика, жест, интонация, кідіріс (пауза), күлкі, жылау, және тағы басқа да вербалды қатынастың басты құралы сөзге көмекші болатын, күшейтетін, кейде оны алмастыратын белгілер жүйесін жатқызамыз. Зерттеулерге сүйенсек, 55% хабарламалар бет-әлпет, жест арқылы қабылданса, 38% хабарламалар интонация және дауыс ырғағына байланысты қабыладанады. Тек 7% хабарламаларда ғана сөзге назар аударылады [1].

Қарым-қатынаста қолданылатын бейвербалды құралдардың өзі қарым-қатынастың басты құралы тіл сияқты әр ұлттың өзіне ғана тән болып келуі мүмкін. Мәселен бұлғарлар айтылған ойға келіспегендігін басын изеу арқылы білдірсе, қазақтар мен орыс халқында керісінше келіспегендік деп санайды.

Сондай-ақ әртүрлі жастағы адамдар тобында да бейвербалды қатынас құралдарын пайдалану әртүрлі сипат алады. Мысалы, балалар жылауды үлкендерге өзінің қалауы мен тілектерін орындату құралы ретінде пайдаланады.

Бейвербалды бағалауыштық мәннің ақпаратты жеткізуге байланысты негізгі үш түрі ажыратылады:

Фонаңиялық;

Кинетикалық

Графикалық (бейнелік).

Фонаңиялық бейвербалды бағалауыштық мәндерге дауыс тембры, дауыс күші мен темпі, интонаңия, дауыстаудағы ерекшеліктер, кідірістер (ммм, ааа) тағы басқалар жатады.

Кинетикалық бағалауыштық мәнге жест, қимыл қозғалыс және мимика жатады.

Графикалық бейвербалды бағалауыштық мән жазбаша сөйлеуде көрініске ие болады.

Мимика арқылы адамның бет-әлпетінің қимылдарын түсінеміз. Мимика (гр. μιμιχοζ, mimikos – еліктеушілік) – бет-әлпеттің қозғалысы, адам сезімін білдірудің бір формасы, адамның ішкі сезімін, көңіл-күйінің әр алуан сәттерін (көңілдену, қайғыру, ашулану, т.б.) білдіретін бет-әлпеттің мәнерлі қимыл-өзгерісі [2]. Жарнамада мимика әртүрлі сипатқа ие болады. Мимиканың бағалауыштық мәндеріне агрессиялық мимика – ашу-ыза; белсенді-қорғаныштық мимика – жек көру, ұнатпау, жақтырмау; пассивті-қорғаныштық мимика – көңбістік, төмендету; қанағаттану-қанағатсыздық мимикасы, оптимизм және пессимизм мимикасы. Мысалы: «Palette» шаш бояуының тележарнамасынан:

ООО! Сен шашыңды жаңа бояғансың ба?

Жоқ, тек менің сүйікті шаш бояуымның түсі ұзақ сақталатын болды.

Жаңа сұйық кератинді «Palette» берік крем-бояуы. Түсі 50%-ға дейін қанық әрі берік. Және көз тартарлықтай нәтиже. Енді сіздің шаш бояуыңыздың түсі уақыт өткен сайын жаңа бояғандай болып көрінеді. Жаңа «Palette» берік крем-бояуы. Осы және өзге де жарнамаларда тек қана оптимистік бағалауыштық мәндер кездеседі. Себебі, жарнамадағы тауар көрерменге тек қана жақсы әсер қалдыруы тиіс.

Келесі жарнама зер салсақ: «Терафлю» дәрі-дәрмегі:

Қызу? Бас ауруы?

Менде бәрі дайын. Тұмау дайын ба? Жар! Терафлю экстра. Тұмауға қарсы көмек. Терафлю – тұмау мен суық тиюге қарсы эксперт. Терафлю. Ауыруға уақыт жоқ!

Бұл жарнамадан қуанышты да, көңілсіздікті де көруге болады. Және осы бейвербалды бағалауыштық мәндер ададарға тауардың құндылығын түсінуге және оны таңдауға мүмкіндік береді.

Мимиканың маңызды элементтерінің бірі – көзқарас. Тірі жанның көзқарасы, әсіресе адамның көзқарасы мол ақпараттарға толы ең күшті тіртіркендіргіш болып саналады. Қарым қатынас барасында адамдардың көзқарасы көп нәрсені аңғартады. Мұндағы басты қызмет атқаратын мүше – көз. Көз адамның барлық сезімдерін жеткіуші бейвербалды құрал болып табылады. Мысалы, «Пиала» шайының тележарнамасы: «Бұрын болған оқиға. Әскерден үйге қайтып келемін. Қалтада ақша жоқ, асқазанда мәз емес. Купеге жап-жас жолсерік қыз көз қырын салып қарады. – Шай ішемісіз? – Ішеміз. Шай әкеледі. Содан кейін қант сұраймын. Тағы да шай сұраймын, тағы да, тағы да. Сөйлесін отырып, станңиямнан өтіп кете жаздадым. Заттарымды жинап пойыздан түсіп кетемін. Сол кезде пиаланы өзіммен алып кеткенімді түсінемін.Және оны иесіне қайтару керек екенін түсіндім. – Әрмен қарай? – Әрмен қарай жолсерік қыз 30 жыл бойы осы пиалаға маған шай құйып берін келеді».

Көзқарас арқылы көрінетін әсерлер көздің жарқылынан, қас пен кірпіктің қимылынан, мұрын мен ауыздың бейнесінен байқалады. Антрополог Т.Эдуард Холдың айтуы бойынша, саяси көшбасшылардың бірі Ясир Арафаттың қара түсті көзілдіріктер киіп жүруінің басты себебі – көзінен оның жан дүниесін басқа адамдардың білін қоюынан сақтану. Адамның көз жанары сырттан келген тітіркендіргіштерге тез жауап беретіндіктен, оны қадағалау мүмкін емес болып табылады [3]. Жарнамада да адамның көз жанары тауардың өту ықтималдылығын арттыруға ықпал етеді.

Жесттер – адамның қарым–қатынас жасау барысында ойлауын немесе жағдайын түсіндіруде бас, қол және саусақтардың қимылы арқылы жүзеге асатын қозғалыстар. Тележарнамаларда бұлар бағалауыштық мәнді беруге септігін тигізеді:

Сілтеу жесті;

Ерекшелеу жесті;

Көрсету жесті [4].

Сілтеу жесттері затқа немес еадамға көрсеткенде оған көңіл аудартуды басты назарға алады. Бұл әдіс – тележарнамаларда өте кең таралған бейвербалды бағалауыштық мәнің берілу жолы. Мәселен, «Алпен Голд» шоколады: «Жаңа Алпен Голд шоколадының дәмін тат. Тұздалған миндаль мен тәтті карамельдің сүтті шоколадта кездейсоқ кездесуі. Алпен Голдтан жаңалық. Оптимизм сенің қолыңда». Осы жарнамада бейвербалды бағалауыштық мән сілтеу жесттері арқылы көрініс табады.

Ерекшелеу жесті айтылған ойды нақтылау мақсатында қолданылады. Бұл жерде қол саусақтарының маңыздылығы жоғары. Мәселен,

«Буын ауруы.

Өтінемін!

Аааа...

Сіз әлі жап-жассыз, бірақ буындарыңыз ауырады ма?

Тоқтаңыз, жай майлар уақытша ғана ауруды басады. Терафлекс. Терафлекс белсенді капсулалары буындардағы ауруды басып қана қоймай, оның қайта пайда болуының алдын алады. Терафлекс. Буынның жастығын ұзарт.

Бұл жарнамада тауарды көрермен назарына көбірек көрсетеді. Және бейвербалды бағалауыштық мәндер қолдың саусақтары арқылы жүзеге асады. Көрсету жестіндегі ең басты дүние – қолдың қалпы.

Тауар жарнамада әртүрлі қалпында жақсы қырларымен көрсетіледі. Және оның жоғары кәсіби деңгейде жасалуында вербалды бағалауыштық мәндермен қатар бейвербалды бағалауыштық мәндердің дұрыс қолданылуы маңызды.

1. Лебедев-Любимов А. Психология рекламы. – СПб.: Питер, 2002. – 368 с: ил. – (Серия «Мастера психологии»)

2. Грачев Г.В. Информационно-психологическая безопасность личности: Состояние и возможности психологической защиты. – М.: Изд-во РАГС, 1998. – 125 с.

3. Дымшиц Михаил Наумович. Манипулирование покупателем. / М Н. Дымшиц,- М.: Омега – Л, 2004. – 252 с.

4. Психология эмоций. Тексты / Под ред. В.К. Вилюнаса, Ю.Б. Гиппенрейтер. — М : Изд-во Моск. ун-та, 1984. —288 с.

Резюме

Р.А.Абишова, Л.М.Адилбекова, С.А.Оданова. Способы передачи невербального оценочного смысла в телерекламах

С периода года независимости в казахской лингвистике рассматриваются языки рекламы. Потому что, в этом периоде наше республика перешла на капиталистическое общество. Сейчас жизнь современного человека немыслима без рекламного фона, который является все более очевидным, более активным и действующим. Реклама, проникшая и проникающая во все сферы общества, активно воздействует на его социальные институты и оказывает значительное влияние на социальное поведение живущих в нем людей. Телеролик – самый распространенный и дорогостоящий вид телерекламы, и в телеролике главное – интересная визуализация. В телерекламе мы используем вербальных и невербальных оценочных значении. Товар демонстрируется во всех его красках, функциональности, динамичности. Использование телевизионной рекламы, особенно высокого профессионального качества (правильно выбирать невербальных оценочных значении), значительно повышают престиж рекламодателей по целому ряду причин. В этой статье рассматриваются пути невербальных оценочных значении в телерекламах.

Ключевые слова: реклама, телереклама, невербальные оценочные значение, мимика, жесты.

Summary

R.A. Abisheva, L.M. Adilbekova, S.A.Odanova. Ways of transmission of non-verbal marking value in television commercials

Since the period of year of independence in the Kazakh linguistics it is considered advertizing languages. Because, in this period the republic passed ours to market society. Now life of the modern person is inconceivable without advertizing background which is more and more obvious, more active and acting. The advertizing which got and getting into all spheres of society actively influences its social institutes and has considerable impact on social behavior of the

people living in it. The TV clip – the most widespread and expensive type of TV commercial, and in the TV clip the main thing – interesting visualization. In TV commercial we use verbal and nonverbal estimated value. The goods are shown in all its paints, functionality, dynamism. Use of TV advertizing, especially high professional quality (it is correct to choose nonverbal estimated value), considerably increase prestige of advertisers for a number of reasons. In this article ways nonverbal estimated value in TV commercials are considered.

Keywords: advertizing, TV commercial, nonverbal estimated value, mimicry, gestures.

УДК 811.161.1´42

ЖАНРЫ ТЕЛЕВИЗИОННОГО ДИСКУРСА

Е.Н. Ормаханова – *докторант PhD 1 курса совместной образовательной программы Института языкознания им. А. Байтурсынова и КазНУ им.аль-Фараби*
Г.С. Султанбаева – *доктор политических наук, профессор*

Аннотация. Многие отечественные и зарубежные лингвисты проявляют интерес к речевой коммуникации и к ее жанрам. Телевизионный дискурс остается малоизученной областью. Проведенные исследования, в основном, носят экспериментальный характер. Важнейшим фактором диалогического общения людей является исследование жанрового многообразия. Автор статьи классифицирует жанры телевизионного дискурса по тематическому, структурно-композиционному и стилистическому признаку. Из-за специфики телекоммуникации каждый жанр телевизионного дискурса обладает рядом особенностей. Разработанная классификация открывает большие перспективы для дальнейших исследований жанров телевизионного дискурса.

Ключевые слова: телевизионный дискурс, речевая коммуникация, жанр, телевизионная речь, телезрители.

Современный мир телевидения – один из самых эффективных способов воздействия на носителей языка среди других форм масс-медиа. Телевидение довольно быстро вошло в быт всего человечества и оказало на его развитие всеобъемлющее влияние. Именно телевидение является самой популярной формой проведения досуга людей. Вслед за политологами, психологами, социологами и журналистами изучением данного социального феномена занялись лингвисты. Среди них наиболее известны имена Ю. Богомолова, И. Бродского, А. Вартанова, В. Вильчека, Г. Кузнецова, С. Муратова, Г. Оганова, А. Юровского. Тем не менее, телевизионный дискурс является малоисследованной областью. Научные исследования, проведенные в данном направлении, чаще всего носят экспериментальный характер или посвящены специфике небольшого числа телевизионных жанров.

Дискурс – это связный текст в совокупности с экстралингвистическими, прагматическими, социокультурными, психологическими и другими факторами. Речь, рассматриваемая как целенаправленное социальное действие, как компонент, участвующий во взаимодействии людей и механизмах их сознания (когнитивных процессах) [1, 9]. Язык телевидения представляет собой подвижный речевой континуум. Телевизионная речь существует как бы между двух основных полюсов: функции сообщения и функции воздействия. Между этими полюсами, расположены различные жанры телевидения. Прежде чем перейти к описанию жанрового многообразия телевизионного дискурса, необходимо, рассмотреть, что понимают под «жанром» в современной лингвистической литературе. Изучение жанров является актуальной и весьма перспективной областью исследования. Рассмотрение речевого жанра – как факта социального взаимодействия людей вытекает из концепции речевых жанров М.М. Бахтина, впервые сформулированной им в 1929 г. в работе «Марксизм и философия языка». Под речевым жанром М.М. Бахтин понимает «композиционные и стилистические единства, определяемые функцией (художественные, научные, бытовые высказывания), условиями общения (книжные монологические жанры, установленные на читателя, публику, специалистов, военные команды, официальные заявления, адресованные определенному учреждению и т.п.), наконец, конкретной ситуацией речевого общения». На основе речевого жанра М.М. Бахтин выделяет бытовые, риторические, научные, литературные и другие жанры. Далее дается классификация вышеперечисленных жанров по параметрам первичности (простые речевые жанры) и вторичности (сложные речевые жанры) [2, 205]. Жанры телевизионного дискурса относятся к вторичным речевым жанрам. Жанровое многообразие современного

телевизионного дискурса по тематическому, структурно-композиционному и стилистическому признакам представляет особый интерес.

В данном исследовании, мы рассматриваем телевизионный дискурс как телевизионную речь во взаимодействии телекоммуникатора и телеаудитории. Социальное взаимодействие телекоммуникатора и телеаудитории представляет собой макросистему. В ней воплощается коммуникация обширного круга людей, обладающих социальными, возрастными, профессиональными, территориальными, культурными характеристиками. Телевизионную речь можно представить как речевой портрет эпохи, которая воплощается в различных жанрах. Исследование речевых жанров – это лингвистическое описание структуры жанров или лексикологическое описание семантики имен речевых жанров в языке. Изучение жанров является важнейшим фактором диалогического общения людей [3, 9]. Следовательно, прагматическое жанроведение рассматривает язык не только в связи с «человеком говорящим», но и в диалогическом контексте коммуникативной ситуации, а также – более широко – в контексте национально-речевой, социальной, духовной культуры [4, 84].

В данной статье представляется классификация жанров телевизионного дискурса по тематическому, структурно-композиционному и стилистическому признакам. С.Ю. Данилов рассматривает жанр как «речевую единицу, которая воплощает интенциональное состояние, связывающее адресанта и адресата, а также строится по тематическим, стилистическим и композиционным канонам, закрепленным в культуре» [5, 218]. Актуальность предпринятого исследования обусловлена недостаточной изученностью теледискурса и его жанровой специфики, осмысление которых является одним из перспективных направлений в современной лингвистике. Ввиду обширности исследовательского материала и его сложности, в рамках одного исследования невозможно глубоко и всесторонне выявить все жанровое многообразие телевизионного дискурса. Телевизионный дискурс по праву можно назвать культурно-социальным феноменом, и полагаем, что в процессе данного исследования разработанные классификации будут дополнены.

В семиотическом отношении телевизионный дискурс является полиструктурным, использующим знаковые коды таких систем, как театр, кино, живопись, фольклор, массовая культура, разговорная речь. Телевизионное пространство реализует дискурс новостей, официальный, политический, бюрократический и развлекательный виды дискурса. [6, 27] Массовые жанры телевидения апеллируют к универсальным ожиданиям людей по развитию сюжета, типажу героя, а также линии его поведения. Телевизионный дискурс исследован нами как сложные речевые события. По тематическому признаку выделяются следующие жанры телевизионного дискурса: теленовости; телеобзор; фильм на ТВ (художественный фильм, документальный фильм, драма, мелодрама, боевик, комедия, приключения, триллер, ужасы, детектив, эротика); телесериал; телеспектакль; мультипликационный фильм (мультфильм для детей, мультфильм для взрослых); телеинтервью (портретное интервью, тематическое интервью, смешанный тип интервью [портретное + тематическое]; телерасследование; телереклама (политическая, коммерческая, анонс); теледебаты; телешоу (ток-шоу, реалити-шоу, игровое шоу, комедийное шоу, шоу талантов); телеигра; телевикторина; телеэкстрим; телепутешествие; телеклуб; телеинструкция; телешоп; телегороскоп; телелотерея; телешкола; музыка на ТВ (музыкальный концерт, музыкальная программа, музыкальный конкурс и т. д.); спорт на ТВ (Олимпийские игры, Чемпионат, Кубок и др.); патриотическая программа; программа о здоровье; научно-популярная программа; пародийно-юмористическая программа; кулинарная программа. Большинство вышеперечисленных жанров можно рассмотреть в многообразии субжанров. Например, для жанра «концерт» характерны следующие субжанры: «юбилейный концерт», «гала-концерт», «концерт классической музыки», «концерт народной музыки», «концерт популярной музыки», «творческий вечер» [7, 208].

Многие из появившихся за последнее десятилетие на казахстанском ТВ жанров телевизионного дискурса, а также существовавшие ранее программы являются отражением протекающих, все более углубляющихся и расширяющихся интерактивных процессов на телевидении. Если раньше, зритель мог лишь отправить письмо-заявку с просьбой показать какой-нибудь фильм, исполнить в музыкальной программе любимую песню, то сейчас он принимает участие в любом голосовании (ток-шоу, теледебаты, реалити-шоу и т. д.). С помощью телефонной связи телезритель может дозвониться в студию и поговорить с участником той или иной программы. А пульты для

голосования в студии и интернет-голосования позволяют потенциальному зрителю участвовать в процессе создания передачи. Следует вывод, что у телеаудитории появилось больше возможностей, у нее нет ограничений. Впервые в телевизионном дискурсе телезритель выступает как активный субъект коммуникации, он представляют интерес как для телекоммуникатора, так и для зрителя у экрана телевизора. В последнее время, зрительская аудитория все чаще становится основой содержания телевизионной программы.

Постепенный переход от традиционного – «одностороннего», монологического типа телекоммуникации к интерактивному – «двустороннему», диалогическому типу, расширяет палитру диалогических жанров, противопоставляемых по структурно-композиционному признаку монологическим жанрам. К монологическим типам мы относим следующие жанры телевизионного дискурса: теледебаты, ток-шоу, реалити-шоу, игровое шоу, шоу талантов, телеигра, телеинтервью и т.д. Как правило, речевое событие, основано на использовании, неподготовленной, спонтанной речи. К диалогическим типам относятся теленовости, телеобзор, телегороскоп. Вышеперечисленные жанры – речевые события, в основе которых лежит подготовленная, неспонтанная речь. Основные структурные различия указанных жанров телевизионного дискурса: спонтанность, неподготовленность и неспонтанность, подготовленность. По стилистическому признаку вслед за О.А. Лаптевой существуют различия между полярными жанрами телевизионного дискурса: дикторское прочтение текста официальной информации. Оно характерно для жанра «теленовостей» [3, 11]. В записи скрытой камерой общение телекоммуникатора и не предупрежденного об участии в телевизионной передаче человека происходит в естественной обстановке, например в программе «Жасырын камера» (жанр «пародийно-юмористическая передача»), в детективной передаче «Қылмыс пен жаза» (жанр «ток-шоу»), в программах жанра «телерасследование» (Очная ставка) и других. В первом случае жанр воплощается в ситуации речевого общения. Основными признаками речевого общения являются официальность и публичность. Во втором – неофициальность и использование обиходно-бытовой разговорной речи.

Изучая телевизионную речь и анализируя тенденции развития телевизионных жанров, О.А. Лаптева отмечает увеличение «свободных» жанров и сокращение «протокольной» части телепередач. По словам автора, эта тенденция, напрямую связана с повышением эффективности воздействия телевизионной речи и «проявляется в стремительной перестройке стиля телевизионных передач, в бурном росте и возникновении новых передач «разговорного» жанра... Многие из них идут в прямой эфир, то есть никак не редактируются по языку» [3, 12]. В дикторской, неспонтанной речи, характерной для жанров «теленовости», «телегороскоп», «телеобзор», также можно выявить некоторые изменения. В этом случае диктор часто выступает как человек с собственной позицией и мнением. В работе на телевидении допускается быстрый говор, членение речи не по синтагмам, а по сегментам. Оговорки, которые раньше не допускались в речи дикторов, становятся привычным явлением в телевизионном эфире, также дикторы позволяют себе отступления от написанного текста.

Многие функции современного телевидения оказывают значительное влияние на его язык. Телевизионная речь обладает рядом особенностей:

а) Кроме устной формы, с точки зрения восприятия, в телевизионной речи наличествует письменная форма (титры, тексты рекламных объявлений, «бегущая строка»).

б) В телевизионной речи наличествуют устные транспозиционные формы (речь телеведущих, дикторов, героев телефильмов и т.п.).

в) Наличие в телевизионной речи элементов разговорности способствует установлению контакта между субъектами телевизионной коммуникации, привлекает и удерживает внимание телезрителей, вызывает познавательный интерес, подталкивает к размышлению.

По стилистическому признаку выделяются полярные жанры телевизионного дискурса: «публицистические» и «разговорные». Телевизионный дискурс не статичен. Поэтому нельзя утверждать, что поляризация абсолютна. Телевизионному дискурсу присуща интерактивность, диалогичность, равноправное взаимодействие субъектов коммуникативного процесса, то есть телекоммуникатора и телеаудитории. В телевизионной речи наблюдаются элементы разговорности, но это не означает, что все журналисты используют в работе разговорную речь. Речевое общение представителей масс-медиа лишь напоминает разговорную речь, но в целом представляет публичную разновидность устной литературной речи. Таким образом, по структурно-композиционному и

стилистическому признакам выделяются, монологические и диалогические, «публицистические» и «разговорные» жанры телевизионного дискурса. Из-за специфики телекоммуникации каждый жанр обладает рядом особенностей. Данная классификация жанров, изученная по тематическому признаку, открывает большие перспективы для дальнейших исследований и выявления многообразия жанров телевизионного дискурса.

1. Storey J. Cultural Studies and the Study of Populär Culture. Edinburgh, 1998. С. 9.

2. Бахтин М.М Собрание сочинений. Т. 5: Работы 1940-х - начала 1960-х годов. М., 1996. С. 205.

3. Лаптева О.А. Живая русская речь с телеэкрана. Разговорный пласт телевизионной речи в нормативном аспекте. 5-е изд. М., 2003. С. 9.

4. Кожина М.Н. Стиль и жанр: их вариативности, историческая изменчивость и соотношение // Stylistyka VIII. Opole, 1999; Макаров М Л. Интерпретативный анализ дискурса в малой группе. Тверь, 1998. С. 84

5. Данилов С.Ю. О канонах внутрижанровой интеракции (на материале речевого жанра «проработка») // Жанры речи: Сб. науч. ст. Саратов, 2002. Вып. 3. С. 218.

6. Дементьев В.В. Коммуникативная генристика: речевые жанры как средство формализации социального взаимодействия // Жанры речи: Сб. науч. ст. Саратов, 2002. Вып. 3. С. 27.

7. Бахтин М.М Собрание сочинений. Т. 5: Работы 1940-х - начала 1960-х годов. М., 1996. С. 208.

Түйін

Е.Н. Ормаханова, Г.С. Султанбаева. Телевизиялық дискурс жанрлары

Отандық және шетелдік тіл білімі мамандарының көбісі сөйлеу коммуникациясы мен оның жанрларына қызығушылық танытуда. Телевизиялық дискурс әлі күнге дейін аз зерттелген сала болып есептелінеді. Осы саладағы зерттеулердің көбісі эксперименттік сипатымен ерекшеленеді. Жанрлық әралуандықты зерделеу диалогтың маңызды факторы болып табылады. Мақаланың авторы телевизиялық дискурстын жанрларын тақырыптық, құрылымдық композиция және стилистикалық белгілер бойынша жіктейді. Телевизиялық дискурстың әр жанрының өзіне тән ерекшеліктері бар, бұл телеқатынас өзгешеліктерінің болуына байланысты. Құрастырылған сыныптама болашақта телевизиялық дискурстың жанрларын ары қарай зерттеуге мүмкіндік тудырады.

Түйін сөздер: телевизиялық дискурс, тілдік коммуникация, жанр, телевизиялық тіл, телекөрермендер.

Summary

E.N. Ormahanova, G.S. Sultanbaeva. Television discourse genres

